



М.І. ЖЫЛҚЫБАЕВА
А.Ш. ШАКЕН
Г.Р. АЙЖОЛОВА



ҚАЗАҚСТАН
ТУРИЗМ

ГЕОГРАФИЯСЫ

Оқу құралы



ӘОЖ 338.4(574)

КБЖ 75.81 (2к)

Ж 62

*Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
география және табиғатты пайдалану факультетінің Ғылыми кеңесі
(№ 9 хаттама 20 сәуір 2012 жыл) және Редакциялық-баспа кеңесінің
шешімімен ұсынылған*

Пікір жазғандар:

география ғылымдарының докторы, профессор *О.Б. Мазбаев*
география ғылымдарының кандидаты, доцент *Ж.Н. Алиева*

Жылқыбаева М.І. және т.б.

Ж 62 Қазақстан туризм географиясы: оқу құралы / М.І. Жылқыбаева, А.Ш. Шакен, Г.Р. Айжолова. – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 204 б.

ISBN 978–601–04–0132–7

XX ғасырдың 2-жартысында әлемде, оның ішінде Қазақстан Республикасында да туризм – экономиканың маңызды салаларының біріне айналды. Ал адами фактор бұл саланың маңызды бөлшегі. Сол себепті де экономика бұл секторға мамандар даярлауға көп көңіл бөледі.

Оқу құралы туризм мамандығы оқытылатын жоғары оқу орындарының студенттері үшін жазылды. Сонымен қатар бұл оқу құралын туристік-өлкетану жұмыстарының негіздері оқытылатын мектеп, гимназия, лицей және тағы да басқа оқу орындарында пайдалануға болады. Оқу құралы туристік-рекреациялық пәндерді оқытатын оқытушылар, туристік салада жұмыс істейтін мамандар және туризмге қызығушылық танытатын барлық оқырманға арналған.

ӘОЖ 338.4(574)

КБЖ 75.81 (2к)

© Жылқыбаева М.І. және т.б., 2013

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2013

ISBN 978–601–04–0132–7

МАЗМҰНЫ

АЛҒЫ СӨЗ	4
1-ТАРАУ. ТУРИЗМ ГЕОГРАФИЯСЫ ЗЕРТТЕУЛЕРІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ	6
1.1. Туризмді географиялық зерттеу тарихы	6
1.2. Туризм географиясында пайдаланылатын негізгі түсініктер	10
1.3. Туризм географиясын зерттеу әдістері	13
2-ТАРАУ. ҚАЗАҚСТАН ТУРИЗМ ДАМУЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ТЕНДЕНЦИЯСЫ	17
3-ТАРАУ. БАТЫС ҚАЗАҚСТАН АЙМАҒЫНЫҢ ТУРИЗМ ГЕОГРАФИЯСЫ	27
3.1. Ақтөбе облысы	27
3.2. Атырау облысы	32
3.3. Батыс Қазақстан облысы	35
3.4. Маңғыстау облысы	46
4-ТАРАУ. ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН АЙМАҒЫНЫҢ ТУРИЗМ ГЕОГРАФИЯСЫ	54
4.1. Алматы облысы	54
4.2. Жамбыл облысы	65
4.3. Қызылорда облысы	83
4.4. Оңтүстік Қазақстан облысы	93
5-ТАРАУ. ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН АЙМАҒЫНЫҢ ТУРИЗМ ГЕОГРАФИЯСЫ	107
5.1. Қарағанды облысы	107
6-ТАРАУ. СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН АЙМАҒЫНЫҢ ТУРИЗМ ГЕОГРАФИЯСЫ	135
6.1. Ақмола облысы	135
6.2. Солтүстік Қазақстан облысы	149
6.3. Қостанай облысы	158
6.4. Павлодар облысы	165
7-ТАРАУ. ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН АЙМАҒЫНЫҢ ТУРИЗМ ГЕОГРАФИЯСЫ	176
7.1. Шығыс Қазақстан облысы	176
ГЛОССАРИЙ	200

АЛҒЫ СӨЗ

Туризм – күнделікті өмірде кездесіп жүрген жай ғана сөз сияқты, дегенмен оны еліміздің қалталы адамдары үшін жиі кездесетін құбылыс деуге де болады. Сонымен қатар бұл құбылыс жай сөз де ғана емес. Яғни туризм сөзінің мағынасы өте ауқымды. Туризм мен саяхат, қонақжайлылық индустрияның ажырамас бір бөлігі.

Саяхат – туризмнің басты тақырыбы. Уақыт мерзімі, арақашықтық, тұрғылықты орын, мақсат және келудің ұзақтылығы – мұның бәрі туризмнің айрықша элементтері ғана. Толықтай алғанда туризм көпмақсатты феномен, ол түрлі оқиғаларды, алыс саяхаттар романтикасын, белгілі бір құпияларды, экзотикалық жерлерді көру және олармен қоса жүретін денсаулық, жеке қауіпсіздік, мүлікті қорғау, кәсіпкерлік жұмыстар, т.б. қамтиды.

Қоғамның рекреациялық қызметі қазіргі кезде әлемде өте қарқынды даму үстінде. Бұл құбылыс көптеген индустриялық және постиндустриялық елдерде материалдық жағдайдың, халықтың білім деңгейінің көтерілуімен және қызмет көлемінің жоғарылауымен де байланысты. Осы және басқа да әлеуметтік-экономикалық факторлар (еңбек сипатының өзгерісі, жүйке қысымының жоғарылауы, табиғи ортаның бұзылуы, өмір сүру ритмінің жылдамдығы, бос уақыттың көбеюі, т.б.) тұрақты емес жерде белсенді рекреациялық іс-әрекетті өзіне қосатын халық санының көбеюіне әкелді. Сондықтан қазіргі кездегі маңызды мәселеге халықтың демалысын қамтамасыз ету жатады.

Туризм саласының өсуі қоршаған ортаға, аймақтар экономикасына және қоғамның материалдық жағдайына өте қатты әсер ететіндіктен Қазақстан Республикасы Үкіметі ұзақ мерзімді даму бағдарламасында туризм саласын басым сала деп анықтады. Осыған орай туризмді дамытудың басты мақсатына туристік нарықтағы бәсекеге қабілетті және сапалы өнімді дайындайтын әрі оны жүзеге асыратын жоғары рентабелді туризм индустриясын

экономиканың табысты саласына айналдыру болып отыр. Қазір бұл міндетті елдің әртүрлі аудандарының туристік-рекреациялық әлеуетін дамытпай және қолданбай, сонымен қатар туризмді дамытудың негізгі бағыттарын айқындамай жүзеге асыру мүмкін емес. Осы тұрғыдан Қазақстан Республикасының туристік-рекреациялық әлеуетін бір жүйеге келтіру мәселесі туындайды. Қазақстанның кең-байтақ аумағында орналасқан барлық туристік нысандарды жүйеге келтіру мақсатында бір ғана оқу құралын шығару жеткіліксіз. Дегенмен, ұсынылып отырған оқу құралында Қазақстанның барлық аудандарының туристік әлеуетін қамтуға тырыстық.

Қазақстанда кейінгі жылдары туризм көпшілікті қамтитын ең дамыған демалыс түріне айналуға тура келеді. Туристік саяхат жасау дене шынықтырумен бірге адамның дүниетанымын да өсіреді. Ол тек демалудың ғана тәсілі емес, сонымен бірге адамдарды мәдени және рухани жағынан да биіктетеді. Сол сияқты адамның денсаулығын да жақсартады. Туризм адамдарды табиғат көркімен, ерекше сұлу жерлермен таныстырады. Туған өлкеге саяхат жасау адамдардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін де арттырады.

Қазіргі күні туризм – экономиканың жаңа дамып келе жатқан салаларының бірі. Тарихи-мәдени және табиғи ресурстарды рационалды пайдалану барысында туризм халықты еңбекпен қамтып, тауарлар мен қызметтерді шығаруға да ынталандырады.

ТУРИЗМ ГЕОГРАФИЯСЫ ЗЕРТТЕУЛЕРІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

1.1. Туризмді географиялық зерттеу тарихы

Демалыс пен туризмнің географиялық зерттеулері ХІХ ғасырдың 2-жартысында басталды. Алғашқыда зерттеушілердің зерттеу нысанына туристік орындар алынды. А. Геттнердің пікірінше, бұл орындар ірі қала тұрғындарының демалысқа қажеттілігінен туындады, сонымен қатар сол орындардың минералдық ресурстары, климаттың емдік қасиеттері мен табиғи орындары да демалыс орындарының дамуына ықпал етті.

«Туризм географиясы» терминін (Fremdenverkehrs geographic) алғаш Д. Страднер (1905 жыл) қолданды. Д. Страднердің пікірінше бұл ғылым туристік қозғалыс пен оның шаруашылыққа әсерімен, орынның (Д. Страднердің өзі бұл орынды «туристік кеңістік» деп атады) сүйкімділігін анықтайтын туристік құндылықтарды зерттеулермен қамтылуы керек. Кейін туризм географиясы зерттеулерімен К. Шпутц (1919 жыл) айналысты. К. Шпутц түнеу мен тамақтану базаларының даму ықпалынан елді мекендердің өзгеруі мәселелерін зерттеп, табиғат және мәдениет ландшафттарына туризмнің әсерін зерттеу қажеттіліктеріне көңіл аударды.

Туризм географиясының зерттеу пәні қоғамдық тәжірибе сұранысын көрсетті, енді туристік ағымдар географиясын зерттеулермен бірге курортты-туристік ресурстарды зерттеулерге де көп көңіл бөліне бастады. Оның аумағы кеңейтіліп, рекреациялық аудандастыру мәселелері зерттеле бастады.

Демалыс пен туризмнің тұңғыш географиялық зерттеулері ішкі және халықаралық туристік ағымдар мен белгілі бір территорияның туристік игерілу мәселелеріне бағытталды.

Францияда туризм географиясы шеңберіндегі алғашқы туристік зерттеулер ХХ ғасырдың алғашқы жылдарындағы Р. Бланшар есімімен байланысты болды. Р. Бланшар Альпі туристік шаруашылығы мен туристік ағымдарының даму мәселелерімен де айналысты. Бұл уақытта Италияда А. Мариотти де осы мәселелерді зерттей бастады.

ХХ ғасырдың 30-жылдарында туризм географиясы Германияда (Р. Глюксман, А. Борман, Х. Позер), Францияда (Д. Мидж), Швейцарияда (В. Унцикер), АҚШ (Р. Браун, К.С. Мак-Мерри), Жапонияда (М. Сато, К. Мисава, Й. Такаике, К. Танака, Т. Осаки) жоғары қарқынмен дамыды. Зерттеушілердің негізгі зерттеу нысаны ауылдық кеңістікке де, туристік ресурстарға да (оның ішінде табиғат) туризмнің әлеуметтік-экономикалық әсері болды. Осыған байланысты Берлин қаласында Туризмді зерттеу институты ашылды (1929-1934), мұндай мекемелер Берн және Гренобль қалаларында да пайда болды.

Аталған жылдар туризм географиясының белсенді түрде даму жылдары болды. Туризм географиясының зерттеу нысаны мен пәні нақты ажыратыла бастады. Еуропа, Солтүстік Америкаға тән территориялды жоспарлаудың дамуы туралы зерттеулерде демалыс пен туризм мәселелері қамтылды. Бұл өз кезегінде географиялық зерттеулердің қажеттілігін туындатты.

Туризм бойынша мұндай бағыттың мысалына Ягелон университетінің маңындағы Краков студиясының зерттеулерін айтуға болады (1936-1939), бұл жоғары оқу орны туризмді ғылыми зерттеудің және кадрларды дайындаудың тұңғыш орталығы ретінде танымал (М. Бьчваров, 1977 жыл) болды. Осы кезде поляк ғалымы С. Лещицкийдің теориялық зерттеу жұмыстары пайда болды. С. Лещицкий «туристік география» және «туризм географиясы» екі түсінікті нақтылап, географиялық әдебиеттерге «туризм» терминін енгізді.

Туризм географиясының даму кезеңдерінде туристік ағыммен байланысты «теориялық, шаруашылық, географиялық, статистикалық, құқықтық, мәдени және қоғамдық мәселелер жиыны» ретінде қарастырылатын «туризм» түсінігі нақтыланды.

Туризмнің теориялық негіздерін құру және бұл саладағы зерттеулердің дамуы «туризм географиясы» мәнін анықтауға

мүмкіндік берді. Туризм географиясы «территорияның туристік құндылықтарын ғылыми анықтау, ландшафттың өз келбетінің сақталып туристік ағым мүмкіндігін зерттеу, бұл ағымды экономикалық пайдаланудың дұрыс жолдарын қарастыруды» қамту керек (С. Лешицкий, 1932 жыл). С. Лешицкийдің туризм географиясын зерттеу мәселесі «адам, географиялық орта, кеңістікті шаруашылық пайдалану, адамзаттың жетістіктері мен мәдениетімен» тығыз байланысты. Бұл сол кезге тән туризм географиясы мәселелерін шешудегі маңызды қадам еді.

Туризм географиясы саласы зерттеулерінің дамуы зерттеу орталықтары картасында бірқатар мемлекеттердің жаңа бөлімдерінің ашылуына себеп болды. Алғашқы кезеңде зерттеулердің көп бөлігі Германияда жүргізілді. Жоғарыда аталып кеткен 1929 жылы Берлин қаласында ашылған Сауда Жоғары мектебінің маңында Туризм зерттеу институты болды. Тұңғыш директоры – Роберт Глюксман.

Екінші дүниежүзілік соғыс туризм географиясы саласы зерттеулерінің әрі қарай дамуына кедергі келтірді. Дегенмен, соғыс аяқталғаннан кейін туристік ағымның жоғарылуына байланысты бұл зерттеулер жаңартылды. Бұл зерттеу мен әдебиеттердің жоғары дәрежеде басылуына әсер етті. Туристік құбылыстарды географиялық зерттеу, зерттеу әдістерінің кеңейтілуі, туризм географиясының зерттеу нысанын және пәнін одан әрі нақтылау туризм географиясын жеке пәнге айналдырды.

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін туризм географиясының зерттеу орталықтарына Франция (П. Дефер, Дж. Вейре-Вернье, Дж. Шабо, П. Жорж, Б. Барбье, Ф. Крибер, Р. Баретье) және АҚШ (К.С. Мак-Мерри, М. Клаусон, Л. Митчел, Дж. Стансфелд) айналды, сол ғасырдың 70-жылдарында КСРО (В.С. Преображенский, Ю.А. Веденин), Канада (Р. Вльф, Р.В. Батлер), Австрия (К. Синнхубер), Ұлыбритания (Дж.А. Пэтмор, М. Пасион, С. Смит, Дж.Т. Соррок), Австралия (Д. Меркер, Д. Пирс), Жапония (Э. Ширасака, Т. Исикава, С. Ямотото), Польшада (М.И. Милеска, К. Либера, А. Вжосек, А. Марш, О. Рогалевский, Я. Вашиньска, А. Яцковски) орталықтар ашылды.

Кейбір географтардың пікірінше, үнемі кеңейтіліп отырған туризмнің зерттелу көлемі туризм географиясы дәстүрлі түсінігінен

анағұрлым кеңірек бола бастады. Бұл әдебиетке де кең мағыналы жаңа түсініктердің кіруіне әсер етті. Нәтижеде туризм географиясы пәні рекреациялық география пәні ретінде қабылдана бастады. Еуропалық географтар бұл атауды АҚШ әдебиеттерінен («рекреация географиясы», «рекреациялық география») алды. 1945-1960 жылдары «туризм географиясы» және «рекреация географиясы» түсініктерімен қатар «демалыс географиясы» да қолданыста болды. Кейбір зерттеушілер туризм географиясы түсінігін «туризмнің экономикалық географиясы» түсінігімен алмастыруды ұсынды. Зерттеушілердің пікірінше бұл түсінік қазіргі туристік ағымды түсіндіретін ең ұтымдысы.

XX ғасырдың 50-жылдарының соңында АҚШ әдебиеттерінде «таза ауа рекреациясы» түсінігі пайда болды. Терминді М. Клаусон енгізді. М. Клаусон оны қаладан тыс орындардағы ашық аспан аясындағы демалыс деп түсіндірді.

Ұсынылған «рекреация географиясы» термині дәстүрлі «туризм географиясы» терминінен ерекшеленді. Рекреация географиясы (рекреациялық география) түсінігі ретінде демалыспен байланысты кеңістіктік құбылыстарды, яғни халықтың туристік көші-қон (миграция), туристік сұраныс орталықтарын, әртүрлі аймақтардағы туристік қозғалыс, туристік шаруашылық нәтижесіндегі территорияның өзгерістерін, территорияның туристік сыйымдылығы, туризмнің экономикалық жақтары мен туризммен байланысты басқа да мәселелерді зерттеді. Сонымен қатар АҚШ рекреация географиясы әлеуметтік мәселелерді де (әсіресе туристік сұраныс тақырыбына арналған зерттеулер) қамтыды.

XX ғасырдың 60-жылдарында туристік шаруашылықтың дамуы және туристік ағымның өсуі демалуға комфортты жағдайы бар территорияларды игерумен қатар деңгейі төмен территориялардың да игерілуіне әсер етті. Жаңа рекреациялық территорияларды игеру міндеттерімен туризм географиясының жаңа бағыты – рекреациялық ресурстарды бағалаудың дамуына себеп болды. Бұл жылдары бұрынғы КСРО-да демалыс пен туризм орындарының аудандық жобалау жұмыстары жүргізіле бастады. Географтар табиғат кешендерін рекреациялық бағалау кезеңдерін құрастырды (Л.И. Мухина, 1973 жыл), территорияның рекреациялық сыйым-

дылығы мен рекреациялық жүктемені анықтау жұмыстары жүргізілді (Н.С. Казанская, 1972 жыл, Е.Г. Шеффер, 1973 жыл). М.В. Ломоносов атындағы ММУ ландшафттанушы географтары мемлекеттің ірі курорттары бойынша қолданбалы зерттеу жұмыстарын жүргізді (Е.Д. Смиронова, В.Б. Нефедова, Л.Г. Швидченко).

Барлық мемлекеттерде туризмнің жоғары қарқынмен дамуы бұл құбылыстың географиялық талдану қажеттілігіне себеп болды.

1.2. Туризм географиясында пайдаланылатын негізгі түсініктер

«Туризм» және «турист» термині әдебиеттерде XVIII ғасырдың соңында пайда болып, XIX-XX ғасырларда кең пайдаланыла бастады. Кейбір зерттеушілердің пікірі бойынша, «туризм» және «турист» түсініктері француз тілінен енген (tour сөзі «саяхат» деген мағынаны білдіреді). Дегенмен, бірінші рет бұл түсініктер XVIII ғасырда Британ аралдарында ағылшын жастарының құрлыққа француз, италиялық және неміс мектептеріне оқуға бару сапарын анықтау мақсатында қолданылды. Бұл сапарлар grand-tour деп аталды, ал саяхатшылардың өздерін турист деп атады. 1811 жылы «Sporting Magazine» басылымында туризм түсінігіне барлық экскурсиялар немесе танымдық мақсаттағы саяхаттар кіргізілді. Кейінгі басылымдарда (әсіресе француз) турист ретінде «уақытты өткізу», «эуеской мақсаттағы» саяхатқа шығатын тұлғаларды санады.

Ғылыми әдебиеттерде «туризм» түсінігі ресми түрде XX ғасырдың 30-жылдарында Берлин туризм зерттеу институты журналында жарияланған «Archive fur Fremdenverkehr» мақаласының алғы сөзінде (1930-1931) қолданылды. Бұл түсінік туристік қозғалысты түсіндірді, дегенмен сол кездерде туристік мәселелерді зерттеген ғалымдар арасында түсінушілікке ие бола қоймады.

Туризм – өте кең түсінік, әдебиеттерде оған берілген әртүрлі анықтамаларды кездестіруге болады. В. Унцикер туризм деп тек табыс табуға арналмаған тұрақты жерден тыс жердегі барлық саяхат пен қысқа мерзімдік сапардағы құбылыс пен қатынастардың

жиынтығын атады. Кейбір авторлар «әртүрлі мақсаттағы спорттық жарыстарды» туризмге жатқызады. Бұрынғы КСРО-да бірінші болып оған 1952 жылы В.В. Добкович анықтама берді: «Туристік саяхат деп каникул және ұзақ уақытты демалыс кезендерінде біздің еліміздің әртүрлі аудандарында болып, сол елдің халықтарының өмірімен және мәдениетімен танысу. Социалистік құрылыс, табиғи байлықтар, тарихи, әскери және революциялық ескерткіштерімен танысуды айтамыз».

Туризмге қысқа да сәтті анықтаманы ҮКЭ (Үлкен Кеңестік Энциклопедия) береді: «туризм – адамның бос уақыттағы белсенді саяхаты, сапарға, жорыққа шығуы, демалуы».

XX ғасырдың 30-жылдары поляк географы С. Лещицкий туризм туралы түсінікті толықтырып, «туристік-сауықтыру қозғалысына байланысты туындаған теориялық, шаруашылық, географиялық, статистикалық, құқықтық, мәдени және әлеуметтік сұрақтардың жиынтығы» деген анықтама берді.

Туризм географиясына еңбегі сіңген, атақты В.С. Преображенскийдің айтуынша «туризм» термині арқылы мынадай негізгі түсініктерді ұғынуға болады:

- 1) демография мен халық географиясы және әділет ғылыми оқитын халық қозғалысының ерекше түрі;
- 2) экономика саласы, экономика мен экономикалық географиямен айналысатын халықтың әлеуметтік-мәдени қажеттілігін өтейтін салалардың бірі;
- 3) социология мен рекреациялық география айналысатын тұрақты жерден тыс жерлерге бос уақытты өткізудің түрі.

Туризмнің қазіргі анықтамасын екі топқа біріктіруге болады – жұмыстық және концептуалдық. Біріншісінің экономикалық, әлеуметтік, құқықтақ және басқа да туризмнің аспектілеріне ғана қатысы бар. Екіншісі, концептуалды немесе мәнін көрсететін анықтама, пәнді толықтай қамтиды, туризмнің ішкі сырын ашады.

Тарихи даму процестерінде «туризм» мен «турист» деген түсінікке біраз өзгерістер енгізілді. Практикалық жағынан туризмнен гөрі турист деген түсініктің анықтамасы анығырақ болуды қажет етеді. Алғашқы турист деген анықтаманы Ұлттар лигасы статистика жөніндегі сұрыптау комитеті берді (1937 жыл). Ол халықаралық түсінікке ие болды және азғана түзетулермен бізге

жетті. Соңғы жылдары турист ұғымының анықтамалары ресми халықаралық туристік ұйымдар одағының жиындарында (Дублин, 1950; Лондон, 1957), БҰҰ халықаралық туризм және саяхаттар туралы конференциясында (Рим, 1963), туризм туралы парламентаралық конференцияның конгресінде (Гаага, 1989) талқыланды. Бұл оның теориялық және практикалық жағынан маңызының зор екендігін және оған берілетін анықтаманың толық та дәлірек болу керектігін көрсетті.

Қазіргі кезде халықаралық тәжірибеде кең қолданылып жүрген, яғни 1963 жылы Рим конференциясында енгізіліп, Дүниежүзілік туристік ұйым (ДТҰ) қолдаған анықтама жатады: «туристер – өзінің тұрақты елінде емес, ақша табатын іс-әрекеттермен айналыспайтын, басқа елге қандай да бір мақсатпен келушілер». Бұл анықтама мыналарды қамтиды:

– туристер немесе келушілер деп осы елде кемінде 24 сағат болатын адамдарды айтады және олардың саяхат жасау мақсаттарын төмендегідей топтарға біріктіруге болады: а) бос уақыттарын көңіл көтеруге, каникулға, емделуге, оқуға, спорт немесе дінге пайдалану; б) жұмыс бабымен, отбасы ісімен, мақсатпен, съезд, симпозиум немесе конференцияға келушілер;

– экскурсанттар немесе уақытша келушілер, елде 24 сағаттан аз уақыт болатындар (теңіз рейсіне қатысушыларды қосқанда).

Сапар мақсатына байланысты саяхатшылар үлкен екі топқа бөлінеді. Бірінші топқа жататындар – туристік мақсатпен сапар шекпейтіндер. Бұлар шетелге кәсіптік іс-әрекетпен ақша табуға келетіндер. Оларға: шетелге барып жұмыс іздеп жүргендер немесе сонда жұмыс істеп жүрген адамдар; көрші территорияда жұмыс істейтін көрші шекара ауданның тұрғындары; тұрақты мекенге қалушылар жатады. Екінші топқа жататындар – туристік мақсатпен саяхат жасап уақытша келгендер. ДТҰ-ның кепілдемесімен статистикалық есепке жеңілдік үшін олар 3 блокқа топтастырылған: көңіл көтерушілер, кәсіптік ынтасын қанағаттандыру және басқа туристік мақсаттарды көздеушілер.

Саяхаттың ұзақтығына қарай уақытша келушілер «таза» туристер және экскурсанттар болып бөлінеді. Турист – бір тәуліктен артық және бір жылдан кем уақытта, өзінің тұрғылықты жерінен тыс жерде жүрген адам. Экскурсант – күндізгі уақытта саяхаттайтын, түнеуге қалмайтын адам.

1.3. Туризм географиясын зерттеу әдістері

Зерттеулер негізін құрайтын материалға туризм географиясында пайдаланылатын әдістермен қатар зерттеу тақырыбы шеңберіне кіретін мәселелер де жатады. Бұл ғылымның пәнаралық сипаты, әсіресе табиғи, әлеуметтік, экономикалық жақтары бөлек ғылымдар әдістерін пайдалануды көздейді, синтездеу жағынан ағымдағы мәліметтерді бөлу негізінде әдістерді анықтау болып табылады. Туризм географиясы түсінігіне кіретін жаратылыс және әлеуметтік-экономикалық әрбір саласында кең ауқымда математикалық-статистикалық әдістерді пайдалану арқылы зерттеу нәтижелерін нақтылау тенденциясы байқалуда.

Әдістемелік ерекшелік және статистикалық бақылауларды жүргізудің дифференциялық әдістерін пайдалану туризм географиясының зерттелу нысанына байланысты дамыды.

Бұл нысанға статистикалық элементтер кіреді, сонымен қатар қозғалыс үрдісімен, яғни қызметтерді және құндылықтарды көрсетумен байланысты туристік қозғалыстың өз элементтері де кіреді. Сол себепті туризм географиясында туындайтын үш мәселелер тобын бөлуге болады:

1. Туристік қозғалыс үшін жарамды географиялық кеңістіктің мәселелері.
2. Туристік қозғалыс – әлеуметтік-экономикалық құбылыс ретіндегі мәселелер.
3. Интегралды қағидалар негізіндегі туристік құбылыстарды кеңістіктік классификациялау мәселелері.

Кеңістіктің жарамдылығын бағалаудың негізгі қағидасы туристік құндылықтар мен туризм инфрақұрылымы болады.

Қазіргі уақытқа дейін жүргізілген зерттеулердің көбісі демалыс орнын таңдаудың басты мотивіне табиғи ортаның тартымдылығын жатқызады.

Табиғат құндылықтарын бағалау – әдістемелік жағынан күрделі мәселе, себебі оның пәні ортаның элементтері, яғни «өлшенбейтін» категориясына жатқызылатын элементтер. Сол себепті бағалау құндылықтардың қағидаларына және таңдалған бағалау әдісіне байланысты нақты немесе нақты емес болуы мүмкін. Бағалау нәтижесі таңдалған бағалау әдісі негізінде алынған салыстыру-

лары арқылы жүргізілген квантификация болады. Сонымен қатар ландшафттарды кешенді бағалау кезінде ландшафт элементтерін құрайтын бөлек сипаттарды бағалау қиындықтары туындайды.

Табиғат ортасының тартымдылығын бағалаудың негізі рельеф, климат, гидрографиялық жүйе, өсімдік жамылғысы. Бұл элементтер дамудың бөлек заңдарына бағынса да бір-бірімен өзара байланысты.

Рекреация мақсатында табиғат ортасының ресурстарын бағалау кешенді сипатта, оның бөлек элементтерінің тартымдылық деңгейі шартты түсінік болып табылады. Себебі туристердің әртүрлі қызығушылықтары туризмнің әр түрінде анықталады.

Табиғи органның құндылықтарын бағалаудың сандық әдістері арасында туристік бонитировка әдісі, яғни балл сомасы бойынша бағалау әдісін бөліп көрсетуге болады.

Статистикалық есепке негізделген қосалқы әдістер де бар. Туристік қозғалыс бойынша нәтиже статистикалық материалдарға негізделген ақпаратқа негізделіп алынады. Туристік миграция үшін негізгі мәлімет көзі көлікті пайдалану болып табылады. Алынған статистикалық мәліметтер статистикалық тізбектерге (географиялық, құрылымдық, динамикалық) топтастырылады. Бұл мәліметтер статистикалық кестелер немесе графикалық әдіспен (диаграмма, график, сызба) көрсетіледі. Туристік құбылыстарды бейнелеу әдістері арасында әлеуметтік-экономикалық құбылыстарды барлық картографиялық бейнелеу әдістерін пайдалануға болады.

Туризм географтарды ертеден-ақ өзіне тартты, себебі ол табиғи ортамен, қоғаммен және оның әлеуметтік-шаруашылық іс-әрекеттерімен тығыз байланыста болады.

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін туристік қозғалыстың қауырт дамуы әртүрлі географиялық пәндерді зерттеу жұмыстарын едәуір жылдамдатты. Бұл география ғылымының жаңа пәні – туризм географиясының өз алдына бөлініп шығуына әсерін тигізді.

Туризм мен рекреация бір түсінік еместігін ескерсек, туризм географиясын қоғамдық география пәні жағынан қарау керек, оның оқу объектісі туризм болады. Рекреациялық география демалыс пен туризм мәселелерін ғылыми географиялық негізінде түсіндіретін жаңа бағыт болды, ол елімізде ХХ ғасырдың 60-жылдарының соңы

- 70-жылдардың басында ғана география ғылымынан туындаған. Бұрынғы КСРО-да география ғылымында оның негізін қалаушы профессор В.С. Преображенский болды. Кеңістікте болатын туристік құбылыстардың түрі мен оның қатынасын талдау және соған байланысты кеңістікті өзгертетін және қайта жасайтын процестер оның оқу пәнін құрайды.

Туризм, басқа да халық шаруашылығы сияқты бірнеше шағын салалардан тұрады: емдеу, сауықтыру-спорт, танымдық; сондай-ақ ішкі және халықаралық туризмге бөлінеді. Бірнеше басқару органдарының болуы да осыған байланысты; бұрынғы КСРО-да бұлар орталық курорттарды басқару кеңесі, орталық туризм және экскурсия кеңесі, халықаралық жастар туризмінің бюросы – «спутник», бүкілодақтық акционерлік қоғам – «Интурист» және басқалары. Осындай конструктивті ғылым, кешенді зерттеулерге сүйенетін жаратылыс, техникалық, экономикалық және әлеуметтік, табиғи мәселелерді қамтуға туризм географиясының ғана шамасы келеді.

Демек, туризм географиясының зерттеу мақсаты – туристік қозғалысты басқарудың теориялық негізін жасау, олардың табиғи, экономикалық, әлеуметтік және басқа да аспектілерін ескеріп отыруы.

Сонымен туристік география мына мәселелерді қамтиды: туризмнің түрі мен мезгілін ескере отырып, территорияның туризмді дамытуға жарамдылығын; туризмнің территорияға және оның шаруашылық кешенінің қалыптасуына әсерін; территория-да болатын құбылыстар мен процестер туризмнің дамуынан туындайтын және қоғамның шаруашылық іс-әрекетіне тигізетін әсерін. Міне, туризм географиясының алдында біртұтас маңызды осындай міндеттер тұр. Солардың ішіндегі ең бастысын, біздің көзқарасымызша, 1971 жылы Б.Б. Родаман дәл тауып айтқан: «географтардың мақсаты – басқа мамандармен қатар рекреациялық ресурстарды анықтау, бағалау және картаға түсіру бойынша әдістемелерді жасау, территорияны үнемді пайдалану, табиғатты және ландшафттардың рекреация үшін сұлулығын қорғау жөнінде ұсыныстар беру, сонымен қатар демалыс аудандарының типтік модельдерін салу, негізгі түсініктер мен ережелерді құрастыру, рекреациялық зонасын табу».

Рекреациялық баға беруге табиғи ресурстарынан басқа әлеуметтік-экономикалық ресурстар да жатады.

Практикалық көзбен қарағанда жоспарлап реттеуде туризм географиясында ең маңыздысы – оның жорамалдық функциясы. Туризмді дамыту облысында ең негізгісі туристік қозғалысқа болжам жасау. Егер де теорияны одан әрі дамытпаса және туризм географиясының зерттеу әдістерін жетілдіре түспесе, практикалық мәселелерді шешу мүмкін емес. Теорияның даму міндеттерін екі басты бағытта жүргізуге болады.

а) туристік қызмет көрсетуді территориялық ұйымдастыру заңдылығын халық шаруашылығының саласы ретінде территориялық-жүйелік құрылымдардың таксономиялық деңгейінде анықтау;

б) туристік-рекреациялық аудандастыруды онан әрі жетілдіру, шарттар мен факторларды зерттеудің заңдылығын және аудандастырудың принциптерін, туристік-рекреациялық білім берудің таксономиялық жүйесін жаңарту.

Мұндай айрықша атап көрсетілетін жағдай туризм географиясының теориялық және әдістемелік мәселелерін құрайтын туристік аудандастыру территориялық классификациясында анықтаушы түр ретінде қарастырылады.

ҚАЗАҚСТАН ТУРИЗМ ДАМУЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ТЕНДЕНЦИЯСЫ

Қазақстан Республикасының әкімшілік құрылымы 14 облыс, республикалық маңызы бар 2 қала, 175 әкімшілік аудан, 84 қала, 35 ауыл және 7031 елді мекеннен тұрады.

Қазақстанның батысында Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан және Маңғыстау облыстары, ал еліміздің солтүстігінде Ақмола, Павлодар, Солтүстік Қазақстан және Қостанай облыстары орналасқан. Қазақстанның оңтүстігінде Алматы, Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда және Жамбыл облыстары, шығысында Шығыс Қазақстан облысы, ал еліміздің орталығын Қарағанды облысы алып жатыр.

«Қазақстан – 2030» бағдарламасы негізінде қаралған, Қазақстан Республикасы туризмді дамыту тұжырымдамасында туристік салалар еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуында маңызды орын алады, туризм жетістіктерінде рекреациялық ресурстар мен олардың нәтижелі пайдаланылуы қаралады. Еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуында туризм индустриясы маңызды фактор болып табылып, бизнестің белсенді түрінің біріне айналды. Нарықтық экономикалық елдердің барлығында да туризм индустриясын дамыту басты мәселеге жатады. Туризмнің жылдық табысы әлем көлемінде 3 трлн. АҚШ долларын құрайды.

Транзиттік (көліктік) елдердегі макроэкономикалық ортаның тұрақсыздығы туризм индустриясын жүзеге асыру, ұйымдастыруда кәсіптік база негізінде қиындықтар келтіруде. Көзделген (межеленген) мақсаттар ұзақ мерзімді дамуды жүзеге асыру екінші орынға ысырылатыны да жиі кездесіп тұрады, ал нәтижелі бағыттар қысқа мерзімді немесе шектелген мақсат болып қалып қалуда. ТМД елдерінде туризмді дамыту стратегиясын жүзеге асыру

негізсіз болатын болса, онда дағдарысқа (шектелуге) әкеп соғуы мүмкін, яғни бәсекелестікті жояды, туристік топтардың көлемінің қысқаруын, яғни валютаның келуін шектейді. Соңында туристік әрекеттердің қайшылықтарына, тұрғындар жағдайларының құлдырауына әкеледі. Туризм индустриясының даму мәселелерін, табиғи-рекреациялық әлеуеттің жемісті пайдаланылуын зерттеу Қазақстан Республикасы экономикасы дамуының біркелкі жүйелілігіне тиімді.

Туризм индустриясын дамытудағы теориялық-методикалық негіздер. Біздің пікірімізше, туризм индустриясы – шаруашылық, өндірістік, әлеуметтік әрекеттердің қиын, көп-бұрышты құрылысы. Ол еліміздің табиғи-рекреациялық потенциалына арқа сүйейді, сонымен қатар демалу мен көңіл көтеруде резиденттердің немесе резидент еместердің сұранысын қанағаттандырады.

Туризм индустриясы – әзірге анықталмаған дәрежесі жоқ, елдің экономикасының салалық құрылымында өз орнын таппаған құрылым. Біздің ойымызша туризм индустриясының дәрежесін анықтайтын кез келді.

Жеке туризм индустриясының деңгейі әлеуметтік, экологиялық, демографиялық және т.б. мәселелерді шешуге көмектеседі.

Туризм индустриясында табиғи-рекреациялық потенциал белгілі бір сегменттердің бірі болып отыр. Потенциалды шығару оның бағасының әдістеріне тәуелді.


Қазақстан Республикасының қазіргі кезеңіндегі туризм индустриясының дамуында иемделгендер көлемін анықтау қиын. Сонда да туристік секторларды иемделгендердің санын екі түрлі бағытта бағалауымызға болады: туристік фирмалар мен қонақүйлер және мейрамханалар қызметкерлері.

Туризм индустриясының әлеуметтік-экономикалық нәтижелілігін бір көрсеткішпен ғана бағалау мүмкін емес.

2009 жылы туристік қызметтер көлемі 66,0 млрд. теңгені құрады немесе 2008 жылмен салыстырғанда нақты өлшемде 22,6 %-ға өсті, соның ішінде туристік фирмалар көрсеткен қызметтер – 15,4 млрд. теңге немесе 15,2%-ға артық, туристерді орналастыру объектілері көрсеткен қызметтер – 50,6 млрд. теңге немесе 25,1%-ға көп.

Туристер көбінесе демалу (туристердің жалпы санының 35%-ы) және іскерлік мақсаттарында (58,5%) саяхаттайды.

Туристік фирмалар мен орналастыру объектілері қызмет көрсеткен туристер саны 4,2 %-ға азайды (2009 жылы – 3,2 млн. адам, 2010 жылы – 3,0 млн. адам). Өткен жылы туризмнің барлық түрлері бойынша туристік ағымның төмендеуі байқалды. Алдыңғы жылмен салыстырғанда 2010 жылдың қорытындысы бойынша шетелге шыққан қазақстандықтар саны 8,2%, ел ішінде саяхаттайтын туристер саны – 3,8%, келуші туристердің ағыны – 3,5 %-ға азайды.



1-сурет. Туристік қызметтің 2012 жылғы көрсеткіштері

Қазақстанда туризм индустриясы дамуының негізгі бағыттары мен жетістіктері. Қазір Қазақстан Республикасы туристік нарығында 700-ден астам, негізінен, бақталас кіші ұйымдар қызмет етеді. Бақталастықтың дамуы туристік қызметтің, экономикалық тәуелсіздіктен туындайды. Мұндайда басты рөлді маркетинг пен менеджмент атқарады. Қазақстанда туризм маркетингін пайдалану баяу қарқында дамуда, оған тәжірибенің жоқтығы, ғылыми-әдістемелік еңбектердің, кәсіби мамандардың, ақпараттық ортаның болмауы себеп болуда. Туризмдегі маркетинг туристік қызметтердің коммерциялық қызмет мақсатындағы қоғам қажеттіліктерінен туындайды.

Туризмнің қазіргі менеджменті туристік ұйымдардың ұйымдастырылуы мен іс-әрекеттеріндегі ерекшеліктерді есеп-

ке алады, оның мақсаты туристерді қабылдау технологиясымен және мазмұнымен айрықшалануы тиіс. Осыдан кейін туристерге қызмет ету жобасы мен бағдарламалары қонақүй, азық-түлік мекемесі, саяхат бюросы мен экскурсия, туристік агенттіктер, авто және авиакөліктік ұйымдар, мұражайлық бизнес, сонымен бірге киносервис, тұрмыс қызметі, көрермен және спорт орталықтары, денсаулық орталықтары және т.б. негізінде бағытталған. Осының бәрі туризм инфрақұрылымын құрайды.

Заңгерлік статус пен туристік ұйымдардың формалары, оның жүзеге асу спецификасы, олардың нарық қызметі жағдайындағы ыңғайлылығына қарай туристік ұйымдар 3 топқа бөлінеді: экономикалық, фирмалық, әлеуметтік. Бұл жерде экологиялық мақсатты ескеру қажет. Олар кез келген туристік ұйымдардың мақсатына орай, яғни жеке қызметкерлердің сапасы мен санына қарамай жұмыс істеулері керек. Бүгінгі күні әлемдік әйгілі туристік орталықтардың зор табыстары қоршаған ортаның тазалығы мен оны қорғаудағы тиімді мөлшеріне, жергілікті мәдениеттің ерекшеліктеріне байланысты, ал керісінше қоршаған ортаның сапасыздығы, қызмет ету деңгейінің төмендеуі туризм ағамын төмендетеді, ол өз кезегінде аймақтың экономикалық конъюнктурасына нақты әсерін тигізеді.

Қазақстанда іскерлік мекемелердің қаржылық нұсқаулары жөніндегі жаңа ізденістер аз. Әрі дәстүрлі емес формаларға инвестициялық қолдау көрсетіледі. Туристік фирмаларды инвестициялауға лизинг, венчурлық капитал, акция нарығы, даму қорын құру, туризмді қолдау жатады.

Қазақстанда лизинг кең таралмаған. Туризмге оны енгізудің бірнеше бағыттары бар:

- қонақүйлерді жалға алу, кемпингтер, ірі туристік құрылымдық демалу үйлері;
- туризм мен демалу мақсатындағы авиа-, авто-, теңіз көліктері лизингі;
- лизингтік қызмет көрсету арқылы туристік базалар, жатын үйлер, пансионаттардың құрылымын қаржыландыру;
- туристік ұйымдардың компьютерлік техникасын, офистік жабдақтауларын орта мерзімдік жалға алу.

Бұл секторға туризмді дамыту мен қолдау қорымен мамандандырылған несиелік ұйымдары қатыса алады. Оның мақсаты: инвестиция құю, даму бизнесін қолдау, кеңес беру және т.б. қызметтерді дамыту. Мұндай схема жеңілдетілген несиелік септігін тигізеді. Сонымен қатар бұндай қор аймақтың кез келген жерлеріндегі банк бөлімшелерінен несиелік алуға көмек береді. Тіптен банктер 50% тәуекелге бел буады, өйткені несиелер қайтарылмай қалу қаупі де бар, қалған тәуекел бөлігін қор өз мойнына алады.

Республикада туризмді дамытуда жетістіктерді анықтауға экономикалық-математикалық әдістерді пайдалануға болады. Бірақ қазір жетістікке жетуді зерттеуде ол әдістің қолданылуы шектеулі, екіншіден, ақпараттың жеткіліксіздігі, сайып келгенде бұлардың барлығы экономикалық-математикалық модельдеуді шектейді.

Кез келген экономикалық-математикалық модель тура бағыт көрсеткіштерін құрайды. Туризм индустриясы үшін ең бастысы ақшалай табыс келтіретін турист-резиденттер санын өсіру. Әзірге Қазақстан үшін туризм үлесіндегі қызмет бабындағы жүрістер резидент еместерді (97,9%) құрайды. Резидент емес туристер немесе мәдени-танымдық ақпарат алу, демалу, емделу, туристік жорық және т.б. мақсаттардағы түсім – 2,1%. Толымсыз статистикалық ақпарат экономикалық-математикалық модельдерді пайдалануға мүмкіндік бермейді. Біз енді факторлар бойынша мыналарды таңдадық: келушілерге арналған қонақүйлер, мотельдер, жатақханалар; керуен-орындарымен жабдықтау; бір жолдама бағасы (мың теңгемен).

Қазақстанға шетел туристерінің назарын аудару, өзге мемлекеттермен ортақ тіл табысу мақсатында отандық туристік құрылым өкілдері Мадридте 30-рет өткізілген 5 күндік дәстүрлі «Fitur-2010» халықаралық туристік көрмесіне қатысты. Жыл сайын өтетін көрмені дәстүрге сай Испания королі Хуан Карлос пен оның жұбайы София ханшайым ашады. «Fitur-2010»-ға әлемнің 170-ке жуық елінен 12 мыңнан астам компания қатысты. Туризмді іс көзіне айналдырған елдер тізімінде Қазақстан лайықты орын алады. Статистикаға көз жүгіртсек, соңғы жылдары елімізге келген туристер саны 0,3 %-ға артқан. Бұл 3 миллион 590 мың адам деген сөз.

Туризмнің қарышты және тұрақты дамуына сырттан келушілер мен ішкі туризм көлемінің өсу қарқыны, сонымен бірге туристік қызметті мемлекеттік реттеу жүйесінің құрылуы куә болады.

Бұл ретте елдің туристік имиджін қалыптастыруға және ұлттық туристік өнімді туристік қызмет көрсетулердің әлемдік нарығына шығаруға айрықша назар аударылды: 2001 жылдан бастап осы уақытқа дейін Берлин (ГФР), Лондон (Ұлыбритания), Мадрид (Испания), Мәскеу (РФ) қалаларында, ал 2010 жылғы қаңтардан бастап Утрехт (Голландия) қаласында өткізілетін ірі халықаралық көрмелер мен жәрмеңкелерге Қазақстанның жыл сайын қатысуы қамтамасыз етіліп келеді.

Жыл сайын көрме алаңдары ұлғаюда, республиканың туристік ұйымдарының өкілдіктері кеңейде, жарнамалық-ақпараттық өнімнің сапасы артуда. Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Біріккен Корольдігінде (Лондон қаласы) 2009 жылғы қарашада Қазақстанның бірінші туристік өкілдігі ашылды.

Әлемдік туристік ұйымның іс-шаралар күнтізбесіне енгізілген KITF Қазақстан халықаралық туристік жәрмеңкесі Алматы қаласында, «Белуха» халықаралық туристік фестивалі Шығыс Қазақстан облысында жыл сайын өткізіледі. Сонымен қатар негізгі мақсаты туристер ағынын елдің орталық және солтүстік өңірлеріне тарту, ел ордасы Астананың үшінші мыңжылдық қаласы ретінде имиджін қалыптастыру болып табылатын «Астана-Демалыс» халықаралық қазақстандық туристік көрме жыл сайын өткізіліп тұрады.

Мерейтойлық көрменің стендтерінде туризм саласында маманданған 200-ден астам субъектілер ұсынылған. Қатысушылардың санында «Гулнар тур», KazTour, Transavia Tour, Songklod tour Group, South Seychelles және т.б. компаниялар бар. Туризм жөніндегі ұлттық әкімшілік топтарын Каталония, Таиланд, Түркия, Испания, Чехия, Үндістан, Австрия елшілігінің туризм жөніндегі өкілеттігі, Дубайдың туризм және коммерциялық маркетинг департаменті құрайды. Жәрмеңкеде Қырғыз Республикасы Ыстықкөл облысы туристік қызмет өкілдігінің ассоциациясы да қатысады.

Мерейтойлық жәрмеңкеде өткен жылдармен салыстырғанда қазақстандық турөнім кең көлемде ұсынылды, сонымен қатар

жобалар, белсенді демалыс және экотуризм дамуымен байланысты болды. Берілген бағыттар Ақмола, Ақтөбе, Алматы, Жамбыл, Шығыс Қазақстан, Павлодар, Қарағанды облыстарының, сондай-ақ Қазақстанның басқа да аймақтарының кәсіпкерлік және онеркәсіп департаменттерімен ұсынылады.

Туристік бизнес кәсіпкерлері үшін гранттар, техникалық көмек және инвестициялар тарта отырып бизнес-жоспарлар құру мен инвестициялық жобалар жасау бойынша оқып-үйрену семинарларын жыл сайын өткізу қамтамасыз етілген. Қазақстанның туристік мүмкіндіктерін шетелде көрсету үшін инвестициялық жобалар каталогы, бағыттамаалар, буклеттер мен қағаз және электрондық жеткізушілердегі басқа да жарнамалық-ақпараттық өнім шығарылды.

Туристік қызмет көрсетулердің негізгісіне туристік ұйымдар жатады, оларды туристік қызметті жүзеге асыру құқығына лицензиясы бар 846 туристік ұйым мен 30 жеке кәсіпкер ұсынуда. Өрекет етуші туристік фирмалар мен қонақ үй шаруашылығы кәсіпорындарының басым көпшілігі Алматы қаласында (605), Шығыс Қазақстан (124), Қарағанды (122), Алматы (71) облыстарында және Астана қаласында (79) орналасқан (қара: 1-қосымша). Қазақстанның туристік қызмет көрсетулер нарығында 3,2 мыңға жуық адам, 1,5 мың кәсіби гид пен экскурсияшылар жұмыс істейді. Туристік нарықтың барлық ұйымдарының 98,3 %-ын шағын кәсіпорындар (жұмыс істейтіндердің саны 50 адамға дейін) білдіреді. 250 адамнан аспайтын персоналы бар орташа кәсіпорындар 1,3%-ды, ал ірілері 0,4%-ды құрайды. Талдауға қарағанда туристік ұйымдардың көпшілігін шағын және орта кәсіпорындар құрайды, олар әлем елдерінің көбінде инновацияларға негізделген экономикалық өсімнің тиімді генераторы болып табылады. Қазақстанның туристік ұйымдары әлемнің жетпіс елімен ынтымақтаса жұмыс істейді.

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің деректеріне қарағанда 2010 жылы Қазақстанда туризм саласында 379,3 мың адам еңбек еткен, бұл 2009 жылға қарағанда 17,8 %-ға артық.


Жоғарыда көрсетілгендермен қатар, ұлттық туристік нарықта шетелдер қатысатын 37 туристік ұйым қызметін жүзеге асырады.

Тек қана туристік ұйымдардың қызметінен Қазақстан Республикасының кірісі 2010 жылы 5902,6 млн. теңгені құрады.

Тұтастай алғанда, 2010 жылы республика бойынша туристік индустрия кәсіпорындарының кірісі 16,8 %-ға көбейіп, 30553,4 млн. теңгені құрады, сонымен қатар бюджетке 6526,5 млн. теңге аударылды, бұл былтырғымен салыстырғанда 37,6 %-ға артық. Көрсетілген қызметтердің жалпы көлемі де 43,3 %-ға артып, 24516,8 млн. теңгені құрады.

Сырттан келушілер туризмі есебінен, сонымен қатар халықтың туризм саласында жұмыспен қамтылуы 2007 жылғы 447,6 мың адамнан 2011 жылы 550,0 мың адамға дейін өсті.

Талдау көрсеткеніндей, сырттан келушілер туризмінде туристердің 58,4%-ының іскерлік және кәсіби мақсаттармен келгені байқалады. Елімізде демалу мақсатында 12017 турист (30,1%), таныстары мен туыстарының шақыруы бойынша 10,2 % коммерциялық мақсатпен 1,2 % турист келген.



2-сурет. Туристер ағымының тұрақты өсімі: бірінші кезең (2007-2009); екінші кезең (2010-2011); млн туристке дейін

Жыл сайын сыртқа шығушылар туризмінің көлемі артуда. Егер 2000 жылы туристік фирмалар шетелге 67360 туристі жіберсе, ал 2010 жылдың қорытындылары бойынша Қазақстан Республикасы азаматтары 210692 туристі құрады. Алыс шетел мемлекеттері ішінде Түркия 63,1 мың адам (30%), Қытай 48,6 мың адам (23,1%), Біріккен Араб Әмірлігі 23,8 мың адам (11,3%) Қазақстан тұрғындары арасында барынша танымал болып отыр.

Сыртқа шығушылар туризмінде бос уақыт, рекреация және демалыс (44,7%) мақсатымен шығу басым болып келеді. Қалғандарының шығу мақсаты коммерциялық шоп-турлар (29%), іскерлік және кәсіби (18,7%) болып табылады.

Елде әртүрлі туристік қызмет көрсетулерде қазақстандық және шетелдік азаматтардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға кең мүмкіндікті қамтамасыз ететін қазіргі заманғы тиімділігі жоғары және бәсекеге қабілетті туристік кешеннің жұмыс істеуі үшін жағдайлар жасалуда, ұлттық туристік өнімнің сапасын қамтамасыз ету үшін стандарттар әзірленіп, қабылданды. Қазақстан Республикасында туризмнің материалдық-техникалық базасын дамытуға инвестициялар тарту үшін жағдайлар айқындалды.

Туризмді дамыту көлік инфрақұрылымын дамытумен тікелей байланысты. Елімізге туристер, негізінен, әуе көлігімен келуде. Ішкі туризм мақсатында көбінесе автокөлік пайдаланылады. Жыл сайын республикалық маңызы бар жолдар тізбесі толықтырылып, олардың құрамында ірі туристік объектілерге апаратын жолдар бар.

Сырттан келу туризмі мен ішкі туризм көлемін ұлғайтудың негізгі факторларына көлік инфрақұрылымын дамыту және жолаушылар тасымалының барлық түрлерінің географиясын кеңейту кіреді. Осыны ескере отырып, ұлттық тасымалдаушы – «Қазақстан теміржолы ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы мен «Жолаушылар тасымалы» акционерлік қоғамы туризм саласындағы уәкілетті органның қолдауымен 2002 жылдан бастап Алматы – Тараз – Шымкент – Ташкент – Самарқан – Үргеніш – Бішкек – Рыбачье – Алматы бағыты бойынша «Жібек жолы меруерті» мамандандырылған пойызын ұйымдастыру жөніндегі жобаның бірінші кезеңін іске асырды.

Болашақта Тегеранға дейін екінші кезеңді, Қытайдың Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық округі арқылы Пекинге дейін үшінші кезеңді жүзеге асыру жоспарланып отыр.

2005 жылдан бастап 2010 жылды қоса алғандағы кезеңде Қазақстан Республикасының шетелдермен туризм саласындағы халықаралық ынтымақтастығының нормативтік құқықтық базасы кеңейді. Қазіргі кезде туризм саласында 26 келісім қолданылуда. Жапониямен, Грекиямен, Франциямен, Катармен, Сауд Арабиясы-

мен, Словениямен, Польшамен, Моңғолиямен, Малайзиямен туризм саласында ынтымақтастық туралы келісім жобалары контрагенттерге келісу үшін жіберілді. Қазіргі уақытта Біріккен Ұлттар Ұйымының мамандандырылған мекемесі болып табылатын Дүниежүзілік туристік ұйымы және Дүниежүзілік туристік ұйымға мүше елдердің ұлттық туристік әкімшіліктерімен ынтымақтастық нығайтылған.

Резидент еместерден ел экономикасына шетелдік валюта ағынының тұрақты артуы есебінен елдің төлем теңгерімі жақсарып отырғанын айта кету керек, туризм саласын қаржыландыру мәселесі шешілуде: 2001 жылдан бастап 26 млн. 111 мың теңге көлеміндегі қаржылық қаражат, халықаралық көрмелерге қатысу мен республикада халықаралық туристік жәрмеңкелер өткізуді қоса алғанда, туристік қызмет жөнінде іс-шаралар ұйымдастыруға бөлінді. 2005 жылдан бастап туристік іс-шараларды қаржыландыру көлемі бағдарламаны қабылдауға байланысты 32 млн. теңгеге, 2008 жылы 34 млн. теңгеге артты және 2010 жылы бөлінген қаржы қаражат сомасы 39,5 млн. теңгені құрады.

3-Т А Р А У

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН АЙМАҒЫНЫҢ ТУРИЗМ ГЕОГРАФИЯСЫ



3.1. Ақтөбе облысы

Облыстың әкімшілік орталығы – Ақтөбе қаласы.

Жер аумағы – 300,6 мың км².

Халқы – 719,5 мың адам (2010 жыл 1 қаңтар).

Ақтөбе – Елек өзенінің бойында орналасқан, еуропалық Қазақстанның ең шығыс қаласы.

Ақтөбе облысы 1932 жылдың 10 наурызында құрылған. Елімізде жер аумағы бойынша екінші орында тұр. 1945 жылы облыс құрамына Байғанин, Жұрын, Ырғыз, Қарабұтақ, Ключев, Мартөк, Новороссийск, Родников, Степной, Темір, Ойыл, Қобда және Шалқар аудандары кірді. Қазіргі таңда облыста 12 аудан, 141 ауылдық округ, 8 қала мен 410 ауыл орналасқан.

Облыс тарихы. Б.з.б. VI – V ғасырларда өлке сармат мәдениетінің гүлдену орталығы болды, оған дәлел – Елек өзенінің сол жағасында орналасқан ежелгі қорғандар.

Батыс Қазақстаннан Қара теңіздің сол жағалауына ғұндардың басып енуі өлкеде түркітілдес көшпенділер мәдениетінің өркендеуінің жаңа кезеңін бастап берді.

XI-XII ғасырларда Орталық Азия және Қазақстан территориясында ортағасырлық қала мәдениеті дамиды. Бұл сауда, дін, мәдениет алмасуларына әсер етті. Бұл кезең туралы көптеген деректерде Мавлеберді (Ойыл ауданы), Байтақ, Астана (Қобда ауылы) қалалары туралы мәліметтер берілген.

Ақтөбе облысы архитектура ескерткіштеріне өте бай. Мұнда жергілікті ескерткіштер тобы, ұлттық архитектура және монументалды глиптика орналасқан. Олардың ішінде Доңызтауға ерекше орын бөлінген (Солтүстік Чинк үстірті). Ескерткіш күйдірілген кірпіштен жасалған.

Ембі даласының ескерткіштері Даумшар, Қарасақал, Асан қожа сияқты ірі некропольдерінде жиналған.

Қорғанды қазу жұмыстарын жүргізу кезінде мазардан 15-20 шақырымда орналасқан Алтын Орда кезеңінің шамамен XIII ғасырдың 2-жартысына жататын зират табылды.

XIX ғасырдың 2-жартысында Ресей империясы өзінің оңтүстік шығысындағы мемлекеттік шекараларын кеңейту мәселелерімен айналысты. Ресейдің Орталық Азия және Қазақстан территориясына шаруашылық және саяси мақсаттармен енуі үшін бекіністер шебін орнату міндеттерін орындай бастады.

Қазақ даласында бекіністерді салу барысында 1848 жылға қарай Ресей Арал маңы мен Сырдария жағалауына жетті.

1868 жылы патша өкіметі қабылдаған «Дала облыстарын басқару туралы уақытша қаулы» жергілікті халықтың құқықтарын шектеді. Бұл қаулыға қарсы халықтың бас көтерулері болды. Торғай даласында көтерілістерді басу мақсатында Орынбордан подполковник Куторожин басшылығымен екі казак жүздігі жіберілді.

1868 жылдың көктеміне қарай дала көтерілісшілері басылды, дегенмен Елек пен Қобда өңіріне 2-Орынбор жүздіктері жіберілді. 1869 жылдың 14 мамырында әскер Ақтөбе шатқалына жетті. 1869 жылдың 19 мамырында Ақтөбе бекінісінің негізі қаланды. Бекіністің оңтүстік шығысында алғашқы үйлер, тұңғыш екі көше Крепостная және Гарнизорнаяның негізі қаланды. Бірнеше жыл өткеннен кейін Александр (қазіргі Шернияз) және Орынбор (қазіргі Әйтеке би) көшелері пайда болды. 1878 жылдан бастап Ресей империясынан ағашқы қоныс аударушылар келе бастайды. 1891 жылы 29 мамырда Ақтөбе әскери шебі ресми түрде қала дәрежесін алып, Торғай облысының құрамына енеді.

Географиялық орналасуы. Ақтөбе облысы Орал және Мұғалжар таулары шекараласатын Еуропа мен Азия аралықтарында орналасқан. Облыс батысында Каспий маңы ойпатында, оңтүстігінде Үстіртте, оңтүстік-шығысында Тұран жазығы және орталығында Мұғалжар тауларымен шектеседі. Облыстың басым бөлігі жазық (биіктігі 100-200 м). Ең биік нүктесі Мұғалжар тауларында орналасқан Үлкен Бақтыбай шыңы (теңіз деңгейінен 657 м).

Ақтөбе облысының батыс бөлігін оңтүстік-батысында Каспий маңы жазығына өтетін Орал маңы ойпаты алып жатыр. Оңтүстік-шығысын Арал маңы Қарақұмы мен Үлкен және Кіші Борсық құмдары алып жатыр. Солтүстік-шығысында Ақтөбе облысы Торғай ойпатына өтеді.

Облыс климаты шұғыл континентальды, құрғақ, жазы ыстық және қысы суық. Жаз маусымында шаң дауылдары мен қыс маусымында борандар жиі соғып тұрады. Шілде айының орташа температурасы солтүстік-батысында 22,5°C, оңтүстік-шығысында 25°C, қаңтар айында орташа температура сәйкесінше -16°C және -15,5°C. Солтүстік-батысында жауын-шашынның мөлшері жылына 300 мм, оңтүстігінде - 125-200 мм. Вегетациялық кезең 175 күннен 190 күнге дейін созылады.

Ақтөбе облысының барлық өзендері Каспий теңізінің ағынсыз бассейндері мен шағын көлдер бассейндеріне жатады. Ең ірі өзендері - Ембі, Орал сағалары Ор мен Елек, Ырғыз, Ойыл, Торғай және Сағыз. Өзендердің басым бөлігінде су көлемі төмен, жаз маусымында құрғап қалады. Көлдердің басым бөлігі (150-ден астамы) тұзды, шағын болып келеді, олардың көбісі құрғап соран топырақты қалыптастырады, мысалы Шалқар көлі. Сол себепті жерасты тұщы сулары пайдаланылады.

Облыстың солтүстік-батыс бөлігінде қара және қоңыр топырақта жусан, боз бетеге өседі, өзен аңғарларында шалғындар, тсрек, қайың тоғайлары өседі.

Орталық және солтүстік-шығыс бөлігінде құрғақ дала орналасқан, топырағы сұр. Оңтүстігінде бетеге өседі.

Ақтөбе облысы Қазақстанның алты облысымен, Өзбекстан Республикасымен және Ресеймен шектеседі.

Солтүстігінде Ресей Федерациясы Орынбор облысымен, оңтүстігінде Қарақалпақстанмен, солтүстік-шығысында Қостанай,

оңтүстік-шығысында Қарағанды және Қызылорда, оңтүстік-батысында Маңғыстау, батысында Атырау, солтүстік-батысында Батыс Қазақстан облыстарымен шектеседі.

Халқы. 2009 жылғы республикалық халық санағы бойынша Ақтөбе облысында халық саны 779542 адам болды, оның ішінде әйелдер – 407217, ер адам – 372325. Қазақтар 614961 адамды (79%) құрады, сонымен қатар облыста орыс, татар, украин, неміс, корей, молдаван, армян, шешен, т.б. тұрады.

Көлік қарым-қатынасы. Ақтөбе облысының көлік жүйесінің негізін ішкі және халықаралық тасымалды қамтамасыз ететін теміржол құрайды. Теміржол жүк тасымалының 91%-ын және жолаушы тасымалының 94%-ын құрайды.

Теміржолдың жалпы ұзындығы 1 050,6 км, оның ішінде 630 км қос жолды болып келеді. Теміржолдың тығыздығы 3,8 мың шаршы шақырым.

Автокөлік жолының ұзындығы – 5 977,7 км. Республикалық маңызы бар теміржолдың ұзындығы – 1 872 км, оның ішінде 684 км-де Самара-Шымкент тасжолы орналасқан.

Жергілікті пайдаланудағы жолдың ұзындығы – 4 105,7 км, оның ішінде облыстық қолданыстағысы – 947,5 км, аудандық қолданыстағысы – 3 158,2 км; сонымен қатар 163 көпір және 1855 су өткізу құбыры бар.

Әуе көлігі саласында «ЕвроАзия Эйр» АҚ, «Ақтөбе халықаралық әуе компаниясы» АҚ, «Казэронавигация» РГП, «Эйр-Астана» АҚ, «Рус-Лайн», «СКАТ», және «Аэро» ЖШС әуе кәсіпкерліктері қызмет көрсетеді.

Туризмнің даму нысандары. Батыс Қазақстанда сирек кездесетін мәдени ескерткіштердің бірі – **Абат Байтақ**. Ол Қобда ауданының Бесқоба ауылының шығысында он екі шақырымда орналасқан. Қобда-Елек ескерткіштер топтары арасында Абат Байтақ некрополи уникалды болып табылады. Мұнда құлпытастар кешені сақталған. Бұл кешен Батыс Қазақстан үшін ерекше ескерткіш. Абат Байтақ (XIV – XV ғасырлар) мазары Қобда бассейнінің территориясында орналасқан. Кезінде мазар бұл мазар алтынмен жалатылып, көгілдір асыл тастармен безендірілген. Қазіргі таңда мазар кірпіштері астынан көк әшекей көрініп тұр. Мазар бірнеше жылдар бойы салынған. XVIII–IX ғасырларда ма-

зар қасында оюлы құлпытастар орналасқан ірі некрополь салынды.

Ескерткішті XIX ғасырда француз саяхатшысы Жозеф Кастанье ашты, XX ғасырдың 50-70-жылдарында М. Меңдіқұлов ескерткіштің XIII ғасырға жататынын атап өтті.

Ескерткіш Асан қайғының ұлы Абаттың құрметіне салынған. Жүргізілген қазба жұмыстары кезінде үш адамның мәйіті табылды. Мұндай құрылыстар хан мен төрелердің құрметіне салынған. Абат Байтақ мазарының қасында Қыз әулие атты шағын мазар орналасқан.

Абат Байтақ мазарының биіктігі – 14,5 метр. Зерттеушілердің айтуынша, мазар биіктігі 16 метр болған.

2007 жылы мазар қайта қалпына келтірілді.

Қобыланды батыр – қазақ халқының қаһарманы. Қазіргі таңда Қобыланды батыр есімімен байланысты Жалғыз оба, Қособа, Бесоба деген тарихи орындар белгілі. Бұл орындар Қобда ауданының Жиренқоба ауылының маңында орналасқан. Бұл жерлерде Қобыланды батыр қазақ жерін қорғап жауларымен соғысқан. Қобыланды батыр мазары Қобда өзенінің сол жағасында орналасқан. Жерлеу орнында 2007 жылы мазар тұрғызылды. Мазар биіктігі – 17,5 метр, ені – 12. Формасы бойынша мазар дулыға, қалқан тәріздес. Мазар қасында Қобыланды батыр өз қылышын қайраған тас орналасқан. Қылыш ені 60 метрге жеткен, қылыш мазарда сақталған.

Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану мұражайы. Мұражайдың негізін 1929 жылы жергілікті өлкетанушылары қалады. Тұңғыш директоры – Д. Темушко.

Мұражайдың ауданы – 1550 м² (8 зал). Онда 90 мыңнан астам облыстың қалыптасуы мен дамуының тарихына қатысты үнсіз күәгер экспонаттар орналасқан.

Артефактілер арасында «Бесоба», «Сынтас», «Нагорный» қорғандарынан табылған алтын әшекейлер, ғұн кезеңі обасынан табылған заттар (Талдық өзені бойындағы Жилинка ауылы маңы) маңызды орын алады.

Сонымен қатар мұражай қорында Елек өзенінің аңғарынан табылған индрикотерии деп аталған ежелгі ірі сүтқоректілердің сүйектері, ежелгі бұғының қалдықтары мен мамонт сүйектері бар.

Қайталау сұрақтары:

1. Ақтөбе облысы туризмінің дамуына табиғи-физикалық алғышарттар қалай әсер етеді?
2. Ақтөбе облысының мәдениет нысандары қандай?
3. Облыстың туризм дамуына тарихи алғышарттардың әсері қандай?

3.2. Атырау облысы

Әкімшілік орталығы – Атырау қаласы.

Жер аумағы – 118 631 км².

Халқы – 555 198 адам (2013).

Әкімшілік-территориялық бөлінуі. Атырау облысының негізі 1938 жылдың 15 қаңтарында қаланды. 1991 жылдың 9 қазанына дейін Гурьев облысы деп аталды. Облыстың әкімшілік орталығы – Атырау қаласы. Облыс құрамына жеті аудан кіреді: Жылыой, Индер, Исатай, Қызылқоға, Құрманғазы, Мақат және Махамбет. Сонымен қатар облыс құрамында 2 қала, 15 кент және 56 ауылдық округ бар.

Тарихы. Атырау өңірін адамзат неолит дәуірінде осыдан 10 мың жыл бұрын игере бастаған. Ежелгі қоныс орындарынан тас-тан жасалған бұйымдар, саз ыдыстар, т.б. табылды.

Б.з.б. 4-мыңжылдықтың соңы – 3-мыңжылдықтың басында Солтүстік Каспий аумағында аңдар алғаш рет қолға үйретіле бастаған. Сол кезеңнен бастап ежелгі адамдар тұрмысында мал шаруашылығы басты орынға шықты. Ежелгі тұрақтар Теңізден (қазіргі Құрманғазы ауданы), Қоңырқұдық, Көкмұрын бархандарынан, Жаңа Үштаған ауылы мен Қадырғали барханның және Сазды қыстауының жанынан табылды. Тұрақ ауданына қарағанда ежелгі малшылар шағын жер тұрақтарды мекен еткен.

Б.з.б. 3-2-мыңжылдықтарда қола дәуірінің облыс территориясында орналасқан 19 ескерткіші және ерте темір дәуіріне жататын 128 ескерткіш табылды. Каспий теңізінің жағалауын шамамен екі мың жыл бұрын сармат тайпалары мекендеген. Б.з.б. IV – III ғасырларға жататын сармат қорғандарында жақсы сақталған қола айналар, қарулар мен саз ыдыстар табылды.

Географиялық орналасуы. Атырау облысы Каспий маңы ойпатында, яғни Каспий теңізінің солтүстік-шығысынан бастап

Жайық өзенінің аңғарына дейінгі, ал оңтүстік-шығыста Үстірт аймағында орналасқан. Атырау облысы солтүстігінде және солтүстік-шығысында Батыс Қазақстан, шығысында Ақтөбе, оңтүстігінде Маңғыстау облыстарымен, сонымен қатар Каспий теңізімен және батысында Ресей Федерациясы Астрахан облысымен шектеседі.

Аумақтың жер бедерін негізінен жазықтар құрайды, солтүстігінде ғана аласа Индер таулары орналасқан.

Каспий маңы ойпатының басым бөлігін бархандар (Нарын, Тайсойған, Қарақұм) алып жатыр.

Климаты шұғыл континентальды, құрғақ. Жазы құрғақ, созылмалы, ыстық, қысы суық. Қаңтарда орташа температура –8-11°С, шілде айының температурасы +24-25°С. Орташа жауын-шашын мөлшері жылына 100-200 мм. Облыс территориясы бойынша ағып өтетін өзендері Орал (жалпы ұзындығы 2534 км, оның ішінде Қазақстан территориясымен 1084 км ағып өтеді), Ембі (712 км), Сағыз (511 км), Ойыл (800 км). Облыстың ең ірі көлі – Индер.

Өсімдігі шөл мен шөлейт зонасына тән өсімдіктер.

Халқы. 1989 жылы КСРО кезінде өткізілген халық санағы бойынша Гурьев облысының халық саны 429 мың тұрғынды қамтыды, оның ішінде этникалық жағынан халық санының 72,5%-ын қазақтар құрады (311 мың адам). XX ғасырдың 90-жылдары облыс халқының ұлттық құрамы күрт өзгерді. 2009 жылы жүргізілген Қазақстан Республикасы халық санағының нәтижесі бойынша облыс халқының саны 530,7 мың адамды, ал 2013 жылы 555 198 адамды құрады.

Көлік қатынасы. Атырау облысы арқылы маңызды темір жол, автокөлік, газ және су құбырлары, әуе жолдары өтеді.

Теміржолдың жалпы ұзындығы – 1480 км; автокөлік жолының ұзындығы – 2752 км, оның ішінде республикалық маңызы бар жолға 990 км жатады.

Атыраудың әуежайы халықаралық стандарттарға сай келеді. Атырауда бірнеше әуе компаниясы жұмыс істейді.

Каспий теңізі шельфін игеру барысында су көлігі қатынасы қарқынды дами бастады.

Туризмнің даму нысандары.

Сарайшық – Қазақстанның ежелгі ескерткіштерінің бірі.

Сарайшық қаласы Қазақ Ордасының бесігі, қазақ халқының ұлы мұрасы. Қаланың пайда болуы – XIII ғасыр, яғни Шыңғыс хан мен Батый ханның кезеңіне келеді. Біздің заманымызға жеткен ежелгі жазба деректеріне сәйкес, қала туралы алғашқы деректер XIV ғасырдың 1-жартысына жатады. Бұл деректер бойынша Сарайшық қаласы сауда мен мәдениеті дамыған қала болған. Сарайшық қаласының тарихын үш кезеңге бөлуге болады. Бұл қаланың іргетасының қалануы мен қалыптасуы – X–XI ғасырлар. XIII–XIV ғасырларда қала Еуропа мен Орталық Азияны, Қытайды бір-бірімен байланыстыратын ірі сауда орталығы болды. Қаланың құлауы – XV–XVI ғасырларға келеді.

Сарайшық туралы алғашқы деректерді қалдырғандардың бірі – ғалым-географ, саяхатшы Ибн Батутта. Сонымен қатар Сарайшық туралы ағылшын саудагері Антоний Дженкинсон да бірқатар мәліметтер қалдырды. 1558-1599 жылдары ол Солтүстік және Шығыс Каспийге жасаған саяхаттары барысында Сарайшық қаласына да келген. «Қала XII ғасырда тұрғызылды» деген қорытындыға 1950 жылы жүргізілген қазба жұмыстары барысында қазақ археологиясының негізін қалаушы Әлкей Марғұлан келді.

1999 жылы Сарайшықтың орнында сол кездегі Атырау облысының әкімі И. Тасмағамбетовтың қолдауымен мемориалды-тарихи кешен тұрғызылды.

Атырау облысының тарихи және өлкетану мұражайы. 1939 жылы Қазақ КСР Жоғары Кеңесінің қаулысымен мектеп мұражайының негізінде құрылған. 1940 жылдың 5 қарашасында мұражайдың тұсаукесері өтті.

Қазір мұражай Атырау өңірінің тарихын, рухани және мәдени мұрасын зерттеу, сақтау мен насихаттауда басты мәдени орталыққа айналған.

Аралтөбе қорғандары. 1999 жылы археолог З. Самашев жетекшілік еткен экспедиция маңызды жаңалықтар ашты. Жылыой ауданы Аралтөбе маңында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары нәтижесінде үш қорғаннан адам қаңқасы, садақ пен жебе, моншақтар, саз ыдыстар табылды. Табылған артефактілер шамамен б.з.б. I ғасырға жатады.

Үшінші қорғаннан сармат көсемінің қаңқасы табылды. Бұл шуды «екінші алтын адам» деп те атайды. Табылған алтын адам б.з. 129 жылына жатады. Реставратор К. Алтынбеков «Алтын адамды» қайта қалпына келтірді.

Атыраудың дала архитектурасы. Арқартас – оба мүсіні. Үшсатылы негізде орналасқан тас арқары, зооморфтық және өсімдік оюларымен қашалған. Бүйірінде айбалта, найза, қылыш, садақ, мылтық бейнеленген. Ал келесі бүйірінде рулық таңба қишалап салынған.

Дулығатас – дулыға түрінде салынған тас архитектурасының сирек кездесетін ескерткіш түрі. Батырлар құлпытастарында салынған.

Күмбезді үштас – біртұтас тастан қашалған үш баспалдақтың үстінде, төбесінде күмбездері бар үш қойтас.

Қайталау сұрақтары

1. Атырау облысының көлік инфрақұрылымын сипаттаңыз.
2. Сарайшық қаласының тарихи маңызы қандай?
3. Облыстың географиялық орналасуы туризмге қалай әсер етеді?

3.3. Батыс Қазақстан облысы

Әкімшілік орталығы – Орал қаласы.

Ауданы – 151,3 мың км².

Халық саны – 624280 адам (2011).

Әкімшілік-территориялық бөлінуі. Батыс Қазақстан облысы Қазақстан Республикасының солтүстік батысында, Еуропаның шығыс бөлігінде орналасқан.

Жер аумағы еліміздің 5,6%-ын алып жатыр, ауқымы жағынан республикада 8-орында.

Облыстың әкімшілік-территориялық жүйесіне 12 әкімшілік аудан, 156 ауылдық округ, 3 елді мекен және облыстық маңызы бар бір қала (Орал қаласы), аудандық маңызы бар бір қала (Ақсай қаласы) қарайды.

Тарихы. Орал қаласы – Қазақстандағы көне қалалардың бірі. Жайық өзенінің оң жақ жағалауы мен Шаған өзенінің құйылысында орналасқан. Ресми мағлұматтар бойынша 1613 жылы

негізі қаланған. Басында Ресей мемлекетін дала көшпенділері шапқыншыларынан қорғайтын әскери бекіністердің бірі болған және оны Жайық қалашығы деп атаған. Орал қаласының аты 1773-1775 жылдардағы Е. Пугачев бастаған шаруалар көтерілісінен кейін, II Екатерина патшайымның бұйрығымен басқаша аталды. Қаланың ең көне бөлігі – «Курени» ауданы. Бұл жерде Жайық өзені жағасына, Жайық қалашығының алғашқы тұрғындары өз үйлерін салған. Қаланың өзінен аз ғана кейін салынған, сол кезде тұрғызған үйлер әлі де сақталған.

Қалада өскелең ұрпаққа асыл мұра, тарихпен айналысатын адамдардың бәрінің де қызығушылығын тудыратын оннан аса тарихи және мәдени ескерткіштер бар. Е. Пугачев мұражайы, 1751 жылы салынған Михаил-Архангел Соборы. Орал казак әскерінің үш жүз жылдығы құрметіне салынған Христос Храмы, Алашорда Батыс бөлімінің жетекшілері Халел және Жанша Досмұхамедовтер және басқа да көптеген атақты адамдар бітіріп шыққан реалды училище ғимараты.

Әр жылдарда бұл қалада И.А. Крылов, А.С. Пушкин, В.А. Жуковский, В.И. Даль, Т.Г. Шевченко, М. Өтемісов, С. Сейфуллин, С. Мұқановтар болған. Бұл жерде М. Шолохов, Ж. Молдағалиев, А. Сәпсеновтер бұл өлкеден тақырыптар жинап, өз шығармаларына арқау еткен. Орал өңірі қазақтың ұлы композиторлары Құрманғазы, Дәулеткерей, Мұхит, Динаның, талантты қазақ актрисасы Хадиша Бөкееваның, теңдесі жоқ әншілер Роза Жаманова, Ғарифолла Құрманғалиевтың, ақын-жазушылар Хамза Есенжанов, Тайыр Жароков, Қадыр Мырза Әлінің, сонымен бірге алғаш Шығыс қыздары ішінен Кеңес Одағының Батыры атағын алған Мәншүк Мәметованың туған жері. Еуропа мен Азия шекарасында орналасқан Батыс Қазақстан облысы – өз қонақтарын үлкен сый-құрметпен, қадірлеп күтетін аса қонақжай өңір.

Географиялық орналасуы. Батыс Қазақстан облысы аумағының басым бөлігі Каспий маңы ойпатының солтүстігінде орналасқан. Жер бедері, негізінен, құмды алқаптар мен сор ойпаңдар алмасып жатқан жазық болып келеді. Бұл өңірдің абсолюттік биіктік 10-25 м-ден аспайды. Солтүстігіндегі қырат бөлігі (абсолюттік биіктігі 45-65 м) Сырт қырқасы арқылы Орал үстіртіне ұласады. Жалпы Сырттың осы тұстағы ең биік жері –

259 м (Ешкі тауы). Орал үстіртінің облыс жеріндегі бөлігі – құрғақ арналармен тілімденген жонды-белесті өңір. Оның абсолюттік биіктігі – 110-260 м, ең биік жері – Ақтау (Бортау) тауы (263 м).

Жер қыртысы бор кезеңінің мергелінен, палеогеннің құмтастарынан, әктастарынан түзілген. Олардың бетін Каспий маңы ойпатының төрттік кезең шөгінділері жапқан. Өзен аңғары аллювий шөгінділерінен құралған. Облыс жерінде тұз күмбездерінен құралған ірі тектоникалық құрылымдар (Сантас, Сасай, т.б.) көп. (Облыстың жер қойнауы мұнайға, әсіресе газға (газконденсат) мейлінше бай.

Қазақстандағы зерттелген газконденсаты қорының 90%-дан астамы шоғырланған (Қарашығанақ газконденсаты кен орны). Одан басқа облыс аумағында жанғыш тақтатас (Чернозатон, Тоғай, Новошаново), калий, магний тұздары (Шалқар көлі), цементтік шикізат (Ақсуат, Шаново), керамзиттік саз (Тұйықсай, Погодаев), т.б. құрылыс материалдары кен орындары бар.

Облыстың климаты тым континенттік. Қысы суық, жазы ыстық әрі құрғақ. Қаңтар айының орташа температурасы –11-14°С, кейде – 40°С-қа дейін төмендейді, шілде айындағы температура +22-25°С, кейде 40°С-қа дейін көтеріледі. Жауын-шашынның көп жылдық орташа мөлшері 190 (оңтүстікте) – 350 мм (солтүстікте). Қар жамылғысы 70 күннен (оңтүстікте) 140 күнге (солтүстікте) дейін жатады. Жыл бойына екпінді желдер (кейде 15-20 м/с-қа дейін) болып тұрады. Өсімдіктердің вегетациялық кезеңі 150-170 күндік.

Облыстағы өзендер Каспий теңізі алабында жатыр. Ұзындығы 100 км-ден асатын 14 өзен бар. Басты су артериясы – Жайық өзені солтүстік-шығыстан оңтүстікке қарай ағады. Оның облыс жеріндегі ұзындығы 500 км-ге жуық. Жайыққа облыс аумағында Темболат, Шаған, Дерқұл, Елек, Шыңғырлау, Барбастау өзендері құяды. Облыстың шығыс жағындағы шағын Өлеңті, Қалдығайты, Жақсыбай өзендері Орал үстіртінен басталып құмға сіңіп жоғалады. Өзендері қарашаның 2-жартысында қатып, сәуірдің 1-жартысында мұзы ериді. Батыс Қазақстан облысында 140-тан астам көл бар. Оның 9-ының су айдыны 10 км²-ден асады. Суы тұщы маңызды көлдері: Қамысты Самар, Итмұрынкөл, Сұлукөл; ірі тұзды көлдері: Шалқар, Аралсор, Жалтыр, Жалтыркөл, Боткөл, т.б.

Жер бетіндегі ағынды суды реттеу үшін облыс аумағында бірнеше бөгендер салынған. Олар, негізінен, Көшім суландыру жүйесінде және Қараөзен (Үлкенөзен) бойында (Бітік, Дөңгелек, Киров, Пятимар, Сарышаған, Айдархан) орналасқан.

Батыс Қазақстан облысының солтүстік бөлігі далалық белдемде, қалған жері шөлейт және шөл белдемдерде жатыр. Облыс жерінің 15%-ын құмды алқап алады. Қиыр солтүстік, Сырт суайрықтарында кара, Сырт және Орал үстіртінің қыратты бөліктерінде қызыл қоңыр, өзен аңғарларында шалғынды сортаң, шөгінді (құмдақ-сазды) топырақ түрлері тараған. Облыстың оңтүстік бөлігін құмды алқаптар (Нарын, Көкөзенқұм, Аққұм, Қарағандықұм, т.б.) алып жатыр. Солтүстік бөлігінде бетегелі дала өсімдіктері мен шөлейт белдемнің өсімдік түрі басым. Өзен жайылымдарында астық тұқымдасты шөп түрлері, кей жерлерде қалың қамыс, құрақ өскен. Жайық аңғарында терек, емен, қайың, тал, Сырт және Орал үстіртіне, Елек өзені алабында шоқ қайың орманы көптеп кездеседі.

Батыс Қазақстан облысының тоғайлы-орманды өңірлерінде бұлан, елік, өзендер бойындағы қалың қамыс арасында қабан, оңтүстігіндегі құмды жағында ақбөкен, түлкі, қарсақ, қасқыр, қоян, күзен, құндыз; кеміргіштерден сарышұнақ, құм тышқаны, т.б. мекендейді. Облыста құстардың көптеген түрлері (аққу, қоңырқаз, сұрқаз, тырна, бірқазан, балықшы, құр, ақиық, кезқұйрық, безгелдек, қаршыға, т.б.) кездеседі. Өзен-көлдері балыққа бай (сазан, көксерке, аққайраң, табан, жайың, шортан, т.б.). Жайық өзенінде қызыл балық түрлері (бекіре, шоқыр) кездеседі.

Халқы. Батыс Қазақстан облысында 80-нен астам ұлт пен ұлыс өкілдері өмір сүруде. Батыс Қазақстан облысы Қазақстан халқы ассамблеясы құрамында этномәдени және діни бірлестіктерінің басшылары, мәслихат депутаттары, мемлекеттік органдар, оқу орындарының, қоғамдық және жастар ұйымдарының өкілдері, кәсіпкерлер бар. Облыс ассамблеясына 125 адам мүше.

Облыс ассамблеясы құрамындағы 29 этномәдени бірлестік пен орталық мәдени-ағарту қызметтерін атқарып келеді. Олардың ішінде Орал қаласында 13 бірлестік жұмыс істесе, қалғандары облыс аудандарында орналасқан. Негізі аудандарда қазақ, орыс, татар, украин қоғамдары болса, солармен қатар бір-бірден неміс, корей және беларусь орталықтары мәдени-ағарту ісімен айналысуда.

Этномәдени бірлестіктер жетекшілері, облыстағы православиe және ислам діндерінің басшылары Қазақстан халқы ассамблеясының мүшелігіне ие. Батыс Қазақстан облысы атынан Ассамблея құрамына 17 мүше енгізілген.

Қазақстан халқы ассамблеясының алдында тұрған міндеттер мен көкейкесті мәселелерді шешу үшін құрамында 20 мүшесі бар Үйлестіру кеңесі құрылып, қызмет етуде.

Жергілікті жерлерде аудан мен қала әкімдерінің төрағалығымен Қазақстан халқы ассамблеясының ынталы топтары қызмет етеді. Зеленов ауданы Переметное кенті мен Орал қаласында облыс ассамблеясының мәдени-ағарту қызметін ұйымдастыратын арнайы шығармашылық, демалыс орталықтары (Достық үйлері) жұмыс істейді.

Жалпы Батыс Қазақстан облысы ұлт өкілдері арасындағы қарым-қатынастар достық пен өзара түсінісушілік негізінде қалыптасқан. Облыста өткізіліп жатқан барлық іс-шараларға этномәдени бірлестіктердің өкілдері белсенді қатысып, отансүйгіш ұстанымдарын көрсетіп келеді.

Көлік қатынасы. Батыс Қазақстан облысында ең дамыған көлік түрлері автокөлік және әуе көлігі.

Қазіргі таңда Батыс Қазақстан облысында 88 тұрақты қалааралық және облыстық автобус маршруттары қызмет көрсетеді.

Орал қаласының халықаралық әуежайы арқылы ішкі және халықаралық әуе рейстері орындалады. Бұл рейстер Орал қаласын Алматы, Астана, Атырау, Ақтау, Мәскеу, Лондон қалаларымен байланыстырады.

Туризмнің даму нысандары.

Табиғат және экология мұражайы. Мұражай 1996 жылдан бері жұмыс істеп келеді. Мұражай қорында 10 мыңнан астам экспонат бар, олар – 300-400 мың жыл бұрын осы аймақты мекендеген жануарлардың сүйектері, пайдалы қазбалар, т.б. Қызыл кітапқа енген Батыс Қазақстан аймағын мекендеген жануарлардың, құстар мен балықтардың қаңқалары сақталған.

Мұражай қызметкерлері туған өлке табиғатын зерттеу жұмысымен үнемі айналысып отырады.

Сырым Датұлы атындағы Сырым аудандық өлкетану мұражайы 2002 жылы Жымпиты кентінде халық батырының туғанына 260 жыл толуына орай ашылған. Мұражайда археология, табиғат, этнография бөлімдері және қазіргі заман тарихы залы жұмыс істейді. Экспозициялардың көпшілігі ұлт-азаттық қозғалыс – Сырым Датұлы бастаған көтеріліске арналған.

Мұражай жәдігерлері қатарында тас дәуіріне тән тұрмыстық сирек кездесетін үлгілер қатары бар.

Бұл заттардың барлығы Сырым ауданы аумағында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары кезінде табылған. Сонымен бірге мұражайда Сырым Датұлы кезеңіне және Алашорданың батыс бөлігіне тиесілі болған сәндік әшекей бұйымдар, белдіктер, әскери сауыт-саймандар, құжаттардың төлнұсқалары көрмеге қойылған.

Сырым Датұлы ескерткіші.

Қазақ халқының тарихында сирек кездесетін аса талантты, дарынды қолбасшы С. Датұлының туғанына 260 жыл толуына орай 2003 жылы Орал қаласында Достық даңғылындағы облыстық мәслихат алдындағы алаңға ескерткіш орнатылды.

Сырым Датұлы қазақ жеріне енген патша өкіметіне қарсы қазақтың ұлт-азаттық қозғалысын ұйымдастырған бірінші жетекші болды.

Қазақ тарихында ол өз халқының адал ұлы, аты аңызға айналған ұмытылмас саяси қайраткер ретінде сақталып қалды.

М.А. Шолохов атындағы мұражай кешені. Ұлы жазушы М.А. Шолохов Қазақстанды өзінің екінші отаны санаған. Ол 30 жылдай біздің өлкеге жыл сайын, ал кей жылдары екі рет келген кездері де болған. 1942 жылдың жазында Шолоховтың отбасы Камышинға, кейін Батыс Қазақстанға қоныс аударған еді.

Шолоховтар отбасы өздерінің Вешенская станицасына ұқсас, соны еске салып тұратын Дарьинск аулын таңдаған. Шолохов Оралдан өзіне көптеген достар табады. Ол өмірінің соңына дейін сол достарымен қарым-қатынасын үзбеген. 1979 жылы Дарьинск аулында жазушы отбасымен бірге тұрған үйде М. Шолоховтың мемориалдық мұражайы ашылды. Онда, негізінен, жазушының және оның отбасының жеке заттары көрмеге қойылған.

Қазір мұражай кешені бөлек орналасқан мемориал үйден және ауданы 1039 м² болатын 6 көрме залы бар 2 қабатты бөліктен

тұрады. Бірінші қабатта сурет галереясы және 60 орындық конференц-зал, ал екінші қабатта табиғат, археология және этнография бөлімі, ҚР Тәуелсіздігінің 10 жылдығына арналған зал, «М. Шолохов Орал өңірінде соғыстан кейінгі жылдары» атты көрме орналасқан. Мұражай кешенінің ашылу салтанатына жазушының баласы, немересі, шөбересі, сонымен қатар Белла Ахмадулина, Қадыр Мырза Әлі, Ақұштап Бақтыгереева сияқты белгілі ақын-жазушылар және тағы да басқа белгілі мәдениет пен өнер қайраткерлері шақырылған. Орал делегациясы жыл сайын көктемде Вешенская станицасына барып тұрады. Ал күзде ұлы жазушының отандастарын Орал қаласы қарсы алады.

М.А. Шолоховтың ескерткіш-мүсіні.

А. Островский атындағы драма театрының скверіне 2002 жылы 27 тамызда граниттен дайындалған А. Шолоховтың ескерткіш-мүсіні орнатылды.

Авторы – Қазақстан Республикасы Суретшілер одағының мүшесі, мүсінші, профессор Есен Аманжолұлы Сергібаев.

М.А. Шолохов – кеңес әдебиетінің көрнекті классигі, Лениндік, Мемлекеттік және Нобель сыйлықтарының лауреаты, 5 Ленин ордені және бірнеше Құрмет белгілерінің иегері.

Мәншүк Мәметованың мұражайы.

Бұл үйде 1930 жылдан 1934 жылға дейін қазақ халқының даңқты қызын тәрбиелеп өсірген Мәметовтер отбасы тұрған. М. Мәметова – Кеңес Одағының Батыры атағын алған Шығыстан шыққан алғашқы әйел.

Мәншүк майданға Алматы медицина институтының екінші курсына оқып жүргенде аттанған. Аз ғана уақыт ішінде өрімдей қыз пулемет ісін меңгеріп қана қоймай, сонымен қатар топ командирі де болды. Ұрыстар арасындағы аз уақыттық үзілістерде Мәншүк майданнан «Кешір, ана, мен тек жауды құрту үшін қолыма қару алып, алға ұмтыламын. Егер мерт болсам, тек Отан үшін, тек Сіздер үшін, әкем үшін» деп хат жазатын. Мәншүк 1943 жылы 15 қазанда Псков облысының Невель қаласы үшін болған шайқаста ерлікпен қаза тапты.

Мұражай 1982 жылы ашылды. Мұнда Мәметовтер отбасының фотосуреттері, құжаттары, жеке заттары қойылған. 1987 жылы Орал қаласының орталық алаңдарының бірінде Мәншүк Мәметоваға

қоладан ескерткіш орнатылды. 1993 жылы «Мәншүктің өшпес ерлігі» диорамасы ашылды.

М. Мәметованың ескерткіші.

Қазақстан компартиясы орталық комитеті хатшылығының 1980 жылғы 9 шілдедегі «Орал қаласында М. Мәметоваға ескерткіш ашу» жөніндегі қаулысына сай, Мир алаңында Кеңес Одағының Батыры Мәншук Мәметоваға ескерткіш орнатылды.

Алаң оңтүстіктен солтүстікке қарай өтетін қаланың басты даңғылы – Достықпен қиылысады.

Ескерткіштің ашылуы 1988 жылдың 23 сәуірінде болды.

Е.И. Пугачевтің мұражайы.

Қала мұражайларының ішінде XVIII ғасырдың ағаш сәулеті мен тарихи ескерткіштері қатарына жататын Е.И. Пугачевтің мұражай үйінің де орны ерекше.

Әр адамның санасына қала тарихымен, ондағы тарихи-сәулет ескерткіштермен бірге Отан туралы ұғым да енеді. Осындай ескерткіштердің бірі – Емельян Пугачевтің мұражайы. Бұл мұражай тек 1773-1775 жылдардағы шаруалар соғысымен ғана емес, ең алдымен осы үйден өз жұмыстарына тарихи деректер алған ұлы орыс зерттеушілерімен, жазушыларымен де тығыз байланысты. 1967 жылдан бері бұл үйде кітапхана орналасқан. 1991 жылдан ерекше тарихи ескерткіш облыстық тарихи-өлкетану мұражайының қарауына берілген. Бұнда казактардың тұрмыстық және әскери құрал-саймандары, тулар, зеңбіректер, құнды хан сыйлықтары және т.б. көрмеге қойылған. Мұражай көрмесіндегі жүздеген жәдігерлердің әрқайсысы – Жайық казактарының және өлке тарихының тағы да бір айқын көрінісі.

А.С. Пушкиннің мүсіні.

А.С. Пушкин атындағы скверге ақынның туғанына 100 жыл толуына орай 1899 жылы ақынға ескерткіш тұрғызылған.

Ескерткіш 1960 жылы Харьков қаласынан әкелініп, Х.З. Шамсутдиновтің көмегімен орнатылған.

Мемориалдық кешен.

Қазақстан компартиясы орталық комитеті және ҚазКСР министрлер кеңесінде мемориалдық кешен құрылысы жөнінде шешім қабылданған. Кешеннің негізгі идеясы – казактармен болған күресте және 2-дүниежүзілік соғыста отанымызды фашист

басқыншылығынан қорғауға қатысушылардың өлмес ерлігін мәңгі есте сақтау.

1971 жылы 12 наурызда конкурс бойынша кешеннің жобасы қаралған. Қазылар алқасы «Найза және жалау» атты жобаны ең үздік деп тапқан (архитектор Р.В. Сейдалинов, Ж.К. Баймолдаев, А.Ж. Абилов, мүсінші Х.И. Наурызбаев).

Кешеннің құрылысы 1979 жылы қолға алынды. Оған қаланың көптеген құрылыс мекемелері қатысқан.

Салтанатты жиналыс 1980 жылдың 9 мамырында болды. Мамаев қорғанынан әкелінген «Мәңгі алау» Кеңес Одағының Батыры И.И. Коняхиннің және Орал қаласын қорғауға қатысқан А. Ипмагамбетовтың қатысуларымен жағылды.

Даңқ Монуменгі.

Орал қалалық депутаттар кеңесі атқару комитетінің 1969 жылғы 30 қаңтардағы №57 шешімімен Орал қаласында С. Сейфуллин алаңында Даңқ Монуменгі тұрғызылды. 1983 жылы Даңқ Монуменгі алаңының қайта жаңаруына байланысты Шаған өзенінің жағалауына ауыстырылды. Авторлары: А.Б. Баженов, А.С. Трояновский.

Абай Құнанбайұлының ескерткіші.

27 тамызда 2002 жылы Орал қаласының орталық көшесіне Абай Құнанбаевтың ескерткіші орнатылды. Классикалық стильде дайындалып, граниттен жасалған. Авторы – мүсінші, ҚР Суретшілер одағының мүшесі – Нұрлан Далбай (Алматы қаласы).

Абай Құнанбаевтың өмірі мен шығармашылығы – XIX ғасырдағы қазақ әдебиетіндегі бірден-бір басты тақырып.

Ж. Молдағалиевтің ескерткіш-мүсіні.

Фрунзе көшесіндегі скверге жерлес ақынымыз Ж. Молдағалиевқа 80 жылдығына арналып ескерткіш-бюст орнатылды. Алаң оңтүстіктен батысқа қарай қаланың басты көшесі – Достық даңғылымен қиылысады.

Жұбан Молдағалиев 1920 жылдың 5 қазанында Тайпак ауданының Жыланды мекенінде дүниеге келген.

Орал өңірі өзінің жерлес ақынын мақтан тұтады. Орал өңірінде Ж. Молдағалиевтың шығармашылығы өңірдің еңбеккерлерімен, өлкенің табиғатымен тығыз байланысты.

Ж. Молдағалиев 1988 жылдың 6 қазанында дүниеден озды. Жұбанның өлеңдері және поэмалары көпұлтты поэзияның қазынасына кірді, оқырмандардың ең бай ортасының жетістіктеріне айналды.

Ж. Молдағалиевтың туған жері мен Орал қаласына ескерткіш орнатылды, оның атымен №2 мектеп аталады.

Ғ. Тоқайдың ескерткіш-мүсіні.

Ғабдолла Тоқай ата-анасынан ерте айырылып, Ғазиза апасының тәрбиесіне алынды. Оралда балалық және жасөспірім жылдарын өткізді, медресе бітірді, баспаханада жұмыс жасады, 1905-1907 жылдардағы төңкеріске белсенді түрде қатысты. 1905 жылдан бастап шығармалары жарыққа шыға бастайды. Ол өзінің өлеңдерінде орыс және татар халықтарын бірігуге, азаттық үшін күреске шақырды, сол үшін 1907 жылы жұмыстан босатылды. Осы оқиғадан кейін ол Қазанға қоныс аударады. 1913 жылы 27 жасында Қазанда қайтыс болды.

Орал қаласындағы баспахана татар әдебиетінің негізін қалаушы және классигі Ғабдолла Тоқайдың атымен аталады.

2001 жылы Пролетар көшесінде А. Гайдар атындағы балалар мен жасөспірімдер кітапханасының скверінде Ғ. Тоқайға ескерткіш орнатылды.

В.И. Чапаевтың ескерткіші.

В.И. Чапаев – азамат соғысының аты аңызға айналған батыры, есімі біздің өлкеміздің тарихымен тікелей байланысты. 1918 жылы мамыр айында В.И. Чапаев бригада жасақтап, ал күзде Шығыс майданында дивизия басқарған. В.И. Чапаевтың ескерткіші 1984 жылы 25 тамызда вокзал жанындағы алаңға орнатылды.

Г.К. Жуковтың ескерткіш-мүсіні.

Георгий Константинович Жуков – ұлы қолбасшы, бұрынғы Кеңес Одағының маршалы, Кеңес Одағының Батыры атағын 4 рет алған. Орал қаласындағы бір көше оның атымен аталады.

Ескерткіш-мүсін әскери бөлімнің кірер жерінде 1992 жылы орнатылған. Ескерткіш қоладан дайындалған, тұғыры бетоннан; гранитпен қапталған.

А.С. Пушкин ескерткіші.

А.С. Пушкин ескерткіші 1993 жылы Пугачев алаңында тұрғызылған. Ескерткіш Орал қаласының 160 жылдығына орай орнатылған.

Ескерткіш қоладан жасалған; тұғыры бетоннан, құм таспен қапталған. Тұғырдың биіктігі – 2,5 м. Мүсіннің биіктігі – 2 м.

Т. Масиннің ескерткіш-мүсіні.

1950 жылы Кеңес Одағының Батыры Т. Масиннің зиратының басына мүсін орнатылды.

Темір Жантекұлы Масин 1907 жылы қазіргі Батыс Қазақстан облысы Орда селосында қазақ жанұясында өмірге келді. Ол партаға бірінші рет 14 жасында отырған. 1928 жылы педагогикалық училищені бітірген. Мұғалім, мектеп директоры, аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі, МТС-тің саясат бөлімінің және кеңшар бастығының орынбасары қызметтерін атқарған.

1923 жылы Т. Масин комсомол қатарына кіріп, 1930 жылы Коммунистік партияның мүшесі болған. 1941 жылдың шілдесінде әскер қатарына қатардағы жауынгер болып келіп, көп ұзамай офицер, взвод командирі, 922-атқыштар полкі ротасының және 250-атқыштар дивизиясының командирі болған.

1945 жылы 24 наурызда Т. Масинге жауынгерлік ерлігі үшін Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

Соғыстан кейін гвардия майоры Т. Масин Орал өңіріне қайтып оралады. Оны Тайпақ аудандық партия комитетінің хатшысы етіп сайлайды.

1947 жылдың жазында даладан өрт шығып, халық мүлкінің жойылуына үлкен қатер төнген-ді. Барлық күш отты апатпен күреске жұмылдырылды. Аудандық партия комитетінің хатшысы отпен күреске кірісіп кетті. Халық өршіген өртті сөндірді, бірақ Т. Масин қатты күйіктен өмірден озды. Т. Масинді Орал қаласына жерлейді.

Ескерткіш авторы – Х.З. Шамсутдинов.

«Еуропа-Азия» монументі.

Орал өзені Еуропа және Азия арасын бөліп тұрған шекара болып есептеледі. Бұрынғы кеңестік халық депутаттары қалалық кеңесі мәжілісінде 1981 жылы Орал өзені арқылы өтетін көпірге «Еуропа-Азия шекарасы» монументін қондыру жөнінде шешім қабылданады.

«Еуропа-Азия шекарасы» монументі 1984 жылы тұрғызылады. Ол әуежай жағынан қалаға кіреберіс жерде орналасқан.

Монумент жобасының авторы – А. Голубев.

Қайталау сұрақтары:

1. Батыс Қазақстан облысының туризміне тарихи алғышарттар қалай әсер етеді?
2. Батыс Қазақстан облысының физикалық-табиғи жағдайы қандай?
3. Батыс Қазақстан облысының тарихи және мәдениет нысандарын атаңыз.

3.4. Маңғыстау облысы

Әкімшілік орталығы – Ақтау қаласы.

Жер аумағы – 165,6 мың км².

Халқы – 524 175 адам (2011).

Әкімшілік-территориялық бөлінуі. Маңғыстау облысы – Қазақстанның 14 әкімшілік облыстарының бірі. Облыс елдің оңтүстік-батысында орналасқан, Каспий теңізінің жағалау белдігімен шекарасы 873,42 км-ден астам қашықтықты алып жатыр. Маңғыстау облысы оңтүстігінде Түрікменстанмен шекараласады. Солтүстігінде Атырау мен Ақтөбе облыстары көршілес. Маңғыстау облысының шығысында далалар мен шөлейттер арқылы Өзбекстанмен шекаралас бос керілген жазық жер өтеді.

Қазіргі таңда облыс құрамына облыстық маңызы бар үш қала орналасқан: Ақтау, Жаңаөзен, Форт-Шевченко.

Географиялық орналасуы. 65 600 км² аудан аумағында 3 түрлі ландшафт кездеседі: Каспий теңізінің жағалау белдігі, дала мен шөлейт жерлер. Географиялық жер бедері бойынша Ақтау қаласының оңтүстігінде теңіз деңгейінен 132 м төменде Қаракия ойпаты, солтүстігінде Қаратау таулары (556 м), шығысында Үстірт қыраты (340 м) орналасқан. Маңғыстаудың климаты – жауын-шашын аз, күрт континентальды. Жылдық жауын-шашын мөлшері 100 мм-ден аспайды. Жазда шығыстан және солтүстік-батыстан, оңтүстік-шығыстан жел жиі соғып тұрады. Мамыр-қыркүйек айларында ауаның ең жоғарғы температурасы +20°-40°С. Ыстық ауа мен салқын су температурасы айырмашылығынан жаз айларында кешкілік және танертеңгілік уақыттарда тұман түседі. Сәуірдің ортасынан қазанның ортасына дейінгі аралықтағы климат жағдайы демалыс турларына ең қолайлы кезеңге жатады. Каспий теңізіне шомылу мезгілі мамыр айында басталып, қыркүйек айында аяқталады.

Кейде Маңғыстау облысының оңтүстік бөлігінде мамыр, сәуір және қазан айларында теңізде шомылу мерзімі мамыр айында басталып, қыркүйек айында аяқталады. Маңғыстау облысының оңтүстік бөлігінде мамыр, сәуір және қазан айларында да теңізге шомылуға болады. Сонымен қатар Маңғыстау облысының орталық және солтүстік бөлігіндегі салқын ағыстар суға шомылу мезгілін жаз айларында бірнеше күндерге дейін кешіктіруі мүмкін.

Маңғыстаудың ауқымды бөлігі ұлттық парк пен қорық деңгейінде қорғауға алынуға лайық. Мынадай төрт аймақ халықаралық деңгейде қорғауға алынуы аса қажет: Түпқараған түбегі, Тамшалы, Меретсай, Қапамсай мен Шақпақ ата сай-шатқалдары геологиялық-морфологиялық жағынан тартымды. Үлкен геологиялық көшкін әртүрлі ландшафтты (табиғатта «карьер») – геологиялық-морфологиялық, сонымен қатар тарихи кезеңге дейінгі табылған жануарлардың іздерінен палеонтологиялық жағынан маңызды. Теңіздің бірегей жануарларын байқау үшін 1,5 млрд. АҚШ доллары жұмсалады.

Каспий теңізі ерекше аймаққа жатады. Плиоцендік дәуірдің соңына қарай дүниежүзілік мұхиттан бөлінгеннен кейінгі теңіздің физикалық және биохимиялық қасиеттері айрықша болып қалыптасқан. Қазіргі кезеңде Каспий теңізі Еуропа және Азия шекараларында дүниежүзілік мұхиттың деңгейінен 27 м төмен су деңгейінде тұр. Каспий теңізінің ең терең нүктесі – 1025 м, орташа тереңдігі – 184 м. Каспий теңізі 47°13' (Мюнхен сияқты) және 36°35' солтүстік ендік (Афина секілді), 46°39' және 54°44' шығыс бойлықта орналасқан. Каспий теңізінің солтүстіктен оңтүстікке дейінгі қашықтығы – 1 200 км. Батыс жағажайдан шығысқа қарайғы орташа ені 330 км. Каспий теңізі айдыны – 436 000 км. Каспий теңізінің солтүстігінде континентальды климат, ал оңтүстік жағажайда субтропикалық климат басымырақ. Қыс кезеңінде солтүстікте су температурасы шамамен 0°С болады және теңіз әдетте қатады. Дәл осы кезеңде оңтүстік жағында су температурасы 11°С болады. Бірақ жазда Каспий теңізінің суы жылы болып келеді, солтүстікте шамамен 25°С, оңтүстікте шамамен 28°С. Каспий теңізінің тұздылығы және судың рН факторы мұхит пен Қара теңізге қарағанда ерекше. Каспий теңізінің суында натрий және хлор иондары аз, бірақ кальций және сульфаттың иондары

көбірек келеді. Бұл Каспий теңізінің суын тұщы суға ұқсас етеді. Мұхиттармен салыстырғанда, Каспийде теңіз деңгейінің нақты тасуының өзгерістері жоқ. Әйткенмен су деңгейінің тербелуі, басқа жабық ішкі су қоймаларындағыдай Каспий теңізіне де қатысты. Бұл теңіз деңгейінің өзгеруі негізінде климаттық факторлармен және адамзат баласының экономикалық белсенділігіне байланысты. Жүргізілген зерттеулер бойынша 1830 жылдан 1929 жылға дейінгі аралықта теңіз деңгейі бірқалыпты болған. 1930 жылдан 1940 жылға дейінгі аралықта теңіз деңгейі төмендеген. 1978-1995 жылдар аралығында теңіз деңгейі +2,5 м-ге көтеріліп, бірақ бірте-бірте қайта төмендей бастаған. Соңғы зерттеулерге сәйкес 2040 жылға дейін теңіз деңгейінің ықтималдық өзгерістері +/-2,5 м-ді құрайды. 2040 жылға дейінгі теңіз деңгейі жобасын Голландия зерттеушілері жасап шықты.

Халқы. 2011 жылдың басында облыста 524, 2 мың адам тұрды, оның ішінде қала халқы – 275,8 мың немесе 52,8%, ауыл халқы – 248,3 мың адам (47,4%). 2007 жылдың басымен салыстырғанда халық саны 133,7 мың адамға немесе 34,2%-ға өсті.

Егемендік алған 15 жыл ауқымында елге оралған қандастарымыздың есебінен аймақтағы адам саны, оның ішінде қазақтардың үлес салмағы соңғы жылдары едәуір өсті. Есеп-санақ басқармасының (2007) мәліметі бойынша облыс көлеміндегі адам саны 390,0 мыңға жетті. Түбектегі барлық халықтың 1/3-не жуығы ауылшаруашылық саласында еңбек етеді. Олар, негізінен, осы жердің байырғы тұрғындары.

Бұл республика халқының 2,5%-ға жуығы. Халықтың басым бөлігін қазақтар құрайды (84,1%): қалғандары орыстар (10,5%), әзірбайжандар (1,1%), украиндар (0,9%), лезгиндер (0,6%), татарлар (0,6%), армяндар (0,3%), чешендер (0,2%), корейлер (0,2%), беларусьтер (0,1%), немістер (0,1%) және басқа ұлттар (1,3%). Облыс тұрғындарының 68%-ы (270,7 мың адам) қалада, 32%-ы (119,4 мың адам) ауылда тұрады. Халқының орташа тығыздығы 1 км²-ге 2,3 адамнан келеді. Халық, негізінен, теміржол бойы және облыстың батысындағы Ақтау, Қаратау таулары етегінде қоныстанған. Кейінгі жылдары мұнай кен орындарының игерілуіне байланысты халық осы кен орындарына шоғырлана бастады. Қалалары – Ақтау, Жаңаөзен, Форт-Шевченко.

Көлік қатынастары. Республикалық және жергілікті маңызы бар **автокөлік жолдарын дамытуға** 2010 жылы 6,4 млрд. тенге көлемінде қаражат бөлінді, бұл 2009 жылмен салыстырғанда 2 еседей артық.

«Форт-Шевченко – Таушық» және «Қызылсай – Шопан ата – Оғыланды» көлік жолдарының құрылысы, «Ақтау – Қаламқас», «Таушық – Шетпе» және «Ақтау – Құрық» автожолдарын жөндеу жұмыстары жалғасуда.

«Ақтау – Құйылыс» автомобиль жолы күрделі жөндеуден өтті.

Барлық аудандар мен қалаларда кентішілік және шағынаудан ішіндегі жолдарды жөндеу жүргізіліп келеді. Ақтау қаласы жолдарын орташа жөндеу жұмыстарын аяқтауға кен игеруші компаниялар есебінен 2009-2010 жылдары 1,5 млрд. тенге бағытталды.

«Жыңғылды – Шайыр», «Қияқты – Тұщықұдық» автожолдарының құрылысы мен «Ақтау – Форт-Шевченко» көлік жолын күрделі жөндеудің жобалық-сметалық құжаттарын дайындау жұмыстары жүруде.

Жобаланған жұмыстар 2010 жылы республикалық бюджеттің мақсатты трансферттері есебінен жүргізілді. Жолдардың даму қарқыны жыл сайын өсе бермек. Ең алдымен, бұл облыс аумағында битум зауытының салынуымен байланысты.

Инфрақұрылымды дамыту аясында да бірқатар жобалар жүзеге асырылды.

Концессия негізінде жүргізіліп жатқан Ақтау халықаралық әуежайы жолаушылар терминалы пайдалануға берілді. Әуежайдың ұшу-қону алаңы қайтадан төселді.

«Бейнеу – Шетпе – Жетібай – Ақтау», «Атырау – Ақтау» автожолын қайта салу мақсатында ҚР көлік және коммуникация министрлігімен Еуразия қайта құру және даму банкінің займын тарту жөнінде келіссөздер жүргізілді.

2010 жылы концессия негізінде басталған жобалар тізіміне облыс орталығындағы теміржол және автомобиль вокзалдарының құрылысы енгізілді.

«Солтүстік-Оңтүстік» транзиттік дәлізінің маңызды бөліктерінің бірі саналатын «Өзен-Түрікменстанмен мемлекеттік шекара» теміржол желісінің құрылысы бойынша жобалық-сметалық

құжаттамалар дайындалып, республикалық бюджеттен 1 млрд. теңге бөлінген.

«Ералиев – Құрық» теміржол бөлігі 2011 жылы іске қосылды.

«Қазақстан Теміржолы» Ұлттық компаниясы 2010 жылы өз қаражатына «Жезқазған – Бейнеу» теміржолы «Жезқазған – Сексеуіл» бөлігінің құрылысын бастады. Жолдың екінші бөлігі болып табылатын «Бейнеу – Шалқар» арасы концессиялық негізде салынбақ. Қазақстанның мемлекеттік-жекеменшік әріптестік орталығы жобаны концессия тізіміне енгізіп, құрылыс 2010 жылы басталды.

Көлік және коммуникация министрлігі «Маңғышлақ – Баутин» теміржол бөлігінің құрылысы жөнінде «ҚазМұнайГаз» және «Ад-жип» компанияларымен келіссөздер жүргізді.

Ақтау теңіз портын солтүстік бағытта кеңейту жобасы аясында алғашқы нысандар – порт пен жағалауды толқыннан қорғайтын құрылғылар құрылысы аяқталып қалды. Теңіз табанын тереңдету жұмыстары басталды, мұнан соң төрт мұнай құятын айлақтардың құрылысы жүргізіледі. Бұл 2012 жылдан порттың өткізу қуаттылығын екі есе арттырып, жылына 20 млн. тонна мұнайға дейін жеткізуге мүмкіндік береді.

Бейнеу ауданының Бейнеу кентінде көліктік-логистикалық орталық пен Тәжен селосында еркін шекара маңы сауда аймағын құрудың техникалық-экономикалық негіздемелері дайындалды. Жобалар «Бейнеу – Шалқар» теміржол бөлігі құрылысының мәселесі толық шешілгеннен кейін жүзеге асырылмақ.

Осы жобалар аясында Тәжен селосын барлық қажетті инженерлік инфрақұрылыммен қамтамасыз ету мәселесі де толыққанды шешімін таппақ.

Туризмнің даму нысандары. Мұнда жерасты мешіттері орналасқан: Бекет ата, Шопан ата, Шақпақ ата, Сұлтан ата, 8 некрополь, олардың ішінде Қарағашты әулие бар. Бекет ата жерасты мешіті өзінің маңыздылығы бойынша Қожа Ахмет Яссауи кесенесімен теңестірілген. Бұл жерасты мешіті. Мешітке жету үшін алғашқы 150 км асфальтталған жолмен өтіп, әрі қарай дала жолымен өтеді. Бекет ата мешітіне барар жолда Шопан ата мешіті орналасқан. Бірнеше ғасырлар бойы кешен қажылық ету орталығы болған. Жерасты мешітке жеткен соң Бекет ата киелі жерге өтіп,

құрбандық шалынады. Бұл жерде түнеп, келесі күні жартастар арасымен өтіп, мешіттің өзіне келу. Бұл мешітте Бекет ата өзінің шәкірттерімен қажылық еткен.

XVIII ғасырдың екінші жартысында Бекет Мырзағұлұлы өмір сүрген. Атырау облысының Құлсары қаласының жанында туып, 14 жаста ақылгөй дана Шопан Атаға бас июге келген болатын. Үшінші түнде Шопан ата оқуға бұйрық береді. Оқушы алыс Хиуаға барып, медреседе оқыды. 40 жасқа жеткенде ол ұстаз болып, балаларды оқытқан. Бекет ата бірнеше қасиетті жер жолдарын қиып, қайтадан Маңғыстауға қайтып келеді. Ол адамдар емдеп, оларға деген өмірлік күштерді сыйлайды. Сұрақтар туғанда ол даналығымен екі жақты бір келісімге келтірген. Бекет Ата өзінің айтылымдарында шындықпен жол ашатын болған. Халықтың жанында ақылгөй және қалмақтармен соғысқанда қолбасшы ретінде сақталған болатын.

Ол 4 мешіт салған: Құлсарыда – Ақмешіт, Бейнеу ауылынан 20 километр жерде екіншісі, үшіншісі – Үстірттегі Байшатыр, төртіншісі – жерасты мешіті Оғланды. Бөлмелері – жетеу. Ондағы акустика киелі. Бекет Ата осы мешіттің жанында жерленген. Бекет ата ескерткіші діни, тарихи және сәулет өнері туындысына жатады.

Бекет атаға жол Шопан ата арқылы өтеді. Бекет ата өзінің соңғы күндеріне дейін Ұстазына, Шопан атаға мұсылмандар келгенде ерекше қуанатын. Бүгінгі күнге дейін Шопан атаға, Бекет атаға соғу дәстүрлі бағыт болып кеткен.

Тарихи ескерткіштерде жерасты құрылысы ерекше орын алады. IX-X ғасырлардағы Шақпақ-ата мешіті ең ежелгісі. Көлемі жағынан алтықанатты киіз үйден сәл кішігірім. Қабырғалары кішкене қабыржықтан тұрып, төбені ұстайтын бағаналар орнаменттермен оюланған. Тасты мешітте Шақпақ Ата ұстазды өз шәкірттері жау шапқыншылықтарынан қорғады. Өмірінің соңғы жылдары ол жерасты тұрғынына айналды.

Шерқала қамал-қаласы VIII-IX ғасырлардан арабтарға белгілі болған. Ерекшелігі тау ішіне салынған қала. Тарихта қала Арыстан атымен белгілі.

Шақпақ ата жерасты мешіті алтықанатты киіз үйден сәл үлкендеу; тау ішіндегі жерасты мешітіне жатады. Бұл тас мешітте

сопы Шақпақ ата өзінің шәкірттерімен жау шапқыншылықтары кезінде тығылатын еді.

VIII-IX ғасырларда араб шапқыншылығы кезінде шында жасалған бекініс-қала ретінде белгілі болған. Адам қолымен жасалған тау қамалы арыстанды еске түсіретін, сондықтан оны «Арыстан қала» деп атап кеткен.

Шерғала (Шерқала) – Шетпе қаласынан алыс емес, Ақтау қаласынан 170 шақырым жерде ерекше формадағы жалғыз тұрған тау. Бір жағынан қарайтын болсақ тау ақ кигіз үйді білдіреді, ал екінші жағынан Шерғала басын табанына салып, ұйықтап жатқан арыстанның бейнесін береді. Сондықтан тау Шерғала аталған, ол түркі тілінде «Тау-арыстан» немесе «Арыстанды тау» деген мағынаны береді.

Арыстанды тауы аңыздардағы бүркітпен табылды. Оның әйгілі шындары үлкен шатырды, киіз үйдің төбесін еске түсіреді. Оған көтерілу үшін арнайы құрал қажет. Шерқаланы айналу үшін бір сағаттай уақыт керек. Ал егер көптеген тау үңгірлерін аралап, ежелгі қоныстар орындарын аралап, өркениеттер дәлелі болатын бас сүйектерді іздегіңіз келсе онда бір сағат та аз болады. Халықтың ырымы бойынша, егер Шерқаланы айналар алдында арманды жоспарласаң, ол міндетті түрде орындалады. Бірақ ең бастысы әрбір қиылыстан кейінгі көрініс әртүрлі болып, жаңа жерге түскен сияқты керемет көріністі әсер береді.

Осындай бір үңгірлердің ішінде құдық болған. Жергілікті тұрғындар оның таза суын ішіп, таудың басында орналасқан жаулардан қорғанған. Қазір құдық жабылып қалған. Біз оның тек қалдықтарын ғана көре аламыз.

Шерқала айналасындағы ұсақ тау жыныстарының үлкендігі әртүрлі болып келеді. Көбі жел әсерінен өзгеріп кеткен. Кейбір тастар бұзылып қалған. Ішінде кішкене қабыршақтың және балықтардың іздері кездеседі. Тау бөктеріндегі дала гүлденіп, шөп өседі. Шерқаладан алыс емес жерде көк оазис бар. Ақмыш – кішкене өзен және бұлақ. Бұл жерде көпғасырлық ағаштардың көлеңкесінде құстардың шикылдағаны аясында Маңғышлық қалашығы туралы аңыз тыңдау ерекше әсер береді. Ол Бұхарамен және солтүстік жерлермен жүз жылдай уақытта сауда жүрген керуен жолында құрылған. Қала жүз жылдық уақытты қамтиды.

Қамал қабырғасымен мыңжылдықтағы бас сүйектерді іздеп, ал егер жолыңыз сәтті болса, кішкене моншақтарды тауып, кірпіштерді және ыдыстарды жандыратын үлкен пештерді зерттеп, қоршаған айналаны көруге болады. Осы жерден біз Батыс Қаратау кара-көк таулардың қырларын көре аламыз.

Оғланды шатқалы осыдан 800 жыл бұрын Қожа Ахмет Яссауи шәкірті Шопан ата ұстаздың таяғын тауып, таяқпен жерден мешіт қазып шыққан. Мешіт – жерасты. Кіре берісінде Ахмет Иссауи таяғынан өсіп шыққан ағаш бүгінгі күнге дейін бізді қуантуда.

Шақпақ ата мешіті.

Шақпақ ата мешіті Түбқараған түбекте Форт-Шевченко қаласының солтүстік шығысында орналасқан. Берілген ескерткіш Батыс Қазақстандағы ең ежелгі ескерткіштер қатарына жатады. Мешіт формасы және архитектурасы жағынан IX-X ғасырларда салынғанын көрсетеді.

Мешіт әлем бөліктеріне бағытталған, формасы крест тәрізді, төрт колонна орналасқан. Күмбез киіз үй тәріздес болып келеді. Ішкі қабырғаларында және жерасты бөлігінде жазбалар, аңдар мен белгілер қашалған.


Ақмыш шатқалы Ақтау қаласынан 170 шақырым жерде орналасқан. Шатқалдың тарихы мен табиғаты бай. Аты аңызға айналған Шерқала жартасы маңында Шыңғыс ханның ұлы Жошының бекінісі орналасқан деген болжам бар. Мұнда сонымен қатар Шығыс пен Батысты байланыстырған Маңғышлақ қаласының қалдықтары орналасқан.

Шопан ата мешіті Сенек ауылы маңында (Ақтау қаласынан 200 шақырым жерде орналасқан). Қожа Ахмет Яссауи шәкірті Шопан атаның қолдауымен салынған. Аңыз бойынша Шопан ата ұстазының асатаяғын тауып алып, асатаяқ табылған орнында мешіттің іргетасын қалаған. Мешіт жерасты он бір бөлмеден тұрады. Аңызға сәйкес, жерге тығылған асатаяқ орнында жасы 800-ге жеткен ағаш өсіп шыққан.

Қайталау сұрақтары:

1. Маңғыстау облысының көлік инфрақұрылымы туризмге қалай әсер етеді? Қандай деңгейде дамыған?
2. Маңғыстау облысының тарихи ескерткіштерінің ерекшелігі қандай?

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН АЙМАҒЫНЫҢ ТУРИЗМ ГЕОГРАФИЯСЫ



4.1. Алматы облысы

Әкімшілік орталығы – Талдықорған қаласы.

Жер аумағы – 223,9 мың км².

Халқы – 1 873 374 адам.

Әкімшілік-территориялық бөлінуі. Алматы облысы Қазақстанның оңтүстік-шығысында орналасқан. Облыс 1932 жылдың 10 наурызында құрылды. 1992 жылға дейін облыс орталығы Алма-Ата деп аталып келді. Облыс құрамына 16 аудан, облыстық маңызы бар 3 қала – Қапшағай, Талдықорған, Текелі кіреді.

Географиялық орналасуы. Алматы облысы Қазақстанның келесі облыстарымен шектеседі: батысында Жамбыл облысы, солтүстік-батысында Қарағанды облысымен (су шекарасы Балқаш көлі арқылы өтеді), солтүстік-шығысында Шығыс Қазақстан облысымен шектеседі.

Облыс құрамына 1997 жылы Талдықорған облысы енді. Шығысында Қытай Халық Республикасымен, оңтүстігінде Қырғыз Республикасымен (Шу және Ыстықкөл облыстары) шектеседі.

Облыстың географиялық сипаты күрделі және жер бедері әркелкі.

Облыс оңтүстігінде Солтүстік Тянь-Шань тау жотасы, солтүстік-батысында Балқаш, солтүстік-шығысында Іле өзені аралықтарында орналасқан.

Облыстың солтүстік бөлігіне шұғыл континентальды климат тән. Қаңтар айының орташа температурасы – 9°C, – 10°C, шілде айының орташа температурасы +24°C. Жауын-шашын мөлшері шамамен жылына 110 мм. Тау баурайында климат жұмсақтау. Жауын-шашын 500-600 мм. Тау ішінде вертикальды бедеулік тән, жауын-шашын мөлшері жылына 700-1000 мм құрайды.

Солтүстігі және солтүстік-батысы жер бетіндегі сулар сирек, жалғыз ағып өтетін Іле өзені Балқаш көліне құяды. Облыстың оңтүстігінде өзен жүйесі күрделі болып келеді, бұл территорияда Құрты, Қаскелең, Талғар, Есік, Түрген, Шелек, Шарын, т.б. өзендер ағып өтеді. Тауда шағын көлдер мен минералды су көздері жиі кездеседі.

Балқаш – әлемдегі уникалды көл. Шығыс бөлігі тұзды, ал батыс бөлігі тұщы болып келеді, көлдің батыс бөлігіне Іле өзені құяды.

Облыстың топырақ-өсімдік жамылғысы да күрделі. Жазық территориялары шөл мен шөлейтті болып келеді. Таулы өлкеде шөлейттер құрғақ жусанды далаға өтеді. 800-1700 метр биіктікке далалар жапырақты ормандарға ауысады. 1500-1700 метр биіктікте шыршалы ормандар өседі. 2800 метр биіктіктен бастап альпілік далалар басым.

Халқы. Алматы облысы халқының ұлттық құрамы оның тарихымен тікелей байланысты. Дешті Қыпшақ даласының түркі тайпалары 1219 жылғы монғолдардың территорияға енуінен кейін жаулап алушылармен араласып, Алтын Орда құлауынан кейін (1391 жылы) қазақ этносының бастауына себеп болды. Қазақстан Ресей империясына қосылғаннан кейін аймақта қоныс аударушылар көп келе бастаған. Кеңес өкіметі орнағаннан және құлағаннан кейін де ұлттың құрамы күрт өзгерген.

2009 жылғы Халық санағы барысында Алматы облысы (Алматы қаласын қоспағанда) көп ұлтты болып қала берді, дегенмен, қазақ халқы басым (68,2%) болып, ал орыс халқының үлесі 22,8%-ға қысқарды. Ұйғыр халқының көрсеткіші жалпы халық санының

6,2%-ын құрады. Басқа да Азия халықтарының өкілдері (корейлер, тәжіктер, курдтар, түріктер, т.б.) жалпы халық санының 3,8%-ын құрады.

Көлік қатынасы. Алматы облысының көлік жүйесі күрделі. Алматы облысы арқылы өтетін теміржол магистралі 1434,7 шақырымды құрайды. 17 автостанса және 2 автовокзал қызмет көрсетеді (Талдықорған және Қапшағай қалалары). Облыста екі әуежай орналасқан (Алматы қаласын қоспағанда). Талдықорған қаласында «Жетісу Әуежолы» АҚ және Іле ауданының Боролдай ауылында «Альтаир Эйр» ЖШС әуе қызметтерін көрсетеді.

Туризмнің даму нысандары.

Алтын Емел мемлекеттік ұлттық саябағы. Алтын Емел мемлекеттік ұлттық саябағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 10 сәуір 1996 жылдағы №416 Қаулысы негізінде құрылған (сурет – 1).

Мақсаты: Іле даласының экожүйесін сақтау. Палеонтологиялық ескерткіштерді қорғау, дұрыс рекреация.

Саябақ Алматы қаласынан шамамен 150 шақырымдай Жоңғар Алатауы тауларының оңтүстігінде орналасқан. Бұл саябақ Қазақстандағы территория ауданы бойынша ең ірі саябақ. Буферлі аймақты қоса алғанда жер аумағы – 512,6 га.

«Алтын Емел» атауы алтын ертоқым деген мағынаны береді. Бұл аймаққа «Алтын Емел» атауы Шыңғыс хан заманында берілген деген аңыз бар. Алтын Емел мен Қоянды тау арасындағы мойнақ күзде сарғайған жапырақтар жамылып, алтындай болып көрінеді. Атауы да осыдан пайда болған.

«Алтын Емел» ұлттық саябағының шекаралары: Алматы облысының Панфилов және Кербұлақ аудандары. Батыс шекарасы Шолақ, Матай және Дегерес таулары арқылы өтеді, ал шығыс шекарасы Қатутау тауының шығысы мен Іле өзеніне дейін созылған. Солтүстік шекарасы Алтын Емел тау жотасы, ал оңтүстік жағы Іле өзені арқылы өтеді.

Орташа рельефке Шолақ, Матай таулары мен Алтын Емел тау жотасы 1500-2000 метр биіктікте кіреді. Аласа таулар типіне Қысты Қалқан, Қатутау және Ақтау таулары жатқызылады. Жоталар класына ұсақ шоқылы рельеф кіреді. Мұнда таулар орташа тілемденген. Рельефтің эолды типіне құмды массивтер кіреді. Олар,

негізінен, Іле өзенінің жағалаулық террасаларында орналасқан. Бұл рельеф типі тізбектелген бархандар мен бархан торлары арқылы анықталған. Әсіресе Ақкүл Қалқан («Әнші құмдар») құм массивтері ерекше қызығушылықты тудырады. Бұл құм массивтері Қысты және Үлкен Қалқан таулары арасында субмеридианды 4 шақырымға созылған. Массив ені екі шақырымға дейін созылады. Рельефтің бөлек формаларына тұрақты су шығарылымдар далалары жатады.

Территория Оңтүстік Жоңғар блок шектеріне кіреді. Ең ежелгі жыныстары силур болып табылады. Олар Шолақ тауының шығысы мен Өрікті тауының оңтүстік шығысы бойында жіңішке сызық болып созылған. Карбон жыныстары вулканидтерімен анықталған. Пермь және тас көмір жыныстары Шолақ тауының негізгі бөлігін, Матай тауының солтүстік беткейлерін, Қысты Қалқан тауының батыс жағын және Үлкен Қалқан мен Қату тауларының шығыс жақтарын құраған. Іле ойысының территориясы жоғарғы триас жыныстарымен, жоғарғы мел жыныстарымен құралған. Олигоцен жыныстары Қысты Қалқан мен Үлкен Қалқан тауларының кейбір бөліктерінде жер бетіне шыққан. Олар кеңістікте жоғарғы мел шөгінділерімен байланысып, аллювиалды кешендерімен анықталған. Плейстоценовон кезеңіндегі жыныстар аралас.

Климаты шұғыл континентальды. Қысқы уақытта антициклонды режим байқалады. Қаңтар айының орташа температурасы -10°C. Жазы ыстық, +20°C. Жауын-шашын мөлшері жылына шамамен 200 мм. Бұл ауаның құрғақ массаларының Іле шұңғымасынан аймаққа еркін енуімен, сонымен қатар солтүстікте және батыс аймақтарында бөгеттердің бар болуымен байланысты. Ең көп жауын-шашын түсетін мезгіл маусым айы. Қар жамылғысының ұзақтығы шамамен 50 күн. Жел, негізінен, солтүстік-батыс бағытта. Желдің ең үлкен жылдамдығы – 4,8 м/сек, солтүстік-шығыс желдерінің ең минималды жылдамдығы – 1,6 м/сек.

Іле өзенінің саябақ аумағындағы қашықтығы 100 шақырым. Қапшағай су қоймасының айдын ауданы саябақ аумағында 113 км², сондай көптеген (30 астам) шағын су нысандары, олардың саябақ аумағындағы жалпы қашықтығы 180 шақырым. Ерте көктемде су тасқындары басталады. Ең ірі өзендері – Мөңшесай, Шолақ жиде, Тайғак, Қызыла ұс. Іле өзенінің орташа жылдық су

шығарылымы – 470 м³/сек. Бұл Қапшағай су қоймасына түскен уақыттағы жылдамдығы. Қардың еруі 60-80 күн шамасында, желтоқсан айының соңында басталып, наурыздың аяғына дейін созылады. Территориясында көптеген бұлақ көздері бар. Мыңбұлақ шатқалында 1000-ға дейін, Қос бастау шатқалында бұлақтарының суы сағатына 9000 литр болады. Бұлақтары жерасты сулары есебінен қоректенеді. Қосбастау даласында радон бұлақ көздері орналасқан. Суы сульфат натрийлі, минералдану деңгейі – 4,9-14,0 г/л.

Жерасты суларының қалыптасуына қажетті жағдай жағымсыз. Бұл атмосфера жауындарының мөлшері аз болуы мен рельеф ерекшеліктеріне байланысты. Бұлақтарының шығуы терең жыраларда байқалады.

Топырағы – шалғындық альпілік топыраққа сәйкес тік белдеуліктерде көп таралған. Абсолюттік биіктігі – 2700-3000 м. Биік таулы жерлердегі топырақты аймақтың абсолюттік биіктігі – 2400-3000 м; термоксероморфтық таулы жерлерде – 2400-3000 м. Ондай биіктіктерде топырақ жамылғысы – 1700-2400 м, тік белдеуліктер оңтүстік және батыстағы экспозициялардың баурайларында. Қара топырақты таулы аймақтың далалық таулы жоғарғы белдіктерінде жаппай көп таралған жарық – каштан, солтүстік экспозициялардың баурайларындағы биіктердегі таулы қараңғы – каштанды топырақ – 1700-2400 м. 1500-1700 м биіктерде солтүстік экспозициялардың баурайларында көп таралған топырақтар қатарына жатады.

Климаты шөлді, шұғыл континентальды, қысы құрғақ және суық, жазы ыстық. Жылдық жауын-шашынның орташа мөлшері шамамен 300-330 мм. Жауын-шашын, негізінен, сәуір және мамыр айларында түседі. Ең құрғақ ай – қыркүйек. Орташа жылдық температуралары +4-5°С. Қаңтар айының орташа температурасы – 8°С, ең төмен температура – 29,5°С. Шілде айының орташа температурасы +26°С, ең жоғарғы температура +45°С. Жыл ішіндегі желдер бағыты, негізінен, солтүстік-шығыс, оңтүстік-батыс және шығыс пен солтүстік бағытта соғады. Жалпы алғанда ұлттық саябақ территориясы қардың аз болуымен сипатталады. Кейбір қыс мезгілдерінде тау бөктеріндегі жазықтарында қар мүлдем жаумай, жабайы аңдарының қыстауына жағымды жағдай туады.

Саябақ шектерінде төрт вертикальды белдеу айқындалады: шөл, далалы шөлдер, таулы далалар, биік белдеулік далалар. Биік белдеулік далалар өсімдіктің 6 негізгі түрін құрайды: су, су маңы, тоғайлы, шөлді, далалы және орманды. Су және су маңы өсімдіктері қамысты, қамысты-шөптесінді түрлері құрайды. Жағалаулық құрғақ далаларында шөптесін аралас өсімдіктер кең таралған. Іле өзенінің жағалауындағы тоғайлы өсімдіктерді, негізінен, тораңғылар құрайды.

Алтын Емелде туризм дамып жатқанына қысқа уақыт өтті. Көптеген мемлекеттер туризмді дамыту арқылы үлкен пайда табады. Жабайы табиғат экзотикасының құны әрдайым жоғары болады. Мұнда туризмді дамытуға қазіргі заманғы инфрақұрылымның жоқ болуы және тәжірибенің аз болуы кедергі келтіруде. Жолдар сапасының төмен болуы және туристік нысандарының қаралмауы басты мәселе болып отыр. Соңғы бес жыл ішінде жағдай жақсы жаққа қарай өзгере бастады. Саябақта алты қонақ үй, бес аңшылар үйі салынды. Жолдар үнемі жөнделіп отырады. Алтын Емел саябағында арнайы грейдер бар. Әр туристік нысандарында күркелер, әжетханалар мен қоқымға арналған жәшіктер орнатылған.

Саябақ басқармасында арнайы туристік бөлім ашылды, ағылшын және неміс тілінде сөйлейтін гид-аудармашылар қызмет көрсетеді. Саябақ АҚШ, Германия, Австрия туристері арасында танымал бола бастады. 2008 жылы саябаққа шетелден 300-дей турист келген.

Рекреациялық және туристік мақсаттармен пайдалануға арналған территория – 40 000 гектар.

Қорықша режиміндегі аудан – 130 000 гектар.

Қорғалатын режиміндегі аудан – 95 000 гектар.

Шаруашылық мақсаттармен пайдалануға арналған территория – 195 000 гектар.

Материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз етілуі: жылжымайтын мүлікке инспекторлардың 35 тұрғын үйі, бір орталық бақылау нүктесі, Басшы елді мекеніндегі қонақ үйі, бір аурухана, бір кафе, бір монша, құрылыс аймағы және бір орталық жылу беру аймағы.

Көлік құралдарына 19 автокөлік, бір автокран, бір шынжыр танды трактор, екі дөңгелекті трактор, бір тіркемесі бар дөңгелекті трактор, 9 мотоцикл кіреді.

Алматы қаласы. 1936 жылы 12 қыркүйекте сол кездегі Алма-Ата қаласында 4 аудан құрылды: Пролетар (1957 жылдан – Октябрь), Ленин, Сталин (1957 жылдың 10 наурызынан – Кеңес) және Фрунзе. 1966 жылы Қазақ КСР Жоғарғы Президиумы Кеңесінің шешімімен Кеңес ауданының кеңейтілуі барысында Калинин ауданы, 1972 жылы Ленин және Калинин аудандарының есебінен Әуезов ауданы құрылды.

1980 жылы 17 қазан күні екі жаңа аудан құрылды: Алатау (Калинин және Әуезов аудандарын кеңейту салдары) және Мәскеу (Ленин, Октябрь, Фрунзе аудандарын кеңейту есебінен).

Қазіргі таңда Алматы қаласының территориясы мынадай аудандарға бөлінеді: Алмалы, Әуезов, Бостандық, Жетісу, Медеу, Түркісіб, Алатау.

Алматы қаласы еліміздің халықаралық, мәдени, ғылыми, спорттық, туристік орталығы. Тянь-Шань баурайында жатқан қала халқы – 1 200 000 адамды құрайды, 80-ге жуық ұлт тұрады. Ежелден бері адамдар қаланы Алматы деп атап кеткен. Қазіргі Алматы ежелгі атауына келеді. Қала тарихы 1854 жылдан Кіші Алматы өзені бойында әскери бекініс іргесі қаланғаннан басталады. Бұл бекініс Верный деп аталды. Құрылыстың жетекшісі майор М.Д. Перемышльский және инженер-поручик Л. Александровский болды. 1855 жылдың ортасына қарай алғашқы қоныс аударушылар келе бастаған. 1867 жылы 11 сәуірде Верный – Жетісу облысының орталығы болды. 1887 жылы 28 мамырда ірі жойқын жер сілкінісі болып, кейін А.П. Зенков басшылығымен метеорология және сейсмология стансалары құрылды. 1918 жылы Верныйда Кеңес өкіметі орнап, 1921 жылы Верный Алма-Ата атауына өзгерді. Бұл алманың отаны деген мағынаны береді. 1863 жылы генерал-губернатор Э.И. Тотлебен Верныйдың негізгі жоспарын бекітті. Жоспарда үш негізгі көше көрсетілді. Бұл көшелерден Верный қала болып өсіп шықты: Ұзынағаш саябағы кейін Бульварная көшесі деп аталып, 1899 жылдан Пушкин атын алды; Құлжа көшесінде 1915 жылы Пастер стансасы салынып, кейін көшеге Л. Пастер есімі берілді және Ташкент аллеясы орналасты. Алматы қаласының қысқаша тарихы осындай.

Қойлық қаласы, Талғар. XI-XIII ғасырлар. Антоновка қалашығы – ортағасырлық Қаялық (Қойлық) Іле жазығының ең ірі қала жұрты Қойлық (Антоновка) ауылының (Алматы облысы, Сарқант ауданы) шығыс шетінде, Талдықорған қаласының солтүстік-шығысындағы 190 км жерде, Ащыбұлақ өзені жағасында орналасқан. Қазақстанның ортағасырлық ескерткіштерінің көпшілігіне тән болып келетін қаланың үшбөлікті құрылымын төмендегіше сипаттауға болады: ені 11-13 м, биіктігі 2-2,5 м-де сақталған, таспалық құю тәсілімен саздан жасалған. Сыртқы қабырғалары мықты, пішіні төртбұрышты. Шахристан және рабадтың бір бөлігін қоршап тұрған. Жалпы ауданы – 90 га.

Қалашық X ғасыр – XIII ғасырдың басындағы деректерде Қарлұқ жабағуларының астанасы ретінде белгілі.

Қалашықты археологиялық тұрғыдан зерттеу 1964 жылы басталып, К.М. Байпаковтың басшылығымен қалашықтың жоспары түсірілді. Жұмыстар 1998 жылы Оңтүстік Қазақстан кешенді археологиялық экспедициясының аясында жалғасын тауып, «Будда ғибадатханасы» деп анықталған. Сонымен қатар қалашық цитаделінде орналасқан тұрғын үйлер аршылды. 1999-2000 жылдары жұмыстар қалажұрттың оңтүстік-шығыс бөлігінде орналасқан, шартты түрде «бай кісінің тұрғын» деп аталған нысанда жүргізілді. 2001 жылы «хаммам» типіндегі қыштан соғылған монша аршылды, бос қалған қалашықта салынған кесене зерттелді. 2002-2003 жылдары жұмыстар стратиграфияны зерттеуге, ескерткіштің үшөлшемді топографиялық негізін жасауға, сонымен қатар «Будда ғибадатханасында» жүргізілген консервациялық шаралар мен мониторингке бағытталды.

2004 және 2005 жылдардағы далалық маусымдар бағаналы типтегі жұма мешіті, «манихей ғибадатханасын», фасадтары әсем оймыш терракоталармен безендірілген кесенелер мен олардың маңындағы ханаканы ашумен ерекшеленді. Қоғамдық сипаттағы құрылыстар кешені 2006-2007 жылдардағы зерттеулер барысында бірегей материалдар берді. Ашылған ескерткіштер көлемді археологиялық-музейлендіру зерттеулерін бастауға мүмкіндік берді.

Антоновка қалашығының бірегей нысандары өте жақсы сақталған және оларды консервациялау мен музейлендеру

туристерді тартуға және аймақты еліміздің туристік инфраструктурасына енгізуге септігін тигізуде.

Ортағасырлық Талхир қаласы – Алматы қаласынан 25 шақырым шығысқа қарай, қазіргі Талғар қаласының оңтүстік жағында орналасқан. Бұл – Іле жазығының ең ірі қалаларының бірі. Цитадельдің қамалмен қоршалып, сақталған бөлігі – 9 га. Ортағасырлық қаланың қалған бөлігі – 20 га-ға жуық аумақ қазіргі заманғы құрылыстар астында қалған.

Талхир – Талғар ірі әкімшілік, саяси, сауда орны ретінде жазба деректерде X ғасырдан кездеседі, ал қала VIII ғасырдан XIII ғасырдың аяғына дейін өмір сүрген. Соңғы 30 жылда тарих ғылымының докторы, Ә.Х. Марғұлан атындағы археология институтының бас ғылыми қызметкері Т.В. Савельеваның жетекшілік етуімен жүргізіліп жатқан далалық зерттеулер ортағасырлық қала құрылысы (тас қаланған магистральды және квартал аралық жолдар, магистральды жолдардың жиегінде тротуарлардың болуы), усадьбалық құрылыстар (тұрғын және шаруашылық жайлардың кешені, ауланың болуы), сауда, қолөнер және аббаттандырылудың дамуы (дамыған су жүргізу жүйесі, жеке-леген санитарлы құрылымдар – септиктер, бірнеше түрлі ошақтар мен түтін өткізгіш каналдар-кандар түріндегі жылу жүйесінің болуы) бойынша ерекше материалдар берді. Шебер зергерлер қолынан шыққан керамикалық және әйнек ыдыстардың коллекциясы, мыс және қола құйма бұйымдары, мүйіз бен сүйек бұйымдар зерттелді, темір өңдеу өндірісінің қару-жарақ, ауылшаруашылық құралдары, әртүрлі қолөнер өндірісінің қолданатын құрал-жабдықтары түріндегі бай қоры жинақталды.

Темір өңдеу өндірісінің технологиясын зерттеу нәтижесі жергілікті өндіріске спецификалық ерекшеліктер тән екенін көрсетіп берді. Әлемдік мәні бар жаңалық: жергілікті қолөнершілер жоғарғы сутекті болат өндіруді білген және оны күнделікті қолданылатын берік қолөнер құрал-жабдықтарын жасау үшін пайдаланған.

Талғардың Ұлы Жібек жолы бойындағы ірі сауда орталығы болғандығын импортты тауарлардың табылуы дәлелдейді. Олар – Иранның ыдысы мен шамшырағы, алтын жазулы жапон кеселері, Қытай мен Оңтүстік Кореяның бұйымдары – фарфор ыдыстар,

Будданың сүйектен жасалған тұлғасы, қола айналар, тамақ ішуге арналған таяқшалар, тіс щеткалары, шашқа арналған сүйек қысқыштар, Үндістанның шахмат фигуралары.

Қала байланыстырушы аймақта орналасқан, бұл жерде көшпелілік пен отырықшы өмір салты тоғысып отырған. Мал шаруашылығы дамығандығын аулаларда орналасқан мал қамайтын қоралардың болуы дәлелдейді, сонымен қатар егін шаруашылығы мен бақша өсіру ісі де дамыған. Тұрғындар табиғи суарумен қатар жасанды ирригацияны да пайдаланған. Күріш күрмектері, мәдени қабаттар арасынан алма дәндері, жүзім мен өрік сүйектері де табылды.

Зерттеу әдістемесі – кең аймақта синхронды кесінділерді аршу, қазбаны сүйретпе арба, күрек, тазалағыш құралдар арқылы жүргізу, артефактілерді тіркеуге арналған жоғарғы технологиялық құрал-жабдықтар (цифрлі, лазерлі аппаратуралар), құжаттауды жүргізу, консервация жүргізу үшін ұсыныстар беру, объектіні мұражайландыруға дайындау.

Верный үш класты училищесі. XIX ғасыр. Бұл ғимарат 1890 жылы салынған. Гоголь көшесі басындағы 37-үй. Сәулет өнерінің қайталанбас тарихи ескерткіші, ғимарат қабырғалары Алатау еменімен ою өрнектеліп безендірілген.

Қайта қалпына келтіру жұмыстары 2003 жылы басталған болатын, алайда қаражат жетіспеуі салдарынан 2004 жылға қалдырылған. Ағаш ғимаратқа іші-сыртына қалпына келтіру жұмыстары жасалды.

Жаркент мешіті. XIX ғасыр. Құрылыс салу барысында әртүрлі материалдар қолданылған. Мысалы, мешіт, мұнара-минареттен, қақпа мұнарасы Тянь-шань тасынан салынған, медресе іші кірпіштен қаланған. Портал мен жабыстыра салынған үшбұрышты бөлмелер – стилобаттан, қоршау болса күйдірілген кірпіштен салынған.

«Жаркент мешіті» сәулет-көркем мұражайы қаланың орталық бөлігінде орналасқан. Құрамына: мешіт, мұнаралы қақпа, кіші мешіт-медресе, сыртқы қақпа, тас қоршау секілді нысандар кіреді. Құрылыс қытай шебері Хон Пиктың бастамасымен салынған. Құрылыс шебердің нұсқауы бойынша жобасыз болған, кіші мешіт медресе мен тас қоршаулар 1903-1905 жылдары салынған.

Ықылас атындағы мұражайы. XX ғасыр. Ықылас атындағы Ұлттық музыкалық аспаптар мұражайының ғимараты (бұрынғы Офицерлер жиналыс үйі), 1908 жылғы, Алматы қаласы, Зенков көшесі, 24.

Алғашқы қолданылу мақсаты – Верный қаласының клубтық ұйымы-әскери жиналысы; 1913 жылында – Романовтар әулетінің 300 жылдығы мерейтойына орай ұйымдастырылған бірінші ауылшаруашылығы көрмесінің павильоны, 1918 жылдан бастап пошта-телеграф кеңсесі.

Жобаға қарағанда төртбұрыш пішінде, ағаштан жасалған және сырттан тақтайлармен қапталған ғимарат болып табылады. Терезелері сырттан ағаштан көркемдеп, ойылып жасалған. Көлемді-жобалама шешімі үш белдікті және бұл фасадтарда ризалиттермен белгіленген. Орталық ризалит үлкен шатырмен, ал шеткілері екі-жақты үшбұрыш шатырмен жабылған. Басты кіреберіс есігі, биік мәтке тәрізді шығып тұрған және ағаштан оймалы тіректерге сүйенген шықпа шатырмен жабылып, безендіріліп айрықша етілген.

Ғимараттың жобасы бүкіл қолданылған жылдар ішінде маңызды өзгерістерге ұшыраған. 1979 жылы фасадтардың әшекейлі тұрпатына, ұлттық оюлардың мотивтері негізінде ағаштан ойма элементтері қосылған.

Есік қорымы. XIX ғасыр. Есік қаласының солтүстік-батыс шетінде орналасқан. Қорым обаларының бірінен табылған «Алтын адам» арқылы аты әлемге әйгілі болды. Ғалымдардың пікірінше, Есік қорымы – Жетісудағы Сақ мемлекеті ақсүйектерінің жерленген жері.

Жерлеу ғұрыптарының жарқын материалдары және биктігі 10-12 м-ге жететін, ал етегіндегі диаметрі 70-100 м болатын түрлі көлемдегі обалар көне қоғамдағы әлеуметтік теңсіздіктердің болғандығын дәлелдейді.

Ақсүйек өкілдері обаларының жақын маңында орналасқан қоныс орны бұл өңірдің сақ тайпаларының мекендеген негізгі орталықтарының бірі екенін көрсетеді.

Бұнда қазіргі мезетте консервациялау және музеефикациялау жұмыстары басталып, оны жоба үстіндегі Есік-Талғар қорығының археологиялық кешеніне қосу көзделіп отыр.

Қайталау сұрақтары:

1. Алматы облысының географиялық орналасуының ерекшелігі қандай?
2. Алматы облысының табиғи рекреациялық нысандарын сипаттаңыз?
3. «Алтын Емел» МҰТІП толық сипаттама беріңіз.
4. Облыстың тарихи орындары қандай?

4.2. Жамбыл облысы

Әкімшілік орталығы – Тараз қаласы.

Жер аумағы – 144,2 мың км².

Халық саны – 1 046 497 адам.

Әкімшілік-территориялық бөлінуі. Жамбыл облысы Қазақстан Республикасының оңтүстігінде орналасқан облыстарының бірі.

Облыс құрамына 10 аудан кіреді.

Облыс құрамына облыс әкімшілігіне қарайтын Тараз қаласы, аудандық әкімшілікке кіретін Қаратау, Жаңатас, Шу қалалары жатады.

Тарихы. Шу, Талас, Асы өзендері кесіп өтетін бұл өңірде іргетасы шартты түрде біздің эрамызға дейінгі 586 жылы қаланды деп есептелінетін ежелгі Талас қаласы пайда болған. Қоңыржай климат, құнарлы топырақ, бай жайылым оның дамуына қатты әсер еткен. Қытай саяхатшысы Сюань Цзяньнің деректеріне қарағанда, 630 жылы өзінің көлемі жағынан замандастары Самарқан, Шаш (Ташкент) қалаларынан кем түспеген. Ал Исфиджаб, Қасан және басқа қалалардан асып түскен. Бұл жерде әр елден келген көпестер тауарларын саудалайтын. Өзінің ең гүлденген сәтінде, XI-XII ғасырларда қалада қыштан жасалған құбырлар жерасты су желісі, тас төселген көшелер мен аяқжолдары канализациялық коллектор мен күйген кірпіштен көпкүмбезді ғимарат ретінде соғылған моншасы болған.

1220 жылы Орта Азияның түгелге дерлігін және қазақ елінің едәуір жерін жаулап алған моңғол шапқыншылары ақырына дейін қарсылық көрсетіп баққан Тараз қаласын тыш-типыл ғып тастады. Бұдан кейін Тараз өзінің мәні мен мәртебесін жоғалтып алады. Бұл аймақта толассыз жүрген өзара соғыстар, Батыс Еуропа мен Үндістанға ашылған теңіз жолы арқылы Ұлы Жібек жолымен сауда-саттықтың тоқтауына және бұның бойында жатқан қалалардың тоқырауына әкеп соқты. Тарихта

ірі оқиға ретінде Тараз туралы 1513 жылы оған Қасым ханның жорығы кезінде айтылады. Нәтижесінде бір замандары атағы шыққан қала XV ғасырдың басында Қазақ хандығына қосылған жай қоныстардың біріне айналды. Археологиялық қазбалардың материалдары, мазарлар мен тастардағы бейнелер ортағасырлық Тараз бен ең ежелгі қазақтарды біріктіретін мәдени байланыстар болғанын айғақтайды. Ұзақ жылғы археологиялық, тарихи-сәулет зерттеулерінің нәтижесінде табылған ескерткіштер облыстың тарихи-мәдени мұрасының құнды қоры болып табылады. XIX ғасырдың басында бұл аймақта шекара мен керуен жолдарын күзету үшін бірқатар камалдар салынды. Осылай ежелгі Тараздың үйінділерінің орнында орналасқан жері тиімді болғаннан кейін тез дамуға бет алған қамал бой көтерді. Уақыт өте қалаға айналған қамалдың аты Наманган-Коче болды. 1856 жылы ол «Әулиеата» болып өзгертілді. Бұл атын ол Қарахан батырдың құрметіне алды. Әулиеата өзінің сыртқы келбеті мен жоспарлануы басқа ортаазиялық қалалардан ерскшеленген жоқ. Орталығында көптеген сауда орындары мен қолөнершілері орналасқан бұл қалада 2-3 мың тұрғын болды.

Кенес өкіметі өзі үстемдік құрған алғашқы күнінен бастап бұрынғы тәртіпті түбегейлі өзгертіп, жергілікті билікті нығайтуға кірісіп кетті. Осының айғағындай, 1936 жылдың 10 қаңтарында Әулиеата Қазақ коммунистік партиясының бірінші хатшысы Мирзоянның құрметіне Мирзоян деп аталды. Ал 1937 жылы 5 маусымда қала аты Жамбыл тауларында дүниеге келген қазақтың белгілі ақыны Жамбыл Жабаевтың атын алды. Қалаға оның тарихи атауы 1997 жылы ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Жарлығымен қайтарылып, Жамбыл қаласы Таразға өзгерді. Талас... Тараз... Әулиеата... Мирзоян... Жамбыл... Тараз.

Осылай ғасырлар бойына атауы сан өзгертілген қаланың тағдыры оңай болмады.

Географиялық орналасуы. Жамбыл облысы – Қазақстан Республикасының оңтүстігіндегі әкімшілік-аумақтық бөлік. Шу-Іле таулары мен Балқаштың батыс жағалауы, Қаратау жотасы, Қырғыз Алатауы мен Бетпақдала аралығында орналасқан. Облыс оңтүстігінде Қырғыз Республикасымен, батысында Оңтүстік Қазақстан, шығысында Алматы облысымен шектеседі. Жер аумағы – 144,3 мың км². Тұрғындары 1 001 мың (2006) адам. Орталығы

– Тараз қаласы. Облыс аумағында халық бірдей қоныстанбаған, олар, негізінен, таулы жерлерде қоныстанған. Облыс мынадай әкімшілік аудандарға бөлінген: Жамбыл, Байзақ, Жуалы, Сарысу, Талас, Мойынқұм, Қордай, Шу, Меркі және Тұрар Рысқұлов.

Жері, негізінен, жазық. Солтүстік бөлігі (Бетпақдаланы есептемегенде) Талас және Шу өзендері алаптарында орналасқан. Шу аңғары облысты екіге бөліп тұр. Солтүстік бөлігінің батысы түгелімен ойысты-сортаңды, шығыстан ұсақ шоқыны – жартасты Бетпақдала шөлі алып жатыр. Оның теңіз деңгейінен биіктігі 350-500 метр. Мұндағы ең биік жері – Байқара тауы (665 м). Шу өзенінің оңтүстік бөлігі – төбешікті-қырқалы келген Мойынқұм құмды алқабына (теңіз деңгейінен биіктігі 300-600 м) ұласады. Оның орта бөлігіндегі құм бұйраттардың арасында көптеген шұраттар (оазистер) кездеседі. Бұл жерлерде жерасты суы (грунт суы) жер бетіне жақын жатыр.

Облыстың шығысында Шу-Іле тауларының аласа келген Желтау, Айтау, Хантау, Майжарылған таулары және Қопа, Қараой үстіртті жазықтары орналасқан. Осылардың биіктіктері 500 метрден аспайды. Беткейлері көлбеу, жоталары жазық келеді. Облыстың қиыр оңтүстік-шығысында Іле Алатауына қабысып, кіндіктас пен Жетіжол таулары жатыр. Шу-Іле тауларынан бастау алатын өзендердің барлығы дерлік жаз айларында кеуіп, құрғақ арналарға айналады. Шу-Іле тауларының оң жағалық аңғарын ала солтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа қарай созыла орналасқан Сарыой үстіртті жазығы мен сексеуілді даласы жатыр. Сарыой жазығында мемлекеттік Андасай қорықшасы орналасқан. Облыстың оңтүстік, оңтүстік-шығысында Қырғыз Алатауының Қазақстанға қарасты солтүстік, солтүстік-батыс бөлігі орналасқан. Облыс аумағындағы оның ең биік жері – Меркі өзені бастау алатын тұсы (4099 м). Облыстың оңтүстік-батысында облыс аумағына, Талас Алатауының қиыр солтүстік бөлігі кіреді. Таудың облыс аумағындағы бөлігінің ең биік жері – 4027 м. Мемлекеттік Ақсу – Жабағылы қорығының солтүстік-шығыс бөлігі (Жуалы ауданы аумағында) осында орналасқан. Облыстың оңтүстік-батыс аумағын Қаратау жотасының солтүстік-шығысындағы үлкен Ақтау мен оңтүстік-шығыс бөлігі (кіші Қаратау) кіреді. Оның облыс аумағындағы ұзындығы 150 км шамасында. Ең биік жері кіші

Қаратау жотасының орта тұсы (1610 м). Оңтүстік-шығысында ірі фосфорит кен орындары, полиметалл кентастары бар. Облыстың орталық өңіріндегі сазды-тақтасты, құмды төбешікті жерлерінде бұлақтар, ұсақ тұзды көлдер, құдықтар көптеп кездеседі.

Климаттық тұрғыдан облыс аумағының жазық өңіріне Балқаш Арал, Жоңғар (Жетісу) – Шу – Іле және Қаратау, Қызылқұм жатады. Олар өз тұрғысынан бірнеше климаттық аудандарға бөлінеді. Облыс аумағын қамтитын аудандарға Орталық Қазақстан климаттық ауданының оңтүстік бөлігі (Бетпақдала), Балқаш маңы климаттық ауданы, (Балқаш көлінің батысы), Мойынқұм климаттық ауданы, Шу – Талас климаттық ауданы жатады. Облыстың климаты біршама құрғақтығымен және континенттілігімен ерекшеленеді. Мұны облыс аумағының Еуразия құрлығының орта тұсында орналасқандығы, мұхиттардан алыстығы, ауа райының ашық болуына мүмкіндік туғызатын атмосфералық айналымның ерекшелігі, сондай-ақ күн шығуының молдығын қамтамасыз ететін оңтүстік ендікте орналасқандығымен түсіндіруге болады. Облыс бойынша ауаның орташа тәуліктік температурасы 0°C-тан жоғары кезең 225-245 күнге созылады. Аясыз кезең жазық өңірлерде 5-6 ай, тау бөктерлерінде және тауда 4-6 ай болады. Жазық өңірлерде жауын-шашын аз (100-300 мм). Қар қабаты жұқа (10-15 см). Оңтүстік аудандарда тұрақты қар жамылғысы болмайды. Туризмді дамытуға өте қолайлы.

Облыста жер беті ағыны біркелкі таралмаған. Өзендер, негізінен, облыстың оңтүстігіндегі Қырғыз және Талас Алатауларының солтүстік беткейлерінен бастау алады. Олдардың басым бөлігі Шу мен Талас өзендері алқабында жатыр және осы өзендердің салалары болып табылады. Облыс аймағындағы ең ірі және ұзын өзен – Шу (1186 км.). Ол Қырғызстан аумағында Тянь-Шань тауларынан басталады. Теріскей Алатауы мен Қырғыз Алатауындағы мұздықтардан басталатын Жуанарық, Қошқар өзендерінің қосылуынан қалыптасады.

Табиғаты көркем Буалы шатқалынан өткен соң ол облыс аумағына кіреді. Облыстағы оның ұзындығы 800 км. Шатқалдан өткен соң ағысы баяулап, жазықтағы кең аңғарлы өзенге айналады. Облыс аумағында оған жалғыз Қорағаты өзені қосылады. Қызылордада, Оңтүстік Қазақстан жерлеріндегі Ащыкөл-

Ақжайқын ойысына құяды. Ірілі-уақты 80 саласы бар. Қорағаты, Меркі, Ақсу, т.б. облыстың Мойынқұм, Бетпақдала арқылы ағады. Арнасының ені 50-100 м, ең терең жері – 4,8 м. Негізінен мұздық және қар суымен толығады. Жылдың аяғының 15%-ға жуығы көктемде, 58%-ы жаз-күз айларында, 27%-ы қыста өтеді. Жылдық орташа су өтімі – 77 м³/с. Желтоқсан-наурыз айларында қатады, мұзының орташа қалыңдығы – 64-74 см, шілде-тамыз айларында суы мол болады. Жазда судың орташа температурасы 22-23°C, ең жоғарғы температурасы 26-27°C-қа жетеді. Өзенде сазан, табан, жайын, т.б. балықтар бар. Шу бойында Тасөткел бөгеті, Тасөткел суару жүйесі салынған. Егіндік пен жайылымды суару және суландыруға Шу өзені суының 55%-ы жұмсалады.

Облыстағы екінші үлкен өзен – Талас. Қырғызстан мен Қазақстан жерінен өтеді. Ұзындығы – 661 км. Су жиналатын алабы 52700 км². Қазақстандағы бөлігі – 453 км. Негізінен Жамбыл облысының Байзақ, Талас, Сарысу аудандарының жерімен ағады. Қырғыз Алатауы мен Талас Алатауы мұздықтарынан шығатын Қарақол және Үшқома өзендері қосылған жерден басталып, Мойынқұмдағы Айдын көліне жетпей құмға сіңіп, тартылып қалады. Аңғары жоғарғы бөлігінде тар шатқалды, ені 1-2 км, жазыққа шыққан төменгі бөлігінде кең, 25-30 см көп жылдық мұз, жауын-шашын суынан толысады. Маусым-тамыз айларында тасиды. Тараз қаласынан төменгі ағысында Таластан бірнеше тармақ (Шалқы, Көделі, Тасарық, т.б.) таралады. Суы көктемде, күзде тұщы, ауыз суға жарамды.

Тараз қаласынан 10 км жерде Киров бөгені, сағасынан 197 км жерде Юбилейный, 275 км-де Жінәлі, 280 км-де Қазақбай бөгендері және Талас-Аса каналы салынған. Егін суаруға пайдалану үшін Талас-Асы каналы тартылған. Таласқа оның ірі саласы – Асы өзені (ұзындығы 253 км) сол жақтан құяды.

Облыстағы көптеген кішігірім өзендер (Шабакты, Борандай, Бүркітті, Теріс, Шалсу, т.б.) Қырғыз Алатауына, Қаратау жотасынан бастау алады. Шу-Іле және Қаратау жотасынан басталатын өзендердің барлығы дерлік жаз айларында құрғап қалады, не жылғаларға айналады.

Облыс аймағына Балқаш көлінің оңтүстік-батыс бөлігі кіреді. Облыс аумағындағы ең ірі көл – Бишікөл. Бишікөл – Шу-Талас

алабындағы көл. Тараз қаласының солтүстік-батысында 60 км жерде, Қаратаудың солтүстік беткейіндегі тектоникалық ойыста орналасқан. Теңіз деңгейінен биіктігі – 438 м. Аумағы 88 км², ұзындығы 18 км, ені 7,5км-ге дейін, орташа тереңдігі – 3,5 м, ең терең жері – 8 м. Жауын-шашын мол жылдары суы көп. Суы тұщы. Бишкөлге Асы өзені шығыс жағынан құйып, солтүстігінен ағып шығады. Көлде сазан, шабақ, табан балық, ақ амур, майшабақ, т.б. бар. Көл суын төңірегіндегі шаруашылықтар егін суаруға және демалыс орнына пайдаланады.

Жамбыл облысы – сан алуан жануарлар мен құстардың мекені. Кәсіптік маңызы бар сүтқоректілерден: таутеке (тау-тасты, тік жарлы, құзды жерлерде тіршілік етеді), елік (аршалы ормандарда), марал (жазда субальпілік белдеуде, қыста тоғайлы жерде), ақбөкен (бетпақдалада); қоңыр аю (Батыс Тянь-Шань жоталарында), доңыз (Шу мен Талас өзендері аңғарларында) кездеседі. Басқа жыртқыштардан – қасқыр, қызыл түлкі, сусар, ақкіс және аңқалық сияқты терісі бағалы аңдар кең тараған, ондатр жерсіндірілген. Қанаттылардан ұлар, үкі, сақалтай (қозықұмай), шымшық, бұлдырық, т.б. кездеседі. Бауырымен жорғалаушылардан кесіртке, қалқантұмсық жылан мен сұр жылан бар. Өзендер мен көлдерде алабұға, қарабалық, сазан, көксерке, табан, қызылқанат балық, жайын тіршілік етеді. Облыс аумағы, сондай-ақ сирек кездесетін, жылдан-жылға саны азайып, қорғауға алынған, Қазақстанның «Қызыл кітабына» енгізілген бүркіт, ителгі, Қаратау арқары, мензибр суыры, көкқұс, лашын, т.б. құс-жануарлардың мекені. Облыс аумағында Қазақстандағы тұңғыш қорық – Ақсу-Жабағалы қорығы, ақбөкендердің қысқы мекені – Андасай қорықшасы (зоологиялық) және Ақсай қорықшасы орналасқан.

Жамбыл облысының аумағында тас ғасырынан, палеолит дәуірінен бері адамдар өмір сүріп келеді. Бұл жерде Андронов мәдениеті мен ұзақ ғасырлар бойы бір-бірін алмастырған сақтардың, үйсіндер және қандылардың және басқалардың мәдениеттері қалыптасты. Мұнымен қатар өңірдің тарихы мен мәдениеті тамыр жайған Тараз қаласын басып өтетін Ұлы Жібек жолы және сол кездің Қытай, Үндістан, Византия, Парсы, Батыс Еуропа және ежелгі Русь сияқты ірі елдерімен саяси-экономикалық байланыстары өңірдің қарыштап дамуына қолайлы жағдай туғызды.

Халқы. Облыста Қазақстан халқының 6,6%-ы (2006 жылғы санақ бойынша) тұрады. Облыс көп ұлтты аймаққа жатады. Басым көпшілігі қазақтар (64,8%), қалғандарына орыстар (18,1%), дүнгендер (3,1%), өзбектер (2,3%), корейлер (1,4%), тағы басқа ұлт өкілдері кіреді (1-сурет). Облыс тұрғындарының 45,1%-ы (450,3 мың адам) қалада, 54,9%-ы (550,2 мың адам) ауылда тұрады (2006 жылғы санақ бойынша). (2-сурет). Облыста халық біркелкі қоныстанбаған, негізінен, облыстың оңтүстігінде қоныстанған. Халықтың орташа тығыздығы 1 км²-ге 6,8 адамнан, тау бөктеріндегі өңірде халық тығыз орналасқан (Тараздың төңірегінде 50 адамнан). Облыстың солтүстік және орталық бөлігінде халық сирек кездеседі. Шу өзенінің төменгі ағысында 1 км²-ге 1-2 адамнан келеді. Қырғыз Алатауының етегінде 1-2 мың тұрғыны бар елді мекендер көбінесе өзен, канал бойларында орналасқан, кейде олар бір-біріне ұласып жатады. Шағын елді мекендер (50-100 адам) Шу-Іле таулары мен Қаратаудың етегінде, Шу, Талас өзендерінің сағасында орналасқан, бұлар, негізінен, мал фермалары болған, қазіргі кезде жеке шаруашылық қожалықтары.

Көлік қатынасы. Автомобиль жолдарының жалпы ұзындығы – 3928,7 км. Облыс дәрежесіндегі автокөлік жолдарының ұзындығы – 2098,5 км, оның ішінде 1-категориялы – 9 км, 2-категориялы – 339 км, 3-категориялы – 1031,3 км, 4-категориялы – 719,2 км.

2010 жылы облыс бойынша құрлық көлігімен жүк тасымалдау (көліктік емес ұйымдар мен жеке тұлғаларды есептегенде) көлемі – 55954,5 мың тонна, бұл көрсеткіш 2009 жылмен салыстырғанда 19,7%-ға жоғарылаған.

Туризмнің даму нысандары.

Жамбыл облысында 99 мәдени-тарихи ескерткіш бар. Оның 89-ы археология, 7-еуі тарихи, 2-уі сәулет және 1-уі монументалды өнер ескерткішіне жатады. Археология ескерткіштері, негізінен, ең ежелгі керуен жолдарының бойынан табылған. Олардың ішінде Әулиебастау, Бектөбе сияқты ірі қалалар мен ерте темір және ортағасырлардағы Ақтөбе, Күзембайтөбе, Кішімүрде қоныстары, Ақыртас заңғар кешенінің, қарауыл мұнараларының қалдықтары, бейіттер мен қорғандар (қорымдар) бар. Ортағасырлық сәулет өнерінің ғажайып ескерткіштері Айша бибі мен Бабаджа қатын кесенелері де мұнда орын тепкен.

«Төменгі Барысхан». IV-XIV ғасырлар. Тараздың іргесінде орналасқан ғажайып қала. Қаланың топографиясында бұрыштары мен көлденеңінен орналасқан мұнаралардың төбешіктері мен мүжілген тіреулермен қоршалған жәдігерлер бой көрсетеді. Қала екі сатыдан тұрады, төбе неғұрлым жарыққа бағытталған. Қалаға кіре берісте мұнаралар көп салынған. Территориясында қауыздардың қалдығы, су ағар жерлерде ыңғайлы еңістер байқалады. Қаланың шығыс бөлігінде оның ауылшаруашылық аймағын құрайтын усадьбалардың қалдығы – жекелеген төбешіктер көзге түседі.

Тектұрмас сәулеттік кешені. X-XVI ғасырлар. Талас өзенінің жағасына, Тараз қаласының оңтүстік-шығыс бөлігіне, айнала ортадағы биік төбеге салынған ежелгі қасиетті орын. Тектұрмас қасиетті сұлтан Махмуд хан жерленген жер деп саналады. Кешен негізі VII-XI-ғасырларда, ислам діні енгенге дейін қалана бастады. Ислам дәуірінде салынған кесененің өзі 1935 жылы қиратылған. Қазіргі оның орнына ортағасырлық үлгідегі жаңа кесене салынып, қалпына келтірілді. Жанында қазақтың ұлы батыры Мәмбет батырдың моласы үстіне соғылған кесене бар. Кесене орналасқан төбеден төменде жатқан Тараз қаласы жақсы көрінеді. Іргеде ағып жатқан, көне қалаға аты берілген Талас өзені адамға әсерін одан да әрі күшейте түседі. Осы жерде X-XIII ғасырларда керуеннің өтуін жүзеге асырған тас көпір болған. Сәулеттік кешен, сондай-ақ зиярат ету орны болып табылады.

Қарахан (Әулие Ата) кесенесі. XI ғасыр. Тараз қаласының орталық бөлігінде, Төле би және Байзақ батыр көшелерінің қиылысында орналасқан. Кесене ортағасырлық Тараз аумағында құрылған қасиетті-мемориалды кешенге жатады. Археологиялық қазбалар көрсеткеніндей, бұл ғимаратты әрлеу үшін өте шеберлікпен әзірленген 30 түрлі өрнекті кірпіштер пайдаланылған. Құрылыс қараханидтер дәуірінде, XI ғасырда жасалған. Оның құрылысы Айша бибі мен Бабаджа қатын кесенесіне тікелей байланысты. Оның жерленуін тарих біздің аймақты X-XII ғасырларда билеген Қарахан әулетінің хандығымен байланыстырады. «Әулие Ата» атануы да содан. Кешен қасиетті жер саналады.

Айша бибі кесенесі. XI-XII ғасырлардағы аса тамаша ескерткіш. Жамбыл ауданында Айша бибі ауылының маңында, Тараз қаласынан 20 шақырымда орналасқан. Айша бибі кесенесі тек

Қазақстан аумағында ғана емес, сонымен бірге бүкіл Орта Азияда толықтай терракотпен әрленген тарихи-сәулет ескерткіштерінің ерекше бағалылары тізімі бойынша ЮНЕСКО-ға енгізілген ескерткіштері қатарына жатады. 60 түрлі терракотты плиталар қолмен, өте шеберлікпен орындалған. Кесене халқымыздың бағзы өмірінің ерекше құндылығын көрсететін өзіндік мұражай болып табылады.



3-сурет. Айша бибі кесенесі

Бабаджа қатын кесенесі. XI-XII ғасырлар. Айша бибі кесенесінің қасында Жамбыл ауданында орналасқан, XI-XII ғасырлардың ең ерекше ескерткіші болып табылады. Қос қисығы бар 16 қабырғалы шатыр төбелі өзінің ерекшелігімен әйгілі. Шатырлы, қабырғалы жабуы ортағасырлық сәулет өнері қазіргі заманғы кесенелердің ешқайсысында жоқ. Ондағы эфигуриялық айшық мұнда жерленген әйелдің аты-жөнін бізге жеткізіп отыр. Ол аңыз бойынша Айшаның күтушісі еді. Айшаға осы бір қасіретті сапарда жолбастаушы болған. Айша қайтыс болғаннан кейін сүйікті тәрбиеленушісінің бейітінің басында шырақшы болған. Екі кесене де тек зиярат ету орны емес, сонымен бірге мұсылман әлемінің қасиетті орындары болып табылады.

Әбдіқадыр мешіті. XX ғасырдың басында салынған сәулет өнер ескерткіші. Тараз қаласында Әбдіқадыр атты кісінің

қаржысына салынған. XX ғасырдың 30-жылдарында бұзылып, алдыңғы беті мен азаншы мұнарасы ғана қалған. Ескерткіш 1975-1980 жылдары жөндеуден өткен. Оның аумағына жаңа медресе ғимараты салынды. Әбдіқадыр мешіті Орта Азияның осы тектес құрылыстары үлгісінде салынған. Алдыңғы қабырғаның дәл ортасында жебе тәрізді арқалы терең ойық жасалып, екі жағында сүйірлене шыққан жінішке мұнара тұрғызылған. Күмбезбен жабылған азаншы мұнарасында қарама-қарсы орналасқан 6 терезе бар. Мешіт күйдірілген кірпіштен қаланған.

Облыстың басым бөлігін құмды шөл, жазық дала алып жатқанына қарамастан, табиғаты тамаша, таулары, өзен-көлге бай өлке. Шу өзені, биіктігі төмен Қаратау беттері, жоғары биіктіктегі Талас Алатауы беткейлері. Этносаябақтар, халықаралық туристік базалар ашуға өте қолайлы жерлері мол. 4 мемлекеттік қорғауға алынған қорықшалар бар. Олар: Берікқара, Андасай, Қарақоңыз, Жусандала.

Облыс табиғи рекреациялық ресурстарға бай. Бұл ресурстарды емделу үшін қолдануға болады. Тұрар Рысқұлов атындағы шипажай Қазақстанда, тіпті ТМД елдерінде құрамы жөнінен теңдессіз, 2003 жылы ғана іске қосылған табиғи минералды сауықтыру орнына жатады. Онда ваннаға түсу, су ішу арқылы асқазанды, өт жолы мен қарынды, ішекті жуу, гинекологиялық жағынан емдеуге бағытталған.

Сол сияқты бұл табиғи су жүрек-қантамыры ауруларына (жүректің I-II кезеңіндегі гипертония және т.б. ауруларға); орталық және перифериялық нерв жүйесінің аурулары мен жарақаты зардаптарына; қозғалыс мүшелерінің қабынуына және дегенеративтік өзгерістеріне, әртүрлі себептерден пайда болатын артриттерге, полиартриттерге, остеохондрозға, жатыр мен оның маңының қабынуына, функционалдық ауруларына дауа.

«**Берікқара шатқалы**» мемлекеттік кешенді қорықшасы. Өсімдіктердің жойылып бара жатқан түрлерін сақтап қалу мақсатымен 1971 жылы Жуалы ауданындағы Б. Момышұлы ауылынан 30 шақырым жерде құрылған. Кейін Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 27 маусымдағы қаулысымен жер аумағы кеңейтіліп (17,5 мың га) «Берікқара шатқалы» мемлекеттік табиғи қорықшасы деп жарияланды. Жуалы ауданы мемлекеттік орман қоры жерінде орналасқан.

Табиғат қорығында Қызыл кітапқа енгізілген ағаш-бұта және шөптердің сирек тұқымдары кездеседі (жабайы алманың сирек кездесетін түрі, тарэндемикалық түр Берікқара терегі, Грейг қызғалдағы). Жануарлар әлемінен: Қаратау арқары, үнді тағыланы, қабан, қосаяқ, қоян, сұр құр, қырғауыл, қасқыр, түлкі, жұмақ шыбын аулағышы және басқалары.

Сонымен қатар құрамына 5 табиғат шатқалы да енеді: Саясу, Жұрынсай, Берікқара, Шымырбайсай, Ақсақалсай.

«Көксай шатқалының» етегі мен Жуалы таулы аймағымен түйісетін Көксай каньоны мен Батыс Тянь-Шань, Талас Алатауы.

Көксай шатқалының етегі Ақсу-Жабағылы табиғат қорығының буферлік аймағы болып табылады да, Оңтүстік Қазақстан облысына бағынады. Бұл аймақ биологиялық құндылықтарға толы: тоғайлар, арша тоғайлары, таулы альпі шалғындары шалғынды далалармен алмасып отырады. Тоғайларда қайыңның жойылып бара жатқан түрлері (Талас және Тянь-шань қайыңдары), ұсақ жапырақты тас, Түркістан шетені, ағашты және бұталы аршалар өседі. Таулы далалар мен шалғындар түр құрамына бай, олар бағалы сәндік және дәрілік өсімдіктердің тектік қоры болып табылады.

Қазіргі кезде Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының басқаруымен кешен аумағында қазба жұмыстары жүргізіліп жатыр. Алдағы кезде республикалық «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында мұражай кешенін құру жоспарлануда.

Құрылыс материалдары тас және пішімі малға шөп салатын ақырғы ұқсас болуына байланысты Ақыртас деп атаған. Ол алыстан көрініп тұруы үшін таудың үстіне төртбұрышты жобамен салынған. Археологиялық зерттеудің соңғы нәтижелері бойынша Ақыртас Ұлы Жібек жолындағы ортағасырлық мекенге жатады. Қазіргі кезде қабырғаларының сақталған сілімдері 160, 146 және 140 м шамасында. Қорғанның 4 қақпасы бар, біреуі солтүстігінде, үшеуі оңтүстігінде. Тұрғын үйлер ішкі ауланың төңірегінде топтастырыла салынған қызмет көрсететін және шаруаға қажетті бөлмелер кешенінен тұрады. Ауланың түпкі жағында Ақыртас иесінің жатын және қонақ үйі орналасқан. Солтүстік есік жақтағы үйлер қызмет ететін адамдар мен күзетшілерге, бір бөлігі ат қораға арналған. Туристердің түйсігін құрылыстың алыптығы, кеңдігі, құрылысқа тастарды пайдалану шеберлігі таң қалдырады.

Сарай кешенінің іргетасы 4 м тереңдікте қаланған. Сәулетші Т. Бәсеновтың жазуына қарағанда, Ақыртас салынып бітпей қалған ірі бек сарайының іргесі. 1996 жылғы зерттеулер барысында Қазақстан және Франция ғалымдары Ақыртасты VIII-XII ғасырларға жататын Керуен сарайының орны болуы мүмкін деген тұжырымға келді. Өйткені құрылыс жобасы Ирак пен Сириядағы ортағасырлық құрылыстарға ұқсас. Аңыздың кейбір түрлері құрылыстың мақсатын түсіндіріп, оның аяқталмай қалу себептерін айтады. Оның көлемінің алыптығына байланысты оны ежелгі египеттік пирамидалармен салыстырады. Ақыртас құрылысының толық аяқталмауына бір кездегі Тараз қаласының күйреуі, шет жерлердің жиі шабуылы мен өзара соғыстың әсер етті деген болжам бар.

Кесене Қазақстан мен Орта Азиядағы сәулет-құрылыс мәдениетіндегі теңдесі жоқ Қараханид дәуірі сәулет өнері туындысына жатады. Ескерткіш өзінің архитектуралық ерекшелігімен ғана емес, шығыс аруы Айша мен ержүрек жауынгер Қараханның махаббатын баяндайтын тарихи аңызымен де туристер қызығушылығын тудырады. Аңыздарға сәйкес, шығыстың атақты данагөйі – Зеңгі бабаның қызы Айша өзінің сүйіктісі Қараханға бара жатқан жолында жылан шағып, көз жұмған.

Меркі ауданында 117 ескерткіш бар. Оның 89-ы археологиялық, 17-сі тарих, 8-і сәулет және 3-еуі монументалды өнер ескерткіштері. Археология ескерткіштері Ұлы Жібек жолының бойында және Қырғыз Алатауы жотасының солтүстік еңсесінде орналасқан: VII-XII ғасырларда жер өңдеу мәдениетінің 21 ескерткіші бар. Олар: қалалар, қоныстар, бекіністер. Ерте темір ғасыры мен ортағасырларға дейінгі 70 қорған мен бейіттер бар. Меркі өзенінің жоғары жағында биік таулардың арасында қоршау мен бейнелі тастар және көкке ұмтылған үшкір тастармен әрленген Алладан тілек, әруақтан медет тілейтін ғажайып ортағасырлық Меркі әулиесі бар. Меркі ауданында, сондай-ақ, емдік қасиеті адам деніне саулық әкелетін шипалы суымен республикаға белгілі сол аттас шипажай бар. Сонымен бірге 7 мәдениет үйі, 5 клуб орналасқан.

«Мерке» – бальнеологиялық санаторий; Жамбыл облысы, Мерке ауданында, Мерке теміржол стансасының оңтүстігіндегі 14 км жерде, теңіз деңгейінен 1200 м биіктікте, таулы аймақта

орналасқан. 1960 жылы жергілікті тұрғындар үшін демалыс үйі, ал 1981 жылдан санаторий ретінде ашылған. Жыл бойы жұмыс істейді. Қыста – 120, жаз айларында 400 адам қабылдай алады. Ауаның орташа температурасы қаңтарда – 17°C, ал шілдеде – 24°C. Жауын-шашынның жылдық орташа мөлшері 388 мм-ге жетеді. Негізгі емі – құрамында фтор, кремний қышқылы бар сульфатты (күкірт қышқылы) гидрокарбонатты-хлорлы натрий тұздары аралас радонды минерал су ванна ретінде пайдаланылады. Сондай-ақ, таудың таза ауасы мен сұлу табиғат климатымен емдеу, физиотерапия, емдік дене шынықтыру тәсілдері де қолданылады. Санаторийде гинекологиялық және жүйке жүйесі мен тірек-қимыл, ас қорыту, несеп-жыныс жүйелерінің ауруларын, сондай-ақ дерматологиялық ауруларды емдейді.

Мойынқұм ауданының басым көпшілік жері Бетпақдаланың шығыс бөлігін алып жатыр. Шығысында және соған жалғас аймағын Болаттау, Желтау, Шоғырлы, Жамбыл, Бақтау сияқты аласа таулар құрайды. Климаты тым континенттік, қысы біршама салқын, солтүстігі аязды, жазы ыстық, қуаң аңызқты. Ауданның негізгі су көзі – Шу өзені. Аудан жерін табиғатына, жер құрылымына, ауа райына қарап, негізінен, 4 аймаққа бөледі. Бірінші аймақ – Шу бойының ну шалғынды, қалың қамысты аңғарлары мен өзектері жатады. Екінші аймақ – Бетпақдала. Оның ауа райы құрғақ. Ол түрлі аң-құстармен ерекшеленеді. Мұнда қасқыр, қоян, ақбөкен, елік, арқар, шәлін, қарсақ, түлкі, қырғауыл, шіл, бұлдырық, бөдене, қаршыға, бүркіт, үйрек, қаз, т.б. кездеседі. Төртінші аймақ – Сарыарқа жайылымы. Аймақтардың барлығы дерлік шөл және шөлейт белдемде орналасқан. Ауданның шығысындағы Жамбыл тауына дейін «Андасай» қорығы созылып жатыр.

Мойынқұм ауданында 65 тарихи-мәдени ескерткіш бар. Оның 45-і археологиялық, 14-і сәулет, 4-еуі тарихи өнер ескерткіштер. Археологиялық ескерткіштер: қалалар, қоныстар, қорғандар және бейіттер, негізінен, Шу өзені маңы мен Желтаудың төскейінде орналасқан. Бұл қаланың өмір сүру уақыты – ежелгі заманнан ортағасырлардың соңына дейінгі аралық. VIII-XIV ғасырларда салынған Шу өңіріне тән әртүрлі типтегі 15 қала, 4 қоныс бар. Олардың қатарында Аяқ-Ақтөбе, Бана-Ақтөбе, т.б. бар.

Қола дәуірі мен ерте темір ғасырына дейінгі 13 қорған мен бейіт, 6 мыс балқыту орны, қола дәуірінің ескерткіштері туралы талай аңыз-әңгімелер сақталған.

Қырбас кесенесі. XX ғасыр басындағы сәулет ескерткіші. Мойынқұм ауданы Қызылотау ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай 4 км қашықтықта орналасқан. 1900 жылы Биженей деген ұста салған. Қабырғалары шикі кірпіштен тұрғызылып, оның сырты мен ішкі жағы күйдірілген кірпішпен қапталған. Күмбезі екі камералы. Күмбездің жоғары жағы қираған. Күмбезді қалауда күйдірілген үлкен кірпіштер қолданылған. Қабырғаларының ішкі жағына қара, сары және күлгін түстермен ою-өрнектермен түсіріліп, жазулар жазылған. Кесене бастапқыда Қырбастың үлкен ұлы Зейноллаға арналып салынған, кейіннен Қырбастың өзі де осында жерленген.

Айжігіт қалпе кесенесі – сәулет өнері туындысы. Мойынқұм ауданы Құмөзек елді мекенінен солтүстікке қарай 30 км жерде. 1902 жылы Кемпірбай деген шебер салған. Айжігіт қалпе осы өңірге белгілі болған әулие. Жұрт әлі күнге дейін басына түнеп, тәу етеді. Кесененің Бетпақдалада сирек кездесетін көлемді құрылыс ретінде архитектуралық маңызы зор. Шикі кірпіштен қос күмбезді етіп тұрғызылған. Солтүстік-шығыс бүйірінен және артқы жағынан екі қоршау салынған. Айжігіт қалпе солтүстік-батыс қоршаудың ішіне жерленген, бұл кесенемен байланыспайды, кіретін жағы да бөлек. Күмбезді ғимараттың өзі екі бөліктен тұрады. Кесенеге соның кішісі арқылы кіреді және осы кіші бөлік әулиеге түнеуге келгендер ас-суын әзірлейтін бүйірдегі қоршаумен жалғастырады. Зиярат етушілер үлкен күмбезді бөлікте түнейді.

Айса кесенесі – сәулет өнерінің ескерткіші. Мойынқұм ауданы Құмөзек ауылынан солтүстікке қарай 27 км жерде, XX ғасырдың басында 18 жасында шешек ауруынан қайтыс болған Айса есімді қыздың құрметіне Кемпірбай шебер салған. Кесене шикі кірпіштен бір күмбезді етіп тұрғызылған. Көлемі 5,22x5,47м, биіктігі – 5,15 м. Кесененің ішкі бөлмесі дөңгелек пішінді. Қабырғаларының төменгі жағы кірпіштермен безендірілген. Кесененің Бетпақдалада сирек кездесетін көлемді құрылыс ретінде архитектуралық маңызы зор.

Талас ауданында 81 тарих және мәдениет ескерткіші бар. Оның 68-і археологиялық, 6-сы тарих, 5-еуі сәулет және 2-еуі монументалды. Археологиялық ескерткіштер Қаратау жотасының

солтүстік сілемдерінің ескі жолдарының бойында, Талас өңірі мен Билікөл көлі маңайында орналасқан. Көптеген ортағасырлық қалалар, қоныстар мен бекіністер Шу өңірінде табылған: Атбайлар, Тамды, Төрткүлтөбе, Биназартөбе, палеолит тұрақтары, қола дәуірі мен ерте темір ғасырындағы Ақкөл көлі мен Теріс өзенінің сағасындағы қорғандар мен бейіттер: Ишан Ноғай мен Илібай кесенесі. Қарақожа мен Ишан Абдулла мешіттері XX ғасырдың басындағы өзіндік ерекшелігі бар қолөнер шеберлерінің көз тоқтатып қарарлық туындылары болып табылады. Сонымен бірге 1 мұражай, 7 клуб бар.

Ақкесене – ежелгі камал-қаланың бірі. Талас ауданы Үшарал мекенінде орналасқан. Алғаш 1896 жылы археолог В.А. Каллаур зерттеген. Жобасы төртбұрышты, көл. 100x100 м, айналасы дуалмен қоршалған. Солтүстік-батысында шикі кірпішпен салынған мұнара бар, биіктігі – 9 м. Қазба жұмысы кезінде табылған заттай деректер мен қалану әдісіне қарағанда дуал XVIII-XIX ғасырларда салынғанға ұқсайды. Ал камал одан бұрын XII-XIII ғасырларда тұрғызылған. Бірақ табылған материалдар өте аз болғандықтан, бұл мерзімдерді дәл деп айту қиын.

Шу ауданында бүгінгі күнде 88 ескерткіш белгілі. Оның 68-і археология, 18-і тарих, 1-еуі сәулет және 1-еуі монументалды өнердікі. Археология ескерткіштерінің 3-еуі қола дәуіріне жатады. Бұлар мыс өндірумен тығыз байланысты. Бейнелер салынған тас учаскелері, ескерткіштердің басым бөлігі: ерте темір ғасырындағы 60 қорған мен бейіт Кіндіктас пен Айтау тауларының төскейінде шоғырланған. Ортағасырлардың ең ірі деген қалалары Шу өңірінің бойында орналасқан. Олар: Ақтөбе, Степницкое, Ақсутөбе, Октябрь, Тастұмсық және басқалары. Тарихтар қойнауынан сыр тартатын өндірістік қызметтігі Тасөткел су тоспасы, әскери тарихтан 6 ескерткіш, мәдениет қайраткерлерінің атымен аталатын 2 ескерткіш, монументалды өнер туындысынан Төле бидің ескерткіші және сәулет ескерткіші Айдын кесенелері мән бере қарауға әбден лайық. Ең көп зерттеулердің нысаны болған «Жайсаң» әулиелі жерін атап өтуге болады. Сонымен бірге ауданда 2 мәдениет үйі, 1 халық театры, 11 ауылдық клуб, т.б. бар.

«Андасай» мемлекеттік табиғат қорықшасы. 1966 жылы құрылған, 1 миллион гектар жерді алып жатыр, Шу өзенінің оң жақ

жағалауына, Мойынқұм ауылының батыс жағында орналасқан. Қорықша жабайы аңдар мен құстардың санын сақтап, көбейту мақсатында құрылған. Жер бедері ақ сексеуіл өскен тоғайлы төбешік пен құмды қырқалар, беті тегіс, көлемді тақырлар болғандықтан, жануарлар үшін өте қолайлы келеді. Қорықшада балық пен бауырмен жорғалаушылардың 10-нан, құстардың 200-ден, сүтқоректілердің 40-тан астам түрлері (кірпі, қоян, сарышұнақ, борсық, қасқыр, қарсақ, түлкі, елік тағы басқалар). Андасай қорықшасы Оңтүстік Қазақстандағы ақбөкендердің қыстап шығатын қонысы болып есептеледі. Ондағы бірқатар аң-құстар (қаракұйрық, шұбар күзен, қалбағай, жалман, арқар, аққу, тағы басқа) мен өсімдіктер (Альберт жауказыны, Бетпақдала сылдыршөбі) Қазақстанның «Қызыл кітабына» енгізілген. Қорықша аумағында аң-құстарды аулауға тыйым салынған.

Жамбыл облысының ірі қалалары: Тараз, Қаратау, Жаңатас және Шу.

Қаратау – қала (1963 жылдан), Жамбыл облысы Талас ауданының орталығы, теміржол стансасы. Облыстың оңтүстік бөлігінде, Тараз қаласынан солтүстік-батысқа қарай 82 км жерде, Қаратау тауының солтүстік-батыс сілемі – Шолақтау баурайында, Жетімшоқы және Ақтау тауаралық аңғарында, бұта аралас боз жусан, сұлы-бас, баялыш, бетеге, т.б. астық тұқымдас шөптесін өскен сұр топырақты шөлді белдемде орналасқан. Тұрғыны 28,2 мың адам (2001). Іргесі 1946 жылы Шолақтау кенті болып қаланған. Қала өмірі Қаратау фосфоритті алабымен тығыз байланысты. Қаратау кеніші алғашқы өнімін 1946 жылы 5 желтоқсанда бере бастады. 1963 жылы флотациялық әдіспен байыту фабрикасы іске қосылды. Қаратау ХХ ғасырдың 60-90-жылдары, КСРО және республика экономикасының дамуына елеулі үлес қосты. Осы жылдары ауылшаруашылығына қажет фосфорлы минералды тыңайтқыштарға сұраныс күшейді. Бұл Қаратауда фосфорит өндірісін қарқынды дамытуға жағдай туғызды. Оның негізінде Қаратау кен-химия комбинаты салынды. 1965-1985 жылдары Қаратауда республикалық деңгейдегі құрылыс ұйымдарының салааралық кәсіпорындары жұмыс істеді. Қалада өндірістің дамуы оның инфрақұрылымдарының санын жедел өсірді. «Жартас» бөгені салынды (1944, сыйымдылығы 6 млн. м³). 1948 жылы Кеншілер

саябағы ашылды. 1970-1980 жылдары қалалық кітапхана, балалар кітапханасы, спорт ғимараттары бой көтерді. 1964 жылы Қазақ политехникалық институтының (қазіргі Қ.И. Сәтбаев атындағы Ұлттық техникалық университет) бөлімшесі ашылды. 1966 жылы құрылыс техникумы, кәсіби-техникалық училище құрылды (қазіргі кәсіптік бағдар беретін мектеп-лицей). Тәуелсіздік жылдары бұрынғы КСРО аумағындағы экономикалық байланыстардың жаппай үзілуі өндіріс орындарының тоқырауына әкелді, қала өмірінің ырғақты дамуы тежелді. Қаратау фосфорит кен-тасын пайдаланатын Самара, Волгоград, Пермь, Қоқан, Алмалық, Самарқан, Чарджоу қалаларындағы химиялық кәсіпорындар фосфор шикізатын сатып алуды тоқтатты. Тек 90-жылдардың соңында ғана бұрынғы байланыстар қалпына келе бастады. 1990 жылға дейін Қаратауда 40-тан астам өндіріс орыны болды. Бұрынғы фосфорит өндірістік құрылымдары «Қаратау» АҚ-на біріктірілді. Сонымен бірге қалада химия, құрылыс материалдары, тұрмыс қажетін өтеу комбинаттары, ет, нан, сүт заттары, т.б. кәсіпорындар бар. Аудандық тұтынушылар кооперативі, аудандық телекоммуникация, пошта торабы, аудандық электрлендіру жүйесінің мекемесі, Ақкөл су шаруашылығы жүйесінің басқармасы, «Сарытас», «Қаратау» кен байыту басқармасы» акционерлік қоғамдары, «Мәрмәртас» кен орны, Сүлейменсай тері өңдеу фабрикасы, «ҚаратауНан», «Құрылыс-Жанар», «Жолаушы автөкелік кәсіпорны» акционерлік қоғамдары, 2 жол жөндеу басқармасы, т.б. кәсіпорындар жұмыс істейді. Бірнеше жалпы білім беретін мектептер, музыка, спорт мектебі, кәсіптік-техникалық мектеп, Қаратау кен құрылысы колледжі, 2 аурухана, емхана, мәдениет сарайы, стадион, кітапхана, мешіт, т.б. мекемелер бар. Қаланың орталық алаңының өзіндік архитектуралық ансамблі қалыптасқан. Қаратау қаласының іргесінде ежелгі Тамды елді мекенінің орны (Тамды – кент немесе Пергант) сақталған.

Шу – қала, теміржол стансасы, Шу ауданында, аудан орталығы – Төле би ауданынан оңтүстікке қарай 8 км, облыс орталығы – Тараз қаласынан солтүстік шығысқа қарай 225 км жерде, Шу өзенінің сол жағын ала орналасқан. Тұрғыны 35,0 мың адам (1999). Іргесі 1928 жылы Түркістан – Сібір теміржол салуға байланысты қаланды. 1937 жылға дейін ауыл, 1937 жылдан кент болды. Шу қаласы

Мойынты – Шу теміржолы қосылғаннан кейін шұғыл дами бастады. 1960 жылдан аудандық, 1965 жылдан облыстық бағыныстағы қала. Қалада 1997 жылға дейін жөндеу-механика, темір-бетон, қант, сүт зауыттары, автокөлік және құрылыс орындары, баспахана, ауылшаруашылық техника бірлестіктері болды. Олардың басым көпшілігінің атауы мен құзырлары өзгеріп, экономиканың әртүрлі бағытындағы кәсіпорындар мен мекемелерге айналды. Ірілері: Шу тепловоз жөндеу зауыты, Шу механикалық жөндеу зауыты, «Шу астық тарату базасы» АҚ, «Шатыркөл» мыс кен орны АҚ, «Қызыл бидай» АҚ, «Шу астық қабылдау қоймасы» АҚ, «Шу автокөлік кәсіпорны» АҚ, «Шу жолаушы автокөлік кәсіпорны» АҚ, «Қазақ зағиптар қоғамының оқу-өндірістік кәсіпорны» ЖШС, т.б. кәсіпорындар мен мекемелер жұмыс істейді. Мәдени-ағарту орындарынан 10 жалпы білім беретін, 1 кәсіптік мектеп, 2 колледж, 6 кітапхана, 1 мәдениет үйі, 2 стадион, мешіттер, т.б. мекемелер бар. Денсаулық сақтау орындарынан 1 орталық қалалық аурухана, аумақтық емхана, тубдиспансер, отбасылық-дәрігерлік амбулатория, 3 фельдшер-акушерлік пункт және тіс емханасы ел денсаулығына қызмет етеді.

Жаңатас – қала, Сарысу ауданының орталығы. Облыс орталығы – Тараз қаласынан солтүстік-батысқа қарай 170 км жерде, Қаратау жотасының солтүстік беткейінде жусанды күйреуік, баялыш өскен таудың сұр топырақты шөлейт белдемінде орналасқан. Тұрғыны 26,0 мың адам (1999). Іргесі ірі фосфорит кенін игеруге байланысты 1964 жылы қалана бастады. 1969 жылы кентке, 1971 жылы қалаға айналды. Қалада бұрынғы фосфорит өндірісінің негізінде құрылған акционерлік қоғамдар мен өндірістік кооперативтер жұмыс істейді. Бірнеше мектеп, мұражай, мәдениет үйі, 2 кітапхана, спорт мектебі, клуб, аурухана, тубдиспансер, аудандық санитарлық эпидемиологиялық стансасы бар. Тараз – Жаңатас темір жол тармағы өтеді.

Қайталау сұрақтары:

1. Жамбыл облысының тарихи орындарына сипаттама беріңіз.
2. Облыстың тарихи туризмнің дамуына қалай әсер етеді?
3. Жамбыл облысының туризм дамуының физикалық-табиғи алғышарттарын атаңыз.

4.3. Қызылорда облысы

Әкімшілік орталығы – Қызылорда қаласы.

Жер аумағы: 226,1 мың км².

Халқы: 700 578 адам.

Әкімшілік-территориялық бөлінуі. Облыс құрамына 7 аудан кіреді.

Тарихы. Қызылорда облысының тарихы тереңге кетеді және археология, этнография, материалдық және рухани мәдениет, халық тарихын зерттейтін мамандар арасында қызығушылықтар тудырады. Неолит және қола дәуірінің тұрақтары Ақеспе, Шоқысу, Шелгізагем, Көксу, Сары Шығанақ, Жақсы Қылыш және Сапақ, Сексеуіл, Қамысты бас ежелгі тарихтың үнсіз күәгерлері.

Қызылорда облысының басым бөлігі кезінде сақ-массагет иелігінде болған, қалған бөлігін қаңлылар басқарған. Ғұн тайпаларының батысқа қоныс аударуы кезінде Сырдарияның төменгі ағыстарына жетті. Б.з. 93 жылы Арал маңын мекендеген ғұндар эфталиттер мемлекетінің негізін қалайды. 427 жылы эфталиттер Үндістанға жасаған жорықтары нәтижесінде Солтүстік-Батыс Үндістан, Орта Азия, Шығыс Иран және Ауғанстан территориялары кірген үлкен мемлекетті құрайды.

VIII ғасырда Орталық Азияны және Қазақстан оңтүстігін арабтар бағындырып Ислам дінін таратады. IX-X ғасырларда Сырдарияның төменгі және ортаңғы ағыстарында оғыз тайпаларының ерте феодалдық мемлекеті құрылады. Ортағасырлық қалалардың Ұлы Жібек жолы бойында орналасуы оғыз тайпаларына пайда әкелді.

XIII ғасырларда моңғолдардың шапқыншылықтары нәтижесінде Жент, Сығанақ, Асанас, Өзкент, Баршынкент, Жанкент қалалары қиратылды.

Әбілхайыр ханның билігі кезінде көшпелі өзбектер хандығының орталығы Сығанақ қаласы болған. XV ғасырдың ортасында қала аймақтың әкімшілік орталығына айналды. XVI ғасырда Сырдарияның оң жағалауы Қазақ хандығының қарамағына енді.

1917 жылдың 12 қарашасында Перовск қаласында кеңес билігі орнады. 1925 жылы ҚазАКСР орталығы Орынбор қаласынан Перовск қаласына ауыстырылып, қаланың атауы «Қызылордаға» өзгертілді.

Түркістан – Сібір теміржолы салынып біткеннен кейін 1929 жылы ҚазАКСР астанасы Алматы қаласына ауыстырылды. Қызылорда қаласы аудан орталығына, ал 1938 жылдан бастап облыс орталығы дәрежесіне ие болды.

Географиялық орналасуы. Қызылорда облысы Қазақстанның оңтүстігінде орналасқан. 1938 жылдың 15 қаңтар күні құрылған.

Орталығы – Қызылорда қаласы. 1938 жылы Оңтүстік Қазақстан облысының аумағында құрылған.

Ұлы Жібек жолы – әлем өркениеті тарихының маңызды жетістіктерінің бірі. Жолдары жан-жаққа тараған керуен жолдары Еуропаны, Азияны қиып, Жерорта теңізінен Қытайға дейін ежелгі және ортағасырларда Батыс пен Шығыс мәдениетінің арасында маңызды сауда желісі болды.

Қазақстан және Орта Азия территориясы арқылы өтетін Ұлы Жібек жолының ең ұзаққа созылған жері. Қытайдан жібек, Үндістаннан қоспалар мен тастарды, Ираннан күміс бұйымдарды, византиялық полотнолар, түркі құлдары, Афрасиабтың керамика және басқа көптеген тауарлары Қаратау және Алтай, Тянь-Шань және Памир өткелдерінен өтіп, Мерв және Хорезм оазистері, Сарыарқа даласы арқылы Қарақұм және Қызылқұм шөлдерінен өтетін.

Қызылорда облысы Ұлы Жібек жолында жатты, оның дәлелі 500-ден астам қазақ халқының мәдени және тарихи ескерткіштері. Бұл қазақ халқы өкілдерінің сәулет, археологиялық ескерткіштері және кесенелері.

Сыр өңірінде ежелде өмір сүрген Қорқыт баба, Әйтеке би және Жалаңтөс Бахадүр, Жанқожа, Бұхарбай, Тоғанас, т.б. халықтың мақтанышы. Осы жерде туған Ғани Мұратбаев, Мұстафа Шоқай және белгілі жер өңдеуші Ыбрай Жақаев – өз отанының патриоттары, өз елінің батыр ұлдары. Олардың аттары өлкетану тарихна кіріп, үйлердің қабырғаларында қашалған.

Тарихи қалалар Сауран және Сығанақ, археологиялық ескерткіштер және кесенелер Сунақ Ата, Айқожа ишан, кесенелер Қарасопы, Оқша Ата, Досбол би, Есабыз, Ақтас мешіті, Қорқыт Ата мемориалды комплексі Ұлы Жібек жолының туристік бағыттарына кіреді.

Жетіасар – қалалар тобы. Б.з.б. I мыңжылдықтың соңы – б.з.VIII ғасырда өмір сүрген қалалар тобы ежелгі Сырдарияның солтүстік бөлігінде орналасты. Қаланың негізгі бөлігі Қызылорда облысының қазіргі Байқоңыр қаласы мен Жусалы кентінен оңтүстікте 45-90 км қашықтықта болған.

Алтынасар, Құрайлыасар, Қараасар, Базарасар, Томпақасар, Жалпақасар қорғандары маңызды болып келеді. Қалашықтардың биіктігі қоршаған орта үстінен екіден он метрге дейін барады.

Жетіасар мәдениетінің барлық қалашықтары өзендер маңайында, қоғамдық үйлердің орнында қызмет ететін бірнеше бір-екі этажды қорғандардан тұрады. Тұрғындары балық, мал, жер өңдеу шаруашылығымен айналысып, қалашық арқылы Тянь-Шаньнан Еділге дейін маңызды керуен жолдары өтетін болған.

Жетіасар мәдениеті археологтарды ежелгі тохарлар және эфталиттермен, басқа қаңлы тайпаларының мәдениетімен байланысты болады.

1946-1951 жылдары С.П. Толстовтың жетекшілігімен бұрынғы КСРО ҒА Хиуа экспедициясы алғаш рет ескерткіштерді зерттеуді қолға алған еді. 1973-1993 жылдары Л.М. Левиннің жетекшілігімен бұл жұмыстар одан әрі жалғастырылды. Алтынасар қалашығынан бұрынғы ескерткіштерге қосымша олжалар 1980 жылдың екінші жартысы – 1990-жылдары Ленинск (қазіргі Байқоңыр) қаласы мен Қызылқұм артезиан су көздерінен құбырлар тарту барысында табылған.

Сығанақ – қалашық. Қызылорда облысының шығысында, Төменарық теміржол стансасынан солтүстік-шығысқа қарай 18 км-де, Сырдария өзенінің солтүстігінен 20 км қашықтықта орналасқан.

Қала ауданы шамамен 10 га жерді алып жатыр. Қала орнында мешіттер, кесенелер, ғимараттардың кейбір бөліктері сақталған. Сырдария және тағы басқа да тау өзендерінен 20 км-ге баратын Қаратау баурайларында канал тартылған.

Қала туралы алғашқы деректер X ғасырдағы араб географы Махсиди жазуларында кездеседі. Оғыздар қаласы XI ғасырдың ортасында Каспий теңізінің солтүстік жағалауы, Тянь-Шань таулары, Сырдария өзені жағалаулары арқылы өтетін керуен жолдарында орналасқан.

1219 жылы қаланы моңғолдар талқандап, кейін Алтын Орда орталықтарының бірі ретінде қайта жаңғырған. XIV ғасырдың ортасында Ақ Орданың астанасына айналады. XVI ғасырда және XV ғасырдың бірінші жартысында Түркістан және Сауранмен терезесі тең қала болып, Қазақ хандығы орталықтарының бірі болған.

1948 жылы алғашқы археологиялық қазбаны Мәскеу археологтары жүргізіп, б.з. V ғасырына жататын заттар табады. 2004 жылдан бастап қаланы зерттеу «Мәдени мұра» Қазақстан мемлекеттік бағдарламасы аясында жүргізілуде.

Халқы. Облыстың халық саны 2011 жылдың 1 желтоқсандағы ағымдағы деректер бойынша 711,9 мың адамды құрады, оның ішінде 37,7 мың адам Байқоңыр қаласында тұрады. Халық саны 2010 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 1,9 %-ға артқан.

2011 жылдың қаңтар-қыркүйегіндегі облысқа келгендердің саны 2010 жылғы қаңтар-қыркүйекпен салыстырғанда 4,5%-ға, ал кеткендердің саны 7,3%-ға азайған. Облыстағы негізгі көші-қон басқа облыстардың есебінен болуда. Басқа облыстан келгендердің және сол облысқа кеткендердің үлесі тиісінше 43,7 және 53,9 пайызды құрады. Облыс ішіндегі қоныс аударушылардың саны 2,9%-ға азайған. Облыс бойынша халықтың көші-қонындағы теріс көрсеткішті Жаңақорған ауданы мен Байқоңыр қаласынан басқасы береді.

Көлік қарым-қатынасы. Қорқыт Ата атындағы Халықаралық әуежай Қызылорда қаласын Қазақстанның облыс орталықтарымен байланыстырады.

Қызылорда облысы арқылы Қызылорда – Петропавл, Алматы – Ақтөбе, Алматы – Атырау, Алматы – Маңғыстау, Алматы – Орал, Қызылорда – Сексеуіл, Сексеуіл – Түркістан теміржолдары өтеді.

Қазіргі таңда облыс бойынша 212 елді мекенді байланыстыратын 246 автобус маршруты қызмет көрсетеді.

«Шымкент – Самара» М-39 халықаралық автокөлік тас жолы Қызылорда облысы арқылы солтүстіктен оңтүстікке қарай өтеді.

Туризмнің даму нысандары.

Айқожа кесенесі. XVI – XVII ғасырлар.

Құрылыстың іргетасы болған күйдірілген кірпіш сақталған, қалыңдығы – 20 см. Іргетасы ретінде 20 см тереңдікке кететін тас бетон қаланған; фундаменттің жан-жағын 50 см-лік қиыршық таспен

қаланған, олардың материалдық жағдайы қанағаттандырырлық. Қабырғалары күйдірілген саз кірпіштен қаланған. Қалыңдығы – 1,4 м. Жөндеу жұмыстарынан кейін пайдаланылуға берілген.

«**Ақтас**» мешіті Қызылорда облысының далалы аудандарында орналасқан.

Ол 27x14x6,5 см және 26x27x6,5 см және 1,5-2 см-лік қалың көлемді күйдірілген кірпіштен салынған күмбезді құрылыс. Жоспар бойынша жан-жағы 19x18,6 м-лік күмбездің биіктігі – 19,5 м. Күмбез тіреліп тұрған қабырғалары арка түрінде салынған. Қабырғалары шикі сазбен сыланған. Құрылыстың салынған уақыты шамамен 1884 жыл, 1984-1986 жылдары ескерткішке жөндеу жұмыстары жүргізілді. Сазды лаймен қалауды көрсететін жекелеген кірпіш жіктері цементпен бекітілген. Нысан қазіргі уақытта пайдаланылуға берілген.

«**Асан Ата**» кесенесі. Қызылорда облысы Шиелі ауданындағы бұл тарихи ескерткішке қайта жөндеу жұмыстары жүргізілген. 27x15x6,5 см және 26x27x6,5 см көлемді күйдірілген кірпіштен сазды лаймен салынған күмбезді құрылыс. Жоспардағы тікбұрышты портал – 3,8 м. 7,06 м-лік күмбез үстіне дейінгі биіктік – 7,66 м. Пішімі төртбұрышты құрылыс. Іштеріне арка салынған. Ішкі қабырғаларының беті цемент қосылған лаймен сыланған. Нысан пайдаланылуға берілген.

Мақұл Там. XIX ғасырдың ортасы.

Мақұл Там кесенесі Қызылорда облысында орналасқан. Діни мағына беретін ғимараттардың сәулет өнері қатарына жатады. Кесене, негізінен, екі күмбезді ғимарат; ішкі қуыс бөлмелері екі қабатты болып жасалған. Ұзындығы мен ені 11,46x7,0 м, алдыңғы бөлмесінің биіктігі – 4,3 м, ал жалпы биіктігі – 8,775 м. Қабырғалары 320x150x65 мм пішініндегі күйдірілген кірпіштен қаланған. Қабырғалардың биіктігі – 4,3 м. Сыртқы қабырғаларының қалыңдығы – 2,5 кірпіш.

Арал ескерткіштері. XIII – XIV ғасырлар.

«Арал қасіреті», яғни оның шекарасының тарылуы мен суының тартылуы археологияның тағы бір жарқын ашуларына септігін тигізді. 2001 жылы кеуіп кеткен теңіз табанынан тас пен қыштан тұрғызылған кесене табылды. Кесене құрылысы XIV ғасырға жатады.

Арал теңізі табанындағы ескерткіштерге деген қызығушылық 2004 жылы қайта жанданды. Мұнда ортағасырлық қалашық пен мазар табылды. Арал – жан-жағы шөл және шөлейтті, мұхитпен байланыспаса да теңіз аталатын бірегей бассейн. Аридтік аймақтың тұйық бассейндерінің көпшілігі сияқты Аралдың да деңгейі тұрақсыз. Деңгейдің өзгеруімен оның ауданы, көлемі және минералдануы да өзгеріп тұруы табиғи нәрсе. Алайда, мұндай ауқымды бассейннің өмір сүруі, оның деңгейінің ондаған метрге ауытқуының басты факторы, Орта Азияның ірі өзендері – Әмудария мен Сырдарияның Аралға құяр суының көлемі мен ұзақтығына тікелей байланысты. Бұл жағдай өзендердің Арал ойпатына жетпеген кездеріндегі эол процестерінің басым болғандығымен дәлелденеді. Әмударияның ұзақ мерзімге Сарықамысқа бұрылуы Темірдің Хорезмді жаулап алуымен байланысты болды. Оның әскері көптеген қалалар мен ирригациялық жүйелерді толық жойып жіберген. Нәтижесінде Әмудария Сарықамыс ойпатына қарай ағып, оны толтырды және қысқа мерзімге Үзбоймен аққан болуы керек. Арал деңгейі 43-44 м-ге төмендеді. Бұл XIV ғасырдың аяғында болған жағдай. Бірақ XV ғасырда Сарықамыс көлінің деңгейі 10 м-ге төмендеп, кейін қайта 30 м-ге көтерілген және осы деңгейде немесе осыған жақын деңгейде ұзақ уақыт тұрған.

«Арал асар» деп шартты түрде аталатын қалашық Қызылордадан солтүстік-батысқа қарай 370 км қашықтықта орналасқан. Қаратерен ауылынан 65,2 км жерде. Қалашықтың жалпы ауданы 6 га-дай. Оның маңынан шаруашылыққа қажетті заттар: диірмен тастары, керамикалық ыдыстар мен олардың сынықтары, темір және қола бұйымдардың бөліктері, XIV ғасырдың ортасына жататын күміс теңгелер табылған.

Қалашық маңындағы мазаратта орналасқан кесене қалдықтары қызықты. Құрылыс биіктігі 1,6 м жайылған төбе түрінде сақталған. Қазба жұмыстары жүргізілгеннен кейін ортағасырлық кесене аршылып алынды. Көлемі, құрылыс материалдары мен архитектуралық әдістері бойынша ғимараттың бұл түрін қасбетті кесенелерге жатқызуға болады. Мұндай ғимараттардың порталы тамаша шыңылтыр тақталармен әшекейленген. Жанындағы есіктерінің бар-жоғына қарамастан, мұндай кесенелер тек бір жақтан кіріп-шығуға арналған. Кесене архитектурасын, географиялық орналасуын, жерлеу түрлерін және артефактілерді

сараптау негізінде бұл ескерткішті XIII ғасырдың аяғы – XIV ғасырдың ортасына жатқызуға болады.

Арал теңізінің қайту аймағындағы археологиялық ескерткіштерді мақсатты зерттеу 2004 жылдан басталды. Аймақтың даму ерекшеліктерін көрсететін археологиялық ескерткіштер қатары анықталды, қазба барыстарында табылған олжалар ескерткіштердің мәдени-хронологиялық артрибуциясын айқындауға, сонымен қатар этномәдени процестер динамикасын ашуға көмектеседі.

Жанкент – оғыздардың астанасы. IX ғасыр.

Ортағасырлық Жанкент қалашығы Қызылорда облысы Қазалы ауданында орналасқан. Ортағасырлық жазбалар бойынша Сырдария өзенінің төменгі ағысындағы Жанкент қаласы (Янгикент) «оғыз хандарының» резиденциясы болған.

Қалашық тікбұрыш пішінді келген, көлемі 325x200 м. Қалашықтың солтүстік-батыс жағында жақсы сақталған цитадель орналасқан. Қаланың батыс және шығыс жағында кіріп-шығатын қақпа орын тепкен. Қалашықтың фортификациясы жартылай дөңгелек мұнаралы сыртқы қабырғалармен белгіленген. Қалашықтың солтүстік қамалдарының сыртқы жағында жүргізілген құрылыстардың қалдықтары сақталған.

Қалашыққа алғашқы археологиялық жұмыстарды 1867 жылы Түркістан археологиялық қоғамының мүшесі П.И. Лерх бастаған экспедиция жүргізген. 1868 жылы ескерткішті В.В. Верещагин де зерттеген. Алдын ала анықтау жұмыстарын С.П. Толстовтың жетекшілігімен 1946 жылы Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясы жасаған. Ежелгі қалашықтың зерттелуінің жаңа кезеңі 2005 жылы Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Этнология және тарих институты және Қорқыт атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті тарапынан басталды.

2007 жылдан бастап ескерткіш «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы бойынша зерттеле бастады. Қалашықтың цитаделінде бірнеше бөлмелер, үлкен тұрақ бөліктері зерттелді. Интерьері мен жобасына қарағанда бұл тұрақтардың құрылыс дәстүрі Оңтүстік Қазақстан және Хорезм ортағасырлық қалалық мәдениетіне жатады. Тұрақтар шаруашылық және тұрғын

бөлмелерге бөлінген. Тұрғын бөлмелердің ішкі қабырғаларының қасынан суфалар ашылды. Бөлмелердің орташа келген ошақтар арқылы жылытылғаны байқалады.

Қалашықтың цитаделінен ғибадатхана орны ашылды, ол күйдірілген саздан жасалып, оюлармен өрнектелген. Бекініс қорғандарының салынуынан да бұрынғы кезеңдерге тән белгісіз ерекшеліктер әлі де толығырақ зерттеуді қажет етеді.

Табылған заттар б.з. I мыңжылдығының соңы мен II мыңжылдықтың басына сай келеді. Олардың қатарында жез тиындар, еңбек құралдары, қоладан жасалған сырғалар, сақиналар, қоңыраулар, қапсырмалар және т.б. бар. Керамикасы құмыра, құман, кеселер және қолдан жасалған дастархан секілді шаруашылық пен ас ыдыстардан тұрады. Ыдыстардың қиғаш келген толқын сызықтармен өрнектелуі Оңтүстік Қазақстан мен Сарыарқаның ортағасырлық қалаларына тән құбылыс, сонымен қатар Сырдарияның ортағасырлық көшпенділерінде кездесетін тамғалар мен мөрлерді де кездестіруге болады. Жанкент керамикасында әртүрлі мәдени дәстүрлердің қосарлануы да көрініс тапқан. Яғни жазба деректер дәлелдегеніндей, оғыздар өздерінің этносаяси одағында түркі тайпаларының барлығымен дерлік тығыз байланыстар орнатқан.

«Сарман Қожа» мұнарасы. XI ғасыр.

Қармақшы ауданы Қызылорда облысында орналасқан. 24x12x7 см көлемді шикі кірпішті мұнаралы құрылыс. Сырты қабаты 2 см-ге дейінгі қалыңдықтағы сазды лаймен күйдірілген кірпіш. Жоспар бойынша сыртқы қабырғаны диаметрі 7 м-лік дөңгелек формалы нысан деуге болады, биіктігі – 15 м.

Қабырғаларының қалыңдығы – 1,81 м. Мұнара құрылысы жағынан XI ғасырға келеді.

Сырлы Там кесенесі. XII ғасыр.

Бұл 27x13x4,5 көлемді күйдірілген ақ кірпішпен тұрғызылған күмбезді ғимарат. 9,6x10,15 м тікбұрышты пішінде, күмбездің биіктігі – 7,7 м. Ғимараттың қабырғалары өрнекті плиталармен жабылған.

Қара сопы. XVIII ғасыр.

Қызылорда облысы Жаңақорған ауданының оңтүстік-батысында 10 шақырым жерде орналасқан. Ескерткіш екі үлкен

бөлмеден тұратын күмбезді құрылыс. Құрылым кәбірхана және зияратханадан тұрады. Құрылысына күйдірілген кірпіш пайдаланылған; тік бұрышты 13,9x9,6 м-лік; биіктігі – 9 м.

Кесененің тұрғызылған уақыты – XIX ғасыр. 1983 жылғы зерттеу жұмыстары кезінде конструкцияда қателіктер орын алған:

– күмбездің тура және вертикальды жарықшақтары, негізінен, солтүстік батыс секторында орын алған. Жарықшақтар күмбездің орта тұсынан басталып, барабанға дейін жеткен, нәтижесінде күмбез аласарған;

– батыс жақ қабырғасының орта тұсы 10 см-ге шалқайған және орта тұсына таман тік жарықшақ пайда болған.

Шірік Рабат. Б.з.б. IV – II ғасырлар.

С.П. Толстов жетекшілік еткен Хорезм археологиялық және этнографиялық экспедициясы 1946 жылы Шірік Рабат қалашығын ашты. Осы жылдары үлкен храм, бір шеңбер және тікбұрышты жерлеу құрылыстары зерттелді. Қалашық және қорғаныс үйінділерінің әртүрлі бөліктеріне бірнеше шурфтар салынды. 2004-2006 жылдары «Мәдени мұра» ҚР Мемлекеттік бағдарламасы аясында зерттеу жұмыстарын Шірік Рабат археологиялық экспедициясы жалғастырды (Ж. Құрманқұлов).

Шірік Рабат қалашығы Қызылорда қаласынан оңтүстік-батысқа қарай 300 км жерде, қазіргі уақытта суы тартылған Жаңадария өзенінің сол жақ жағалауында орналасқан. Бұл қалашық солтүстіктен оңтүстікке қарай 850x600 м-ге созылған табиғи төбе үстінде орналасқан. Қалашық мықты әскери жүйемен қоршалған. Төбенің төменгі жағында ені 40 м, тереңдігі 4,5 м ор қазылған. Қазіргі уақытта сақталған биіктігі 3 м, табанындағы ені 8-10 м. Ордың ішкі периметрі бойынша да жал орналасқан.

2004-2006 жылдары қалашық территориясында екі жерлеу конструкциясы және диаметрі шамамен 80 м-лік үлкен шеңбер тәріздес құрылыс қазылды.

Зерттелген жерлеу орындары диаметрі 15 м болатын кішігірім ойыс сияқты болып келген. Қазба барысында жер деңгейінен 2,10-2,50 м тереңдікте пішіні төртбұрышты болып келетін күрделі кәбір құрылысы табылды. Бұл бір-біріне ұқсас батыс және шығыс бөліктерден тұратын катакомбалардан тұрады. Кәбірхананың са-

лыну барысын сөз етер болсақ, мұнда ең алдымен мәйіттің ішкі үйі болып есептелетін лақат қазылып дайындалған. Мәйіт жерленген соң оның шығар есігі кесек кірпіштермен қалап жабылған. Лақат ішінен бас жағымен оңтүстікке қарай жатқызылған үш ересек адамның мәйіттері аршылып алынды. Қабірді аршу барысында мәйіттермен қоса көмілген жеке бұйымдар да табылды. Батыс беттегі жеке жатқан мәйіттің сол жанынан ұзындығы 1 м-ден асатын семсер мен бел тұсынан белдіктің қалдықтары табылды. Мұнда айта кетерлік жәйт: шығыс беттегі екі мәйіт бірінің үстіне бірі қабаттастырыла қойылған. Екі мәйіттің астыңғысының белінен белдік былғарысының қалдықтары мен киімдерге жапсырылып тігілген сары металдан, пастадан жасалған әшекейлік бұйымдары табылды. Сондай-ақ, олардың жанынан Есіктен табылған таңбаларға да ұқсас болып келетін жазуы бар қыш құмыра-көнек пен күміспен құрсауланған ағаш тостағанның қалдығы шықса, ал аяқ жағынан қыштан жасалған шамдал ыдысы табылды. Жерлеу құрылыстары б.з.б. IV-II ғасырларға жатады.

Қалашықтың оңтүстік-шығысында орналасқан үй бірнеше бөлмелер мен шаруашылық құрылыстарынан тұрады. Табылған заттар бұл үйдің жерлеу құрылысынан кейінгі кезде, яғни IX-XII ғасырларда соғылғанын көрсетеді.

Оқшы Ата кесенесі. XVIII ғасыр.

Оқшы ата кесенесі сазды лаймен күйдірілген кірпіштен тұрғызылған. Іргетасы да күйдірілген кірпіштен 0,8 м-лік тереңдікте салынған. Кесене қабырғаларының қалыңдығы – 1,1-1,2 м. Көпірі 25x25 көлемді күйдірілген кірпіштен салынған. Олар лайдың дымқыл тарту себебінен ылғалданған.

Қайталау сұрақтары:

1. Қызыорда облысының туризмінің дамуына физикалық-табиғи жағдай қалай әсер етеді? Негізгі шипажай орындарын атаңыз.
2. Облыстың қандай тарихи және мәдениет ескерткіштерін білесіз?

4.4. Оңтүстік Қазақстан облысы

Әкімшілік орталығы – Шымкент қаласы.

Жер аумағы: 117,3 мың км².

Халық саны – 2 567 707 адам.

Әкімшілік-территориялық бөлінуі. Облыстың әкімшілік-территориялық құрылымына облыстық маңызы бар Шымкент, сонымен қатар Кентау, Түркістан, Арыс қалалары және тағы он бір ауылдық аудан кіреді.

Тарихы. Бұл аймақтың территориясы туралы ежелгі жазба деректерде мәліметтер сақталған: археологиялық қазба жұмыстары барысында 20-дан астам ежелгі тұрақтар табылды.

Шымкент қаласынан 8 шақырым жерде ортағасырлық Испиджаб (қазіргі Сайрам қаласы) немесе «Ақсу жағасындағы қала» орналасқан. VII ғасырда «Ақсу жағасындағы қала» Ұлы Жібек жолы бойында тұрды деген де мәлімет бар.

1219-1224 жылдары Қазақстан мен Орталық Азия Шыңғысхан империясының құрамында болып, ал Қазақстанның оңтүстігі Шағатай ұлысына енген. XIV ғасырдан бұл өңірге араб әліпбиі тарап, ислам діні берік орныққан.

Облыс 1932 жылдың 10 наурызында құрылған. 1962 жылдың 3 мамырынан 1992 жылдың 6 шілдесіне дейінгі аралықта Шымкент, ал 1992 жылдан Оңтүстік Қазақстан облысы деп аталады.

Географиялық орналасуы. Оңтүстік Қазақстан облысы Тянь-Шань тауының батыс сілемдері мен Тұран ойпатының шығысын алып жатыр. Оның солтүстік бөлігін Бетпақдала шөлі, оңтүстік қиыр шетін Мырзашөл Қуаң даласы алып жатыр.

Оңтүстік Қазақстан облысының шағын ғана аумағын салыстыра қарағанда ғажап табиғаттың бояу тақтасын еске салатын алуан түрлі ландшафты сыйғызғанын көресіз. Байсалды қалыптағы атам заманғы дала суреті, сондай-ақ сирек ұшырасатын, әдеттегі өсімдіктер түрлерінен тұратын әсем өрнек. Облыстың бір бөлігінде тіршілік қуаң көрінгенмен, оның дәл қасында жануарлар үшін таптырмас жұмақ жер тұр. Облыстың солтүстігіне қарай Бетпақдала мен Мойынқұм Қаратау қырқаларына иек артқан. Нақ осы тұста бұлақтар мен дала қайнарларының айналасындағы шалғындарда сан ғасырлық мал жайылымына пайдаланылатын жерлер қалыптасқан.

Облыс жері, негізінен, жазық, көпшілік бөлігін орташа биіктігі теңіз деңгейінен 200-300 м болатын Тұран ойпатының шығыс бөлігі алып жатыр. Терістігінде Бетпақдала шөлі, Шу аңғарының оңтүстігін Мойынқұм, облыстың батысын Қызылқұм және Шардара даласы, киыр оңтүстігін Мырзашөл алып жатыр. Орталық бөлігінде, Жамбыл облысының аумағымен шектес, оңтүстік-шығыстан солтүстікке қарай 217 километрге көлбей созылып Қаратау жотасы (ең биік нүктесі – 2176 м) жатыр, ал оңтүстік-шығысында Талас Алатауының батыс шетіндегі Өгем жотасында облыстың ең биік нүктесі Сайрам шыңы (4238 м) орналасқан. Өгем мен Келес өзендерін бөліп жатқан Қаржантау жотасы Тәңіртаудың (Тянь-Шань) ең батыс сілемі болып табылады. Қаржантаудың орташа биіктігі 2000 м, ал ең биік нүктесі – Мыңбұлақ тауы (биіктігі – 2834 м). Қаржантаудан солтүстік батысқа қарай тарихы терең, аңызға толы қарт Қазығұрт (ең биік нүктесі – 1600 м) тұр. Қазығұрт тауы оңтүстігінде Келес өзенінің аңғарына барып тіреледі.

Қазығұрт туралы жыр да, аңыз да көп. Көк Тәңірі дүниежүзін топан су басқан кезде жаңа бір пәк дүние жасау үшін Нұх пайғамбардың кемесіне адамзат, жан-жануар, ұшқан құстан, өсімдіктен жұп-жұбымен отырғызып, таза тұқым сақтап қалмақ болған. Топан тартылып, су қайтқанда Нұх пайғамбардың кемесі Қазығұрт тауының басына қайырлапты деседі.

Облыс аумағының жер бедерінде жазықтар мен таулы аймақтар жиі алмасып отырады. Мұнда алуан түрлі құмды, сортаң шөлдерден биік тау мұздықтарына дейінгі климаттық табиғат зоналары кездеседі. Таулы аймақтарда болып тұратын тектоникалық жер сілкіністері аумақтағы тау түзілу процестерінің әлі аяқталмағандығын көрсетеді. Жер бедерінің қалыптасуына зор ықпал етуші күштерге ағын сулар мен желдер жатады. Осы күштерге қосымша антропогендік, яғни адамдардың шаруашылық әрекеттері табиғи ортаның, әсіресе жер бедерінің қалыптасуына зор әсерін тигізетіні сөзсіз. Мысалы, каналдар мен суару аймақтары, авто және теміржолдар, кеніштер мен қала салынған аймақтар, т.б.

Геологиялық құрылымы жағынан облыс аумағы Тұран плитасына жатады. Қаратау жотасы протерозой тактатастарынан және құмтастардан тұрса, оңтүстік-батыс Қаратау карбонның әктас, құмтас конгломераттарынан және девонның жанартау тектес

тау жыныстарынан құралған. Сонымен бірге палеозой қатпарлы іргетасы, Пермь дәуірінде қалыптасқан интрузиялық және жанартаулық, сондай-ақ платформалық мезозой-кайнозой шөгінді тау жыныстары кездеседі.

Облыс қойнауы әртүрлі пайдалы қазбаларға бай: полиметалл, қоңыр көмір, темір кені, гипс, әктас, оттөзімді саз, кварцты құм қабаттары, мәрмәр, түрлі құрылыс шикізаттары бар. Қарт Қаратау қойнауындағы Ащысай, Мырғалымсай және Байжансай қорғасын-мырыш кеніштері ХХ ғасырдың 40-жылдарынан жұмыс істейді. Боралдайтау, Қаржантау, Күмісті және Жоғарғы Бадам алтын кен көздерінің орны ерекше.

Облыста республиканың уран ресурстарының жартысына жуығы орналасқан, олар әлемдегі ең ірі уран кеніштері болып саналады. Ал Иірсу, Сусінген және Абайыл кеніштерінен титан, хром, марганец және темір кендері өндіріледі. Облыс аумағында Шу-Сарысу газ-гелий және Сырдария мұнай-газ кен орындары бар. Боралдай, Таскөмірсай, Келтемашат және Ленгір кеніштерінен қоңыр көмір өндіріледі. Облыс аумағындағы Қаратау фосфорит алабына жататын Герес және Үшбас фосфор кен орындары барлаудан өтті. Ал Тәңіртаудың ең батыс сілемі Қаржантау мен Сайрам жоталары өнеркәсіптің көптеген салаларына өте қажетті шикізатқа бай.

Кентау қаласына жақын маңда орналасқан Ақсай және Солтүстік доломитті кеніштерінде резина, қағаз, бояулар дайындалады, газ-мұнай бұрғылау жұмыстарында кеңінен пайдаланылатын минералдық шикізат бариттің ірі ресурстары бар [15].

Облыстағы құрылыс материалдарының минералды-шикізат базасы әртүрлі цемент, керамзит, кірпіш, шыны және құрылыстық тас өндірістерінің шикізаттары, құм-тас, минералдық бояулар ретінде қолданылады. Олар: Қазығұрт, Бадам, Састөбе және Түлкібас әктастары, Бағаналы гипсі, Күбірексай минералдық бояулары, Леңгір оттөзімді сазы, Күрішбұлақ кварц құмы, Дарбаза және Қыңырақ бентониттері, Сарытопырақты саздақтардың ірілі-ұсақты ресурстары мен құмтастардың табиғи қоспалары көп кездеседі.

Облыс аумағының географиялық орнына (яғни атмосфераның ылғалдылықтың негізгі көзі мұхиттардан тым шалғай орналасуына) және жер бедерінің сипатына байланысты қуаң континенттік

климат қалыптасқан. Мұнда күндізгі және түнгі, қысқы және жазғы температуралар шұғыл ауытқып отырады. Жазы ұзақ, облыс түстігінде 8 айға дейін созылады. Қысы жылы: ең суық ай – қаңтардың орташа температурасы – 2, – 9°C. Ең суық кезең Созақта тіркелген (– 41°C).

Жазы ыстық: шілде айының орташа температурасы – 20-30°C. Ең ыстық кезең Шардарада (+47°C) тіркелген. Вегетация кезеңі 230-320 тәулікке созылады.

Шөлді аудандарда жылдық жауын-шашын мөлшері 100-170 мм, тау етектерінде 300-450 мм, ал биік тауларда 1000 мм-ге дейін құбылады. Жауын-шашын, негізінен, көктем мен күз айларында болады. Қар жамылғысының орташа қалыңдығы 20-40 см аралығында, жазықта 2 айға, тауларда 5 айға дейін жатады. Қар карашаның соңы, желтоқсанның басында түсіп, наурыз айында ери бастайды. Облыстың су қорларын ірілі-ұсақты 127 өзен (жалпы ұзындығы 5 мың шақырымдай), 34 көл (көлемі 110 млн. текше метр), 30 бөген (көлемі 6 млрд. текше метр), 29 пайдаланылатын жерасты сулары және 5 минералды су көздері құрайды. Жалпы облыс аумағына жылына орташа есеппен 37 млрд. текше метрге жуық су келіп, осыншама мөлшерде су кетіп отырады.

Облыстағы ең ірі және ұзын өзен – Сырдария басқа мемлекеттерден басталып, Қызылорда облысы арқылы Арал теңізіне құяды. Облыс аумағындағы Сырдария өзенінің негізгі саласы Арыс өзені (378 км), ол Алатау мұздықтарынан басталып, жол-жөнекей Боралдай (130 км), Ақсу (133 км), Машат (60 км), т.б. көптеген өзен суларымен толығады. Маңызды да ірі өзендер қатарына Келес (102 км), Бадам (145 км) өзендерін жатқызуға болады.

Облыстағы ең үлкен су қоймасы – Шардара бөгені 1965 жылы пайдалануға берілген, судың сыйымдылығы 5,2 млрд. текше метр, су өткізу мөлшері 200 м³/с. Одан су алатын Қызылқұм (106 км), Шардара (10 км) каналдары арқылы 71,5 мың гектар егістік жер суарылады. Бөген су қоймасының сыйымдылығы 37 млн. текше метр, ол Бөген, Арыс өзендерінің суларымен толығып отырады.

Облыстағы 500 мың гектардан астам суармалы жерлерді игеру үшін 14336 шақырым су арналары, 4743 км су қашыртқылары және 1900 дана тік дренажды ұңғышалар, 61 мыңнан астам гидротехникалық ғимараттар жұмыс істейді.

Облыс аумағындағы көлдер ауылшаруашылығымен бірге басқа да мақсаттарға пайдаланылады. Шошқакөлде (көлемі 8,6 млн. м³) аң ауланады, Сарыкөлден (10,2 м³) балық ауланады, Қызылкөл суының (5,9 м³) ем үшін пайдасы зор.

Облыстағы жерасты суларының қоры ретінде Бадам – Сайрам, Мырғалымсай, Талас – Ақсу, Иқансу, Бөген жерасты су көздерін атауға болады, Шу – Сарысу артезиан алабының су қоры 260 млн. текше метрден асады, минералды сулар Сарыағаш, Манкент шипажайлары мен Темірлан ауылдарында арнайы рұқсатпен пайдалануға берілген.

Халқы. Облыс бойынша 2012 жылдың 1 қаңтарына халық саны 2622,1 мың адамды құрады. 2011 жылдың 1 қаңтарымен салыстырғанда облыс бойынша жалпы халық саны 54,4 мың адамға немесе 2,1%-ға артты.

2011 жылы облысқа 31784 адам келді, 7518 – Қазақстанның басқа облыстарынан, 6892 – ТМД елдерінен, 150 адам – алыс шетелдерден келгендер. Облыс ішіндегі көші-қон 17224 адамды құрады. 2010 жылмен салыстырғанда Қазақстанның басқа облыстарынан келгендердің саны – 13,9%-ға кеміді, ТМД елдерінен келгендердің саны – 0,1%-ға артты.

Кеткендердің ішінде 23417 адам – Қазақстанның басқа облыстарына, 834 адам – ТМД елдеріне, 32 адам – алыс шетелдерге кеткендер.

Облыс көлемінде көшкен мигранттардың саны 2010 жылмен салыстырғанда 16,0%-ға кеміді және жақын шетелдерге кеткендердің саны – 1,7%-ға артты.

Көші-қон ағыны бойынша абсолюттік ауытқу айырымы: облысаралық көші-қон – 15899 адам (теріс) болған жағдайда, ТМД елдері бойынша – 6058 адам (оң), алыс шетелдермен – 118 адам (оң) болды.

Көлік қарым-қатынасы. Облыста теміржол екі бағытта салынған, жалпы ұзындығы 444,6, автомобиль жолының ұзындығы 5,2 мың шақырым, оның ішінде қатты жол ұзындығы 5,1 мың шақырым.

Облыс орталығы Орынбор – Ташкент және Түркістан – Сібір халықаралық магистральдары бойында орналасқан. Сонымен қатар Ташкент – Шымкент – Тараз – Алматы, Ташкент – Шым-

кент – Түркістан – Самара қалаларымен байланыстыратын жолдар бойында орналасқан.

Туризмнің даму нысандары.

Ақсу-Жабағылы қорығы – әлемнің айрықша қорғауындағы қорықтар қатарына жатады. Батыс Тянь-Шаньның ең көрікті жерлерінің бірі.

Қорық 1926 жылы құрылған. Ол өсімдік пен жануарлар дүниесіне бай. Мұнда жануарлар мен құстардың 55-тен, ал өсімдіктің 200-ден астам түрі бар. Олардың көпшілігі Қызыл кітапқа енгізілген. Ауданы – 85574 га.

Тянь-Шань тауының көзтартар жоталары мен сайлары, Ақсу өзенінің арнасы ешкімді де бей-жай қалдырмайтыны анық.

Түлкібас ауданында бақылауға алынған табиғи ескерткіштерге Ақбиік ауылындағы ғажап үңгір, Пістелідегі жаңғақ тоғайы, Машат сайы және басқа да көптеген көрікті табиғат қойнаулары жатады.

Батыс Тянь-Шаньның тамаша табиғатын 2003 жылы өңірімізге келген ЮНЕСКО Комиссиясы қанағаттанған сезіммен атап өтті. Комиссия осынау көп бөлігі Оңтүстік Қазақстан облысына қарайтын табиғат бұрышын алдағы уақытта сақтау үшін шекаралас үш мемлекетті күш біріктіруге шақырды. Қожа Ахмет Яссауи кесенесіне барабар Жабағылы қорығы да ұлт мақтанышы болып табылады.

Қорықта негізгі үш аудан бар: бірінші аудан қорықтың өзі. Бұл территория ерекше қорғалатын территория және туристік шаруашылықты жүргізуге тыйым салынған. Бірақ туристік қажеттілікті қанағаттандыру мақсатында екінші аудан құрылған. Мұнда он арнайы экотуристік маршрут жасалған. Үшінші аудан буферлі аймақ болып табылады. Мұнда аңшылық жүргізуге, химиялық және өндіріс кешендерін салуға тыйым салынған.

Қорық қорғау мен экологиялық білім беру және туризмге қатысты шаралар мен сұрақтар үшін жауапты арнайы бөлім Жабағылы кеңшарында орналасқан.

Сайрам-Өгем ұлттық саябағы табиғи саябаққа жатады. Өгем жоталары Батыс Тянь-Шань тауларының жалғасы болып табылады. Аймақта Қазақстан Қызыл кітабына енгізілген жануарлар баршылық. Олардың қатарында бүркіт, ақ тырнақты аю, тау ешкісі, барыс, т.б. бар.

Өгем ұлттық сабағында өсімдіктердің 1250 түрі (оның 47 түрі Қазақстан Қызыл кітабына енген) өседі. Өгем қыратының Қазақстандағы бөлігінде ерекше табиғи ескерткіштер мен ортағасырлық тарихи ескерткіштер үйлесімділік тапқан. Өгем ауданында мәдени, тарихи және табиғи ескерткіштердің үлкен көлемі жиналған. Мысалы, Қасқасу кеңшарында ежелгі сақ қорғандары орналасқан. Бұл ескерткіштермен көптеген аңыздар мен нақты тарихи оқиғалар байланысты. Шілтер, Жылаған Ата, Айтас, Бүркіт, Сусіңген көлі, т.б. 2005 жылдан экотуризм белсенді түрде дамуда. Аймақ бойынша қазіргі таңда 16 экотуристік маршрут ұсынылады.

Лепсі аймағы Жоңғар Алатауы жоталарының солтүстік беткейлерінде орналасқан. Территорияны толықтай тау ормандары алып жатыр. Бұл аймақта өзендер мен бұлақ көздері көп. Аймақ халқы табиғи бал өндірумен айналысады.

Қаратау мемлекеттік табиғи қорығы 2004 жылы құрылғаны. Қаратау жотасының орталық бөлігінде орналасқан. Қаратау жотасы Тянь-Шаньның солтүстік батыс доғасы болып табылады. Әкімшілік жағынан Оңтүстік Қазақстан облысы территориясына жатқызылады. Мойынқұм, Қызылқұм шөлдерімен, Ыстапқаламен көршілес орналасқан. Қорық ауданы шамамен 34 300 га. Солтүстік және солтүстік-шығысында шекарасы Созақ ауданымен, батысында Созақ ауданының Балдыр және Тентек өзендерінің қосылар тұсындағы Қарағаштауымен, оңтүстігінде Қарағаштаудан Талдыбұлақ, Хантағы өзендерімен өтеді. Қорық міндеттері: флора мен фаунаның экожүйесін, олардың генетика ресурстарын және Қаратау жотасының табиғат ерекшеліктерін сақтау, ғылыми зерттеулер мен мониторинг үшін адам тимеген табиғи орта элементтерін қорғау, туристерді оқу және ақпарат бағдарламаларымен қамтамасыз ету (табиғи ортаны сақтау және қорғау функцияларын орындау мақсатында), қоғамнан шектеуді қамтамасыз ету.

Қорықтың орталығы Кентау қаласында орналасқан (Түркістаннан 40 шақырым жерде). Орталық қорықтан 17 шақырымдай қашықтықта. Негізінен мұнда архарлар мекен етеді. Бірақ саны өте аз, қазіргі таңда 55 бас қана сақталған. Қорықтың солтүстігінде Қаратауда ғана кездесетін эндемик болып табылатын Қаратау архары кездеседі. Мұнда өсімдіктің 85 эндемик түрі бар. Қаратаудың

мақтанышы және көркі Грейг қызғалдағы, ырғай және томағашөп аллохруза.

Қорықты құру мәселесі өткен ғасырдың XX ғасырдың 80-жылдары көтерілген еді. Қорықты құрудың алғашқы жоспарын «Қазгипроград» жобалау институты ұсынды. Бірақ ол іске асырылмады. 2001 жылы Қаратау жотасы биоәртүрлілік бойынша Орта Азия трансшекаралық Гэф жобасының жоспарланатын территориялар қатарына кірді. 2002 жылы осы ұйымның қолдауымен Қаратаудың қазіргі жағдайына толық кешенді ғылыми бағалау жүрді. Зерттеулер нәтижесінде осы өлкенің құндылықтары нақтыланып, қорық құру қажеттілігі туындады. Қорық территориялар құрамына Түркістан әкімшілігіне қарайтын жер телімдері кірді. Қорық ҚР Ауылшаруашылық министрлігінің орман және аңшылық шаруашылық комитетінің басқаруына қарайды.

Шымкент қаласы XII ғасырда Орта Азиядан Қытайға баратын сауда жолы бойында қалыптасты. Оңтүстік Қазақстандағы ежелгі қалалардың біріне жатады. Қазіргі таңда мұнда 398,3 мың адам тұрады. Бұл қала маңызды теміржол торабы. Қалада әртүрлі салада жұмыс істейтін кәсіпорындар көп. Олардың ішіндегі «Шымкент мұнай өңдеу зауыты», «Шымкент шина», «Шымкент цемент», «Шымкенттасбоцемент», «Шымкентмай» секілді өндіріс ошақтары республика бойынша алдыңғы қатарда.

Қалада 3 жоғары оқу орны, 3 театр бар. Қала тарихымен өлкетану мұражайы таныстыра алады. Табиғат қорғау мәселесіне үлкен көңіл бөлінген. Мұндағы әрбір саябақ, гүлбақ (сквер) – аспан астындағы өзіндік жаңа сауықтыру орны.

Қазақстан Ресей патшалығының құрамына кіргеннен кейін Шымкент қаласына ерекше көңіл бөлінді. 1867 жылдан бастап Шымкент, Сырдария облысының уездік қаласына айналды. Шымкенттің шаруашылық сипаттамасы Түркістан өлкесі бойынша жолсілтемеде (1901) берілген: «Ол Ташкентті Сайрам бидайымен, таза сиыр сүтімен жабдықтайды. Еділ бойындағы шұға тоқу фабрикалары одан жүн, ал шетелдік зауыттар тері, шұжық және аспап шеберлері ішектер алады. Қаланың жылқы саудасымен даңқы шыққан» деп көрсетілген.

XX ғасырдың басында Шымкентте 3 май шығару, 5 тері зауыты, 15 кішігірім кірпіш зауыты, 26 диірмен қолданылған. 1885

жылы салынған сантонин зауыты ірі өнеркәсіп орны болған (қазір «Химфарм» ААҚ), олардан басқа 4 мақта тазалайтын өндіріс, 15 ұстахана, 15 сабын қайнататын өндіріс ошағы болған. 1915 жылы Жетісу теміржолының Арыс – Шымкент бөлігі пайдалануға берілген. 1914 жылы қыркүйекте сенаттың бұйрығымен Шымкентке Черняев аты берілген еді. Дегенмен, 1921 жылы қалаға өзінің тарихи атауы қайтарылды.

Сайрам – Оңтүстік Қазақстан облысында орналасқан. Бұл қаланың бұрынғы атауы – Испиджаб. Испиджаб – үлкен, ірі қала болған. Онда цитадель және рабат, дүкендер, маға базары және мешіт болған. Мұнда өте құнды да өтімді тауарлар өндірілгені, оның қазақ жерінен тысқары, шетелдерге мәлім болғаны аян. Испиджаб қаласынан ақ маталар, қару, қылыш, найза, әсіресе мыс пен темір сыртқы шетел базарларына шығарылып отырған. XI ғасырдың екінші жартысында Испиджабпен қатар тағы бір басқа атау – Сайрам қолданыста болған. «Сайрам» атауын арабша Мадинат ул-Боизо «ақ қала» және Урункент – «ақ қала» деп аударып аталғаны жайлы зерттеушілер еңбегінде айтылады. Б. Аталай мен С. Мұталипов «Сайрам – ақ қала деген атауды» білдіреді деп жазады.

Сайрамда Әбді Әзіз баб, Ахмет Иасауидың ата-анасы Ибраһим ата және Қарашаш ана кесенелері және Хазр минареті бар. Әбді Әзіз баб ел аузында Баһаубаддин Балагардан деп те аталады. Қарахан дәуірінің ескерткіші. IX ғасырда салынған. Қожа Ахмет Иассауидің «Рисала» деп аталатын қолжазба күйінде жеткен кітабында Әбді Әзіз баб Мұхаммед пайғамбар бастаған ислам жолына түскен алғашқы кісілердің бірі екені айтылады. Оның есімінің соңына «баб» сөзінің қосылуы да осыны байқатады. Тірі кезінде екі рет Меккеге қажылық жасап Әулие деп аталып кеткен. Кейін кесене қиратылып, XIX ғасырда қайта қалпына келтірілген.

Ибраһим ата XI ғасырдың аяғы мен XII ғасырдың басында өмір сүрген. Белгілі шейх, Қожа Ахмет Иасауидің әкесі. Сайрамда Ибраһим ата мазарын құрмет тұтады. Ибраһим ата бізге жеткен аңызға қарағанда, «төрт әділ халифтің» төртіншісі Әбу Әли Талибтің ұрпағы болып келеді. Ысқақ бабтың он үшінші ұрпағы. Ибраһим ата және оның баласы Ахмет Иасауи қазақ жерінде исламды таратуда шешуші рөл атқарған. Кесенесі XIII-XIV ғасырларда салынған, қалпына келтіру жұмыстары жүргізілген. Орта Азиядағы тұңғыш

минарет те осында орналасқан. Минареттің жоғарғы жағында қала қалдықтары кездеседі. Онда төменгі жағына апаратын белгісіз баспалдақ бар. Ғалымдардың болжамы бойынша, бұл Түркістанға апаратын жерасты өткелі, жол. Сайрам ауданындағы тағы бір ерекше ескерткіш – Қарашаш кесенесі. Адамдарға қайырымы мол, мейірімі таусылмас қасиетті жан. Басына қолын жайып, бата сұрап келген пенделерге шарапаты кең ана рухы болып төгіледі. Кесене қасынан таза киелі судың дәмін татуға болады.

Отырар қаласы. Қазақстан тарихында Отырар оазисінің маңызы зор. Бұл көшпелі және отырықшы мәдениеттерінің байланыс зонасы. Оазис Арыс және Сырдария өзендерінің қосылу аумағында орналасқан. Ауданы 200 км². Орталығы – Отырар төбе қалашығы, яғни ортағасырлардағы Отырар қаласы. Оазис археологиялық ескерткіштер: қалашықтар, некропольдер, ирригациялық жүйелер шоғырланған орны. Ең ірі қалашықтары Отырар төбе, Құйрық төбе, Алтын төбе, Мардан Құйық, Көк Мардан. 1971 жылдан бері мұнда ірі кешенді археологиялық жұмыстар жүргізілуде. Археологиялық қазбалар Қаңлы хандығының мәдениеті туралы, Қазақстанның урбандалу процесі мен үрдісі жөнінде үлкен материалдар береді.


Отырар қалашығы біздің заманымыздың алғашқы жылдары мен XVIII ғасырлар аралығына жатқызылады, бұл ортағасырлардағы Қазақстан қалалары туралы тарихи және географиялық деректерде кездесетін Отырар қаласының қалдықтары. Қала цитаделі мен шахристанының биіктігі 18 метр, ал ауданы 20 гектар болып табылатын бес бұрышты төбе ретінде көрсетілген. Периметр бойынша төбе мұнаралы дуалдармен қоршалған. Дуалдардан ор көрініп тұр, қалаға кіретін үш есігі болған.

Отырар – ерте ортағасырларда Қазақстанда пайда болған ірі қалалардың бірі. Отырар қаласының екінші аты – Фараб. Отырар – Арал бойындағы көшпелі тайпалармен сауда жасайтын орталық, Иран мен Орта Азиядан Сібірге, Монғолияға және Қытайға қатынайтын сауда жолындағы маңызды қала болған. Монғол шапқыншылығы салдарынан Отырар қиратылып, қала тұрғындары қырғынға ұшыраған, тірі қалғандары Монғолияға айдап әкетілді. Бірақ 1219 жылғы апаттан кейін Отырар қайта жанданды. Отырарда дүниежүзілік сауда бұрынғысынша делдалдық рөл атқарды. Ак

Орда хандары мұнда медреселер, ханакалар, мешіттер, мавзолейлер салған. Отырарда археологиялық қазба жұмыстары әлі де жүріп жатыр. Зерттеу қорытындылары Қазақстанның ортағасырларға жататын қалалары өмірінен толық мәлімет беруге тиіс.

Арыстанбаб мазары. Арыстанбаб есімі ең алдымен ислам дінімен тығыз байланысты. Осы дінді түркі халықтары арасында таратуда Арыстанбабтың еңбегі орасан зор.

Арыстанбаб XI ғасырда өмір сүрген, ислам дінін қазақ өлкесінің оңтүстігіне, Сырдың орта бойын таратуға күш салған.



4-сурет. Арыстанбаб мазары


Қарахандар тұсында мұсылман мемлекеттік дінге айналды. Әулие жерлер иерархиясында Арыстанбабтың ең жоғары тұратыны көне жырларда, жазбаларда көп айтылады. Ол Қожа Ахмет Иассауидің ұстазы болған. Оны ғалымдардың ғылыми деректері дәлелдейді. Иассауи түркі шахы Арыстанбаб қолында тәлім-тәрбие алған.

Қазіргі Отырар ауданындағы Отырар төбенің құбыла жағында. Әулие басына Өзбекстаннан, Тәжікстаннан, Түрікменстаннан бейсенбі сайын жұрт ағылып келіп жатады. «Арыстанбабқа түне, Қожа Ахметтен тіле» деген сөз содан қалған.

Түркістан қаласы. Түркістан (Иасы) – Оңтүстік Қазақстан облысындағы қазіргі Түркістан қаласының шығыс жақ шетінде орналасқан ортағасырлық кент орны. Түркістан қаласы ғасырлар бойы халқымыздың діни орталығы болып келді. Ал ХҮІ ғасырдан ХІХ ғасырға дейін қазақ хандары отыратын киелі мекенге айналды. Х ғасырда Түркістан аудандарында өзі аттас округ орталығы ретінде Шавгар шаһары атырапқа танылған. Ортағасырларда Иасының өз ақша сарайы болған. Мұнда Әмір Темірдің еркімен еңсе көтерген күллі мұсылмандар әлемінің әулиесі – Қожа Ахмет Иасауидің кесене-мешіті бар. Қазақ хандарының қабірлері де осында. Қала орнының топографиясында дөңгелек мұнаралы жартылай қираған қабырғалармен қоршалған қисық бесбұрыш нысанды шаһарстан ерекше көзге түседі. Оңтүстік, оңтүстік-батыс және батыс жақтарынан шаһарстанға қорғаныс қабырғалармен қоршалған ұланғайыр бекініс жалғасады. Оңтүстік-шығыс жағында Күлтөбе тауы тұр. 1980-1981 жылдары Күлтөбеде Оңтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясының зерттеулері алғашқы Иасы қаласының орнын осы жерден анықтады. Түркістан шаһарының теріскейіне таман 35 км жерде **Сауран** ортағасырлық қаласы орналасқан. Тіршілік еткен уақыты – ІХ–ХҮІІ ғасырлар Түркістандық ең мықты қамалдардың бірі болған. Берік қорғаныс ғимараттары, мал, азық-түлік қоры, қамал ішінде құдықтар болуы себепті Сауран көп айлар бойы қоршауға төтеп бере алатын еді. Сауранда жерасты суару жүйесі, қоғамдық қызмет ғимараты салынды, қалада медресе болды. Сауранды бірінші рет 1867 жылы П.И. Лерх зерттеді. 1967 жылы Қ.А. Ақышевтың жетекшілігімен бұнда Қазақ КСР Ғылым академиясының Жетісу археологиялық экспедициясы қазба жұмыстарын жүргізді.

Түркістан қаласының ең басты ескерткіші – Ахмет Иассауи кесенесі. Бізге келіп жеткен жазба мәліметтерден көне Яссыда, қазіргі кесене тұрған орында, мұсылманның атақты әулиелердің бірі деп есептелетін дәруіштер шайқысы – Ахмет қабіріне ХІІ ғасырдың өзінде-ақ шағын кесене орнатылған. Ахмет біздер үшін аса ірі түркі ақындардың бірі ретінде қымбат. Ол өз заманында кеңінен танылған, бүгінгі зерттеушілерге жақсы таныс «Хикмет» атты шығарма жазған. Бұл шығарманы Ахмет Иассауи қалыптасқан дәстүр бойынша араб не парсы тілінде емес, шағатай

тілінде, көшпелі түркілердің оғыз-қыпшақ сөздерін пайдалана отырып жазған.



5-сурет. Ахмет Иассауи кесенесі

Ахмет Иассауи Сайрам шаһарында 1103 жылы дүниеге келген. Тегі – жергілікті түркі тайпаларының бірі. Басшылық кәсіппен күнелткен әкесі – Ифтихар баласы Махмұттың ұлы Ибраһим сол Сайрам шаһарында жерленген.

Ахметтің тұңғыш рухани ұстазы атақты Арыстанбаб болған. Ол Бұхараға келіп, атақты шайқы Қожа Юсуф Хамаданидан сопылық ілім жайлы дәріс алады. Сөйтіп, «Ақиқатты тану жолдарын» түсіндіру құқына ие болады. Біраз уақыт бойы ол Бұхарадағы сопылар қоғамын басқарып жүреді, бірақ көп ұзамай өз көңілін қанағаттандырмаған осынау құзырлы орыннан бас тартып, Түркістан қаласына қайта оралады. Бұл жерде Ахмет өзінің уағызшылық қызметін кеңінен өрістетеді.

Аңызға қарағанда, Ахмет Иассауи Мұхаммед пайғамбар жасына келген соң, Мұхаммедті аза тұту белгісі ретінде қалған өмірін өзі уағыз ететін мешіт іргесінен қазылған жерасты мекенінде өткізіпті. Мұнда оның үй-іші ғана емес, сонымен қатар шайқының өзінен ілім алып жүрген шәкірттері де болған.

ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН АЙМАҒЫНЫҢ ТУРИЗМ ДАМУЫНЫҢ НЫСАНДАРЫ

5.1. Қарағанды облысы

Әкімшілік орталығы – Қарағанды қаласы.

Жер аумағы: 428,0 мың км².

Халқы – 1 352 302 адам.

Әкімшілік-территориялық бөлінуі. Қарағанды облысы – Қазақстан Республикасының орталығында орналасқан әкімшілік-аумақтық бөлініс. 1932 жылы 10 наурызда құрылған. Жер аумағы – 428 мың км². Тұрғыны 1,35 млн. адам, орташа тығыздығы 1 км²-ге 3,1 адамнан келеді (2009). Солтүстігінде Ақмола, Павлодар, шығысында Шығыс Қазақстан, оңтүстігінде Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, батысында Ақтөбе, Қостанай облыстарымен шектеседі. Облыс 9 ауылдық, 2 қалалық әкімшілік аудандарға бөлінеді. 11 қала, 39 кент, 168 ауылдық әкімшілік округі бар. Әкімшілік орталық – Қарағанды қаласы.

Тарихы. Қарағанды облысының тарихы 1932 жылдан бастау алады. Сол жылы орталығы Петропавл қаласы болып белгіленген Қарағанды облысы құрылған. Арада төрт жыл өткенде ол екіге бөлінді: біреуі Солтүстік Қазақстан аталып, екіншісі Қарағанды және 14 аудан қараған жаңа аймақ пайда болды.

ҚазАКСР Орталық Атқару комитетінің Қарағанды облысы бойынша Ұйымдық комитеттің төрағасы, өлкелік партия комитетінің ұйымдастыру бюросының мүшесі Абдолла Асылбеков болды.

Осы өңірдің тумасы, сол замандағы қоғамдық құбылыстардың, өзгерістердің ұйытқысы, ұлттық басшылық құрамның көрнекті өкілі Абдолла Әбдірахманұлы Асылбеков облыстық кеңестік

Ол 1166/1167 жылдардың бірінде дүние салған, тұрғылықты көшпенділердің әулиесі ретінде Иассауи халықтың аса көп жиылуымен өзіне арнап соғылған кішкене мазарға жерленеді. Кейін бұл кесене жаппай зиярат ету орнына айналады.

Әмір Темірдің бұйрығымен бұл орында 1399 жылы кешен салынады. Қожа Ахмет Иассауидің құрметіне салынған бұл ұлы құрылыс Ислам дінін көтеріп, оның кеңінен таралуына өз септігін тигізуі тиіс болған. Әмір Темір құрылыстың негізгі өлшемдерін өзі бекіткен, күмбезінің диаметрі – 30 гяз (1 гяз – 60,6 см). Сондай-ақ, Темірдің бұйрығында кесене ішінің құрылысы туралы да нұсқаулар болған. Кесенеге қызмет етуге молда, 2 Құран оқушы, дүниемүлікке қараушы, су тасушы, бақташы, ғимаратты жинақтайтын адам бөлінген.

Кесененің солтүстік-шығысында, 60 метрдей жерде Рабиға Сұлтан Бегім – Әмір Темірдің немересі, Ұлықбектің қызы, Әбілхайыр ханның әйелінің кесенесі орналасқан. Кесененің жерасты қабірханасында кіретін есік бар. Қабірханада терімен қапталған ағаш табыттар қойылған. Рабиға Сұлтан Бегімнің табытында: «Бұл құдіретті Әмір Темір көрегеннің ұлы, азапты ажалдан қаза тапқан, құдіретті ұлы сұлтан Ұлықбек Гураганның қызы, ақсүйек, құдай кешіріп, рақымшылық жасаған, ізгі жанды Рабиға Сұлтан Бегімнің тыныштық тапқан жері» деп жазылған.

Қайталау сұрақтары:

1. Облыста туризмнің дамуына тарихи алғышарттар қалай әсер етті?

2. Оңтүстік Қазақстан облысында қандай ерекше қорғалатын табиғат территориялары орналасқан? Сипаттаңыз.

3. Оңтүстік Қазақстан облысының қандай тарихи және мәдениет орындарын білесіз? Қандай туризм түрінің дамуына әсер етеді?

атқару комитетінің тұңғыш төрағасы болып сайланды. Бірақ ол 1937 жылдың зобалаңына ұшырап, нақақтан ауыр жазаға кесілді.

1938 жылдың қыркүйегінде Қарағандыда екі жылдық мұғалімдер институты құрылды. Ол кейін педагогикалық институттың, бұдан соң қазіргі Е.А. Бөкетов атындағы мемлекеттік университеттің негізін қалаған облыстағы тұңғыш жоғары оқу орны болды. Бұл уақытта қала тұрғындарының саны 162 мың адамға ұлғайып, бүтінгі орталық бөлігіндегі ғимараттар мен үйлердің салынуы басталды.

1939 жылы құрамынан Ақмола облысы бөлініп шығып, әкімшілік-аумақтық құрылымы жүйелене түсті.

1943 жылы Қарағандыда облыстар арасында алғаш рет әйгілі ақындар айтысы өтті. Облыстың барлық қалаларына, аудан орталықтарына, ірі кәсіпорындарына радио арқылы таратылған бұл айтыста атақты халық ақындары Доскей Әлімбаев, Шашубай Қошқарбаев, Қайып Айнабеков, Жолдыкей Нұрмағамбетов, Нартай Бекежанов, Ғабдиман Игенсартов, Нұрлыбек Баймұратов, Көшен Елеуовтер жыр додасын қыздырды.

1944 жылдың 31 желтоқсанында Теміртауда Қазақ металлургиялық қайта өңдеу зауытының бірінші мартен пеші қатарға қосылып, қазақстандық тұңғыш болат алынды.

1947 жылы 12 миллион 565 мың тонна көмір өндіріліп, Қарағанды Одақтағы үшінші отын ошағы ретінде танылды. Қазақ металлургия зауытында екінші мартен пеші іске қосылып, өңірдің экономикасы нығайды.

1949 жылдың 16-21 маусымы аралығында қалада «Орталық Қазақстанның өндіргіш күштерін зерттеп, игеру проблемалары» жөніндегі Қазақ КСР Ғылым академиясының көшпелі сессиясы өткізілуі аймақ ғылымының дамуына тың қозғау салды. Геология басқармасы құрылып, жаңа кен көздерін іздестіріп табу істерін кең ауқымды жүргізу жолға қойылды.

1949 жылдың 29 тамызында Семей полигонында тұңғыш атом бомбасының сыналуы облыс тарихындағы қаралы таңба болды. Төрт жылдан кейін Дегелең тауы тұсында сутегі қаруы жарылып, Егіндібұлақ аймағы өңірі тұрғындарына тағы ауыр зардап әкелді. 1949-1962 жылдары бір кездегі әсем өңірдің ашық аспанында дүлей қарудың 266 жарылысы өткізілген. Содан кейінгі уақытта да сынақтар тоқталмай, далада 300 рет ғаламат жарылыстар болды.

1950 жылдың 17 қазанында облыстағы екінші жоғары оқу орны – Қарағанды медициналық институты ашылды. Аймаққа өз білікті дәрігерлерін көптеп даярлауына мүмкіндік туды.

Облыс 1950-жылдары тек өнеркәсібінің дамуымен ғана ерекшеленбей, сондай-ақ ауыл шаруашылығын да өркендетті. 1956-1957 жылдары аймақта ірі қара саны 36,5 мыңға, ал қой мен ешкі 358,7 мың басқа жетті. Сонымен қатар бұл кезеңде тұрғын үй құрылысы да кең қанат жайды. Облыс бойынша 1958 жылы 1957 жылмен салыстырғанда осы мақсатқа жұмсалған қаржы мөлшері 13%-ға өсіп, тұрғын үйлерді пайдалануға беру 28%-ға артты.

1953 жылдың қыркүйегінде облыстағы үшінші жоғары оқу орны Қарағанды тау-кен институты (қазіргі мемлекеттік техникалық университет) тұңғыш рет студенттер қабылдады. Бұл жылы Ғабиден Мұстафиннің «Қарағанды» және Ғабит Мүсіреповтің «Оянған өлке» романдары қарағандылық оқырмандардың қолына тиді.

Қарағандының түбіндегі Жауыртау етегінде туып-өскен Ғабиден Мұстафин бұдан соң аймақ өткендегісін баяндаған «Дәуылдан кейін» және «Көз көрген» кітаптарын жазды.

Географиялық орналасуы. Бұл аймақ табиғат байлықтарының мол қазынасымен ерекшеленеді. Орталық Қазақстанда әлемнің ең ірі және уникалды көлдерінің бірі Балхаш, Қарқаралы тау-орман оазисі және Қазақстанның тарихи орталығы Ұлытау орналасқан. Ұлытау таулары өзінің археологиялық және этнографиялық нысандарымен белгілі. Орталық Қазақстан ғасырлар тоғысқан жер. Ұлы Жібек жолының сол тармағы осы өлке арқылы өткен.

Ұшаң-теңіз Орталық Қазақстан даласы ежелден-ақ осында тұрған тайпалар мен халықтардың мәдени-экономикалық өмірлеріне әсер еткен көптеген тарихи оқиғалардың сахнасы, күәгері болып келді. Бұл біздің заманымызға дейінгі уақыттардан бері сақталған ескерткіштерде көрініс тапқан.

Соңғы жылдарда қазақ мемлекеттілігінің тарихына деген ынталылық ұзақ жылдар қастерленіп келген, Қазақ хандығының алғашқы саяси орталығы – Ұлытау аймағына да қызығушылықтарды туғызды.

1992 жылы тәуелсіз Қазақстанда өткізілген ең алғашқы қазақтардың халықаралық құрылтайы әлемнің жан-жағынан қазақ

ұлтының ең көрнекті өкілдерін жинады. Өз тамырын сезініп, ата-бабалар рухына бас ию үшін келген жерлері – Ұлытау болды.

Ғалымдардың айтуы бойынша Ұлытау аймағында сәулет өнерінің ескерткіштерінің мол шоғыры орналасқан. Бұған тарихи оқиғалар, бұл орындардың оңтүстік аймақтардан солтүстікке апарған керуен жолдарына жақын орналасуы ықпал еткен.

Ерте феодалдық кезеңде мұнда мазарлар түріндегі материалдық мәдениет орын алған.

Алғашқы мазарлар берік емес материалдардан салынды, сол себепті біздің кезеңімізге дейін сақталмады. VIII-X ғасырларға жататын уникалды ескерткіш – **Домбауыл** кесенесі.

Талдыбұлақ кеншарының маңында түркі дәуіріне жататын тас балбалдар орналасқан. Бастапқыда жеті балбалдан қазіргі кезеңде үшеуі ғана қалған.

Моңғол кезеңінің ескерткіштеріне Алаша хан және Жошы хан кесенелері жатады.

Одан кейінгі ғасырларда халық сәулет өнерін дамыту өте қолайсыз болды: хандар мен сұлтандар арасындағы жиі келіспеушіліктер, жоңғар шапқыншылықтары қазақ халқының саяси-экономикалық өміріне кері әсер етті, архитектураның көптеген ескерткіштері қиратылды.

Облыстың мазарлары Оңтүстік аймақтарға қарағанда неғұрлым қарапайым және қатаң архитектуралық пішінде салынған, сыртқы безендірулері жоқ немесе безендірулер анық көрсетілмеген. Іштері де сондай қарапайым.

Халқы. Қарағанды облысының жалпы халық саны 2010 жылғы мәліметтер бойынша 1 353,4 мың адамды құрады. Қазіргі кезеңде аймақтың демографиялық дамуының басты ерекшелігі тұрғындардың абсолютті санының динамикалық өзгеріп отыруымен сипатталады. Бұл кезең халық санының азаюына себепші болған қолайсыз демографиялық жағдаймен сипатталады. ҚР тұрғындар санының тіркелуі бойынша 1999 жылы Орталық Қазақстан тұрғындарының саны 1 410 218 адам, яғни 1989 жылмен салыстырғанда 19,1%, келесі жылдары тағы 5,6%-ға азайып, 2006 жылдың басында 1 331 702 адамға кеміді. Аймақта қалаға шоғырлану үрдісі жалғасып жатыр. Облыс тұрғындарының құрамында қала тұрғындарының үлесі үнемі өсуде, ал ауыл

тұрғындарының үлес салмағы керісінше азаюда. Мысалы, егер 1989 жылы қала мен ауыл тұрғындары санының қатынасы 82,1% және 17,9% болса, 2006 жылдың басында – 83,8% және 16,2% болды. Ұлттық құрылымда 1980 жылдың аяғында басталған аймақтың компоненттерінің абсолютті және қатысты көрсеткіштердің өзгеру үрдісі жалғасуда. Егер 1989-2005 жылдар аралығында қазақтардың абсолютті саны 18,4%-ға өсіп, 551 536 адамға жетсе, шл аймақ тұрғындарының құрамындағы үлесі 41,4%-ды құрады, бұл көрсеткіш 1989 жылы 25,8% болған еді. Орыстардың саны 553 058 адамға дейін немесе 48%-ға жуық азайған, ал үлес салмағы 41,5%-ға тең болды, бұл көрсеткіш 1989 жылы 46,9% болатын. Аймақтың басқа да көптеген этностарының абсолютті саны да азайды: немістер 4 есе (1899 жылы 159 208 адам; 2005 жылдың басында 40 135 адам); белорустар 2 есеге жуық (35331-ден 18229-ға); украиндар 2 есе (128547-ден 67496-ға); татарлар 1,5 есе (52769-дан 35640-қа); корейлер 1,1 есе (14672-ден 13519-ге-түскен) азайған.

Аймақтың ұлттық құрамында төмендегі ұлттардың үлес салмағы да өзгерді: немістер 1989 жылғы 9,1%-дан 2005 жылдың басында 3%-ға; белорустар – 2%-дан 1,4%-ға; украиндар – 7,4%-дан 5,1%-ға; татарлар 3%-дан 2,7%-ға; корейлер 0,8%-дан 1%-ға дейін өзгерген. Орталық Қазақстан тұрғындарының табиғи қозғалыс ерекшелігі аталған аймақтың ұлттық құрамындағы орыс тұрғындарының үлес салмағының жоғары болу ерекшелігіне байланысты. Табиғи өсім қазақтар (13,5 промилле) мен өзбектер (22,0 промилле) арасында біршама жоғары деңгейде; жыл сайын орыстардың (-4,9 промилле), украиндар мен белорустардың (-8,6 промилле) сан жағынан азаюы байқалуда. 1990-жылдардың 2-жартысында табиғи өсім коэффициенті бірыңғай теріс мәнге ие болды, яғни аймақта адамдар өлімі туу санына қарағанда жоғары еді. 2002 жылдан бастап, бұл көрсеткіштер тұрақты түрде оң динамиканы көрсете бастады, алайда өсім деңгейі төмен болды 1,44 промилле (1000 тұрғынға шаққанда).

Жалпы республика бойынша жүрген миграция үрдісі Орталық Қазақстан өңірін де қамтыды. 1991-2003 жылдар аралығында ішкі миграция сальдосы 313 838 адамды құрады.

Халықтың орналасуы аймақ бойынша біркелкі емес. Облыс халқының орташа тығыздығы 1 км²-ге 3,1 адамнан келеді.

Қарағанды Теміртау өнеркәсіпті ауданы аймағында бұл көрсеткіш 80 адамнан асты. Облыстың солтүстік және орталық бөлігінде халық тығыздығы 1 км²-ге 5-6 адамнан келеді. Бұқар жырау, Осакаров және Абай аудандарының тұрғындары басқа аудандарға қарағанда тығыз орналасқан 4,4; 3,5; 1 шаршы км-ге 8,9 адам. Ертис Қарағанды каналы аймағында, қала маңында халықтың тығыздығы біршама артты; облыс аумағының батыс бөлігінде 1 км²-ге келетін орташа мөлшер 0,4 адамнан, кей жерлерде Ұлытау, Нұра ауданының батысында тығыздық көрсеткіші 1 адамнан да кем – 0,1 адам. Шығыс бөліктегі, негізінен, ауыл шаруашылығына маманданған Қарқаралы ауданының жерінде халықтың орналасу тығыздығы 1 км²-ге 1,3 адамнан келеді. Қарқаралы орманды шұратында халық жиірек қоныстанған.

Жезқазған өңірінің солтүстік-батысында және ауылдық жерлерде халықтың тығыздығы өте төмен. Мәселен, 1966 жылы әрбір шаршы километрге 1,36 адамнан келсе, бұл көрсеткіш 1976 жылы 1,48, ал 1988 жылы 1,58 адам болды. Жезқазған – Балқаш өңірінде 5 қала, 4 аудан, 22 қалашық, 53 ауылдық аймақ бар. 1998 жылы 20-дан артық тұрғыны бар 256 елді мекен болды. Халықтың басым көпшілігі Жезқазған, Балқаш, Сәтбаев, Қаражал қалалары мен оның төңірегіне топтасқан. Онда әрбір шаршы километрге 18,8 адам тұрады. Ұлытау ауданында әрбір шаршы километрге 0,1 ғана адамнан, оның оңтүстігінде 1 км²-ге бір адамнан келеді. Ал халықтың тығыздығы Шет ауданында бір шаршы километрге 0,7 адамнан, Ақтоғай ауданында 0,4 адамнан, Жаңаарқа ауданында 0,5 адамнан келеді.

Облыс жерінде 11 қала, 39 қалашық және 171 ауыл-селолық округтер (3 ірі қала Қарағанды, Теміртау және Жезқазған, ауданы жағынан орташа 4 қала – Балқаш, Саран, Шахтинск, Абай және 4 шағын қала Қарқаралы, Қаражал, Сәтбаев, Приозерск) орналасқан. Аймақтағы ең ірі Қарағанды-Теміртау қалалық агломерациясы соғыстан кейінгі жылдары қалыптасып, дамыған Қарағанды мен Теміртауда бүкіл облыс халқының 42%-ы және қала халқының 70,5%-ы тұрады (2005). Мұның өзі бұл қалаларда халықтың көп шоғырланғандығын сипаттайды. Олардың төңірегінде Саран (48,2 мың адам), Шахтинск (59,9 мың адам) қалалары және Қарабас, Новодолинка, Топар, Южный, Ақтас, Долинка, Шахан, Ақтау, Мұстафин, Кушоқы сияқты кенттер орналасқан. Бұлардың барлығы

көмір кен орындарының қарқынды игерілуіне, шахталар, қара және түсті металлургия, химия, машина жасау кәсіпорындарының салынуына байланысты пайда болды.

Облыста 558 ауылдық елді мекендер бар (2004). Кеңшарлардың тарауы, шаруа қожалықтарының, өндірістік кооперативтердің, акционерлік қоғамдардың құрылуы, ауылда нарық катынастарының қиындықпен енгізілуі жекеменшік шаруашылықтардың көптеп жабылуына өз әсерін тигізді. Қазіргі уақытта тарихи қалыптасқан ауыл-селолық орналасу жүйесін қайта құру іске асырылуда.

Көлік қарым-қатынасы. Облыстың Орал, Сібір, Алтай мен Орталық Азия бойында ыңғайлы орналасуы экономикалық, ғылыми және мәдени байланыстардың дамуына әсерін тигізді.

Қарағанды облысының авто жол ұзындығы 5,5 мың шақырым, теміржол ұзындығы 0,6 мың шақырым.

Қарағанды қаласында «Сарыарқа» халықаралық әуежайы орналасқан, сонымен қатар Жезқазған мен Балқаш қалаларында облыстық орталықтарымен байланысты жүзеге асыратын әуежайлар орналасқан.

Туризмнің даму нысандары.

Археологиялық зерттеулер, қазба жұмыстары барысында бізге дейінгі замандардан сақталған ерте қыпшақ (VI-IX ғасырлар), моңғолға дейінгі кезең (X-XII ғасырлар) және моңғол кезеңінің (XIII-XV ғасырлар) ескерткіштері табылған. Отырықшы мәдениеттен қалған маңыздысы – Арғанаты тауындағы Домбауыл қалашығы. Ә.Х. Марғұлан оны ортағасырлық, яғни Дешті Қыпшақты 30 жыл билеген Әбілхайыр ханның ордасы – Орда Базар қаласымен салыстырған. Мұнда бақтар, бақшалар, егістіктер, суармалы жүйелер де сақталған. Ұлытау далаларында әлі күнге дейін суармалы жүйе мен тоған, құдықтар түріндегі ирригациялы құрылыстарды кездестіруге болады. Қыпшақтар егістіктерін тек өзендерден жүргізілген су каналдарымен суарып қана қоймай, сондай-ақ су көтергіш құрылғылар арқылы құдықтар мен көлдерден де каналдар тартқан. Үлкен жазықтарды суаратын су көтергіш құрылғылар – шығырлардың өзен жағасында орналасуына орай Ұлытау тауынан ағып шығатын өзендердің бірі Шығырлы деген атқа ие болған. Сондай-ақ, мұндай құрылғылар Қаракенгір, Сарысу, Нұра өзендерінің бойларында да орналасқан еді.

Домбағұл – ортағасырлардан сақталған көне сарай қалдығы. Қарағанды облысындағы Ұлытау кентінен солтүстікке қарай 80 шақырым жерде, Арғанаты тауының батыс етегінде орналасқан. Оңтүстік Қазақстанда қоныстанған қыпшақтардың Домбағұл сынды көптеген сарайларының болғандығын X ғасырдағы араб ғалымы Идриси мен XIII ғасырдағы саяхатшы Рубрук жазып қалдырған. Сарайдың қалдығын ХҮІІІ ғасырдағы орыс саяхатшысы Н. Рычков пен XIX ғасырдың басында қырды аралауға шыққан кен инженері И. Шангин де көріп тамашалаған. 1946-1950 жылдары Ә. Марғұлан (Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясы) сарайдың ғылыми сипаттамасын жасады. Кейін Ж. Смайылов зерттеген. Домбағұл осы өңірдегі Алаша хан бекінісінен кейінгі күшейтілген ірі қамал орнына жатады. Төрт жағы орлармен және қорғаныс жалдарымен қоршалған төтбұрышты алаңқай түрінде салынған. Жалдарының аумағы 80x51 метр, жалпақтығы 11–12 метр, сақталған биіктігі – 1,2 метр. Ордың сақталған тереңдігі 0,5 метр, ені – 3-6 метр. Сарайдың бес зәулім мұнарасы (биіктігі 5 метр) болған, бұлардың қазіргі биіктігі 1,5 метр. Төртеуі бұрыштардан, бесіншісі оңтүстік жалтырдың орта тұсынан шығарылған. Кіре беріс қаппа осы мұнараның түбінен салынған. Қаланың ортасында шаршы пішіндес (аумағы 23x23 метр, биіктігі 0,6 метр) төбесі тегістеу келген құрылыс орны бар. Бұл ескі цитадельдің қалдығы екендігі анықталды. Сарайда көлемді қазба жұмыстары жүргізілмеген, шағын мөлшердегі ұңғымадан көптеген мал сүйектері табылған. Сарай маңындағы кішірек жылғаның айналасынан егістік орындар мен суландыру жүйесінің қалдықтары табылды.



6-сурет. Домбағұл кешенесі

Домбағұл жергілікті билеушілердің күшейтілген бекініс ордасы болған. Сарайдың салынған мерзімі жайында ғалымдар арасында екі пікір бар. Әлкей Марғұлан мұны Ақ Орда кезеңіне XIV-XV ғасырларға жатқызады, ал Ж. Смайылов одан да ертерек уақытты қамтитын оғыз-қыпшақ заманына жатқызады. Домбауыл кешені – ортағасырлық сәулет өнер ескерткіші. Жезқазған қаласынан солтүстік-шығысқа қарай 50 шақырым жерде, Кеңгір өзенінің сол жақ жағасында орналасқан. 1946-1947 жылдары Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясы (жетекшісі Ә. Марғұлан) зерттеді. Домбауыл кешенінен 4 шақырым төменде әйгілі Жошы хан күмбезі тұр. Домбауыл кешені ардақты ер, халыққа қадірлі тұлғаның басына қойылған ескерткіш. Конус пішіндес күмбезді құрылыстар түріне жатады. Арнайы дайындалған тастан қаланған. Астыңғы қабаты шаршы пішіндес, ал үсті дөңгелене келіп, киіз тәрізді күмбезделген. Астыңғы бөлігінің аумағы 8,9x7,9 метр, қабырғасының қалыңдығы 2 метрдей, ішінің аумағы 4x4 метр, ссігі сопақшалау етіліп оңтүстік-шығыс жақтан шығарылған. Бұған жалпы биіктігі 1,2 метр болатын төрт баспалдақ арқылы кіреді. Кешеннің еденіне тас аралас топырақ жайып, оның үстіне жалпақ тақта тастар төселген. Қабырғалары 3 метрге көтеріліп барып, көлденең бөренелермен жабылған. Бұлардың барлығы тас қалаудың қола дәуірінен бергі ежелгі дәстүрінен алынған. Осы дәстүрі кешеннің төбесін жабуда да қолданылған. Кешен ұзақ уақыт жақсы сақталып, бертін келе аздап қираған. Ескерткіштің дәл мерзімін анықтайтын дерек әзірге жоқ. Қазақстан жеріне тән сыртқы тұрқына қарап, ғалымдар оны ислам діні терең ене қоймаған кезеңге жатқызады (VIII-IX ғасырлар). Қазақ арасында мұндай киіз үйге ұқсатыла созылып барып күмбезделген тас кешенелер «үйтас», «дың» деп аталған, бұлар әр аймақтарда белгілі және көбірек тараған жері Орталық Қазақстан, әсіресе Торғай өзенінің бойы. Қара Жыланды өзенінің бойындағы Қараның ескерткіші Домбауыл кешеніне өте ұқсас. Ұлытау аймағының қалашықтарының алғашқы орналасуы VIII-XI ғасырлардағы оғыз тайпаларымен байланысты. Бұл оғыздар мен печенегтер мәдениетіне жатқызылатын Талдысай шатқалындағы Басқамыр қалашықтар кешенімен дәледенеді. Бұл кешен Жезді өзенінің сол жағасында, Ұлытау елді мекенінен 60 шақырым жерде орналасқан.

Кешен – үш берік дуалмен, мұнаралы цитадельмен қоршалған ортағасырлық сарай. Белдік ұзындығы 108-110 метр, ені 14 метр. Қорғаныс мұнараларының қалдықтарының биіктігі 5 метр. Төрт бұрышта орналасқан сыртқы дуалдар диаметрі 12 метр. Орталық алаңда ауданы 38×38 метр цитадель орналасқан. Белдік биіктігі шамамен 4 метр. Қалашықтың оңтүстік шығысында Сырдария өзенінен Ұлытауға бағытталған керуен жолы өтетін еді. Бұның айғағы ретінде тұрған маяк пирамидасы. Бұл маяк қалашықтың шығысында, 2 шақырым жерде орналасқан. Сондай-ақ, маяк дұшпанның келе жатқанын хабарлайтын қарауыл төбе ретінде де қызмет еткен. Қазақстан Республикасының «Тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану туралы заңына» сәйкес облыстық әкімшілік аппараты Қарағанды облысы Ұлытау аймағында аспан асты «Басқамыр» археологиялық мұражайын ұйымдастыру жөнінде шешім қабылдады. Мұражайға туристік экскурсиялық іс-әрекеттерді жүргізуге, жеке экспедицияларды (халықаралық экспедицияны қосқанда), зертханаларды ұйымдастыру, археологиялық қазба жұмыстарын қайта жаңарту, ғылыми-ізденіс, зерттеу және тағы сол сияқты жұмыстар жүргізуге құқық берді.

Теректі әулие петроглифтері. Ежелгі дәуір ескерткішіне Теректі әулие петроглифтері жатады. Теректі әулие Жезқазған қаласынан 85 шақырым жерде, Теректі стансасынан солтүстік-шығыста 20 шақырым жерде орналасқан. Теректі әулиенің үш шоқысының басында орналасқан компоненттерге петроглифтер, сондай-ақ неолит, қола және ерте темір дәуірінің тұрақтары жатады.

Теректі әулие – тарихи өткеннің өзіндік ерекшелігі бар ескерткіш. Мұнда ежелгі адамдар өмірінің көптеген аспектілерін (материалдық, рухани, әлеуметтік) қайта елестетуге мүмкіндік беретін, маңызды деректер көзі болып табылатын тасқа қашалған бейнелер орналасқан.

Теректі әулие материалдары ірі археологиялық қорды құрайды. Тас бейнелерін зерттеу тек халықтардың өткен өмірлерін оқуға мүмкіндік беруімен маңызды болып қана қоймай, сондай-ақ бұл біздің мәдениетіміздің, бабаларымыздың рухани байлығы, құн жетпес қазынасы, келешек ұрпақтарға қалдыруға болатын мұра да.

Қазіргі кезде Теректі әулие өзінің өзектілігін жоғалтпай, көптеген мұсылмандар үшін қажылық ететін орын болып қала береді.

Ұлытаудың бір ерекше мәнді айғағы осы жерден табылған үлкен **құлпытас**. 1370 – 1390 жылдары Әмір Темір Тоқтамыс ханмен жүргізген жорықтарының бірінде Ұлытаудың үстімен өткен скен; сонда ол осы таудың басына шығып, төңірегіндегі көк жасыл дала мен көк сеңгір тауларға ұзақты күн телміре қараумен отырады екен. Содан кейін әскерін жинап, сол жерден үлкен құлпытас орнатуға бұйрық беріпті. Шеберлер осынау сәтті оқиғаның болған күнін тасқа қашан жазып, ұзақ жылдарға кететін мәңгілік ескерткіш қалдырған. Міне, осы тасты Ұлытаудағы Алтын шоқты биігінен халқымыздың аяулы перзенті, белгілі ғалым Қаныш Сәтбаев тапқан. Бұл тас қазір Санкт-Петербург қаласында Эрмитажда тұр. Одан мынадай жазуды оқуға болады: «Тарихтың 792 қой жылы. Жаз мезгілі, яғни шілде айы. Тұранның сұлтаны Темірбек жүз мың әскерімен Тоқтамыс ханға соғыспаққа жүреді. Бұл жерден өтіп бара жатып, белгі болсын деп осы жазуды қалдырды. Тәңірі нәсіп берсін. Иншалла, тәңірі бұл кісіге рахым қылып, барша адам есіне алып жүрсін». Жазудың тілі әрісі түркі халықтардың, берісі қазақтың тіліне ұқсас. Бұл жазуды профессор Поппэ мен академик Марғұлан шешіп оқыған.

Ұлттық дәстүрлерге, туған еліне, халқының тарихына махаббат, дүниені терең тану деген тілек саяхатқұмарларды ерте керуен жолдарымен экспедиция жасауға итермелейді. Осындай экспедициялардың бірі – 1991 жылы ұйымдастырылған «Ұлытау» экспедициясы. Экспедиция Ұлы жібек жолының Сарысу тармағымен өтті. Шу стансасынан басталған экспедиция Мойынкұм арқылы Ұлытауда аяқталды.

1998 жылы Қарағанды облысы әкімшілігінің қолдауымен экспедиция Бұланты шайқасы болған жерге саяхат жасады. Тарихшылар бұл шайқасты Куликов шайқасына теңейді. Қалмақ қырылған тауында қазақтар алғаш рет жоңғарларды жеңіп, Ұлытауды құтқарып қалған, сол жерде қазіргі кезде мемориалды тақта қойылған, бұл тақтайда «1727 жылы қазақ әскері жоңғар басқыншыларымен Бұланты жағасында шайқаста дұшпандарын жеңді. Бізді әруақтар қолдасын!» деген жазу бар.

Ұлытаудың тағы бір көне, ерекше мәнді айғағы осы таудан ағып жатқан Сарысу өзенінің төменгі сағасындағы «Таңбалы тас». Ру таңбалары сақталған жартастың түбінен бұлақ ағып жа-

тыр. Таңбалы тасқа зер салып қараған болсақ, арғынның көз таңбасын, найманның бақан таңбасын, адайдың оқ таңбасын, жағалбайлының балға таңбасын көруге болады. Әрине бәрін атау мүмкін емес, әдейі үш жүздің белгілі руларының таңбаларын теріп қана атап өттік.

Таңбалы тас – көшпелі дала руларының, бірлік тұтастығының айғақ белгісі. Ант беріп ауыз біріктірген орны екенін аңғартады, далалық көшпелі рулардың ерте заманда топтасын біріге бастағаны, ел болып бас құрағаны көрінеді.

Бұл таудың арғы-бергі тарихы – бүкіл халқымыздың тарихы. Сондықтан осынау мекенді халық Ұлытау деп атайды, төнірегінен Сарысу, Сары кеңгір, Қара кеңгір өзендері ағып жатыр, Ұлытау аспанының астында жатқан ашық музей сияқты тарихи ескерткіш нұсқалары алдымен осы өзендердің бойынан, сағаларынан, тарауларынан көптеп кездеседі.

Жошы хан күмбезі – Жезқазған қаласынан солтүстік шығысқа қарай 50 шақырым жерде, Кеңгір өзенінің жағасында орналасқан көне архитектуралық ескерткіш. Күмбезде сақталған таңбаларға қарағанда, оны салуға Жошы бағынған тайпалардың бәрі (оғыз, арғын, қыпшақ, керей, найман, қоңырат, қаңлы, т.б.) қатысқан. Тарихи дәстүр бойынша күмбезді қайтыс болған кісінің жылдық асын беруден бұрынырақ жасайтын болған. Соған қарағанда 1227 жылы қайтыс болған Жошыға 1228 жылы күмбез тұрғызылған болуы керек. Жошы хан порталды-күмбезді құрылыстар қатарына жатады. Жобасы тік бұрышты. Құрылыс материалдары – күйдірілген кірпіш, ғаныш, әк. Жобаның аумағы 9,55×7,25 метр. Көзге айрықша түсетін нәрсе – салтанатты портал. Оның маңдайы арка түрінде шығарылып, екі жақ босағасы үстіңгі салмақты еркін көтеріп тұру үшін мейлінше берік етіп тұрғызылған. Портал жақтауларын өрнекті кірпішпен безендіріп, киіз үйдің басқұрына ұқсатқан. Өрнекке пайдаланылған тақта кірпіштердің ауданы 45×45 сантиметр. Бұл кірпіштерде өрнекпен бірге жазу да болған. 1911 жылы Атбасар уезін билеген бір ұлық өрнекті кірпіштерді сындырып алып, музейге жібереді. Қазір кірпіштердің кейбір сынықтары ғана сақталған. Порталдың жоғарғы жиегін парaped тәріздендіріп, астынан қалақ кірпіштен фриз тартқан. Ежелгі құрылыс әдісінің бірі – күмбез орнату. Ол Жошы хан күмбезінде тамаша шешімін тапқан.

Қабырғаның іш жағынан сөрелеп шығарған белдеулердің үстінен екі қабатты зәулім күмбез орнатқан. Ішкі күмбездің (биіктігі 7 метр) салмағын «жалған еңсе» шығару тәсілімен белдеулерге жайса, сыртқы күмбезді (биіктігі 8 метр) он алты барабанға отырғызған. Ішкі күмбезден шығарылған түнік сыртқы күмбезді орнатқан кезде жабылып қалған. Жарық кесененің екі жақ бүйірінен, барабанның астынан шығарылған терезелерден (35×35 сантиметр) түседі. Күмбез бедерлі қалақ кірпіштермен әшекейленген. Күмбезді көп қырлы барабанға орнату – оғыз, қыпшақ тайпаларға тән тәсіл. Ішкі қабырғаларында таңбадан басқа ешбір әшекей жоқ. Еденіне қалақ кірпіштер төселген.

Күмбезді қазу жұмысы кезеңінде екі қабір табылды. Қабір қабырғаларын үлкен кірпіштен өріп, астына жұқа тақша кірпіш төсеген. Бірінші қабір күмбездің күншығыс іргесіне (ұзындығы 2,2 метр, ені 70 сантиметр, тереңдігі 1,2 метр) орналасқан. Қабір ішінен тақтай табытқа жерленген адамның сүйегі шықты. Сүйектің оң қолы жоқ екендігі анықталды. Оның үстіне қабір ішінен салтанатты киім жұрнақтары, қызыл сафиян етіктің қалдығы, тұт жібегінің шіріп жатқан сілемдері, аң сүйектері мен түйенің бас сүйегі, темір қарудың сынықтары табылды. Бұл «Жошыны аң аулап жүргенде құланның айғыры шайнап өлтірді» деген халық аңызына үндес келеді. Халық аңызында «Жошының тек бір қолын тауып қойған», кейде «бір шынашағын ғана тапқан» деген әртүрлі жорамалдар бар. Екінші қабір Жошының үлкен бәйбішесі (Керей хандығының билеушісі Тоғырыл ханның інісінің қызы) Бектумыштікі тиіс. Қабір астына төселген қалақ кірпіштерде араб әрпімен «ықпал» деген сөз бірнеше қайтара жазылған. Жошы хан күмбезі республикалық маңызы бар тарихи және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізіміне енгізілген. 1999 жылдан Жошы хан күмбезін қалпына келтіру жұмыстары жүргізілуде.

Жошы хан мазарының бүліне бастағандығы жөнінде алғашқы деректі геодезист Ю.А. Шмидт жазған.

Бұл өткен ғасырдың соның ала айтылған пікір. Онда мазардың алдыңғы жағындағы көк жолақ болудың бары айтылады. Осы төрткүл жолақта жазу болады екен. Сол жазуды 1911 жылы Атбасар оязы Далалық өлкенің генерал-губернаторына көрсету үшін қопарып алған. Бұл жазулы кірпіштің қазіргі тағдыры белгісіз.

Жергілікті тұрғындардың айтуынша 1927 жылы Шоң деген біреу қазына іздеп мазардың ішінде 2 қабірді қазған.

Бір қабірде жерленген адамның бас сүйегінің үстіңгі жағымен, оң қолының жоқ екендігі анықталған. Оның үстіне қабір ішіне салтанатты киім жұрнақтары, қызыл сафиян етіктін қалдығы, аң сүйектері мен түйенің бас сүйегі, темір қарудың сынықтары табылған. Бұл Жошыны аң аулап жүргенде құланның айғыры шайнап өлтірді деген халық аңызына келеді. Екінші қабірде Жошының бәйбішесі – Бектұмыш жерленген. Соңғы 1833-1834 жылдары дейін мазардың ішінде «1250 жыл» деген жазуы бар, көп бұрышты жұлдызша қашалған мәрмәр тас болатын. 1974 жылы бұл тасты да алып кетіпті.

Қазір мазардың ішінде қолдан құйылып, мүрдеге қаланған төрт бұрышты кірпіш жатыр. Салмағы 20-30 кг. Кірпіш бетіне араб әрпімен «Жошы» деп жазылған жазуды ажыратуға болады. Бұл да мұқият сақтайтын белгінің бірі. Мазар қатты тозған, күмбезінің жоғары жағы опырылып ішіне түскен. Сыртының жауын-шашын айғыздап қабырғасы отыра бастағаны, қисайғандығы байқалады.

Алаша хан күмбезі – Ұлытаудағы сәулет өнерінің ескерткіші. Шоқан Уәлихановтың пікірінше, Түркістанның бір ханы (Қызыл Арслан) баласы ала болып туғандықтан, оны ұнатпай «Алаша» деген ат беріп, Сыр бойынан Арқаға жібереді. Аз уақыттың ішінде оның қасына жігіттер жиналып, елде беделі асады. Алаша білімпаз, кемеңгер кісі болғандықтан, оны қадірлеп хан көтереді. Алаша хан күмбезі Ұлытаудың Қаракенгір өзенінің жағасында (Сарыкенгір өзеннің құяр саласында) биік жотаның үстінде тұр. Ғалымдар күмбезді Қарахан әулетіне, оғыз – қыпшақ заманындағы (X-XIII ғасырлар) сәулет өнерінің қатарына қосады. Зерттеушілер әлі де жаңа болжамдар (XV-XVI ғасырлар деушілер де бар) айтқанымен, күмбездің уақыт зардабынан мүжіліп тозған түрі мен басқа ешбір ескерткіштерге ұқсамайтын көркемдеу тәсілі арғы замандарға сілтейді. Алаша хан күмбезі порталды-күмбезді сәулет өнері үлгісіне жатады. Аумағы 9,73×11,9. Биіктігі 10 метр. Күйдірілген қызыл кірпіштен қаланған. Олардың көлемі 230×14×60 миллиметр, 260×230 миллиметр, 320×320×60 миллиметр, тағы сол сияқты болып келеді. Құрылыс үстінен биіктігі екі жарым метрге жуық (231 сантиметр) барабан – күмбез мойындығы

салынып, одан күмбез шығарылған. Барабан сатыланып кішірейе түсетін төрт белдеуден тұрады. Көп қырлы және цилиндр тәрізді етіп жасалған бұл белдеулердің диаметрлері – 743, 673, 643 сантиметр. Кіреберіс қақпа – портал аркасы мен екі жақ ұстынды мұнаралық бөліктерінің биіктігі қандай болғаны белгісіз. Олардың күмбез барабандары басталатын тұстан жоғарғы жағы жойылып кеткен. Кіреберіс сол жақ бұрышта баспалдақты тар қуыс бар. Сол арқылы жоғары көтеріліп барып, күмбездік екінші айналма қабатқа (барабан галереясы), одан портал арканың желке тұсынан кесене үстіне шығуға болады. Портал мен күмбездің ішіне сырлы қаптама жұқа өрнектерінен еш нәрсе қалмаған. Ары-бері өткен жолаушылар тәбәрік етіп алып кеткен боолуы керек. Алаша хан күмбезінің шынайы қалпын онымен тұстас, сәулеттік үлгілері ортақ жәдігерліктермен салыстыру арқылы слестетуге болады. Бұл орайда ол, негізінен, Қарахан әулеті дәуірі сәулет үлгілерінің Салжұқ өнері аталатын түрлерімен байланыстырады. Бұл ескерткіштер көбіне-көп Түрікменстанда кездеседі. Алаша хан күмбезін, сондай-ақ Қазақстан жеріндегі Айша бибі (XI-XII ғасырлар), Жошы хан (XIII ғасыр), Қожа Ахмет Иассауи (XIV ғасыр) мазарлары үлгілермен де салыстыруға болады. Әсіресе, көне Сығанақ маңындағы Көк кесене ғимаратының көркемдік нақыштарымен үндестік бірден көзге түседі. Алаша хан күмбезінің әр түсті және әр көлемді кірпіштерді қиюластыра қалау арқылы геометриялық бейне жасап, күмбездің барлық беттерін масаты кілемнің түріне ұқсатып өрнектеуі өзінен кейінгі Талмас ата, Жұбан ана, Болған ана, Қайып ата, Дүзен, Ерден мазарларына үлгі болған. 1894 жылы жарық көрген «Қырғыз даласының очерктерінде» орыс ориенталисі Е.И. Шмидт жазған шыны сияқты ақ сылақ пен көк сылақ, төрт құбыласы сай ғажайып пропорция Айша бибі, Қожа Ахмет Иассауи кесенелерінде кездеседі.

Дүзен кесенесі – Орталық Қазақстанда XIX ғасырда салынған сұрыптық ескерткіш. Қарағанды облысындағы Ұлытау ауданында Қаракенгір өзенінің оң жақ жағалауындағы Қаракұдық сайында орналасқан. Ғимаратты 1863-1866 жылдары халық шебері Сералы Еламанұлы Дүзен Сандыбайұлының қабірінің басында тұрғызған. Кейбір еңбектерде ғимаратты Қарамола, Жузден, Дзен, Джузден деп қате жазып жүр. Ғимарат сол жерден 25 шақырымдағы Алаша хан күмбезіне ұқсайды.

Дүзен кесененің негізгі көлемі күрделі пештақты – күмбезді текшеленген құрылыс болып есептеледі. Ғимараттың бүрмеленген күмбезі он қырлы мойындықпен көтерілген. Ал іргесінің сыртқы өлшемі 8,5×10,2 метр, ішкі өлшемі 5,4×5,4 метр. Кірпіштері (26×26×6 сантиметр) қалың майбалшық ерітіндісімен өрілген. Пештақтың жалпы биіктігі 10 метр. Бас қабірде есік ойығы (1,70×0,77 метр) алдында беларқалы қуысы бар. Оның айналасы үш жолақты жақтаумен қоршалған. Ортадағы жолақ шаршы өрнектеліп ойылған тақтайша кірпішпен әрленген. Ал қалған 3 қасбетінің қабырғасы «ромб» пішінді қалаумен өрілген. Қасбеттерінің жоғарғы жиектерінде биіктігі 60 сантиметр дөдегесі бар. Дөдегенің шаршы қалыпты тақтайшалары сегіз қырлы жұлдызбен оюланып, үстінен көк түсті жыланкөз шыңылтырмен көмкерілген. Дөдегенің жоғарғы екі қатар қалауы тіс тәрізді әдіспен өріліп, ең шетін бұғат жиектеп шыққан. Ғимараттың оңтүстік-батыс жағындағы ішкі бұрышында төбеге шығатын сатысы бар. Ол тар галерея тәрізді (1,8×1,6 метр) тәрізді қабырғаларды айнала бойлай барып, пештақтаның үстіндегі шағын алаңға және әрі төбежабының үстіне шығарылады. Дүзен кесенесінің еденіне шаршы тақта кірпіш төселген. Бүрмелі күмбездің ұшар басында бір-бірімен қиылыса орнатылған ағаш дінгектері бар.

Дүзен – тас дәуіріндегі адамдар тұрағы. Қарағанды облысындағы Ұлытау ауданындағы Қаракеңгір өзенінің оң жағалауындағы биік төбе үстінде орналасқан. 1992 жылы Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясы (жетекшісі Ж. Құрманқұлов) зерттеген. Шашылып жатқан тас құралдарға қарағанда тұрақ аумағы 6 гектардан асады. Тас дәуірі адамдарының бұл төбені тұрақты мекен етуінің себебі, ол құрал-жабдықтарын жасауға ыңғайлы күлгін, сарғыш қызғылт түсті шақпақ тастардан тұрады. Тас қазып алынған бес шұңқыр сақталған. Олардың кейбірінің ернеуінің диаметрі 30 метр, тереңдігі 2,5 метр. Шұңқыр айналасында құрал жасауға ыңғайланып қойылған сопақша және жұмыр тастар өте көп. Сақталған кейбір құралдарға қарап, бұл жерде палеолиттен бастап, қола дәуіріне дейінгі тұрақ – шеберхана болғаны анықталды. Оған екінші бір дәлел – осы жерден алынған шақпақ тастан жасалған құралдар Ұлытау, Жезқазған төңірегіндегі неолит, энеолит, қола дәуір тұрақтары мен қоныстарынан көп табылды.

Тұрақ үстінде кейінгі кезеңдерде салынған үш тас оба (оның біреуі мұртты) және табиғи бор немесе гипс алған карьер бар. Дүзен Орталық Қазақстанда, оның ішінде Ұлытау төңірегінде кездесіп отырған аумағы үлкен, әлі толық зерттелмеген құнды ескерткіш.

Обалысай, Мұзбел, Жаманайбат Обалысай шоқысының оңтүстік бөлігінен табылған тас құралдар – Ұлытау ескерткіштерінің ең көнесі. Олардың жасалған мерзімі ерте палеолиттің Ашель дәуірінің (б.з.б. 700-мыңжылдық пен 150-120-мыңжылдықтар арасында) екінші жартысына жатады. Құралдардың ішінде малта тастан жасалған екі жақты шапқылар айрықша көңіл аудартады.

Сарысу өзенінің орта ағысы тұсында, құрғап қалған Талдысай атты бұрынғы өзен аңғарының бойында Мұзбел атты ежелгі адамдар тұрағы бар. Ол жерден 114 әртүрлі заттардан тұратын төменгі палеолит кезеңіне жататын құралдардың жиынтығы табылды. Оның жартысына жуығы геометриялық түзу формадағы бір жақты және екі жақты шапқылардан, сыдырғыш тәрізді ойық малта тастардан, жұқартылған қырғыштардан және т.б. дөңгелек, домалақ қару үлгілерінен тұрады.

Мұзбелден ең көп табылған аңшылар құралы – ортасында ойығы бар жалпақ малта тастар. Домалақ бітімді бұл тас құралдар ежелгі аңшылардың алыстан лақтыратын қаруы ретінде қолданылған. Олар Америкадағы үндіс тайпаларының “бола” немесе “болас” деп аталатын тастан жасалған аңшылық қаруларына өте ұқсас келеді. Ағаш қабығынан немесе шіліктен өрілген арқандарға байланған “боластарды” Мұзбелдің жағада тығылып жатқан аңшылары бұлақтан су ішуге келген ақбөкендерге лақтыратын болған.

Ежелгі адамдар қоныстары қатарына Жаманайбат кеніші төңірегі де жатады. Ол жерден палеолит дәуіріне сәйкес келетін 7 шапқы мен 2 қарғыш табылды. Сондай-ақ, Ұлытау – Жезқазған аймағынан неолит-энеолит кезеңдеріне жататын көптеген жәдігерлерді академик Ә. Марғұлан, профессор В. Селевин және өлкетанушы Н. Волюкинскийлердің тапқандығы белгілі.

Айбас дарасы Ұлытаудағы қола дәуіріне жататын ежелгі ескерткіштердің бірі. Оны Ә. Марғұлан басқарған Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясы 1956 жылы зерттеген. Ескерткіштер кешені кейінгі қола дәуіріне жататын тас қоршаулар, обалар, ежелгі түркілер кезеңінің белгілері сақталған бейіттер мен

Қазақ хандығы тұсындағы қорымдардан және екі жағын су қоршап тұрған тастан өрілген қамал-бекіністен тұрады. Айбас дарасындағы ескі молалардың барлығы дерлік тоналған, қиратылған.

Таспен қоршалған обаның диаметрі 20 м, биіктігі 1,4 м. Қабір жалпақ тас плиталармен жабылған, қабырғаларын тік қойылған тақта тастармен өрген. Бұл зират Беғазы-Дандыбай ескерткіштеріне ұқсас және кейінгі қола дәуіріне жататын осы аттас мәдениеттің таралу шекарасының ең батыс нүктесі болып есептеледі. Айбас дарасы ескерткіштер кешені Едіге шыңынан солтүстік-батысқа қарай 1,0-1,5 км жерде, Айбас өзені бойында орналасқан.

Таңбалы тас «Сарысу өзенінің төменгі ағысында, Жезқазған ауданының Таңбалы Нұра деген жерінде, Төсбұлақ атты қайнардың қасында, өзеннің бойынан шығыстан батысқа қарай 20 км жерде тұрған тік жартастың бетінде қазақ халқының құрамына енген барлық рулардың дерлік таңбалары қашалған. Ел аузындағы аңыз дәл осы Төсбұлақ қайнарының қасында рулардың қазақ елін құрған алғашқы тарихи құрылтайы болған дейді. Сол жиынның шешімімен жалпақ жартастың бетіне құрылтайға қатысқан барлық рулар таңбаларын салған» (Қаныш Сәтбаев).

Орда-Базар Ұлытау өңірі ұлан-байтақ Жошы ұлысының саяси-әлеуметтік, мәдени-экономикалық орталығы болды. Жошы мавзолейінің жанындағы Орда-Базар қаласының даңқы алысқа тарайды. Бұл қала Еділ бойында 1254 жылы Сарай-Бату салынғанға дейін Жошы ұлысының ғана емес, Алтын Орданың да астанасы болды. 1237 жылғы Батудың Европаға, 1258 жылғы Құлағу мен Кетбұғының Батыс Азияға (Палестина, Сирия, Мысыр) жасаған жойқын жорықтарына дайындық осы бүгінгі Ұлытау-Жезқазған өңірінде тұрған Жошы мазарының маңында жүргізілді. Орда-Базардың географиялық жағынан алып империяның дәл кіндік тұсында орналасқандығы, еуразиялық кеңістікке ұтымды және ықпалды геосаяси саясат жүргізуге қолайлылығы оның ұзақ уақыт бойы тарих сахнасынан жоғалмауына игі әсер етті.

Белең ана қаланың аты бізге белгілі әдебиетте тұңғыш рет Әмір Темірдің Тоқтамысқа қарсы жорығы жайлы жазбада аталады. Қаланың құрылыстарының қираған үйінділері Сарысу өзенінің бойында Телікөлден бір күндік жерде жатыр. Жошы ұлысын билеген Орда Еженнің екінші ұлы Құлидің әйелін Белеңхатун деп

атаған. Плато Карпинидің Монғол империясына саяхаты жайлы жазбаларында Шыңғыс хан ұрпақтарының бірнеше әйел алғандығы және олардың Орданың белгілі бір бөлігіне иелік етіп, билік жүргізгендігі жайлы айтылады. Осылардың негізінде Белең ананы Орда Еженнің келіні деп кесіп айтуға болады.

Қираған қаланың үйінділерінің көлемінен оның аумағы өте үлкен болғаны байқалады. Орыс ғалымы П. Рычков бұл қала жұртының ұзындығы 6, ені 2 верста (1 верста=1,06 км) шамасында деп жазады. Белең ана – зерттелуін күтіп жатқан тарихи маңызы зор күрделі ескерткіштердің бірі. Ол ұлт бірлігінің ескерткіші саналатын “Таңбалы таспен” іргелес жатыр.

Жұбан ана – тарихи маңызы мен географиялық орны жағынан Ұлытау өңірі архитектуралық ескерткіштері тобына кіретін күмбезді кесене. Жарық-Жезқазған теміржолының 189-разъезінен солтүстік-шығысқа қарай 2 км жерде, Сарысу өзенінің оң жағалауында тұр. VIII-IX ғасырларда қыпшақтар қолданған сәулет өнерінің үлгісімен салынған. Төртбұрышты қабырға қалауының үстінен барабан шығарылып, оған сегіз қырлы күмбез орнатылған. Ішкі төртбұрышында сүйірлеп өрілген мехрабтары бар. Есігі оңтүстік-шығыс жаққа қаратылған. Сыртынан өлшегенде ескерткіштің ені мен көлденеңі бірдей – 6×6 м, биіктігі де 6 м. Іргетасы жарты метр, жалпақ тастардан қаланған, құрылысқа көлемі 27х27х6 см күйдірілген кірпіштер пайдаланылған.

Болған ана күмбезі – ортағасырлық сәулет өнері ескерткіші. Сарысу мен Қаракенгір өзендерінің қиылысында, Қаражар шатқалында орналасқан. Аңыздарда Болған ананы Алаша ханның келіні деп айтады. 1990 жылы Алматы мемлекеттік архитектура және құрылыс институтының экспедициясы (жетекшісі Е. Бәйтенев) зерттеген. Кесененің қосбетіндегі арқалы порталды кірер ауызының айналасы қуыстана жасалған. Бөлменің төменгі шаршы бөлігінің күмбез шеңберіне өтер тұсындағы бұрыштары арка тәсілімен өрілген. Қолтықшалары қосарланған кірпішті қиғаштап, бұрышын шығара қалау арқылы өрнектелген. Ескі сылақтың қалдығы II тәрізді порталдық арканың белдеуімен жапсырылған әшекейлі қыш тақташалардың терракота түсті болғанын көрсетеді. Порталдық ширек бұрышты бағаналары мен басқа қабырғалары түгел ақ түсті. Көрнекті жерге салынған Болған

ана күмбезі алғашқы нұсқасында әдемі болғанға ұқсайды. Ал осы өңірдегі кейінірек салынған кесенелер архитектурасына (Ақтыбай, Қауқабай, т.б.) да әсерін тигізеді.

Әдікәрім мазары 1917 жылы табылды. Сарыкөңгір ауылынан 109 км солтүстікте орналасқан. Салыну тарихы белгісіз. 1989 жылы «Казпроектреставрация» институтының архитекторлары өлшеу жұмыстарын жүргізді. Реставрациялық жұмыстар жүргізілген жоқ. Қабырғалары шикі кірпіштен өрілген. Цоколи бар, көлемі 7,9×7,9 м болатын мазар. Күмбезге дейінгі биіктігі 6,2 м. Аумағы 309 м³.

Теңбай кесенесі. XIX ғасыр. Ұлытау ауданы. Сарыкөңгір ауылынан солтүстік-шығыста 26 км жерде орналасқан. Салыну тарихы белгісіз. 1989 жылы «Казпроектреставрация» институтының архитекторлары өлшеу жұмыстарын жүргізді. Реставрациялық жұмыстар жүргізілген жоқ. Білғал мен жел әсерінен сыртқы беті, қабырға, күмбезі бұзылуға ұшыраған. Кесене екі мазар мен жартылай бұзылған бір сағанатамнан тұрады. Сағанатам табиғи текше тастардан салынған. Бірінші мазар порталды-күмбезді, күйдірілген кірпіштен салынған, төрт бұрышты. Екінші мазар шикі кірпіштен қаланған. Территория аумағы – 0,1 га.

Малшыбай мавзолейі. XIX ғасыр. Қарағанды облысы Ұлытау ауданы Сарыкөңгір ауылы. 1989 жылы «Казпроектреставрация» институтының архитекторлары өлшеу жұмыстарын жүргізді. Реставрациялық жұмыстар жүргізілген жоқ. Порталы, күмбезі толық бұзылған. Бір камералы, күмбезді ғимарат. Басты фасады күйдірілген және шикі кірпіштен салынған. Қабырғалары 3 қабатты. Іргетасы жоқ. Көлемі 6,5×6,7 м. Биіктігі – 4 м. Аумағы – 174 м³. Кіреберіс қақпасы оңтүстікке бағытталған.

Жақсылық мавзолейі. XIX ғасыр. Ұлытау ауданы. Жезқазған қаласынан солтүстік-батыс бағытта 62 км жерде орналасқан. Салыну тарихы белгісіз. 1989 жылы «Казпроектреставрация» институтының архитекторлары өлшеу жұмыстарын жүргізді. 1988 жылы реставрациялық жұмыстар жүргізілді. **Жақсылық мазары** – бір камералы, тік бұрышты, күмбезді болып келген. Мазардың қабырғасы үш қабаттан тұрады. Сыртқы қабаты күйдірілген кірпіштен өрілген, ішкі қабаты шикі кірпіштен қаланып, іргетасы текше тастардан қаланған. Басқы беті портал тәрізді салынып,

оңтүстік-батысқа бағытталған. Кіреберісі баған тәрізді салынған. Мазардың көлемі – 7,0×7,5 м. Биіктігі – 6,0 м. Аумағы – 315 м³.

Шотқара мазары. XIX ғасыр. Ұлытау ауданы. Жезқазған қаласынан 47 км, солтүстік-шығыста орналасқан. Салыну тарихы белгісіз. 1977 жылы Қазақ КСР Мәдениет министрлігінің экспедициясы зерттеу жұмыстарын жүргізген. Күмбездің жоғары бөлігі қираған. Реставрациялық жұмыстар жүргізілмеген.

Бұл портал – күмбезді ғимарат. Бүйір және артқы фасадтары әшекейлі кірпіштен қаланған. Басты фасад II тәрізді белдеулікпен өрнектелген. Күмбезі барабансыз салынған. Кіреберіс ойығы мен аркасы жартылай шеңберлі. Ғимарат шикі кірпіштен салынып, күйдірілген кірпішпен өрілген. Кірпіштердің көлемі 25×12×5 см., 25×25×6 см. Ғимараттың ішкі көлемі 3,91×3,94 м. Сыртқы көлемі – 5,60×6,25 м. Биіктігі – 4,67.

Алашахан кесенесі – XII-XIII ғасырларда халық шеберлерінің қолымен салынған Қазақстандағы бірден-бір ерекше архитектуралық мазар. Ол Қаракөңгір өзенінің оң жақ аңғарында, Малшыбай кешенінен 2 шақырым жерде салынған. Мазар төрт бұрышты етіп қызыл кірпіштен қаланған, күмбезді. Сырт көрінісі кірпіштен әртүрлі-кескінді өрнекпен қаланған. Өрнектің түрлері, әсіресе, кіреберіс бетінде шығыс кілемнің суретімен безендірілген.

Аяққамыр кесенесі – Алтын орда кезінен қалған ескерткіш, қызыл кірпіштен салынған. Академик Ә.Х. Марғұланның пікірінше, Құтылық-Темірдің моласы болуы керек. Жезді кешенінен 8 шақырым жердегі, Жезді өзенінің сол жағын ала, Қарабұлақ шатқалына салынған. Төртбұрышты формада салынған көлемі – ұзындығы мен ені бірдей 50 метрден, кесен айналасы биіктігі бір метрлік шыммен қоршалған.

Басқамыр қалашығы – Жезқазғанның солтүстік-батысына қарай 83 шақырым жерде Жезді өзенінің сол жағында. Қаланың орны Талдысай өзенінің Жезді өзеніне құятын жердегі шағын жазықта төбешік болып қалған. Төбешіктің жанындағы алаңда екі мазардан тұратын Басқамыр моласы бар. Мазарлар тәрізі ортағасырда салынуы мүмкін деген де болжам бар.

Елубай кесенесі. XIX ғасыр. Малшыбай ауылынан 37 км солтүстікте қарай орналасқан. 1982 жылы Жезқазған тарихи-өлкетану музей қызметкерлері зерттеген. Мазар біраз бұзылуға

ұшыраған. Кесененің ең сақталған ғимараттары Елубай мазары мен Шикі мазар. Бұлардан басқа бұзылған тас сағанатамдар, мола үйінділер, шикі мазар қалдықтары бар. Кесене биік жерде орналасқан. Аумағы – 1450 кв. метр.

Хан ордасы Ұлытаудың батысында 20 км жерде орналасқан. Жанғабыл өзенінің бойында, Қаратал қыстағына жақын жазықта «Хан ордасы» деп аталатын тарихи орын бар. Бұл ордың ұзындығы шамамен 120-130 м, көлденеңі 50-60 м болатын жол. Бір деректерде, мысалы, Қазақ Совет Энциклопедиясында бұл Абылай ханның жазығы болған делінеді. Бұл жазық жерде жүздеген, мыңдаған киіз үйлер тігіліп, кеңес өтетін болған. Оған үш жүзден игі жақсылар қатысатын.

Хан ордасы 2 бөліктен тұрады, ең үлкен бөлігінде ханның өзі орналасқан. 2 бөлігінде уәзір, қорғаушы сарбаздары болған. Орданың айналасындағы мидай жазықта үш жүзден келген билер, ақсақалдар, батырлар киіз үй тігіп орналасатын болған.

Бұл Хан ордасы XIII-XIX ғасырлардың арасында қазақ хандарының ордасы болған. Әбілхайыр хан XII ғасырдың ортасында Ұлықбектің қызы Рабиға-Бегімге осы жерде үйленген. 1510 жылы Қасымхан Мұхамбет Шайбанға қарсы осы Ұлытау бауырындағы ордадан аттанған. Осы жерге Абылай хан бастап, соңғы хан Кенесары ордасы болған.

Асанай-Борсанай кесенесі. XIX ғасыр. Ұлытау ауданы. Сарыкөңгір ауылынан 12 км солтүстік-шығыста орналасқан. Салыну тарихы белгісіз. 1989 жылы «Казпроектреставрация» институтының архитекторлары өлшеу жұмыстарын жүргізді. Реставрациялық жұмыстар жүргізілмеген. Атмосфералық ылғал мен жел эрозиясының әсерінен күмбезі мен қабырғасының бұрыштары бұзылған. Шикі кірпіштен салынған, күмбезді, төртбұрышты мазар. Фундаменті жоқ. Кіреберіс қақпасы бел ағаштарынан салынған. Фасадтары «тоқылған ши» әдісімен айшықталған. Көлемі – 7,8×8,0 м. Биіктігі – 3,5 м. Қабырға қалыңдығы – 1,02 м. Аумағы – 218 м².

Бекқожа мазары. 1895 жыл. Сары Көңгір өзенінің сол жағалауында 14 км жерде орналасқан. 1975 жылы Қазақ КСР Мәдениет министрлігінің экспедициясы зерттеген. Портал-күмбезді ғимарат. Барлық фасадтары қос-қостан сүйір

қуыстармен өрнектелген. Мазарды екі жолақтан тұратын фризбойы орап тұр. Фриздің доғары жолағындағы өрнек табиғи өсімдік бояумен сыртынан күйдірілген. Осы жолақта «1895 жыл» деп қашап жазылып, сыртынан күйдірілген. Мазар шикі кірпіштен салынып, күйдірілген кірпішпен өрілген (6,1×6,34 м. 5,0×5,0) биіктігі – 5,74 м.

Асанқожаның тұрған үйі. XIX ғасыр. Сары Көңгір өзенінің жағалауында 14 км жерде орналасқан. Салдырушы Асанқожа Бекқожаұлы. 1983 жылы Оңтүстік Қазақстан экспедициясы зерттеген. Олар екі пешпен жылиды. Әр бөлмеде екі терезеден. Үй шикі кірпіштен салынып, күйдірілген кірпішпен өрілген. Үй көлемі – 17,7×11,0 метр. Биіктігі – 3 м.

Әже мазары XIX ғасырға жататын ескерткіш. Жезқазған қаласынан 6 шақырым жерде солтүстік-шығыста орналасқан. 1989 жылы «Казпроектреставрация» институтының археологтары өлшеу, зерттеу жұмыстарын жүргізді. Кірпіштің жартысы түсіп қалған. Мазар бұрынғы ескі зираттар территориясында орналасқан. Бір камералы. Квадратты мазар. Екі жағынан да күйдірілген кірпішпен өрілген. Ортасы шикі кірпіштен қаланған. Мазардың көлемі – 5,8 м. Кіреберісі жартылай шеңберлі. Оңтүстік-батысқа бағытталған. Биіктігі – 1,7 м. Мазардың ішінде 8 қуыс бар. Биіктері – 4,5 м. Қабырғаларының қалыңдығы – 70 см. Мазар биіктігі – 6 м. Аумағы – 202,6 м². Кірпіштің қалану әдісі бір қатарлы. 3 фасадты өрнектелген. 3 қатары «шырша» әдісімен өрнектелген. Қабырғаларының жоғарғы бойында айшықты белдеулік өтеді.

Бұзау мазары. XIX ғасыр. Бұзау XIX ғасырда Сарысу бойында Қызыл жыңғылдың болысы болған. Оның бейіті Сары Көңгір өзенінің жағасындағы Алаша хан мазары тұрған қорымда орналасқан. Себебі Сарысу елі жазда Сары Көңгір өңірін жайлаған. Бейіттің салыну шеберлігіне қарағанда XIX ғасырда қазақтың жергілікті қолтума архитектура шеберлері қалыптасқан. Олар өз өнерлерін ұрпақтан-ұрпаққа, атадан-балаға үйретіп қалдырып отырған. Бейіт ескі кірпіштен, күмбездіз төрт құлақ там үлгісінде салынған. Бұрыштарына кіре берісіне жұмыр кірпіштен бағаналар орнатылған. Бейіттің есігі, қабырғалары түрлі бейнедегі кірпіштермен әшекейленген. Бұл бейіт қазақтың қолтума архитектура өнерінің тағы бір айқын айғағы.

Лабак мазары. XIX ғасыр. Ұлытау ауданы. Малшыбай селосынан оңтүстік-шығыста 20 км жерде орналасқан. Салыну тарихы белгісіз. 1975 жылы Қазақ КСР Мәдениет министрлігінің экспедициясы зерттеу жұмыстарын жүргізді. Бір камералы. Көлемі 7,25×8,24 м. Қабырғасының қалыңдығы 90 см. Ғимараттың биіктігі – 6,44 м. Мазардың беті айшықпен нақышталып, өрнектелген. Қабырғасындағы екі кірпішінде араб әрпі ойылып жазылған. Бірақ қазіргі бастапқы әріптері өшуге айналған. Мазардың ескі бөлігі ойығы сүйір болып келген. Солтүстік, батыс, шығыс бетінің қабырғалары тоқылған шидің өрнегіндей нақыпталған.

Айранбай мавзолейі. XIX ғасыр. Ұлытау ауданы Жезқазған қаласының 110 км солтүстік-шығыста орналасқан. Ал Малшыбай ауылынан 35 км жерде орналасқан. Салыну тарихы белгісіз. 1974 жылы Қазақ КСР Мәдениет министрлігінің Орталық Қазақстан экспедициясы зерттеу жұмыстарын жүргізді. Мавзолейдің кіреберіс коридорының төбе жабыны жартылай бұзылған. Айранбай мавзолейі 3 күмбезді, крест тәрізді болып келген. Күйдірілген кірпіштен қаланып, іші шикі кірпішпен өрілген. Фасадтары ақшыл және күңгірт кірпішпен «тоқылған ши» әдісімен қаланған. Көлемі 9,75×8,25 м. Биіктігі – 6,25 метр.

Ұлы батыр Төлек ұлы Сандыбай бабаның кесенесі (1772-1838). Терісаққан ауылының Сарытоған егістік алқабынан 6 км жерде орналасқан.

Сандыбайдың өз әкесі Төлек, жоңғарлармен шайқасқан алып батыр иесі болған. 16 жасынан жауға қарсы шапқан. Сандыбай да батыр атанған. Қарадан шыққан Барлыбай Сандыбайға бата берген: «Бағаналы найманның жауға шабар ұраны Сандыбай бол» деп. Сандыбай кесенесі қайта қалпына келтіріліп, 2000 жылы ол толық аяқталды.

Жаманбай мазары. XIX ғасыр. Ұлытау ауданы. Жезқазған қаласынан 40 км солтүстікке орналасқан. Салыну тарихы белгісіз. 1989 жылы «Казпроекреставрация» институтының архитекторлары өлшеу жұмыстарын жүргізді. Реставрациялық жұмыстар жүргізілмеген. Мазар алғашқы күйін сақтап қалған. Бұл күмбезсіз, порталды мазар. Күйдірілген кірпіштен қаланған. Көлемі 4,9×5,17 м. Порталдың биіктігі – 4,3 м. Қалған қабырғалардың биіктігі – 3,1 м. Іргетасы жоқ. Мазардың аумағы – 105 м³. Қазақстанның

інжу-маржаны Ұлытау қандай керемет! Мұғалжар қандай ғажап! Бұлардың бәрі байтақ даладағы қорықтар, жай ғана дамудың орталығы емес, этностардың өсіп-өну орталықтары, «киелі орындардың» ең бір күдіреттілері.

Ұлытау аймағында индустрияның қалыптасуы мен дамуымен байланысты, туристер үшін танымдық қызығушылықты тудыратын басқа да нысандар баршылық. Туристер түсті металлургияның, химия, электрэнергиясы кәсіпорындары мен өндіріс мекемелері бар қалаларды тамашалауы мүмкін.

«Мұртты» қорғандар – Ұлытаудағы таңдай қақтырар көрікті нысандардың бірі. Олардың құпиясы әлі күнге беймәлім. Бұларды мазар үстіндегі ескерткіш дейміз бе, әлде ежелгі расытхана дейміз бе, тіпті, осылардың бәрінің басын құрайтын тұлғалы ескерткіш дейміз бе, әйтеуір, бұлардың қай-қайсысы да таңғажайып дүниелер. Классикалық үлгідегі осындай ескерткіштердің «мұртты» үнемі шығысқа қарап тұрады. Ұлытауда сақталған олардың сан алуан бағдарымен, пішінімен, санының көптігімен таңғалдырады.

Токтауыл тұрағы. Токтауыл тұрағы Қарағанды облысы Жезқазған қаласынан солтүстік-батысқа қарай 83 шақырым жерде орналасқан. Ол ұсақ шоқының жоғары шатқалындағы бұлақтың маңынан табылды. Тас ғасырын арнайы зерттеу 2001 жылы А.Х. Марғұлан атындағы Археология институты Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясының басшысы Ж.К. Құрманқұловтың ынтасымен басталған болатын.

Бұлақ диаметрі 25-30 м болатын саз батпақ түрінде келеді. Осы саз батпақ бөктерінен төмен қарай ені 3-4 м және тереңдігі 20-30 м болатын арнаның ізі байқалады. Бұлақтан батысқа қарай 15-20 м жерде, 1,5-2 м жоғары фитогенді дөң орналасқан.

2001 жылы материалдардың негізгі бөлігі жиналды, барлығы 495 тас артефактілер. 2002 жылы Токтауыл бұлағы алаңында ауданы 4×4 м құрайтын барлау қазба орны салынды. Қазба орнынан 5000-ға жуық тас артефактілер және көптеген уатылған жануарлар сүйектері алынды.

2003 жылы – 32 м², 2004 жылы 36 м², 2005 жылы 64 м² қазба орны аршылды. Артефактілердің көлемі сәйкесінше 6543, 6158, 16302, 8611 дананы құрады. Қазба орнының оңтүстік-батыс бөлігіндегі шөгінді жыныстардың қалыңдығы 1 м-ге дейін жетеді.

Артефактілердің жалпы көлемінің 10-12%-ын құралдар құрайды. Олардың ішінде қырғыштар, тескіштер, кескіштер, екіжақты өңделген жебе мен найзаның ұштары, тісті-ұңғымалы бұйымдар, пышақтар. Сонымен қатар аз көлемде сапасы жақсы жыныстардан ретушті пластинкалар мен геометриялық микролиттер (трапециялар) кездеседі.

Ең көне олжалар палеолит дәуірінің соңына және мезолитке жатады. Токтауыл тұрағындағы артефактілердің негізгі бөлігі неолит пен энеолит дәуіріне жатады.

Беғазы-Дәндібай. 2007 жылғы далалық маусымда Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша «Сарыарқа» археологиялық экспедициясы Беғазы өңірінде зерттеу жұмыстарын жүргізді. Өлкені алғашқы рет 1946 жылы Ә.Х. Марғұланның жетекшілігіндегі Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясы зерттеген. ОҚАЭ Беғазы қорымында арасына үзіліс салып 1947-1952 жылдары Андронов тарихи-мәдени қауымдастығының 18 қоршауы мен соңғы қола дәуірінің 6 тас кесенесін қазды.

САЭ атқарған жұмыстарының барысында қорымда Андронов тарихи-мәдени қауымдастығының 50 қоршауы, соңғы қола дәуірінің 6 тас кесенесі мен ерте темір дәуірінің 12 нысаны есепке тіркеліп, олардың жекелей нақты сипаттамасы және аспаптық өлшемдері алынды. Сонымен қатар экспедиция Беғазы-3Б зиратында қазба жұмыстарын жүргізді.

Беғазы-3Б зиратының құрамына соңғы қола және ерте темір кезеңдерімен мерзімделетін жерлеу орындары және ғұрыптық құрылыстар кіреді. 2007 жылы қорымдағы соңғы қола дәуірінің 2 шаршы құрылысы /№№ 1,2,/ мен ерте темір дәуірінің №6 обасы зерттелді.

Соңғы қола дәуірінің екі құрылысына 268,5 м² қазба салынып, қазба ауданынан 2 негізгі құрылыс пен 3 қосымша құрылыс орындары, 4 шұңқыр анықталды. Қазба жұмысының деректік базасын № 2, 4, 5 құрылыстардан алынған қыштар; киіктің өңделген мүйізі, сүйектен жасалған ұршық құрайды. Табылған қыштар ескерткіштерді Беғазы-Дәндібай дәуірінің доңғал сатысымен (б.з.б. IX-VIII ғасырларда) мерзімдеуге мүмкіндік берді.

№6 обадағы қазба жұмыстары кезінде қабір түбінде екі адамның толығымен сақталған қаңқа сүйектері табылды. Заттай деректерден сол жақ қаңқаның бел тұсынан шыққан, қоладан

құйылған айна бар. Табылған қола айнаның мерзімдемесі бойынша сақ дәуірінің №6 обасы б.з.б. VII-VI ғасырларға жатқызылды. Бұл ескерткіш Орталық Қазақстанның Тасмола мәдениетіне қарасты.

Беғазы зираты айрықша маңызы бар ескерткіш болғандықтан, оның төңірегіндегі осы мәдени кезеңмен байланысы бар жәдігерлердің деректемелік қорын жасау өзекті болмақ. Бұл тұрғыда САЭ зиратқа жақын жерде орналасқан 40-тан астам археологиялық нысандардың тізімдесін жасады. Аталған жұмыстардан басқа САЭ алдағы далалық зерттеу жұмыстары барысында Беғазы-Дәндібай мәдениетінің басқадай айрықша ескерткіштерінің аспаптық өлшемдерін алып, нақты сызбаларын, олардың қазіргі жағдайының сипаттамаларын дайындау жұмыстарын да атқармақ.

Талдысай қонысы. Талдысай қонысы Қарағанды облысы Жезқазған қаласынан 82 шақырым жердегі Ұлытау жазығындағы Талдысай (Бала-Жезді) және Жезді өзендерінің құяр сағасында өзі аттас ауыл маңында орналасқан. Талдысай қонысы қола дәуірінде Жезқазған мысын қорытатын орындардың бірі болған. 1992 жылдан бастап Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясы зерттеуде. 2004-2006 жылдары ескерткіш «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында зерттелді. Мыс рудасын өндірудегі және дайын бұйымдар туралы жаңа материалдар жинақталып, ғылыми айналымға енді.

Қоныс үш қазба орнымен зерттелуде. Көлемі жағынан үлкен әрі маңыздысы I қазба орны. Екі тұрғын үй кешені орналасқан шығыс және батыс учаскелерге бөлінген. Батыс тұрғын үй кешенінде (БТҮК) жартылай жерасты түріндегі үйдің шығыс, батыс және солтүстік бөліктерінің қабырғалары тазартылды. Солтүстік қазаншұңқырының қабырғасы сатылы болып келген. Арықтар мен шұңқырлар арқылы байланысып келген ошақ жүйесі бар БТҮК металлургиялық №2 шұңқыр пеш негізінен шахталық түрдегі және құдықпен байланысып жатыр. Шығыс учаскеге қоса металлургиялық өндіріспен байланысы бар шығыс тұрғын үй кешені (ШТҮК) зерттелуде. Екі жылу арықшалары бар тұрғын шеберхананың батыс және солтүстік-батыс қабырғалары ашылды. Тұрғын шеберханадан 4 металлургиялық шұңқыр табылды, оның үшеуі зерттелініп, жер үсті жылу жүйесі бар шахталық түрдегі пеш екені анықталды. Шеберхананың өмір сүруі аяқталған кезде малды, кейде адамды да құрбандыққа шалатын болған.

СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН АЙМАҒЫНЫҢ ТУРИЗМ ГЕОГРАФИЯСЫ



6.1. Ақмола облысы

Әкімшілік орталығы – Көкшетау қаласы.

Жер аумағы 146,2 мың км².

Халқы – 733 212 адам.

Әкімшілік-территориялық бөлінуі. Қазақстан Республикасының орталығында орналасқан әкімшілік-аумақтық бөлініс. 1939 жылы құрылған. 1961 – 1992 жылдары Целионград облысы болып аталды. Жер аумағы 146,2 мың км². Тұрғыны 746,6 мың адам, орташа тығыздығы 1 км²-ге 5,1 адамнан келеді (2006). Солтүстігінде Солтүстік Қазақстан, шығысында Павлодар, оңтүстігінде Қарағанды, батысында Қостанай облыстарымен шектеседі. 14 ауылдық, 2 қалалық әкімшілік ауданға бөлінген. 10 қала, 13 кент, 245 ауылдық әкімшілік округ бар. Әкімшілік орталық – Көкшетау қаласы.

Тарихы. Ақмола облысының құрылуы мен дамуының тарихы және оның қазіргі кездегі әкімшілік шекараларындағы қалыптасуы

II қазба орны қоныстың батыс бөлігінде, ал III қазба орны қарсы жағындағы өзен жағасының шайып кеткен жеріне салынды. Осы кезеңге дейін 1600 шаршы метр аймақ ашылды.

Алғашқы жылдарда-ақ қоныстың аймағында бірнеше дүркін қоныстану болғандығы анықталды. Қазіргі таңда біз қоныстың екі кезеңде өмір сүргендігін толыққанды айта аламыз. Алғашқы кезең – металлургияның шарықтаған кезімен сай келсе, екінші кезеңі – мал шаруашылығының дамуымен сәйкес.

Қыш материалдар мен пышақтарды зерттей келе қоныстың II мыңжылдықтың екінші жартысында пайда болып б.з. I-II мыңжылдығында өмір сүруін тоқтатқан.

Қайталау сұрақтары:

1. Қарағанды облысының көлік инфрақұрылымын сипаттаңыз.
2. Ұлытау ауданында туризмді дамыту мүмкіншіліктері қандай?
3. Қарқаралы МҰТП сипаттама беріңіз.

қазақ халқының өзінің тәуелсіздігі жолындағы жігерлі күресімен, дербестігімен және гүлденуімен, яғни мемлекетіміздің өткен тарихи кезеңімен тығыз байланысты.

Қазақ хандығының XVIII ғасырдың соңындағы және XIX ғасырдың басындағы сыртқы саяси жағдайы айтарлықтай күрделі болды. Көрші елдердің тарапынан басқыншылықтан қорғануды іздестірген Кіші және Орта жүз өкілдері Ресей мемлекетінің қаласына өтті.

Ресей Қазақстанның шекарасында қорғанысты күшейту мақсатында 1752 жылы 26 наурызда Омбы мен Звериноголовск желісін қосатын жаңа Новошим жолағын (Горький – таулы-тұзды өзендердің ағысымен) салуға шешім шығарды. 1804 жылғы жазда Қызылжар шатқалында іргесі қаланған әулие Петр мен Павел қамалы желінің орталық бекінісі болды. 1804 жылы жүргізілген әкімшілік реформа бұл бекіністі империяның қала мәртебесіне жеткізді. Ол кезде Орта жүздегі хандық билік шын мәнісінде өзінің маңыздылығын жойды және ол қазақ жерлерінің Ресей империясының құрамына қосылуына әкелді.

1822 жылы патша үкіметі «Сібір қырғыздары туралы жарғыны» негізге ала отырып, басқарудың жаңа жүйесін енгізді. «Жарғы» бойынша Орта және Ұлы жүздің бір бөлігінің аумағы «Сібір қырғыздарының облысы» (Омбы) атауын алды, ол жаңадан құрылған Батыс-Сібір генерал-губернаторлығы құрамына кірді. «Жарғыға» сәйкес 1822-1844 жылдары жүздер аумағының аясында 8 округ құрылды, атап айтқанда: Көкшетау (1824), Құсмұрын (1824), Ақмола (1832), Атбасар (1846). 1854 жылы Омбы облысы Ақмола облысы және Семей облысы болып екіге бөлінді.

Жаңа аумақтардың көлемдігі және оларды басқаруды ұйымдастыру, жаңа – Көкшетау және Қарқаралы екі округ ашу туралы мәселе туындады. Ол 1824 жылы 25 ақпанда Сібір комитетінің отырысында қаралды. Көкшетау сыртқы округін (яғни казак бекіністерінен және пикеттерінен тысқары) ұйымдастыру подполковник А. Григоровскийге жүктелді. Көкшетау округтік приказды ашу 1824 жылғы 29 сәуірде Көкшетау тауларының оңтүстік жағында ұйымдастырылды.

Алайда, 30 сәуірде А. Григоровскийге Ғұбайдолла Уәлиханов сұлтан басқарған қазақтың зиялы қауымынан құрылған делега-

ция приказды Бурабайдан батысқа қарай болыстың орталығына ауыстыру туралы өтініш білдірді. А. Григоровский өтінішті қанағаттандырды және приказды Азат шатқалына қарай ауыстыру туралы шешім қабылдады. Алайда бұл орын да қолайлы емес деп танылды және Қопа көлінің жағасындағы Бұқпа тауының етегі таңдап алынды. 1868 жылы Көкшетау қонысына округтік қала мәртебесі берілді. Ақмола сыртқы округін ашу қазақ қоныстарын Жоңғар тарапынан болуы ықтимал шапқыншылықтан қорғау қажеттілігінен туындады.

1829 жылы Қоңырқұлжа Құдайменді сұлтан Ресей үкіметіне жоңғар тарапынан шапқыншылық пен тонаудың жиілеп кеткендігі туралы арызбен Ақмола шатқалында өзі басқаратын болыстарда сыртқы округ құру туралы өтініш білдіреді.

Батыс Сібір генерал-губернаторы Ақмола округінің бекінісін және негізін қалау үшін Петропавл бекінісінің коменданты подполковник Ф. Шубинді іссапарға жіберу жөнінде өкім шығарды.

Бекініс Есіл өзінің оң жақ жағалауында жазық даланың ортасында қаланды. Ақмола округтік приказының ресми ашылуы 1832 жылғы 22 тамызда өтті. Дегенмен де, бұл приказға да 1837-1847 жылдары (Кенесары Қасымовтың көтерілісі) уақиғаларға байланысты өзінің орналасқан орнын ауыстыруына тура келді.

Приказ Қара өткел шатқалына ауыстырылды. 1863 жылғы 16 маусымда Сібір бекіністерінің жүйесінде беделді орынға ие болған Ақмола бекінісіне округтік қала мәртебесі берілді. Осы кезде көгілдір таулардың аумағында Щучье, Бурабай, Зеренді және т.б. станицалар құрылды.

1867 жылы патша үкіметі Қазақстанда бірыңғай аумақтық-әкімшілік жүйені орнату және өңірді әскери-колониялық сипаттағы басқаруды күшейту бойынша бірқатар реформаларды бастады.

1868 жылғы 21 қазандағы Жарлықпен «Орынбор және Батыс-Сібір генерал-губернаторлықтың далалық облыстарын басқару туралы уақытша ереже» бекітілді. Осы Ережеге сәйкес, Қазақстанның аумағында алты облыс, сонымен қатар орталығы Омбы қаласында орналастырылған Ақмола облысы бекітілді. Облысты әскери генерал-губернатор басқарды. Сонымен қатар барлық кедендік желілерді, заставаларды, баждарды қысқарту жүріп жатты, ол, негізінен, Қазақстанның толығымен Ресейге қосылуын аяқтады.

Осы Ережемен облысты округтерге емес, уезге бөлу қарастырылған болатын. Ақмола облысының құрамына Омбы, Петропавл, Ақмола, Атбасар, Көкшетау уезі енгізілді. Олар бұрынғысынша болыстарға бөлінді.

1920 жылғы 26 тамызда үкімет астанасы Орынбор қаласында орналастырылуымен «РКФСР құрамында Қырғыз (Қазақ) кеңестік автономиялық республика құру туралы» декрет шықты.

1921 жылғы 25 сәуірде Қазақстанның әкімшілік-аумақтық бөлінісінде өзгерістер орын алды. Омбы облысы қысқартылып, орталығы Петропавл қаласында орналастырылған Ақмола губерниясы құрылды, оның құрамына Көкшетау, Ақмола, Атбасар, Петропавл және Шерлақ уездері қосылды.

1928 жылғы 17 қаңтарда Ақмола губерниясы және оның уездері қысқартылды, Ақмола округі құрылды. Оның құрамына 16 аудан кірді. 1930 жылғы 23 шілдеде жаңа әкімшілік-аумақтық бірлікті енгізу арқылы округ жойылды.

КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1939 жылғы 14 қазандағы Жарлығымен Қазақ КСР құрамында Ақмола облысы құрылды, оның құрамына Қарағанды облысының құрамынан 4 аудан (Ақмола, Новочеркасск, Еркіншілік, Вишневск) және Солтүстік Қазақстан облысынан 11 аудан (Сталин, Калинин, Макинск, Атбасар, Есіл, Рузаевск, Арықбалық, Молотов, Зеренді, Щучье, Еңбекшілдер), барлығы 15 аудан кірді. 1939 жылғы 16 қазанда облыс аумағында жаңадан Шортанды ауданы құрылды.

1944 жылғы наурызда Арықбалық, Зеренді, Рузаевск, Щучье және Еңбекшілдер аудандары жаңа – Көкшетау облысының құрамына берілді.

1960 жылғы 26 желтоқсанда Ақмола облысы қысқартылды. Ақмола қаласы Целинный өлкесінің орталығы болып бекітілді, оның құрамына Көкшетау, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстары кірді. 1961 жылғы 20 наурызда Ақмола қаласы Целиноград қаласы болып өзгертілді.

Бір ай өткеннен кейін – 24 сәуірде Целиноград облысы құрылды, оның құрамына келесі аудандар енгізілді: Ақмола (Целиноград), Астрахан, Атбасар, Балкашинск (Молотовск-Сандықтау), Баранқұл, Вишневск, Державинск (Жарқайын), Еркіншілік (Ерейментау), Есіл, Жақсы, Калининск, Қима, Ленинск (Сталинский-

Алексеевский-Ақкөл), Қорғалжын (Қорғалжын), Макинск (Бұланды), Новочеркасск, Шортанды.

1992 жылғы 6 шілдеде Целиноград қаласының тарихи атауы Ақмола қалпына келтірілді, Целиноград облысы Ақмола облысы болып өзгертілді.

1998 жылғы 6 мамырда Ақмола қаласы Астана қаласы болып өзгертілді.

1999 жылғы 8 сәуірдегі ҚР Президентінің Жарлығына сәйкес Ақмола облысының шекарасы өзгертілді, оның құрамына бұған дейін Солтүстік Қазақстан облысының құрамына кірген Көкшетау қаласы аумағы қосылды. Ақмола облысының әкімшілік орталығы Астана қаласынан Көкшетау қаласы көшірілді.

Географиялық орналасуы. Ақмола облысы Сарыарқаның солтүстік-батыс бөлігінде, Есіл өзенінің жоғарғы ағысындағы дала белдемінде орналасқан. Жерінің басым бөлігі абсолюттік биіктігі 400 м-ден аспайтын аласа белесті, ұсақ төбелі жазық. Солтүстігінде Көкшетау қыратының сілемдері (Сандықтау, Домбыралы, т.б. аласа таулар) орналасқан. Облыстың батыс, орталық, шығыс бөліктерін Есіл, Атбасар, Сілеті жазықтары алып жатыр. Оңтүстік-батысында Теңіз-Қорғалжын ойысы бар. Облыстың батыс жағында Есіл өзеніне дейін Торғай үстіртінің шығыс шеті еніп жатыр. Есіл өзенінің оң жағалауы Атбасар, сол жағалауы Теңіз жазықтарымен шектеседі. Оңтүстік-шығысында орманды, көркем Ерейментау өңірі орналасқан. Оның негізгі бөлігі жартасты, қырқалар тізбегінен (100 – 500 м) тұрады. Жерінің геологиялық құрылымы каледон және герцин қатпарлығы кезеңінде қалыптасқан. Палеозой дәуірінің соңында континенттік түзілу кезеңі басталды. Өте ұзақ мерзімге созылған тегістелудің нәтижесінде пайда болған таулы өлке мезозой дәуірінде бірте-бірте қыраттарға айналды. Облыс жері, негізінен, палеозойдың метаморфтанған тақтатастарынан, кварциттерінен, құмтастарынан, альбитофириттерінен, әктастарынан, конгломераттарынан түзілген. Солармен бірге интрузивті (гранит, диорит, габбро, т.б.) және эффузивті жыныстар кең таралған. Байырғы жыныстарды неоген мен төрттік дәуірлердің сарғылтым шөгінділерінің қалың қабаттары жауып жатыр.

Аумақтың жер бедері әртүрлі: басым көп бөлігін жазық дала, ұсақшоқылы жерлер, шамалы тармақталған және көлдік аңғарлар мен орман жамылған таулар алып жатыр.

Облыстың ауа райы шұғыл континенттік. Жазы қысқа және жылы, ал қысы ұзақ, ызғарлы желдері мен ұйытқыған борандары араласқан аязды болады. Ауаның ең төменгі температурасы минус 40°C жоғары, ең жоғарғы температурасы +40°C-қа жетеді.

Өсімдіктері, әсіресе облыстың солтүстік бөлігінде өзінің алуан түрлігімен және тиісті ландшафтымен, атап айтқанда қарағайлы-қайыңды ормандарымен және тау беткейлерін көмкерген түрлі өсімдіктерімен ерекшеленеді. Таулы қарағайлы орман облыстың байлығы. Облыстың жануарлар әлемі өзінің айтарлықтай молдылығымен және әртүрлігімен ерекше көзге түседі: сүтқоректілердің 55 түрі, құстың 180, балықтың 300 түрі мекендейді.

Облыстың аумағында «Көкшетау» және «Бурабай» мемлекеттік ұлттық табиғи парктері мен Қорғалжын мемлекеттік халықаралық маңызы бар қорық орналасқан. Кен байлықтарынан алтын, уран, боксит, сүрме, мыс, молибден, кобальт, көмір, каолин сазы, кварц құмы, құрылыс материалдары, т.б. өндіріледі.

Климаты тым континенттік, қысы ұзақ (5,5 айға созылады) суық, жазы қоңыржай ыстық. Қаңтардың орташа температурасы –16-18°C, шілдеде +19-21°C. Тұрақты қар жамылғысы қарашаның ортасында қалыптасып, оңтүстігінде 130-140 күн, солтүстігінде 150-155 күн жатады. Қардың орташа қалыңдығы 20-22 см. Солтүстігінде жауын-шашынның жылдық орташа мөлшері 400 мм, оңтүстігінде 250 мм. Облыста солтүстіктен оңтүстікке қарай қара қоңыр, қоңыр, ашық қоңыр топырақ белдемдері бірін-бірі алмастырады. Олардың көпшілігі жыртылған.

Ірі өзендері Есіл, оның салалары – Қалқұтан, Жабай, Теріс-аққан, Нұра, Сілеті, Өлеңті, Құланөтпес, т.б. Облыста көл көп, олардың 94-і тұщы. Ірі тұщы көлдері Қорғалжын, Қожакөл, Шолақшалқар, Балықтыкөл, Ұялышалқар, т.б. Ірі тұзды көлдері Теңіз, Керей, Итемген, Қыпшақ, Мамай, Үлкен Сарыоба және Астана, Сілеті бөгені бар. Олардан басқа жер суғаруға арналып 37 тоған салынған, жалпы су көлемі 180,6 млн. м³. Қорғалжын көл жүйесін сумен толықтыру және Астананың өнеркәсібін сумен қамтамасыз етуді жақсарту үшін Нұра өзені арқылы 70-74 млн. м³ Ертіс суы беріледі.

Өсімдіктің 73 тұқымдасы, 800-ден астам түрі кездеседі. Негізінен қылқан, селеу, бетеге, далалық жоңышқа, таспашөп, жебіршөп, қазтабан, сәбізшөп, жусан, т.б. өзен жайылмалары мен көл жағалауында астық тұқымдас және әртүрлі шөп аралас шалғын, ұсақ шоқыларда шоқ қарағай, қайың, көктерек, түрлі бұталар өседі. Облыс табиғатына сәйкес мұнда сүтқоректілердің 55, құстың 80, бауырымен жорғалаушылардың 8, космекенділердің 3, балықтың 30 түрі мекендейді. Облыстың солтүстігіндегі ормандарда бұлан, сібір елігі, сілеусін, аккіс, ақ қоян, тиін, Еуропа кірпісі, орман құстары (құр, аққұр, тоқылдақ, т.б.), жыртықш құстар (қарақұс, шаңқылдақ қыран, кезқұйрық, жамансары, күйкентай, жағалтай), сауысқан, алақарға, жауқара, т.б. кездеседі. Су құстарынан қоқиқаз, қаз, үйрек, т.б., бауырымен жорғалаушылардан сарыбас, өрнекті қарашұбар жылан, сұр жылан, секіргіш кесіртке, т.б. мекендейді. Суларында мөңке, оңғақ, лақа, алабұға, торта, шортан, аққайран өседі. Қорғалжын, Ерейментау, Атбасар мемлекеттік қорықтары бар. Облыста республика халқының 4,9%-ы тұрады. Солтүстік және орталық аудандарда халық жиі қоныстанған.

Қалалары – Астана, Степногорск, Атбасар, Макинск, Ақкөл, Есіл, Ерейментау, Щучинск. Облыс өнеркәсібі өндіру және өңдеу салаларынан тұрады. Ауылшаруашылық машиналарын жасауға, астық өндіруге, сүтті, етті мал өсіруге мамандандырылған. Ауылшаруашылық жері 12501,1 мың га, оның 4806,1 мың га-сы егістік, 287,8 мың га-сы шабындық, 72,2 мың га-сы жайылымдық (2006). Орман-тоғай 224,3 мың га жерді алып жатыр. Облыс аумағындағы теміржолдың ұзындығы 1531 км. Облыс жері арқылы [Петропавл – Астана – Қарағанды, Қарағанды – Астана – Павлодар теміржолдары, Көкшетау – Астана – Қарағанды, Қостанай – Астана – Павлодар, Астана – Алматы] автомобиль жолдары өтеді.

Халқы. Ақмола облысы ҚР Статистика департаментінің деректері бойынша облыстағы халық саны 2012 жылдың басына 731 328 адамды құрады. Облыс орталығында 149 699 адам тұрады немесе облыстық көрсеткіштен 20,5%. Ұлттар бөлінісінде облыстағы халық санында қазақтар 48,2%-ды (352 423 адам) құрайды, Көкшетау қалалық әкімдігінде – 54,2% (81 131 адам). Ақмола облысында орыстардың саны 257 283 адамды құрайды (35,2%), Көкшетау қалалық әкімдігінде – 48 864 адам (32,6%).

Республикадағы халық бойынша (16,7 млн. адам) Ақмола облысы халықтың үлесі 4,4%-да қалыптасты.

Қазақтардың саны Республика бойынша 10 764 253 адам немесе халықтың жалпы санынан 64,6%-ды құрайды, орыстар – 3 726 722 адам (22,3%), өзбектер – 493 783 адам (3,0%), украиндар – 313 698 адам (1,9%). Халық саны бойынша ең ірі Оңтүстік Қазақстан облысы – 2 621 523 адам немесе жалпы саннан 15,7%, Алматы қаласында 1 450 327 адам (8,7%), Астана қаласында 742 918 адам мекендейді (4,5%).

Көлік қарым-қатынасы. Өңірдің бәсекеге қабілеттілігін анықтайтын көліктік инфрақұрылымды дамыту инвестицияны салу үшін ең маңызды салалардың бірі болып табылады.

Республикалық маңызы бар автомобиль жолдарына баса назар аударылады. Облыс аумағында Қазақстанда алғаш рет ұзындығы 205 шақырымдық Астана-Щучье алты жолақты автобан құрылысы жүзеге асырылуда, жергілікті автомобиль жолдарының жағдайын жақсартуға бағытталған қаржыландырудың көлемі жыл сайын арта түсуде.

Көліктік инфрақұрылымды дамыту мақсатында Көкшетау қаласындағы әуежайды осы қызмет түрін қазіргі уақыт талабына жауап беретін деңгейге жеткізу үшін қайта жөндеу мәселесі қарастырылуда.

Өңіраралық көліктік ағымды жүйелендіру және облыстың экономикалық белсенділігін ынталандыру үшін, сонымен қатар оның орналасқан географиялық қолайлы жағдайын ескере отырып, болашақта ірі көліктік-логистикалық орталыққа қайта құрылу мүмкіндігімен көліктік-логистикалық тораптарды құру қажет.

Бұл бағыт болашақта инвестиция салу үшін тиімді.

Туризмнің даму нысандары.

Облыс туристік бизнесті дамыту үшін қолайлы аумақта орналасқан. Облыстың көпшілік аудандарында ішкі туризмді дамытуға арналған үлкен мүмкіншіліктері бар. Демалыс үйлері, санаторийлер мен туристік базалар, алдын ала емдеу орындары мен пансионаттар және т.б. бар.

Щучье-Бурабай курорттық аймағы тамаша табиғи-климаттық жағдайы, бай емдеу-рекреациялық ресурстары, тарихи-мәдени қоры, Республиканың орталығында орналасқан географиялық

тұрғыдан қолайлы, Қазақстан Республикасының елордасы Астана қаласына жақын орналасқан курорттық орын.

Курорттық аймақты одан әрі дамытуға шетел капиталын тарту үшін инфрақұрылымды дамытуға ерекше назар аударылады. Жаңа жолдарды салу, әуе байланысын ашу, тұрақты түрде сумен және электр энергиясымен қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар әзірленді. Аталған шаралар өмір сүру, белсенді түрде демалу және туристердің қатынасы үшін қажетті ғимараттарды және имараттарды салуға инвестицияны тарту үшін жағдай жасауды қамтамасыз етеді.

Сонымен қатар қолайлы инвестициялық ауа-райын құру, отандық және шетелдік инвестицияларды тарту, сондай-ақ болашақта оның аумағында туристік ойын-сауық орталығын дамыту мақсатында «Бурабай» арнайы экономикалық аймақ құрылды.


Туристік ойын-сауық орталығы – әлеуметтік жоба: ойын мекемелерін көшіру осы ауданның жағдайын жақсартуға, қосымша жаңа жұмыс орындарын ашуға, салық түсімдерінің бюджетке түсуін арттыруға мүмкіндік береді, сонымен қатар тиісті инфрақұрылымдарды да дамытуға септігін тигізеді.

Ойын бизнесінің дамуына арналып белгіленген екі арнайы орталықтардың біреуінің орналасу орнының анықталуы да Щучье-Бурабай курорттық аймағын дамытуға айтарлықтай әсер ететіні сөзсіз.

Тұтастай алғанда, облыста өңірдің экономикасын, атап айтқанда халықаралық туристік бизнесті дамытуға инвестиция тарту үшін зор әлеует бар және ынтымақтастық жөніндегі кез келген ұсыныстарды қарауға дайын.

Мемлекеттік ұлттық табиғи «Көкшетау» саябағы. «Көкшетау» ұлттық табиғи саябағы 1996 жылдың сәуірінде Қазақстан Республикасы үкіметінің қаулысы бойынша құрылған болатын. Оның негізгі аумағы Көкшетау қаласының оңтүстік-батысына қарай 60 километр аралығындағы 182 000 гектардан аса алқапты алып жатыр. Саябақ жерінің құрамына Зеренді, Шалқар және Имантау және Айыртау табиғи аймақтарының таулы-орманды, өзен-көлді өлкелері енеді. Ұлттық саябақтың аумағында мемлекет қорғауына алынған 185 археологиялық, тарихи, сәулет және монументальды өнер ескерткіштері бар. Сырымбет ауылында, Сырымбет тауының баурайында XIX ғасырдағы ағаштан тұрғызылған

сәулет өнерінің ескерткіші болып тыбылатын ұлы ғалым жерлесіміз Шоқан Уәлиханов отбасының қалпына келтірілген қонысы бар. Аталған қоныс негізінде тарихи-мемориалдық кешен ұйымдастырылды. Мұндай кешен Қарасай мен Ағынтай батырларға да арналып салынды. Ұлттық саябақтың өсімдіктер және жануарлар әлемі сан алуан дәуірлер және байлықтар флорасы мен фаунасының өзара сирек ұшырасатын үйлесімі болып табылады. Көне дәуірдің қыналары мен папоротниктері қазіргі ағаш және бұталы өсімдіктердің астындағы қабатында жатыр. Сібір тайгасына тән жануарлардың түрлері бұлан, сілеусін, орман, сусары, ақ қоян, ақ тышқан оңтүстік дала мен шөлейтті аймақта тіршілік ететін қарсақ, саршұнақ, орқоян, күзен, суырлармен араласа өмір сүруде. Күз және қыс мезгілдері аңшылар үшін нағыз олжа. Жаз болса өзінің ыстық лебін әкеліп, жеміс-жидек пен саңырауқұлақтарын кең дастархандай жаяды. Ал көл сулары балықтардың түр-түріне молаяды. Зеренді өлкесі ну тоғай-орманымен, шатқалы мен таулы күмбездерімен әйгілі. Бұл жасыл аймақ тынық ормандарымен, хош иісті шөптерімен және қайын-қарағай сұлулығымен көз тартады. Құрамында озоны бар шипалы ауа бал қарағайлардың еңбегі. Орман ішінде туристтер сүрлеу жолдар бойымен аяңдай алады. Машина және жаяу жолдардан басқа мұнда ат және велосипед жүретін жолдар салынған. Қыстыгүні шаңғы тебу мүмкіндігі де бар. Құстар мен балықтарға бай көлдер мен ормандар, шүйгін жайылымды жазық дала көне дәуірден бастап-ақ адамдардың назарын өзіне аударған болатын.



7-сурет. Бурабай Мемлекеттік ұлттық табиғи паркі

Айыртау өзені. Оның жанында 4 балаларды сауықтыру мекені орналасқан: «Сокол», «Салтанат», «Чайка», «Заря». Табиғи биіктіктерінің үйлесімдігі: қарағаймен қоршалған көл жанында орналасқан «Қостау» және «Шиелі» шоқылары табиғаттың керемет әсемдігін бейнелейді.

Айғаным қонысы. Сырымбет мекені Орта жүз ханы Уәлихановтың жесір әйелі, Шоқан Уәлихановтың әжесінің тұрақты мекені болған (күз, 1822 жылы) қоныс ХІХ ғасырдың 20-жылдарында пайда болды.

Сандықтау табиғи оазисі. Сандықтаудың гранитті шоқылары биік шыңдарымен ерекшеленбейді: олардың негізгі шыңы Сандықтаудың биіктігі теңіз деңгейінен 626 метр. Алайда, биіктікті өзендердің көркем бейнесі, олардың ішінен ең ірісі Тісілдің саласы Жабай, бірнеше көлшіктер, көптеген бұлақтар, көлемі шексіз қарағайлы ормандар, сондай-ақ жидек пен саңырауқұлақтар жинауға да таптырмас орын, осының барлығы Сандықтауды бүкіл Солтүстік Қазақстандағы демалуға ең қолайлы жерлердің бірі ретінде көрсетеді. Айта кету қажет, бұл жерлер демалу үшін қысқы уақыттағы түрлеріне, негізінен шаңғымен серуендеуге ең қолайлы орын, бұл Қазақстанға тән туризмнің мезгілді сипатына қарағанда сирек кездесетін құбылыс. Ауданның әкімшілік орталығы және түнеп шығуға мүмкін орын ретінде таулы аймақтан батысқа қарай орналасқан Балқашын кенті бар.

Шалқар көліндегі қысан. Көлдің бетінде өсімдіктер жоқ, түбі тегіс, ортасына қарай құмдақ-тасты, ал жағалауы аз мөлшерде биікпақты не балдырлы болып келеді. Көлдің тереңдігі батыстан шығысқа қарай созылған. Оңтүстік жағалаудағы жартасты шөгінділер құламалы (8 м-ге дейін) болып келеді. Қалған жағалауы жайпақтау, олардың ұзындығы 4 метрден аспайды. Шалқар ағынсыз көл. Оған тек ерте көктемде оңтүстік-батыс және оңтүстік-шығыс бағыттан 5 аты жоқ сайлар келіп құяды. Суы тұзды, бірақ таза. Қармақпен әуесқой балық аулайтын орын. Қыста да балық аулауға болады. Көлде алабұға, мөңке, тұқы балық, пайда балық, көкшұбар балық жақсы көбейеді.

Бурабай курорты. Бурабай – Көкшетау қыраттарының солтүстік-батыс бөлігін алып тұрған жердің атауы. Оны бірнеше үлкен және көптеген кіші көлдер, сондай-ақ орман басқан биік емес

таулар құрайды. Ірі гранит массиві мұндағы жауын-шашындардың көп болуы, жазғы температураларының неғұрлым төмен болуы, желден жақсы қорғалғандықтан өзгеше жергілікті микроклимат болғанының себебі. Бурабай әркімінің өз қалағанынша демалуға мүмкіндік береді. Мұнда күні бойы саяжайда жатып, көлде шомылуға, тауға серуендеуге барып немесе түп-түзу жолдармен велосипед тебуге болады. Ешнәрсе істемей-ақ жай ғана қарағайлы ормандардың ауасына сүйсініп, серуендеуге де мүмкіндік бар. Ал пайдалы мен жағымдыны сабақтастырып, белгілі аурудың емделу курсынан өтуге де болады.

«Астана-Бәйтерек» монументі – Астананың нағыз символы, оның танымал карточкасы. Монумент ұзын темірлі құрылымдардан, ең шыңында әйнектен жасалған зәулім, үлкен шардан тұрады. Биіктігі 105 метрді құрайды. Салмағы 1000 т-дан асып, 500 қалқаға тіреледі. 97 метрді құрайтын көрініс кешені заманауи қаланың көркем бейнесін ашады. 97 саны кездейсоқ емес, ол астананың Алматыдан Астанаға ауысуын білдіреді. Панорамалық зал ортасында 17 жапырақтан тұратын, 17 әртүрлі әлем діндерінің уәкілдері қолы қойылған ағаш глобусы орналасқан. Ал қасында монументті жасау ойы туындаған Қазақстан Республикасы Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың алақанының ізі бар. Егер алақанға қолды қойып, арман-тілек тілесе орындалады деген наным бар. Күшті қарқынды даму қалаға астананы ауыстыру туралы шешімді қабылдағаннан кейін келді. 10 жыл ішінде Астана өзінің өзгеше және заманауи көркін табуына бұл оқиға себеп болды. Қала көз алдымызда өсіп жатыр. Бұл жергілікті тұрғындарды ғана емес, сонымен қатар, Астана қонақтарын да қуантады. Әрбіріңіз біздің қалаға келуіңізге, жаңа объектілердің куәгері болуыңызға, Астананың қалай қарқынды өсіп және өзгеруіне сүйсінуге толық мүмкіндігіңіз бар.

«Нұр Астана» мешіті. Монумент түнде керемет жарқырайды. Айналасына келсек, бір жағында Қорғаныс министрлігі ғимараты, ал екінші жағында – Сыртқы істер министрлігі ғимараты орналасқан. Осы жерден өте қызық соғылған биік темірлі сүмбіден жасалған – Зерттеу орталығын, екінші жағынан, Ұлттық кітапхананы көруге болады. Олардың барлығы айтарлықтай өзгеше және бірегей. 2005 жылы 22 наурызда Астанада сол жағалауда ғажайып абрис жаңа ерекше астаналық көрініс болып табылатын – «Нұр

Астана» орталық мешіті ашылды. Оның келбеті әмбебап заманауи үйлер арасында күтпеген жағдайда, бірақ үйлесімді қоршалып тұр. Шығыстың кереметі шиша, бетон, болат, гранит және алюминийден қосылымдармен өрнектелген. Күмбезді білдіретін сегіз бөреге оюды әшекейлеп ғана қоймай, сүрені (Құран мәтінінің шірігі) қашайды. Ішінде 5 мың адам дұға жасай алатын үлкен мешіт бар. Екінші қабат балконы қыз-келіншектерге дұға жасауға арналған. Мешіт көлемі 4000 м² тең. Дөңгелек алаңнан көлік көпірі арқылы өтіп, саты бойынша ағылып жатқан фонтан қасынан, «ҚазМұнайГаз» ғимараты қақпасы арқылы Ғашықтар саяжайына өтуге болады. Ол 2005 жылы 26 мамырда ашылды. Саяжайда мыңдаған шыршалар, теректер, қарағайлар, қайындар және де бұл жерге типтік емес үйенкілер егілген. Ортасында керемет субұрқак орналасқан.

«Хан шатыр» – Елорда символы. «Хан Шатыр» сауда ойын-сауық орталығы – атақты сәулетші Норман Фостердің қолымен жасалған кезекті өнер туындысы. АҚШ, Біріккен Араб Әмірліктері, Италия – бұл жергілікті халықтың мақтанышына айналған сәулетші нысандарының толық тізімі емес. Енді Норман Фостердің қызметтік тізіміне қазақстандық «әлем кереметі» қосылды. «Хан Шатыр» Астана архитектурасында өзіне тән үйлесімді орнын алды, ол Президент Резиденциясы мен үкіметтік ғимараттар кешенінен бастау алатын қаланың басты орталық белдеуін аяқтап тұр. Шатырдың құрылысы кезінде пайдаланылған көптеген технологиялар мен материалдардың кейбірі әлемдік тәжірибеде тұңғыш рет қолданылып отыр. Шатырдың қайталанбас қабаты оны Астана халқына үйреншікті болып кеткен сырттағы боран мен аяздан қорғап, іште қысы-жазы қолайлы климат ұстап тұруға мүмкіндік береді. Әрдайым жайдарлы ауа райы мен күн нұрының төгілуі – «Хан Шатырға» тән белгі болмақ.

Табиғатта түрлі климаттық белдеулерде өсетін жасыл-желктерді мұнда сатылы террасадан кездестіруге болады. Осының барлығын ең жоғарғы террасада орналасқан қарау алаңынан тамашалап, тамсануға болады. Ғимараттың орталығындағы кең алаң көрме және ойын-сауық шараларына арналған. 40 000 шаршы метр жайлы аумағы дәмхана, мейрамхана, кинотеатр мен дүкендерге берілген. Қаладағы сауда орталықтарының көптігінен жалға алушылар бұл жерге келмейді деген болжамдар жоққа шықты.

Коммерциялық алаңдардың 82%-ы қазірдің өзінде бос емес. Олардың арасында бүкіл әлемге таныс брэндтермен бір қатарда астаналықтарға ұнап үлгерген сауда маркалары да кездеседі. Мысалы, «Грин» супермаркеті. Сауда мен қызмет көрсету нысандарынан басқа, осы жерде заман талабына сай фитнес орталығы, сұлулық салоны және т.б. табуға болады.

Тропикалық су бағы мен алыс Мальдив аралдарынан арнайы әкелінген жұмсақ құм төселген керемет жағажай орталықтың ең қызықты орындарының бірі. Хауыздардың бірінде орналасқан жасанды толқын әсерлі көрініс береді. Осы жерде жылдың кез келген мезгілінде тура Жерорта теңізінде демалып жатқандай сезімге бөленіп, рахат алуға болады.

Сонымен қатар тағы бір айта кететін жайт – орталықтың ашылуына байланысты Астананың 1,5 мың тұрғыны жұмыс орнымен қамтамасыз етіледі.

2001 жылы 8 қыркүйекте ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың туындамасы бойынша «Қазақстан картасы «Атамекен» ҚККП этно-мемориалды кешені ашылды. Мұнда ауданы 1,7 га жерді алып жатқан аумақтан еліміздің шағын бейнесін көруге және оның сәулетті-ландшафты тарихымен танысуға болады. Картада 14 облыс және республикалық маңызы бар 2 қала – Астана мен Алматы. Мұнда барлық ерекшеліктер табиғи ауа райы зоналар мен ландшафтар, сәулет өнері, қала салу топтамалары көрсетілген. Ең негізгісі – тарихи және мәдениет ескерткіштері. Қожа Ахмет Иасауи кесенесі және ҚЭЖ Бұқтырмасы, Президент Резиденциясы мен Қарағай құламасы. «Карта» бойынша жұмыс әлі де бітер емес: Қазақстан тіршілік етуін, дамуын тоқтатпағанша, онда жаңаға орын табылады. Мұнда ерекше тарихи белсенділік орныққан – саяжайдың тіршілік уақыты кезеңінде бір де бір объект жоғалмаған, қайта толықтыру тоқтасыз жүріп жатыр.

Бұл жобаны «Қаздизайн» жобаны жасаған. Авторлары Т. Сүлейменов, А. Ордабаев, С. Баиров, А. Қайнарбаев, Н. Анарқұлов және А. Кенжетеев.

Қайталау сұрақтары:

1. Облыстың дамуына географиялық орналасуы қалай әсер етеді?
2. Облыстың табиғи рекреациялық нысандарына сипаттама беріңіз.
3. Астана қаласының туризмін дамыту мүмкіншіліктері қандай?

6.2. Солтүстік Қазақстан облысы

Әкімшілік орталығы – Петропавл қаласы.

Жер аумағы – 97, 99 мың км².

Халқының саны – 589 308 адам.

Әкімшілік-территориялық бөлінуі. Солтүстік Қазақстан облысы — республиканың солтүстік қақпасы. Облыс 1936 жылдың 29 шілдесінде құрылды, бүгінгі шекарасы 1999 жылдың 8 сәуірінде бекітілді. Облыстың ауданы 97, 99 мың км²-ге тең және республика аумағының 3, 6%-ын құрайды. Солтүстік Қазақстан облысының әкімшілік орталығы – Петропавл қаласы, 1752 жылы негізі қаланды. Облыста 13 әкімшілік аудан бар; 5 қала – Петропавл, Булаев, Мамлют, Тайынша, Сергеев; 4 қала типтес кенттер – Смирнов, Талшық, Еңбек, Кішкенекөл. Облыс аумағы Қазақстанның Қостанай және Ақмола облыстарымен және Ресей Федерациясының Қорған, Түмен, Омбы облыстарымен шекараласады.

Тарихы.

Солтүстік Қазақстан облысының плейстоцен және голоцен дәуірінде белсенді қоныстануына табиғи жағдайы, оның ландшафты, климаты, фауна мен флора әлемі әсерін тигізді. Оған тек қажетті гидрожүйенің болуы ғана емес, Есіл, Тобыл, Ертіс өзендерінің меридианалдық бағытта созылып жатуы да әсер етті. Әсіресе Солтүстік Қазақстанның екі облысында меридианалдық бағытта созылып жатқан Есіл өзені орманды дала және дала секілді әртүрлі орографиялық ауданды біріктіріп қана қоймай, өзіндік экологиялық гибридті құрайды. Ежелгі қоныстанушылар қолайлы Есілдің кең аңғарын қарқынды пайдаланды. Оны Есіл маңы тас ғасыры ескерткіштерінің археологиялық картасы куәландырады. Тас ғасырының тұрақтары, қоныстары мен шеберханалары ежелгі адамға шаруашылық пен өндірістік іс-әрекетті жүргізуге қолайлы шағын аудандарға шоғырланған.

Мезолит дәуірі ежелгі Қазақстанның аз зерттелген кезеңдерінің бірі болып табылады. Мезолит дәуірінің алғашқы ескерткіштері 1960-1970 жылдары (Х.А. Алпысбаевпен Оңтүстік Қазақстанда, А. Г. Медоевпен Батыс Қазақстанда) ашылған. Бірақ өзінің сипаты мен ондағы табылған ақпаратта кешенді сәйкессіздіктер де бар. Жақсы сақталған ескерткіштер Солтүстік Қазақстанда да (Вино-

градовский II, VII, XII; Куропаткин I; Тельман VII, VIII а, IX а, XIV) бар. Егер Солтүстік Қазақстанда мезолит ескерткіштерінің тобы (Явленска, Тельман және Виноградовка) болса, Орталық, Батыс, Шығыс және Оңтүстік Қазақстанда ол мәдени қабаты сақталмаған ескерткіштер болып табылады.

Ал неолит дәуірінде Солтүстік Қазақстан аумағында атбасарлық мәдениет орналасқан. Осы кезеңнің анық ескерткіштеріне Виноградовка II, Тельман I, X, Явленка, Карлуга, Боголюбово ауылдарындағы тұрақтар жатады.

Солтүстік Қазақстанда қола дәуіріне жататын ескерткіштер өте көп. Алыпқаш және Бағанаты Андронов тайпасының жәдігерлері бай мәліметке ие. Новоникольское I, Петровка II, Явленка I, Бурлук, Семипалатинское, Амангелді қоныстарын ашу кезінде қызықты мәліметтер алынды.

Соңғы жылдары Шал ақын ауданындағы Бағанаты және Байқара ескерткіштердегі зерттеулер тарихтың жаңа қырларын ашты. Бағанаты ескерткіші қола дәуірінен моңғол кезеңіне дейінгі хронологиялық кесіндіні көрсетті. Қорғанда темір дәуірінің топтары сақ пен сарматтар бастау алатын, көне Андронов мәдениетінің жәдігерлері табылған. Байқара ескерткіші ғылымда археологиялық ескерткіштердің жаңа типі – шіркеулік кешенді анықтауға мүмкіндік берді.

Еуразияның дала зонасындағы ортағасырлық жалпы тарихи жағдай нәтижесінде Қазақстанның солтүстік бөлігінде алдымен Қимақ, содан кейін – Қыпшақ қағанаттары сияқты бірегей этносаяси және мемлекеттік құрылымдар пайда болды. XIV-XV ғасырларды Қазақстан аумағында үш жүз пайда болды. Қазақ жүздерінің әрқайсысының өзінің көшіп-қону маршруты, ортақ этникалық аумағы болды. Орта жүз – Орталық, Солтүстік және Солтүстік – Шығыс Қазақстанды қоныстанды.

XVIII ғасырдың басын Солтүстік Қазақстанның тумасы, ұлы қазақ ғалымы Шоқан Уәлиханов қазақ халқы тарихындағы қаралы уақыт деп атаса, 1723 жылды жоңғар шапқыншылығы жылы деді. Қиын жағдайда қалған Қазақ хандығы Ресей мемлекетінің бодандығына енді. 1742 жылдың 2 мамырында Сенат қазақ халқының Орта жүзін қорғау туралы іс-шаралар үкімін қабылдады. 1752 жылдың 26 наурызында «Сібір жақты қорғау»

жаңа бекіністерін салу туралы үкім шықты. Омск және Звериноголовск бекіністерін қысқа жолмен қосатын Жаңа Есіл құрылысы басталды. 1752 жылы шілде айында Есілдің оң жағалауында әулие Петр бекінісі салынды. 1755 жылы бекініс құрылысы аяқталып, кейінірек Петропавловск қала статусына ие болды.

Әскери бекініс ретінде ойластырылған Петропавловск бекінісі уақыт өте келе өлкенің саяси, сауда-экономикалық және әкімшілік орталығына айналды.

1894 жылы Петропавловск қаласы арқылы Сібір теміржолы салына бастады, ол қаланы батыс пен шығысты жалғастыратын маңызды көлік дәлізіне айналдырды.

Елді индустрияландыру облыстың экономикалық дамуына оң әсер тигізді. Бесжылдықтар жоспарына сәйкес өлкеде өндірістің маңызы артты. Алғашқы бесжылдықтың өзінде өлкенің консервілеу, хром, қой және механикалық зауыттарды қайта жөндеуден өткізді. 1930-1932 жылдары Петропавловскіде кірпіш зауыты салынды. 1921 жылы Петропавловск – Көкшетау теміржол құрылысы басталды, 1927 жылы бұл бағыт Бурабай курортына дейін ұзартылды.

1920-1930 жылдары облыста М. Жұмабаев, И.П. Шухов, С. Мұқанов, Ғ. Мүсірепов, С. Марков, Ж. Сыздықов және өзге де қоғам қайраткерлері мен жазушылар қызмет атқарды.

1930-жылдары облыста 30-ға жуық емханалар салынды. 1932 жылы Петропавловскіде Қызық өлкелік емдеудің физикалық әдістері институты ашылды.

1930-1940 жылдардағы сталиндік репрессия Солтүстік Қазақстанды айналып өтпеді. Бұл кездері мыңдаған солтүстік-қазақстандықтар репрессияға ұшырады (оның ішінде М. Жұмабаев, Ж. Тлеулин, А. Рамазанов және т.б. қоғам қайраткерлері) болды.

Ұлы Отан соғысының алғашқы жылдары облысқа 20 өндірістік кәсіпорын көшірілді. 1954 жылы бұрынғы Кеңес Одағының басшылығы соғыс зардаптарынан құтылу үшін тың жерлерді игеруді бастады. Тың игерушілердің бірінші отряды Солтүстік Қазақстан облысына 1954 жылдың 1 наурызында келді. Тың игеру жылдары кезінде жаңадан 19 кеңшар ұйымдастырылды.

Географиялық орналасуы. Солтүстік Қазақстан облысы Қазақстанның солтүстігінде, қазақтың ұсақ үстіртінің бір бөлігін

(Сарыарқа) және Батыс Сібір ойпатының қиыр оңтүстігін алып жатыр. Облыс аумағында көптеген көркем жерлер: тау жоталары, сыңсыған ормандар, өсімдік қорықтары, маңызды қарағай тоғайлары, Шалқар көлі және Имантау табиғи аймағы бар. Жүздеген археологиялық тарихи және сәулет ескерткіштері мемлекет қорғауында. Ең ғажайып археологиялық жерлер: Иман-Борлық, Шағала және Есіл өзендерінің аңғарында орналасқан, мысалы энеолит дәуірінен кездеспейтін тарихи ескерткіш – «Ботай қонысы», ал темір ғасырының археологиялық ескерткіші – «Ақ Ирий» қалашығы болып табылады.

Облыстың солтүстік-шығыс жағында Селетітеңіз, Теке, Үлкен-карой, Қалыбек деген үлкен тұзды көл-шұңқырлар жиынтығы байқалады. Аймақта минералды тұз бен шипалы су, саздары бар көлдер көп кездеседі. Осындай тамаша су қоймаларының біріне Майбалық көлі жатады.

Солтүстік Қазақстанның ең үлкен құрлық тереңінде орналасуы оның табиғатының күрт өзгермелі болуына әсер етіп, ал жазының қысқа да ыстық болуына әкеліп соғады.

Жануарлар әлемінің көптүрлі болуы экосистемалардың әртүрлілігімен анықталады. Мұнда сүтқоректілердің 160-тай және құстардың 200-дей түрлері бар.

Халқы. 2012 жылғы 1 қаңтарға облыс халқының нақтыланған саны 583,6 мың адамды құрады, оның ішінде 278 мың адам ерлер және 305,6 мыңы әйелдер немесе сәйкесінше 47,6% және 52,4%.

Облыста 1 000 ер адамға 1 099 әйелден келеді, қалалық елді мекендерде – 1 210, ауылдарда – 1 029. 28 жасқа дейін ерлердің санының тұрақты артуы байқалады, 35 жастан әйелдердің саны арта бастады.

Халықтың негізгі өндіруші бөлігінің, яғни ресурстарын анықтағанда адамның жасы басты критерий болып табылады. Халықтың еңбекке қабілетті және еңбек етуге қабілеті жоқ бөлігінің санын есептеу үшін халық санын үш ірі топқа бөледі: еңбекке қабілетті жастан кіші (0-15 жас), еңбекке қабілетті жас (ерлер 16-62 жас, әйелдер 16-57 жас), еңбекке қабілетті жастан асқандар (63-тен асқан ерлер, 58-ден асқан әйелдер).

2012 жылғы 1 қаңтарға еңбекке қабілетті жастан кіші халық саны 121 мың адамды немесе жалпы халық санының 20,7%-ын құрады.

Еңбекке қабілетті жастағы тұлғалардың жалпы халық санындағы үлес салмағы 64,1%-ды немесе 374,3 мың адамды құрады.

Еңбекке қабілетті жастан асқан халықтың үлесі 15,1%-ды (88,3 мың адамды) құрады.

Көлік қарым-қатынасы. Кәсіпкерлердің және көліктік емес ұйымдардың (жүк тасымалдау көлемінің бағалауын ескергенде) автокөлік жүк тасымал көлемі 46 107,8 тыс. мың тонна құрады немесе 2010 жылға сәйкес мерзімге 115,0%. Жүк айналым көлемі 3 201,0 млн. ткм немесе 113,9%-ды құрады. 2011 жылғы қаңтар-желтоқсанда барлық тасымалдау санаттарындағы жолаушы көлігімен 453 848,4 мың адам тасымалданды немесе 2010 жылғы қаңтар-желтоқсанда – 124,1%-ды құрады. Жолаушы айналым (бағалауды ескергенде) 3 064,7 млн. км құрады немесе 2010 жылғы қаңтар-желтоқсанда 133,6%. Жалпы жолаушы тасымалдау көлемінің 74,1%-ы (336 205,3 мың адам немесе 2010 жылғы қаңтар-желтоқсанда – 123,4%) автобуспен, 1,6%-ы (7 432,1 мың адам немесе 101,2%) троллейбуспен орындалды. Жолаушы тасымалының қалған көлемі (24,3%), негізінен, жекеменшік жеңіл таксомоторларға келеді. Автобустардың жолаушы айналымы 2 416,3 млн. км құрады немесе 2010 жылғы сәйкес кезеңге 139,0%, троллейбустар – 18,4 млн. жкм немесе 101,0%.

Солтүстік Қазақстан облысы бойынша бүкіл автокөлік жолдарының ұзындығы 9002,9 км, республикалық маңызы барлары – 1468 км, облыстық маңызы барлары – 2432 км, аудандық маңызы барлары – 5102,9 км.

Туризмнің даму нысандары.

Ботай археологиялық ескерткіші 1980 жылы ашылды. Ол біздің облыстың шығысында Айыртау ауданында орналасқан. Қоныс ауданы 15 гектар. Археологтарды бұзылған тұрғын-жайлардан қалған ойпаттар қызықтырды. Қазбалар археологтарды күтпеген нәтижелерге кенелтті.

Қонысқа 250-дей тұрғын-жай салынды. Ғалымдар ежелгі тұрғын-жайлар құрылысын қайта тұрғызуға мүмкіндік алды. Алғашқыда дөңгелек және көпбұрышты қазан шұңқыр қазып алынды. Қазан шұңқыр тереңдігі 60-80 см, ауданы – 30-70 м². Кейін сазды сулап, домардақ күйінде қабырғаға салған, сыртынан

жануарлар сүйегімен бекіткен. Ежелгі тұрғын-жайлардың қабырға ені 80-120 см, биіктігі – 60-100 см. Тұрғын-жайлар маңында арнайы ор қазылып, ол жерден еден, қабырғаға арналған сылауға қажетті саздар алынды. Қабырға периметрлері бойынша бөренеден шатырлармен қаптап, ортасында түтін шығаратын тетік жасалды. Бөрене сазбен сыланып, жоғарыдан жануар терісі мен қыртыспен жабылды. Гимараттың ішкі биіктігі 250-320 см-ды құрады.

Қайта тұрғызу сараптама жолы арқылы жүргізілді. 1983 жылдың жазында ежелгі тұрғын-жайдың үстіне ежелгі Ботай тұрғын-жайы салынды. Қайта тұрғызу өз-өзін анықтады. Жазда сараптамалық тұрғын-жайда суық әрі құрғақ болатын. Күз-қыс мерзімінде температурасы бір қалыптан түспеді. Тұрғын-жайды тұрақты түрде күтім жасағандықтан, адамдарға қапталған сыртының беріктігіне қарай тұруға қолайлық жасады (кем дегенде 15-20 жыл). Әрине жыл сайын қабырға, қазан ошақтың ішкі бөлігі сыланып отырды.

Қазба жұмыстарын жүргізгенде ботайлықтардың тұрғын-жайлары бір-бірімен тығыз жалғасып жатты. Тұрғын-жайдың ішкі жобасы туралы бірқатар мәлімет айтуға болады. Ортада еденде ошақ орнатылған. Қабырға маңайында ұсақ шаруашылық шұңқырлар болды. Қазан ошақтарының қабырғасында көптеген шаруашылық және діни қажеттіліктер тізіліп тұрды. Ботайлықтар қабырға айналасында шыға беріске қарсы сәкілер орнатып, терілер төсеген.

«Шұңқыр-консервілерде» ұзақ уақыт бойы ет сақтаған. Ол былай жасалған: 1 м-ге дейін шұңқыр қазып, оның ішіне жылқы етін тұтастай салып, терісімен және сазбен жапқан. Үстінен от жағып, оның толығымен жанып болғанын күтеді. Дайын болған ет ауасыз-ақ сол шұңқырда бұзылмай сақталған.

Өзен жағасы маңындағы өндірістік құрылыстарда ежелгі адамдар тас, ағаш, аңдардың сүйегі мен терісін өңдеп, киім тіккен, қыш ыдыстар дайындаған.

Кремнийден жебе, садақ, пышақ, найза ұштары ал жылқының сүйегінен ағаш өңдейтін қашауғыш, құс сүйегінен киім тігуге арналған инелер дайындалып жасалған.

Тамақ сүт, ет, балықтан және өсімдіктерден тұрды. Бұны ғалымдар ыдыстарға химиялық талдау жасағанда анықтаған.

Бірінші күні ғалымдарды табылған жылқы сүйектерінің көптігі таң қалдырды. Жұмысқа аңдар сүйегін зерттейтін ғалым-остеологтар шақырылды. Олар ауқымды істер атқарды. 133 мыңдай жылқы сүйектері зерттелді. Нәтижесінде анықталғаны, Ботай жылқылары бұрынғы белгілі жылқылар түріне жатпайтын болып шықты. Ботай жылқыларының сүйектері өзге ежелгі сүйектерден ерекшеленіп тұрды. Ғалымдар бірауыздан Ботай жылқылары қолға үйретілген деген пікірді ұстанды. Жылқылар үй шаруасында, аң аулауда қолданылған. Күні бүгінге дейін жылқылар қолға кеш үйретілген деген пікірлер айтылып келді. Қоныс материалдарымен әлемнің барлық ғылымдары қызыға бастады. Ботай жылқысын зерттеп білуге Солтүстік Қазақстан облысына Новосібір, Мәскеу, Англия, Германия ғалымдары келді. Көптеген ғалымдар ортақ пікірге сүйенді, яғни Ботай қонысы Еуразия даласында малшаруашылығы орталығы болған.

Солтүстік Қазақстан экспедициясының жетекшісі В.Ф. Зайберт Англияның Кембридж университетіне Ботай қонысы бойынша лекция өткізуге шақырылды.

Ғалымдар Ботайды 28 жыл бойы зерттеді. Онға жуық мақала жазылып, кітаптар басылды.

Алайда, Ботай жері сақтаған жұмбақтар жетерлік. Әлі де ежелгі адамдардың тайпалас адамдарды қалай жерлегені анықталмаған. Бірнеше ежелгі адамдардың қалдықтары табылып, археологтарды жаңа сырларға кенелтті. Олар бұзылған тұрғын-жайлардан табылды. Әсіресе адамның бас қаңқасы қызығушылық туғызуда. Ол қазір облыстық тарихи-өлкетану мұражайында тұр. Қаңқаның желке тұсында екі тесік 14-16 жасында жасалған, кейін әлгі адам 20-25 жыл өмір сүрген. Тесіктер адам миына зақым келтірмеген. Ежелде анатомияны білгені соншалық, адамдардың күрделі операцияларға қолы барған. Ғалымдар бұны жасаған қатардағы адам емес, шаман, әулие, абыз екен деген пікірге саяды. Адам басындағы тесіктер қатты ауруға душар қылып, сандыраққа ұшыратқан. Ежелгі адамдар мұны аруақпен тілдесіп, табиғаттың керемет күшімен байланысқа түсті деп түсінген. Адам о дүниелік болғанда, саздан маска жасаған. Өлік тұрғын-жай кіреберісінде жерленген. Мүмкін, бұл рәсім үй ішінде жайлылық сақтайды деген түсініктен туған болар.

Ботай жеріндегі қазбалар жалғасуда. Бұл жер әлі де жұмбақтарын сақтауда. Біз көптеген жаңалықтарға жолығуымыз да ықтимал. Әлі де 60 мыңнан астам жыл бұрын өмір сүрген адамдарға танданыс білдіреміз. Өкінішке орай ежелгі адамның не ойлағанын, не армандағанын біле алмаспыз.

Абылай ханның резиденциясы. Петропавл қаласындағы Абылай ханның резиденциясы қазақ халқының ұлттық тарихының ескерткішіне жатады. Қазақстанның Солтүстік аймағын отарлау барысында Есіл өзенінің жағасында Қызылжар төбесінде 1752 жылы Петр бекінісі салынған болатын. Бұның өзі еларалық қарым-қатынасты жөнге салуға ықпалын тигізді.

Кешеннің құрамына бір қабатты ағаш үйлер, канцелярия, келіп-кетушілерге арналған үй, монша, шаруашылық құрылыстары кіреді. Кешеннің жалпы көлемі – 1,2 га.

Уәлихановтар мекені – «Сырымбет». Уәлихановтардың әулеттік мекенінің тарихи ескерткіші, XIX ғасырдың құрылысы. Сырымбет шатқалында бүгінгі Айыртау ауданында орналасқан. Ол Уәли ханның жесірі Айғанымға арналып, 1824 жылы 30 сәуірдегі Батыс Сібір губернаторы П. Капцевичтің бұйрығымен салынған. Ол қонақ үй, мектеп, мешіт, диірмен, үй қызметшісіне арналған тұрғын-жай, монша, шаруашылық құрылыстардан тұрды. Осында Шоқан Уәлихановтың балалық шағы өтті. 1917 жылы мекен бұзылып, 1991 жылы Ш. Уәлихановтың туғанына 150 жыл толуына орай қалпына келтірілді. 1993 жылы кешенге Ш. Уәлиханов атындағы Сырымбет тарихи-этнографиялық мұражайы енді. Кешендегі жөндеу жұмыстары 2009 жылы аяқталды.

Қарасай, Ағынтай батыр ескерткіштері. Ескерткіш Мәдениет ауылынан қашық емес жерде орналасқан. Әрі 1999 жылы 15 қазанда атақты батыр, Қазақ хандығының тәуелсіздігі үшін күрескен ерлерге арнап ашылған. Композициялық кешен ежелгі түркі қағандарының дәстүрін кешенді түрде дамытты. Жалпы кешен Меккеге бағытталып, мешіт михрабына қарай шығынқы орналасқан. Шеңберге кіру кірпіш дуалдармен қоршалып, намаз оқу және құрбандық шалуға арналған кесене алдындағы алаң екі мұнарамен оқшауланған.

Алаң бұрышында әскери жарақтар символы мен металдық

заттан жасалған қола ұстарасы бар айқасқан найзалар бейнесі мәрмәртаста басылған. Шеңбердің ортасында Солтүстік Қазақстанға тән эллипсоид суреттемелері бар батырлардың мазары орнатылған. Оның алдында архитектуралық тұрғыдан біріктіретін конус бейнелі мешіт тұрғызылған. Ортасында кесенелер арасында кішігірім қабырғасында батырлардың жауынгерлік ісін жеткізетін мәтіндердің үш тілде ойылған пинакотека-залы бар. Кесенелердің көлемі көзартарлық, жоғарғы бөлігі керамикалық құймамен көмкерілген күмбезбен және металдық каркастағы алты миллиметрлі шынымен жабдықталған. Шыны мен қабырға арасында ауа тазартқыш тесігі арқылы күмбезді құрғату жайы қарастырылған. Кесене есіктері металдан жасалған. Онда Құран сөрелері берілген. Интерьер бөліктерінде қыш кірпіштер, құры мен қордай граниті қолданылған. Зираттар автор шаблондарымен жылтыратқан қызыл, Қордай гранитінен және құлпытас, қойтас орнатудың түркі дәстүрі бойынша жалғасқан. Әрбір зиратта шырақ қойылған, шырақты жағуда келушілер аруақтарға көмекке жүгінген.

Басқа молалар тротуарлық плиталармен, металдық бөлшектермен көмкеріліп отырған. Мемориалдың негізгі конструкциясы Италия технологиясы бойынша жасалған. Қабырға үстінде монолиттік темірбетондық белдіктер күмбездерді жіктеу үшін салынған. Күмбезаралық ғимараттар гидроизоляция қабатымен жабылып, кірпіштің қорғау қабатымен қапталған. Ауданның едені мен үсті кесене алдындағы тротуарлық тақтайшамен жасалған.

Кешеннің негізгі элементтері: кесене биіктігі – 16 м, мешіт – 12 м; құрылыс жоспарындағы өлшемдер – 19x13,5 м; қоршаудың айналасындағы диаметрі – 27 м. Кешеннің архитекторлары – Б. Ыбраев пен С. Ағытаев.

Қарасай мен Ағынтай батыр ескерткіші 2 маусымда 1999 жылы Н. Погодин атындағы орыс драмалық театры алаңында Қарасай мен Ағынтай батырлардың қола мемориалы орнатылған (авторы – мүсінші Б.С. Досжанов, ескерткішті өңдеу ҚР Суретшілер одағы ұжымы тарапынан орындалды).

Күртті граниттен жасалған постаментте бірлік пен тұтастықты білдіретін, батырлардың толықтай жарақтанған қола мүсіні орнатылған.

Қайталау сұрақтары:

1. Облыстың көлік инфрақұрылымы қалай дамуда?
2. Облыстың туризм дамуына демографиялық фактор қалай әсер етеді?
3. Облыстың тарих ескерткіштерін атаңыз.

6.3. Қостанай облысы

Әкімшілік орталығы – Қостанай қаласы

Әкімшілік-территориялық бөлінуі. Солтүстік Қазақстанда орналасқан, 1936 жылы құрылған. Облыс республиканың 4 басқа облыстарымен шекаралас (Ақтөбе, Қарағанды, Ақмола және СҚО) және Ресей Федерациясының 3 облысымен (Орынбор, Челябині, Қорған). Облыс орталығы – Қостанай қаласы, 1979 жылы құрылған, Тобыл өзені жағасында орналасқан. Облыста 100-ден астам ұлттар тұрады. 2008 жылы 1 қаңтар бойынша облыс тұрғындары саны 892.4 мың адамды құраған, олардың ішінде 34,9%-ы қазақ, 41,2%-ы – орыстар, 11,9%-ы – украиндар, 3,8%-ы – немістер, 8,2%-ы – басқа ұлттар.

Тарихы.

Ресей империясының Орынбор губерниясының Торғай облысының Николаевск уезі немесе Қостанай елді мекені 1873 жылы Орынбор генерал-губернаторы Н.А. Крыжановскийдің бұйрығымен құрылды. 1880 жылы Ресейдің ішкі губернияларының шаруаларына өлкенің егін шаруашылығы, мал шаруашылығы және жылқы шаруашылығын игеру мақсатында қоныстануға рұқсат берілді. Халқының саны – 160 мың адамға жетті (1897), оның 130 мыңы қазақтар болды. 1899 жылдан кейін жергілікті халықтан 500 мың десятина қара топырақты құнарлы жер алынып, онда Ресейдің орталық аудандарынан қоныс аударылған орыс шаруалары орнықты. Уезде мал басы 870 мыңға жетті. Мұнда жәрмеңке саудасы кең өріс алды. Алғашқыда қалада тек ауыл шаруашылығы шикізатын өңдейтін, шағын тері және май өңдеу зауыттары ғана болды. 1912-1913 жылдары Қостанай – Челябинск теміржол бағыты салынып, Қостанай теміржол стансасы ашылды. XX ғасырдың басында қазақ даласында ірі сауда жәрмеңке орталығы болды. Швейцариялық азамат Лорец Оңтүстік Оралда қазіргі Қазақстан аумағында сыра шығаратын ірі зауыт салды (әлі күнге дейін жұмыс істейді).

1950-жылдары қала халқы тың игеруге байланысты біршама өсті. Соғыс жылдарынан кейін қазіргі күнге дейін Қостанай облысы аумағында дәнді-дақылдардың мол өнімі алынады.

1997 жылы 17 маусымда Қазақстан Республикасы Президентінің бұйрығымен Қостанай қаласы транскрипциясы Қостанай қаласына, ал Қостанай облысы – Қостанай облысына ауыстырылды.

Географиялық орналасуы. Облыс территориясы жазықты рельефпен сипатталады. Солтүстік бөлікті Батыс-Сібір ойпатының оңтүстік-шығыс шеткері аймағы алып жатыр, ал оңтүстікте Торғай үстірті; облыстың батыс бөлігін Орал үстіртінің толқынды жазығы алса, оңтүстік-батыста – Сарыарқа.

Климат континентті және өте құрғақ. Қыс ұзақ, аязды, қарлы боран мен күшті жел қыс бойы соқса, жазғы мезгіл аптапты ыстық және құрғақты. Жылдық көрсеткіші облыс солтүстігінде 250-300 мм, оңтүстікте 240-280 мм. Вегетациялық кезең солтүстікте 150-175 күн, ал оңтүстікте 180 күн.

Жер қойнауы пайдалы қазбаларға өте бай: темір рудасы, боксит, қоңыр көмір, асбест, отқа төзімді және кірпішті саз балшық, цементті және қосынды әктас, құм, құрылыс тастары және т.б. Магнетиталық руда мен құба темірдің жалпы қоры 15,7 млрд. тоннаны құрайды. Пайдалы қазба мен минералды шикізаттың 400-ге жуық кен орны бар: 68 – жерасты сулары, 19 боксит кен орны ашылды, 7 – алтын және бір күміс пен никель.

Өзен жүйесі сирек. Облыс төңірегінде 300-ге жуық ұсақ өзен ағып жатыр. Ең ірі деген өзендер – Тобыл (800 км облыс шеңберінде) және Торғай өзені (390 км). Тобыл өзенінде Тобылдың жоғарғы, Қаратамар және Амангелдінің су қоймалары орналасқан. Облыс аумағында 5 мыңнан астам көл бар. Олардың ең ірілері: Құшмұрын, Теңіз, Қойбағар, Ақкөл, Сарыкөл, Алакөл және т.б.

Облыс топырағы ауыр механикалық құрамымен ерекшеленетін сортаң және тұзды қара және сарғылт топырақ. Тың жерді игеруге байланысты барлық жер жыртылған. Облыстың солтүстік бөлігінде түрлі шөпті өсімдікті, қайыңды-көктеректі және қарағайлы орманды (Арақарағай, Аманқарағай) қара топырақ; орталықта – әртүрлі өсімдікті, қарағайлы орманды (Науырзымқарағай қорығы ұйымдастырылған) – сарғылт топырақ; оңтүстік бөлікте

– бетегелі және жусан өсімдікті ақшыл-сары топырақ. Қостанай облысының жалпы жер аумағы 19600 мың гектарды құрайды. Ауылшаруашылық алқабы 18123,4 мың гектар жер. Оның ішінде 5659,3 мың га, немесе 31,2% жер егінді алқап, ал 12072 мың га (66,6%) – жайылымдық жер.

Халқы. Қостанай облысының халық саны 2012 жылғы 1 сәуірге ағымдағы деректер бойынша 879,5 мың адамды құрады, оның ішінде 50,8%-ы – қалалық және 49,2%-ы – ауылдық тұрғындар.

2012 жылғы қаңтармен салыстырғанда облыстың халқы 0,01%-ға азайған, бұл теріс көші-қон айырмасы әсерімен жасалған.

Қостанай облысында 2012 жылғы қаңтар-наурызда туғандар саны 3271 адамды құрады, одан 55,6%-ы – қалалық жерде жаңа туылғандар.

Қайтыс болғандар саны 2610 адамды құрды, одан 54,5 %-ы – қалалық жердің тұрғындары.

Халықтың табиғи өсімі 661 адам болды.

2012 жылғы қаңтар-наурызда халықтың сыртқы көші-қоны келесі деректермен сипатталады: Қазақстанға шеттен келгендер саны 404 адамды құрады, кеткендер саны – 556 адам.

Еліміздегі негізгі көші-қон алмасуы ТМД елдері арқылы болуда. ТМД мемлекеттерінен келгендердің және сол елдерге кеткендердің үлесі тиісінше 94,6%-ды және 96,0%-ды құрады.

Көлік қарым-қатынасы. 2012 жылғы қаңтар-ақпандағы барлық автомобиль көлігі түрлерімен жолаушылар тасымалдау көлемі 246,7 млн. адамнан немесе 2011 жылғы сәйкес кезеңге 123,6%-ды құрады. 2012 жылғы қаңтар-ақпандағы жолаушылар айналымы 2 198,3 млн. жкм болды.

Облыс «Екатеринбург – Алматы» халықаралық көлік жол торабында орналасқан. Теміржолдың эксплуатациялық ұзындығы – 1452,3 км, автокөлік жолы – 9514,3 км, газ құбыры – 2626,3 км, жылу құбыры – 786,4 км, су құбыры – 5969,2 км, оның ішінде топталғаны – 4802,7 км.

2004 жылы «Алтынсарин – Хромтау» теміржол торабы енгізілді. Бұл теміржол облысымызды батыс республика аумақтарының сауда нарығына шығуға мүмкіндік береді, Орта және Солтүстік республикалар аумағынан жүк тасымалдау қашықтығын

қысқартады, Ақтау порты арқылы өтетін экспорт тасымалы жүктерінің ұзақтығын қысқартады.

Туризмнің даму нысандары.

Наурызым мемлекеттік табиғи қоры – республикалық маңызы бар табиғат қорғау және ғылыми мекеме ретінде мәртебесі ерекше қорғалатын табиғи аумақ.

Жалпы сипаттамасы: Наурызым қоры үш телімнен тұрады. Орталық телімін (139714 га) жайылмалық шалғындар, сондай-ақ Наурызым қарағайлы орманы, Аққансай дала өзені, даланың әртүрлі түрлері (шөпті-құмды, бұталы-селеулі, бетеге-селеулі), қайыңды орманды жыра өзекектер мен көк теректер қоршаған тұщы және ащы көлдер.

Сыпсың (38720) Наурызым – Қарасу өзенінің жайылмасындағы ұсақ жапырақты тікенді ормандарды, құрғақ шалғындарды, әртүрлі шөпті-құмды, бұталы-селеулі, бетеге-селеулі далаларды, азғантай батпақтанған көлді елестетеді.

Терсек (12947) Дала-Бике өзенінің аңғарындағы тікенді қарағайлы орман, бетеге-селеулі далалардың аймақтық беткейлері, әртүрлі шөпті – бұталы-селеулі, бетеге-селеулі далалар жатады.

Терімдер бір-бірінен 9 км-ден 14 км-ге дейінгі қашықтықта орналасқан.

Экотуризм. Қорықта 6 экскурсия маршрутты әзірленген, табиғат мұражайы бар.

«Ы. Алтынсарин атындағы Қостанай облыстық мемориалдық мұражайы», ММ.

Ы. Алтынсаринның мемориалдық мұражайының қызметі көп қырлы: мұражай қорларын жинақтау, экспонаттарды зерттеу және сақтау, есепке алу, экспозициялық көрме және ғылыми-ағарту қызметі. Ыбырай Алтынсаринның педагогикалық мұрасының тарихын, оның ізбасарлары мен пайда болуын, қалпына келтіруге бағытталған жұмыстарын қалыпқа келтіру үшін ғылыми-зерттеу жұмыстар жүргізіліп жатыр. Мұражайдағы «Шашу» әдебиет қонақ бөлмесінде жас және атақты ақындармен кездесулер ұйымдастырылады, оқушылардың сәнді қолтаңбалы, көркем жұмыстарының көрмесі, тақырыптық кештер, ғылыми-педагогикалық конференциялар өткізіледі. Жыл сайын 30 мыңға жуық турист мұражайға келеді.

«Қостанай облыстық тарихи-өлкетану мұражайы», ММ.

Мұражай облыста барлық мемлекеттік және қоғамдық мұражай үшін әдістемелік орталық, мәдени және ғылыми-зерттеу мекемесі болып табылады. Қазіргі мұражай қорының жинағында 107 мыңнан астам мұражай заттары бар, оның ішінде шамамен 65 мыңы негізгі қордың заттары. Жыл сайын 100 мыңға жуық адам (2008 жылы – 141277 адам) Меңдіқара ауданы Боровской кентіндегі және Жітіқара қаласындағы филиалдарға, Жітіқара ауданы Тоқтаров кентіндегі секторға барады.

Облыстық сурет галереясы.

Тақырыптық және жеке суретшілер бейнелеу өнерінің шеберлері мен жас авторлардың көрмелері өткізіледі, онда қала тұрғындары мен қонақтары ұсынған жұмыстармен таныса алады.

Шығармашылық салонда сыйлыққа тарту, үй мен офистің интерьерін рәсімдеу үшін авторлық жұмыстарды сатып алуға болады. Ол суреттер ұзақ жылдар бойы көңіл-күйіңізді көтереді.

Жертөледе Вадим Быков, Юрий Новоселов, Светлана Шалунова сияқты суретшілердің шығармалары орналасқан.

Күн сайын сағат 10.00-ден 17.00-ге дейін экскурсиялар өткізіледі. 50-20-32 телефоны арқылы топпен келуге өтініштер қабылданады. Сурет галереясының залдарында тұсаукесерлер, көрмелер, мәжілістер, конференциялар, сондай-ақ шығармашылық кездесулерді өткізуге болады.

Екі дің рәсімдік құрылысы. VII-IX ғасырлар.

Қостанай облысы Амангелді ауданында Екі Дің ауылына (Сарыторғай) жақын алқапта ертедегі екі рәсімдік құрылыс жабайы тастан киіз үй түрінде салынған. Шамамен ерте темір ғасырға жатады. Жергілікті аңыз бойынша XVII-XVIII ғасырлар Екі Дің тұрған төбелер арасындағы алқапта қантөгіс соғыс болған. Бір-бірімен жауласқан рулар әскери басшыларының ордасы осы жерде орналасқан. XX ғасырдың 80-жылдарында жергілікті халықтан жиналған қаражатқа бұзылған діндерге жөндеу жұмыстары жүргізілді.

I Екі дің Арқалық қаласы әкімдігіне бағынысты аумақта, Қараторғай өзенінің оң жағалауында, өзеннен 0, 73 шақырым және Бейсен қыстауынан солтүстік-шығысқа қарай 1,5 шақырым жерде орналасқан.

Қорған үйіндісі жер мен тастан салынған. №1 қорған үйіндісінің диаметрі 15 м-ге тең, биіктігі – 0,7 м. Қорған айналасының ені – 5 м, тереңдігі – 0,3 м орлар бар.

II Екі Дің қырлы жерде орналасқан, алыстан көрінеді.

Киіз үй тәріздес құрылыс тастан салынған, диаметрі – 6 м, жалпы биіктігі – 3,8 м. Кіру бағыты – шығыс.

Ыбырай Алтынсаринның ескерткіші.

Мүсінші: Н.А. Щербаков, сәулетшілер: И.А. Покровский, В.Д. Горчинский, 1970 жыл. Қостанай қаласы, Алтынсарин көшесі, 118 «А». Мүсін ескерткіш граниттен жасалған. Ескерткіш Ы. Алтынсарин ашқан бұрынғы қазақ мектебінің орнына орнатылған. Ыбырай Алтынсарин 1841 жылы Қостанай облысы Қостанай ауданы Әлжан селосында туған. 1857 жылы ол Орынбор қаласындағы қазақ мектебін ойдағыдай бітірді. 1869 жылдан бастап Ы. Алтынсарин Торғай уезі мектептерінің инспекторы болып жұмыс істеді. Өзінің күш-жігерінің арқасында қазақ балалары үшін 7 болыстық бастауыш мектеп және төрт екі жылдық училищелер, оның ішінде қыздарға арналған бірінші мектеп ашқан.

Ы. Алтынсаринның шығармашылық жұмыстары жақсы жетістіктерге жетті. Ол Орыс географиялық қоғамының басылымдары мен жергілікті газеттерде жарияланған мақалаларынан басқа, 1879 жылы екі кітап: «Қырғыз хрестоматиясы», «Қырғыз балаларын орысша оқытудың бастауыш құралы», ал кейінірек «Мақтұбат» кітаптарын шығарды.

Ы. Алтынсарин – қазақтың талантты жазушыларының бірі. Ол И. Крыловтың мысалдарын, Л. Толстойдың әңгімелерін аударумен қатар, қазақтардың өмірі туралы шағын әңгімелер де жазды. Сонымен бірге Ы. Алтынсарин қазақ көркем прозасының бастаушысы.

Аманкелді Иманов 1916 жылғы көтерілістің қолбасшысы деп жарияланған тұрғын үй.

Шебер – Аймағамбет ұста, XX ғасырдың басы, Амангелді селосы, Майлин көшесі, 16, Арқалық қаласына бағынысты аумақ.

Бір қабатты күйдірілген қызыл кірпіштен салынған, көлемі 14,2x12,2 м. Кіреберіс жағында терезе жоқ. Кіру арка түрінде жасалған. Кіреберістегі кірпіштер ой-өрнектермен әшекейленген. Екі жақ бүйірінде 4 терезеден орналасқан.

Мемориалдық тақтада қазақ жне орыс тілдерінде мынадай жазба жазылған: «Бұл үйде 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің қолбасшысы халық батыры Аманкелді Иманов Сардар болып тағайындалған».

Бұл тұрғын үй Мұхаметжан Бүркітовтікі болған. 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс кезінде жиналыстар өткен.

Кеңес Одағының екі мәрте батыры Леонид Игнатьевич Беданың мүсіні.

Мүсіншісі Д.П. Шварц, 1951 жыл, Қостанай қаласы, Пушкин көшесі, 98.

Мүсін қоладан жасалып, цилиндр тәрізді гранит тұғырға қойылған. Л.И. Беда айрықша белгілерімен әскери киімде бейнеленген. Л.И. Беда Қостанай облысы Ленин ауданының Новопокровск селосында туған. 1920 жылдан бастап мұғалім болып жұмыс істеген. 1940 жылдан Кеңес әскерінің қатарында болған. Чкалов әскери-авиациялық училищесін бітірген. Ол 2-дүниежүзілік соғыс кезінде ұшқыш, соғыстың аяқталар қарсаңында шабуылдаушы авиациялық полк командирінің көмекшісі болып жұмыс істеген. 200-ден астам жауынгерлік ұшу тапсырмасымен аспанға көтерілген. КСРО Жоғарғы Кеңесінің 1944 жылғы 26 қазандағы Жарлығымен Леонид Игнатьевич Беда көрсеткен ерлігі үшін Кеңес Одағының Батыры атағын алған. 1945 жылғы 29 маусымда КСРО Жоғарғы Кеңесінің Президиумы Л.И. Беданы екінші «Алтын Жұлдыз» медалімен марапаттады. Соғыстан кейін Л.И. Беда Әскери-әуе академиясын бітірді. Кейін генерал-майор Л.И. Беда Кеңес әскерінің қатарында қызмет атқара берді. Л.И. Беда 1976 жылдың желтоқсанында өзінің қызметтік міндетін атқару кезінде қаза тапты.

Кеңес Одағының екі мәрте батыры Иван Фомич Павловтың мүсіні.

Мүсіншісі Д.П. Шварц, 1952 жыл, Қостанай қаласы. Мүсін қоладан жасалған. И.Ф. Павлов айрықша белгілерімен әскери киімде бейнеленген. Иван Фомич Павлов (1922-1950) шаруа отбасында дүниеге келген. Ол Чкалов атындағы әскери-авиациялық училищесін бітіргеннен кейін, 1942 жылдың маусымында майданға аттанған.

Кеңес Одағының Батыры И.Ф. Павлов соғыс кезінде 250 рет жауынгерлік тапсырмамен аспанға көтерілді. Ол «І дәрежелі Отан соғысы» ордені, екі Қызыл Ту ордендерінің иегері.

1945 жылғы 23 ақпанда КСРО Жоғарғы Кеңесінің Президиумының жарлығымен И.Ф. Павлов екінші рет «Алтын Жұлдыз» медалімен марапатталды.

Соғыс біткен соң И.Ф. Павлов М.В. Фрунзе атындағы Әскери-әуе академиясына оқуға жіберіледі. Оны 1949 жылы ойдағыдай бітіреді.

И.Ф. Павлов 1950 жылдың 12 қазанында өз қызметтік міндетін атқару кезінде қаза тапты.

Қайталау сұрақтары:

1. Облыс туризмінің дамуына табиғи-физикалық алғышарттар қалай әсер етеді?
2. Наурызым мемлекеттік қорығына сипаттама беріңіз.
3. Облыста орналасқан тарих және мәдениет ескерткіштерін сипаттаңыз.

6.4. Павлодар облысы

Әкімшілік орталығы – Павлодар қаласы.

Жер аумағы – 124,755 мың км².

Халқы – 741,1 мың адам.

Әкімшілік-территориялық бөлінуі. Қазақстан Республикасының солтүстік-шығысындағы әкімшілік-аумақтық бөлік. Ертіс өзенінің орталық алабында орналасқан. Қазан революциясына дейін және одан кейінгі 10 жыл бойы Семей облысының Павлодар уезі болып аталды. 1932-1938 жылдары Шығыс Қазақстан облысындағы аудан, 1938 жылдың 15 қаңтарында жеке облыс болды. Жер аумағы 127,7 мың км². Халқы 747,1 мың адам. Облыста 10 аудан, 3 қала, 7 кент, 165 ауылдық округ, 494 ауылдық елді мекен бар.

Тарихы. Археологиялық зерттеулер Ертіс өңірінде тарихқа дейінгі кезде адамдар саны көп тайпалар өмір сүргенін көрсетеді. Ежелгі адамдардың тұрақтау іздері Баянауыл ауданында, Ертіс өзенінің жағалауларынан табылды. Тастан жасалған қарулар, же-

белер мен найзалардың кремнийден жасалған ұштары табылды. Мыңжылдықтар өз кезегімен өтіп жатты, Ертіс өңірінде тұрып жатқан түрлі тайпалардың мәдениеті өзгеріп отырды. Бұнда қимақтар, үйсіндер, қаңлылар, наймандар қоныстанғаны белгілі.

Қазіргі заманғы Ертістің Павлодар өңірі аумағына жасалған бірінші экспедиция Сібірде мемлекеттік биліктің нығайтылуынан және Тобыл губерниясын белгілегеннен кейін басталды.

Коряков пошталық форпост Ертістің жағасында 1720 жылы пайда болды. 1838 жылы форпост аттас станица болып өзгерді, ал 1861 жылы Павлодар қаласы деп аталды. XIX ғасырдың басында ауыл шаруашылығының өсуі, ауылшаруашылық шикізатты қайта өңдеу салаларының, тау-кен ісінің дамуы көзделіп еді. XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап Екібастұзда көмір өндіру жұмысы, Коряков және Үлкен Қалқаман көлдерінде тұз өндірісі жүргізілді.

XX ғасырдың бірінші жартысында Құлынды – Павлодар (1923) теміржолының құрылысымен және Ертісте кеме қатынасының дамуымен шаруашылық тез қарқынмен дамыды. 1938 жылы облыс орталығы болған Павлодар кеме қатынасы бар Ертіс өзені мен теміржолдың қиылысында қалып, Екібастұз, Орал, Сібірмен тұрақты байланыс орнатты. Бұл қала мен облыс экономикасының одан әрі дамуына негіз болды. Шағын шеберханалардың орнында ірі өнеркәсіптік кәсіпорындар бой көтерді.

1956 жылдан бастап Павлодар тың және тыңайған жерлерді игеру орталықтарының бірі болды. Тыңды көтеру нәтижесінде облыстың егістік аумақтары он есе көбейді. Көмірді өндіру және тың игеру Павлодар облысындағы өндірістік күштерінің дамуына мықты серпін берді.

Қолайлы экономикалық-географиялық орналасуы, бай ресурстары, көлік жолдары мен Ертіс – Қарағанды арнасының бар болуы 1957 жылы құрамына Павлодар, Екібастұз, Ақсу (Ермак) қалалары енген Павлодар – Екібастұз аумақтық-өнеркәсіптік кешеннің құрылуына әсер етті.

Арзан Екібастұз көмірі негізінде энергетикалық база құрылған және өнеркәсіптің жаңа салалары: қара және түрлі түсті металлургия, машина жасау, алюминий, мұнай өндіру және химия салалары дамыды.

Бүгінгі күні Павлодар облысы барлық облыстардың арасында жоғары өнеркәсіптік әлеуетімен ерекшеленеді, көп салалы ауылшаруашылығы бар, ауылшаруашылық өнімдерімен өзін толық көлемде қамтамасыз етеді. Бұнда су көлігінен басқа көліктің және өндірістік емес саланың барлық түрлері дамыған.

Географиялық орналасуы.

Жер бедері. Павлодар облысының жер бедері екі бөлікке бөлінеді. Солтүстігінің негізгі бөлігін Батыс Сібір ойпатының жалғасы – Ертіс жазығы, оңтүстік-шығыс бөлігін Сарыарқаның солтүстік-шығыс сілемі, солтүстік-шығысын Құлынды даласы алып жатыр. Жер беті мұнда теңіз деңгейінен 120 – 150 м биіктікте, Ертіс аңғарында 100–110 м шамасында. Сарыарқа бөлігі көбінесе ұсақ төбелермен алмасып отыратын жазықтардан тұрады. Мұнда Баянауыл (1026 м), Қызылтау (облыстың ең биік жері – Әулие тауы, 1055 м), Желтау (959 м) және Семізбұлақ таулары орналасқан.

Геологиясы және кен орындары. Геологиялық тұрғыдан облыс аумағы Батыс Сібір плитасының палеозойға дейінгі магмалық және метаморфтық, ал оңтүстік-батысының негізі – Қазақ қалқанында орналасқан Сарыарқа өңірі қазіргі тау жасалу кезеңінің тау жыныстарынан тұрады. Мезозой мен кайнозой шөгінділерінің қалыңдығы 2500–3000 м. Негізгі мезозой-кайнозой тысына триас шөгінділері жатса, одан жоғары жатқан континентті шөгінділер орта және жоғарғы триас және төменгі юраға жатады. Мұнда күнгірт қызыл және жасыл-сұр түсті аргилиттер мен алевролиттер жиі кездеседі. Қоңыр көмірдің қалыңдығы 900 – 1500 метрге жетеді. Бор кезеңінде облыс аумағы төмен шөгіп, оған теңіз трансгрессиясы жақындады. Теңіз жағалауларын глауконитті құмтасты шөгінділер жапты. Қазақ қалқаны кейбір жерлерде грабен-мульдамен көтеріліп, кең аумақты алып жатқан герцен фундаменті түрінде кездеседі. Оның жазық келген бетін неоген және төрттік жүйенің шөгінділері жапқан. Павлодар облысының жер қойнауы кен қазбаларына бай. Облыстың негізгі байлығы – дүниежүзіне белгілі Екібастұз қоңыр көмірі. Ол құрамында бірнеше кендері бар Екібастұз және Майкөбен көмір алаптарынан тұрады. Полиметалл кені Майқайың кені тобында тараған. Олардың құрамында алтын, күміс, қорғасын, мыс, мырыш және күкірт колчеданы бар. Облыстың оңтүстігіндегі Баянауыл ауданында Бозшакөл мыс кен орны

орналасқан. Сонымен қатар облыс аумағында темірдің, никельдің, хромиттің, т.б. металдардың кендері шоғырланған. Темірдің ірі кен орны Шідерті өзенінің төменгі ағысындағы Қызылқақ көлі маңында. Кеннің құрамы Қостанай облысындағы Лисаков пен Әйет темір кендерінің құрамына ұқсас. Өнеркәсіптік маңызы бар ас тұзының қоры Үлкен Қалқаман, Коряков, Үлкен және Кіші Тобылжан көлдерінде, ал Әжболат, Асқар, Құлыпты көлдерінде глаубер тұзы, Маралды көлінде магний тұзы шоғырланған.

Павлодар облысының климаты тым континенттік және құрғақ. Қыста ашық және аязды ауа райын түзейтін Сібір антициклоны әсер етсе, жазда құрғақ және ыстық ауа, қуаншылық пен қарадауыл әкелетін Тұран ауа массасының әсері күшті. Қаңтар айының орташа температурасы 17-19,4°C, кей жылдары ол 48°C-қа дейін төмендейді. Шілденің орташа температурасы солтүстіктен оңтүстікке қарай 19°C-тан 22,2°C-қа дейін жоғарылайды, кей күндері 41°C-қа дейін барады. Жауын-шашынның жылдық орташа мөлшері солтүстіктен оңтүстікке қарай 292 мм-ден 194 мм-ге дейін кемиді. Баянауыл тауларында 340 мм. Жылдың суық мезгілінде жел көбінесе оңтүстік-батыс бағытта, жылы мезгілде солтүстік-батыс бағытта соғады. Олардың орташа жылдамдығы 4,0-4,5 м/с. Көктем мен күзде жылдамдығы 15 м/с-қа дейін баратын қатты дауылды желдер де соғып тұрады. Павлодар облысында көктем қысқа, жаз айлары ыстық, құрғақ және желді келеді. Күзі қысқа, салқын және жаңбырлы. Алғашқы үсік тамыз айының соңғы онкүндігінде болады. Қыркүйектің соңғы онкүндігі мен қазанның басында алғашқы қар түседі.

Гидрологиясы. Ертіс өзені облыс жерін шығыстан солтүстік-батысқа қарай ұзына бойы қиып өтеді. Өзеннің облыс бөлігіндегі ұзындығы 420 км және оған бір де бір сала қосылмайды. Оң жағалауы биік жарқабақты, сол жағалауы жайпақ. Қараша айының орта кезінде өзен суы қатып, наурыз айында мұздың қалыңдығы 115 см-ге дейін жетеді. Облыс жеріндегі ұзындығы 147 км болатын Ертіс – Қарағанды каналы Екібастұз қаласы мен Ақсу кентін сумен қамтамасыз етеді. Облыстың батыс жағымен кішігірім Өлеңті және Шідерті өзендері ағып өтеді. Облыста көлдер көп (1210 көл). Тауларында көлдер тектоникалық ойыстарда (Жасыбай, Торайғыр, Сабындыкөл), Ертіс бойындағы көлдер жайылмадағы

қазаншұңқырлар мен ескі арналарда, ал жазықта әртүрлі көлемді қазаншұңқырларда орналасқан.

Ірі көлдері: Сілетітеңіз (ауданы 965 км²), Жалаулы (398 км²), Қызылқақ (180 км²), Үлкен Әжболат (110 км²), Маралды (80 км²). Тұщы көлдер көбінесе Ертіс жағасы мен облыстың солтүстік бөлігінде тараған. Одан оңтүстікке қарай тұзды көлдер саны арта береді. Жерасты суларының құрамы әртүрлі. Сарыарқа жағындағы тау жарықшақтарында жерасты сулары жер бетіне әртүрлі бұлақтар арқылы шығады. Жалпы облыс аумағында тәулігіне 3816,5 мың м³ болатын пайдалануға жарайтын жерасты суының 11 кен орны барланған. Қазіргі кезде тәулігіне 118,5 мың м³ су беретін 6 су көзі пайдаланылады. Жерасты суының негізгі горизонты Ертіс артезиан алабында орналасқан. Мұнда судың минералдығы 4,4–5,5 г/дм³. Құрамы бромды, йод-бромды келген. Олардың жалпы минералдығы 8,0 г/дм³.

Топырағы мен өсімдік жамылғысы. Павлодар облысының жері түгелдей дерлік қызғылт қоңыр топырақ белдемінде орналасқан. Ертістің шығыс жағының жер қыртысы негізінен құм, құмдауыт және саздақ топырақтан, ал сол жағалық аңғары плейстоцен кезеңінің сортаңданған бозғылт топырағы мен ауыр саздақ топырақтан түзілген. Сарыарқа шоқыларында көбінесе тастақты-қиыршықтасты қоңыр топырақ, ал шоқыаралық жазықтарда сортаң, саздақ топырақтар дамыған. Облыстың өсімдік жамылғысы қызғылт қоңыр топырақ белдеміне тән селеулі-бетегелі астық тұқымдас өсімдіктерден тұрады. Облыстың қиыр солтүстігін қайың мен теректен тұратын ормандар алып жатыр. Олар 44,0 мың га жерді қамтиды. Оңтүстікке қарай даланың сұр, қызғылт қоңыр топырағында бетегелі-жусанды дала қалыптасқан. Оңтүстік-шығысындағы құмды өңірде қарағай ормандары, Ертіс өзенінің жайылмасында шалғындар мен тоғайлар тараған.

Жануарлар дүниесі. Облыстың кең даласында қоян, сарышұнақ, суыр, қосаяқ, аламан, т.б. мекендейді. Бесқарағай мен Баянауыл қарағайлы ормандарында тиіндер жиі кездеседі. Жыртқыш аңдардан қасқыр, түлкі, қарсақ, күзен, құндыз сияқты жануарлар тараған. Оңтүстік-шығысындағы қарағай ормандарында еуропалық құндыз, Ертістің жағалаулық ормандары мен қайың шоқтарында елік, Баянауыл тауларында арқар кездеседі. Облыс-

та ақ және сарышымшық, бозторғай, жыртқыш құстардан дала бүркіті, кезқұйрық, күйкентай, қырғи, жапалақ, қарағайлы орманда құр, шіл, саңырау құр, тоқылдақ мекендейді. Жазда өзендер мен көлдерден аққу, қаз, үйрек, қасқалдақ, шағала, көл жағаларында қызғыш, таукұдырет, жылқышы, т.б. құстарды кездестіруге болады. Ертіс өзенінде ақбалық, бекіре, нәлім, шортан, алабұға, шабақ көптеп кездеседі.

Халқы. 2007 жылдың есебінше облысымызда 744860 адам, 99 ұлт өкілдері тұрады. Павлодар облысындағы халықтың көпшілігі қазақтар – 328,4 мың адам (43%).

Басқа ұлт өкілдерінен: орыс 293,9 мың (40,2%), украиндар (7,1%), татарлар (2,0%), немістер (3,7%), белорустар – 0,9%, молдавандар 0,4%, ингуштер – 0,25%, шешендер – 0,25%, әзірбайжандар – 0,25%, башқұрлар – 0,2% және 1,75%, т.б. ұлт өкілдері тұрады.

Халықтың орташа тығыздығы 1 км²-ге 6,0 адамнан келеді. Қала халқы 66,2%-ды құрайды (2004).

Қалалары: Павлодар, Екібастұз, Ақсу.

Көлік қарым-қатынасы. Облыс жерін солтүстігінде батыстан шығысқа қарай Орта Сібір мен орталық өңірінде Оңтүстік Сібір (Маралды – Тұз, Спутник – Ақсу, Коряковка – Сольветка) теміржол басып өтеді. 2002 жыл Ақсу – Конечная теміржолы Шығыс Қазақстан облысындағы Шар қаласына дейін ұзартылды. Оңтүстік Сібір теміржол бойында Павлодар, Екібастұз сияқты ірі теміржол стансалары қалыптасты. Теміржолдардың ұзындығы 800 км-ден астам. Өзен көлік қатынасы (420 км) Ертіс өзені бойынша іске асырылады. Автомобиль жолының ұзындығы 5150 км.

Туризмнің даму нысандары

Баянауыл Мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің өсімдіктер дүниесі. Горчаковскийдің мәліметтері бойынша Баянауыл МҰТП-де 441 жоғары тамырлы өсімдіктер есептелген. С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университет қызметкерлерімен 2005-2008 жылдар аралығында ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрлігі шеңберінде өткізілетін «Қоршаған ортаны қорғау саласында ғылыми зерттеулер» бағдарламасына сәйкес «БМҰТП тұрақты дамуын қамтамасыз ету бойынша экологиялық зерттеулер» тақырыбында ғылыми зерттеулер жүргізіліп, 475 түр анықталды. Түгендеу мәліметтері бойынша жалпы саны 4 бөлім,

6 класс, 72 тұқымдас, 260 тек, 485 түрді құрайды. Жаңадан қосылған учаскелерді ескере отырып, тізім 500 түрге дейін өсті, мәліметтер ТОО Ecology Buseness Consulting-2007 бойынша жүргізілген зерттеулерден берілді. Бұл жерде қазақтың ұсақ шоқысының өсімдіктер дүниесінің үштен бір бөлігі кездеседі. Ең көп таралғаны күрделігүлділер (Asteraceae), астық тұқымдастар (Poaceae), раушангүлділілер (Rosaceae), бұршақтылар (Papaceae), ерінгүлдер (Lamiaceae) қалампырлар (Caryophyllaceae).

Тамырлы өсімдіктерден басқа, Баянауыл МҰТП аумағында бореалды мүктердің тұтас кешені бар, бірақ олар аз зерттелген. Мүктер 19 тұқымдастан, 32 түрден тұрады. Парк аумағында орналасқан ірі су қоймаларына (Сабындыкөл, Жасыбай, Торайғыр, Біржанкөл) С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің жүргізген жұмыстарының нәтижесінде БМҰТП суқоймаларында балдырлардың 11 түрі анықталды.

Баянауыл таулары дала зонасында, құрғақ көк шұнақ – бозбетеге далалық бөлігінде орналасқан. Сондықтан өсімдіктер дүниесінің зоналық түрі дала болып саналады. Тауда олар қызылбетеге, сұлылы, көде және бозды формациялар түріне тау қара топырақта шлейфте тау етектерінде таралған және күрәнқоңыр топырақтарда түрлі деңгейдегі шым тастар кездеседі.

Баянауыл ұлттық паркінің флорасы күрделі, негізінен, солтүстік бореалды өсімдіктерден құралған. Ондай түрлерге кәдімгі қарағай (*pinus sylvestris*), орман қырықбуын (*Eguisetum silvaticum*), өзен қырықбуын, мысық табан туысы, дөңгелек жапырақ алмұртшөп және тағы басқалары.

Баянауыл орман белдеу зонасының үлесіне 40%-ы тиісті және олар қарағай, қараағаш, қайың, терек және көктерек ағаштарымен жабылған. Негізгі орман түзуші тұқым кәдімгі қарағай (*pinus sylvestris*) болып табылды, ол барлық орманмен жабылған алқаптың 75%-ы алып жатыр. Орманмен жабылған алқаптың қалған бөлігі қайыңның (*Betula verrucosa*) және 15,7% теректің (*Populus tremula* L.) 3%, жабысқақ қанды ағаштың (*Alnus glutinosa* (L.) Gaerth) 2,3% үлесінде. Барлық ағаш өсімдеріне орманмен жабылған жерлердің 98%-ы және бұталардың 2%-ы жатады: крената тобылғы (*Spiraea crenata* L.), шайқурай тобылғы (*S. hypericifolia* L.), тікенді раушан (*Rosa acicularis* Lindl.), қызыл арша (*Juniperus sabina* L.).

Біздің зерттеулер көрсеткеніндей, Баянауыл паркі аумағында өсетін өсімдіктер түрлерінің көбі шөптесіндіге жатады – 434 түр, түрлердің жалпы санынан 89,5%-ы, олардың ішінде бір жылдықтар – (15,8%) екіжылдықтар – 25 түр (5,1%) және көпжылдық өсімдіктер – 332 түр (68,4%).

25 түр (5,1%) бұталардың тіршілікті түрлеріне, ағаштардан 11 түр (2,2%), жартылай бұталы бұташықтарға және бұташықтарға жалпы есеппен 14 (2,9%) жатады, 1 түр (0,2%) лиана болып табылады.

«Қаздардың ұшуы» табиғат ескерткіші. “Гусиный перелет” неоген кезеңінің бай жануарлар әлемінің палеонтологиялық орнының ашылуы (25 – 2 млн. жыл) Павлодар Ертіс өңіріне бұрынғы кеңес үкіметінің палеозоологтарының назарын аударады. Өкінішке орай, барлық табылған палеомәліметтерді ғалымдар алып кетті, себебі біріншіден, сол уақытта Павлодарда өлкетану мұражайы болған жоқ, екіншіден, палеонтологиялық қалдықтардың зерттеліп, сақталуын қамтамасыз ететін ғылыми мекеме болмаған жоқ. Қазіргі кезде қазба кешенін әзірлеумен, ескерткіш орнында саябақ кешенін (ашық аспан астындағы мұражай) әзірлеу бойынша белсенді жұмыстар жүргізіліп жатыр, мұнда кез келген адам ертедегі жануарлар сүйектерінің қазба жұмыстарын байқай алады, сонымен қатар ерте кезеңдегі негізгі жануарлар түрлері жасалатын скульптуралық галерея жұмысына қатыса алады.

Орналасқан жері. Ескерткіш Павлодар облысы Ертіс өзенінің оң жағалауында, Павлодар қаласының солтүстік бөлігінде, теміржол көпірінен оңтүстікке жақын 500 м орында орналасқан.

Тарихи анықтама. Ескерткішті 1923 жылы мәскеулік палеонтолог Ю.А. Орлов ашқан, осыдан кейін мұнда 1929-1930 жылдары палеонтологиялық қазба жұмыстары жүргізіле бастады, мұның салдарына бірнеше мыңдаған плиоцен-миоцендік жасындағы ертедегі сүтқоректілер сүйектерінің қалдықтары табылған (қазіргі Африка фаунасының шығу тегі). Палеонтологиялық институт қазбалары бұғының 20 түрін, керіктің 40 түрін, мүйізтұмсықтың 140 түрін, гиппарионның 200 түрін, т.б тапты.

Благовещенка кафедралды соборы. Қазіргі кездегі архитектуралық ғимараттардың ішіндегі Благовещенка кафедралды соборы өзінің мөлшерімен таң қалдырады. Собор 1999 жылы

салынған. Павлодарлық архитектор оған негіз етіп Мәскеу Кремль соборларының бірін алған. Қоңыраулар Д. Лихачев атындағы зауытта Мәскеуде құйылған, олардың саны тоғыз. Ең үлкен қоңырау 1024 кг салмақты құрайды. Шіркеулік аспап Софрино қаласында (Мәскеу облысы) дайындалған, жеке бөлімдері Павлодар қаласының жиһаз фабрикасында. Үлкен архитектуралық сиректік монолитті күмбез болып табылады. Күмбез үстіндегі алтынмен жалатылған крест 51 метр биіктікте орнатылған. Шіркеудің селдір жинақтары мен салтанат қақпасы, алтын кресттері бар, нақышты мұнаралар, қоңыраулар – шіркеуді сирек архитектуралық ансамбльге айналдырып тұр.

Достық үйі. 2008 жылғы қазанда Павлодарда Қазақстан халқы ассамблеясының Достық үйі ашылды. Оның ашылуына Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев қатысты. «Біз үшін достық – бос сөз емес», – деді ол. – Біз көп ұлтты мемлекетте тұрамыз. Тек Павлодар облысында ғана жүзден астам ұлт өкілдері тұрады. Біздің елде мектептер көптеген тілдерді, БАҚ – он бір, театрлар – алты тілде жұмыс істейді. Бізде 4500 ұлттық-мәдени орталықтар бар. Осының барлығы бірігіш, Конституцияда Қазақстан халқы деп аталатын күшті құрайды».

«Алда – қызықты өмір...». Мұндай достық сарайы сияқты, Қазақстан халқы ассамблеясының жұмысы үшін ғана салынған Достық үйі еліміздің басқа қалаларында жоқ. Ашылу күні Н.Ә. Назарбаев мәжіліс-залында этномәдени бірлестіктердің жетекшілерімен кездесті. Мұнда Павлодар облысының он тоғыз орталығы Қазақстан халқы ассамблеясы, ассамблеяның жастар қанаты, ұлттық жаңғырту мектебі, «Қазақ тілі» қоғамдық бірлестігі, «Ана тілі» облыстық мемлекеттік тілге үйрету орталығы орналасқан. Бұл аталған құрылымдардың жұмысы өзара байланыста жұмыс істейді.

Сарайдың бірінші қабатында әкімшілік орналасқан. Мұнда 120 орындық мәжіліс-залы мен 300 орындық концерт залы бар. Сонымен қатар Достық үйінде екі компьютер сыныбы, 80 орынға дәмхана мен дайындық залы бар. Павлодар облысының Қазақстан халқы ассамблеясының әрбір орталығын көрсететін ұлттық әдебиет пен мұражай кітапханасын ұйымдастыру жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Әрбір ұлттық орталықтың өз кеңсесі бар. Ассамблеяның жастар қанатының да өз кеңсесі бар. Ұлттық жаңғыру мектебінде 600-ге

жуық бала оқиды. Өз жұмысын жоспарлауға шығармашылықпен қарай отырып, бұл бөлімдердің мамандары Достық үйінің үйлестіруші түйіні болады.

Біз болашаққа жауаптымыз. Достық үйінің ашылуымен Павлодар облысының Қазақстан халқы ассамблеясының өмірінде шығармашылық жоспарда көптеген жаңалықтар пайда болды: жаңа жобалар, ұжым жұмысының нысандары мен қызықты ойлар. Достық үйіне көшкеннен кейін этномәдени орталықтар облыс тілдерді дамыту басқармасымен белсенді қызмет атқара бастады. Мұнда әрбір диаспора мен этномәдени орталықтардың мәдениет, тіл, салттар мен дәстүрлер саласында өз мүмкіндіктерін іске асыруға барлық жағдайлар жасалған.

Мәшһүр Жүсіп атындағы архитектуралық мешіт ғимараты. Мәшһүр Жүсіп атындағы мешіттің архитектуралық ғимараты көркемдігі және айбындылығымен таң қалдырады. Қаланың бас мешіті қаланың барлық жақтарынан жақсы көрінеді. Шаңырақ түріндегі көгілдір түсті күмбез алтын жарты айды қиып тұр, аспанға ұмтылған көгілдір мұнаралар мен зор баспалдақтар – жаңа мешітті ерекшелендіреді. Мешіт ғимараты мөлшері 48х48 метрді құрайтын сегіз қырлы жұлдызды бейнелейді, мұнаралар биіктігі – 63 метр, жарты айлы күмбездердің биіктігі – 54 метр. Мешіттің әшекейі Ташкент қаласында дайындалған 434 шамы бар – хрусталды “Зумрад” люстрасы. Мешіт Павлодар қаласының орталығында орналасқан және архитектуралық егер оған баспалдақ негіздерінен қарасақ, әлемге және жақсылыққа ашылған жүрекке ұқсайтынын аңғаруға болады.

Сұлтанмахмұт Торайғыров атындағы ескерткіш. Ақынға ескерткіш қоладан, тұғыры қызыл және қара граниттен дайындалған. Ескерткіш қарағайдың жанында тұрған ақынның қола бейнесін береді. С. Торайғыров жастарға тән ақын-лирик және арманшыл бейнесінде берілген. Трагизм элементтері тұғырдың шешімдерін толықтырады – қызыл және сұр граниттердің тоғысуы, пирамида түріндегі екі үлкен емес архитектуралық формалар. Пирамидалар ақынның неғұрлым ұзақ өмір сүргенде, қазақ әдебиетінің шыңына жетер еді деген ойға жетелейді. Мүсіннің авторы Есхан Сергебаев. С. Торайғыров мемориалдық қаланың көрікті орнына, республикалық маңызы бар ескерткішке айналды.

Тарих және архитектура ескерткіштері халықтың мәдени жетістігі болып табылады, сондықтан олар мемлекеттің қорғауында.

Қайталау сұрақтары:

1. Облыстың ерекше қорғалатын табиғат территорияларына сипаттама беріңіз. Қандай табиғат ескерткіштері орналасқан?
2. Облыстың көлік инфрақұрылымын сипаттаңыз.

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН АЙМАҒЫНЫҢ ТУРИЗМ ГЕОГРАФИЯСЫ

7.1. Шығыс Қазақстан облысы

Әкімшілік орталығы – Өскемен қаласы.

Жер аумағы – 283,3 мың км².

Халық саны – 4 396 746 адам.

Әкімшілік-территориялық бөлінуі. 1932 жылы 10 наурызда құрылған. Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылдың 3 мамырындағы Жарлығымен Семей облысының аймағы қосылған.

Облыс аумағы 283,3 мың км²-ге созылып, жоғарғы Ертіс алабында орналасқан, оңтүстікте Қытай және Алматы облысымен, солтүстік-шығыста Ресеймен, батыста Қарағанды және Павлодар облыстарымен шекараласады.

Шығыс Қазақстан облысы Қазақстан Республикасының облыстары арасында аумағы бойынша үшінші орынды еншілейді.

Облыста 19 аумақтық-әкімшілік бірлік оның ішінде 15 аудан және 10 қала, 24 кент, 826 ауыл бар.

Облыс орталығы – Өскемен қаласы, 1720 жылы құрылған.

Тарихы. Шығыс Қазақстан облысының аумағында ежелгі заманнан адамдар қоныстанған. Оның куәгері есебінде Алтайда, Зайсан қазаншұңқырында, Тарбағатай мен Сауыр жоталарында ежелгі кеніштердің, суландыру жүйелерінің, бекіністер мен қоныстардың іздері сақталған. XV ғасырдың бас кезінде Ертіс өзені алабының жоғарғы бөлігін ойраттар басып алғаннан кейін бұл жер Жоңғар хандығының құрамында болды. 1758 жылы Қытай әскерлері Жоңғар хандығын жойып жібергеннен кейін, қалмақтар Еділ өзенінің арғы бетіне кетті. Ал қалмақтардан ығысып, негізінде Сарыарқаны мекендеген қазақ рулары өздерінің ежелгі қоныстарына қайтып

оралды. XVIII ғасырдың бас кезінде патшалық Ресей қазақ жерін тереңдей отарлау мақсатымен қазақтарды атақонысынан тықсыра отырып, қазіргі облыс аумағында бекіністер желісін салды. Осы желінің бойымен біртіндеп бекіністер мен форпосттар жүйесі, ал одан кейініректе казак-орыс станицалары құрылды (1718 жылы Семей, 1720 жылы Өскемен, 1763 жылы Бұқтырма бекіністері салынды). Казак-орыстардың мекендері Ертістің оң жағалауы мен оның салаларының бойында пайда болды. Ертіс өзенінің екі бірдей жағынан он шақырымдық шұрайлы жерлер (“Иртышская десятиверстная полоса”) қазақтардан тартып алынып, казак-орыстардың пайдалануына берілді. Яғни қазақтарға Ертіс өзеніне 10 км жақын жерде қоныстануға тыйым салынды. Қазақтар ең шұрайлы жерлерінен айрылып, ата қоныстарының атауларын жоғалтты, олардың орнына карта беттерінде сақталған орысша атаулар пайда болды. Ертіс өзеніне құятын салалары мен жыра-сайлар, жылғалар орысша аталып кетті. Станицалар біртіндеп оңтүстікке және оңтүстік-батысқа қарай жылжи берді. 1826 жылы Қалба жотасының етегінде Көкпекті бекінісі, 1831 жылы Аягөз өзенінің оң жағасына таяу қазіргі Аягөз қаласына жақын жерде Сергиополь бекінісі, Шәуешек жолының бойында да станицалар пайда болды. Казак-орыс отарлауымен бірге Алтайдың тау аңғарларының шалғайдағы жетуі қиын тайгалық түпкірінде патша өкіметінен тығылып, қашып жүрген орыстар келе бастады. Олар кержактар (ескі ғұрыпты адамдар) мен Оралдың және Алтайдың зауыттары мен кеніштерінен қашқан жұмысшылар мен қолөнершілер еді. Бұлар Бұқтырманьн жоғарғы ағысы мен оның салаларының және Нарын мен Қалжыр өзендері бойларында қоныстанды. Осы кезде Қатонқарағай, Белая, Черновая, т.б. ауылдар пайда болды. XVIII ғасырдың 60-жылдарында Алтайдың солтүстік-батыс жағында Оба мен Үлбі өзенінің аңғарларында Ресейдің ішкі губернияларынан “поляктар” деп аталған шаруалар келіп қоныстанды. XVIII ғасырдың соңында Кенді Алтайдың шегінде кен өнеркәсібі пайда болды. Мұнда бірінен кейін бірі Риддер (1784), Зырянов (1794), Белоусов (1797), Сокольников (1822), т.б. түсті металл кеніштері іске қосылды. 1844 жылдан Зырянов кеніші Алтай кен зауыттарының шикізат базасына айналды. Ресейде басыбайлылық құқықтың жойылуы салдарынан арзан жұмыс күшінен айрылған және техникалық қайта құруды керек ет-

кен Алтайдың кен өнеркәсібі күрт құлдырай бастады. Оны осы кезде Алтайдың кен өнеркәсібінің негізгі өнімі болып саналатын – күміс бағасының арзандауы ушықтырып жіберді. Алтай зауыттарының түгелдей дерлік жабылуымен бірге Алтайдың басыбайлылық кен өнеркәсібі ауданы, кейбір полиметалл кеніштері австралиялық, ағылшындық, франциялық, т.б. шетелдік капиталға концессияға берілді. XIX ғасырдың соңынан бастап Семей қаласында өңдеу өнеркәсібі біршама дами бастады. Оның негізгі салалары: ұн тарту мен жүн жуу болды. Жиналған астық пен бидай ұны Ертіс арқылы кемемен 600 км-дей жердегі Сібір теміржолына жеткізіліп тұрды. Ал Қазақстанның бүкіл шығыс бөлігінен және ішінара Шыңжаң аймағынан (Қытайдан) жиналып әкелініп Семейде жуылған жүн алғашқы өңдеуден өткеннен соң еуропалық Ресейдің шұға фабрикаларына жеткізілді. Өнеркәсіптің бұл екі саласынан басқа облыс жерінің әр тұсында орналасқан ірі елді мекендерде арақ-шарап пен сыра қайнату, сондай-ақ тері илеу, тон тігу, май және сабын қайнату өндірістері де болды. Зайсан, Марқакөл, Алакөл көлдері мен Ертіс өзенінің салаларында балық аулау кәсібі, Риддер мен Зыряновта ағаш және темір ұсталық кәсіптер орын алды. XIX ғасырдың екінші жартысында Ертіс өзенінде пайда болған кеме жол қатынасының маңызы күшейді. Кемелер Семейден Омбыға дейін, Зайсан көлі мен Қара Ертіс бойымен жоғары көтерілді. Шығыс Қазақстан облысы Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында елеулі дами қойған жоқ. Тек XX ғасырдың 30-жылдары ауылшаруашылығын ұйымдастыру және елді индустрияландыру науқанын жүзеге асыруға байланысты Кенді Алтай Қазақстандағы түсті металлургия мен кен өнеркәсібінің ең ірі орталығына айналды. Алтайдың қазақтар тұратын бөліктерінде сан алуан елді мекендер пайда болды. Облыс экономикасының әрі қарай дамуына Түркістан – Сібір теміржолы мен Локоть – Риддер және Өскемен – Зырянов теміржолын салу, Ертіс өзенінің көліктік маңызын көтеру, Түркісіб теміржолы Жаңғызтөбе стансасынан басталатын “Шығыс айналма жолы” деп аталған жақсартылған қара жол салу едәуір әсер етті. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі жылдары облыс экономикасы тез қарқынмен дамыды. Ертіс өзенінде Бұқтырма, Өскемен және Шүлбі электр стансалары салынды. Кенді Алтай бойында түсті металл өндіретін жаңа кеніштер мен оны өңдейтін металлургиялық кәсіпорындар, Семейде бұрынғы

одақ көлемінде қуаты жағынан КСРО-да екінші орын алған ет комбинатының қуаты артып, Өскеменде титан-магний комбинаты, жасанды жібек комбинаты сияқты көптеген өнеркәсіп орындары пайда болды. Республикалық маңызы бар Алматы – Семей және облыс ішінде өнеркәсіп орындарын теміржолы стансаларымен және ауылдық елді мекендерді ірі қалалармен, аудан орталықтарымен байланыстыратын облыстық маңызы бар көптеген автомобиль жолдары салынды.

Географиялық орналасуы. Шығыс Қазақстан облысының жер бедерінің құрылысы өте күрделі.

Таулары мен жоталары. Алтай тауларын Ертіс өзенінен шығысында: Кенді Алтай, Тікирек, Черный, Оба, Становой, Көксу, Иванов, Қоржын, Үлбі, Қызылқарағай, Нарын, Сарымсақты, Тарбағатай, Оңтүстік Алтай, Күршім және Азутау жоталары мен олардың сілемдері; Ертіс өзенінен батыста: Қалба жотасы, Семей, Арқалық, Мыржық, Қарадыр таулары, Ханшыңғыс, Шыңғыстау, Ақшатау жоталары; Зайсан көлінің оңтүстігінен: Тарбағатай, Сауыр және Маңырақ жоталары қоршап жатыр.

Ертіс өзенінің екі жағындағы жоталар аралықтарында оқшаулана орналасқан таулар мен шоқылар: Майлықара, Белтерек, Айыртау, Арқат, Көксеңгір, Сандықтас, Жағалбайлы, Көктас, Атбас, Арасантау, т.б.

Облыстың оңтүстік пен оңтүстік-шығысына Сасықкөл, Қошқар және Алакөл көлдері орналасқан Балқаш – Алакөл ойысының солтүстік-шығыс бөлігі мен Зайсан көлінің қазаншұңқыры орналасқан.

Облыстың қиыр солтүстік-батыс бөлігін Бесқарағай ауданының барлық аумағын қамтитын Балапан жоны алып жатыр.

Пайдалы қазбалары. Шығыс Қазақстан облысының жер қойнауы кен байлықтарына бай. Мұнда мырыш, қорғасын, мыс, күміс, алтын, кадмий, сүрме, күшәла, темір, күкірт, висмут, индий, галий, селен, теллур, сынап, қалайы, тантал, ниобий, молибден, вольфрам, титан, никель, кобальт, көмір, жанғыш тақтатас, сондай-ақ әртүрлі химиялық шикізаттар мен құрылыс материалдарының кен орындары бар.

Климаты. Облыстың климаты тым континенттік. Температурасы: қаңтардың жылдық орташа ауа температурасы жазық

өңірінде -17°C , биік тауаралық тұйық қазаншұңқырларында -26°C -қа дейін барады, шілдеде $+19-23^{\circ}\text{C}$. Жауын-шашын солтүстік-шығысында 350 – 380 мм, оңтүстік-шығысында 250 – 300 мм, батысында 200 – 250 мм аралығында, Кенді Алтайдың батыс бөлігінде 1000 – 1500 мм. Облыс бойынша вегетациялық кезең 175–200 тәулікті құрайды.

Су ресурстары. Облыстың, әсіресе Кенді Алтай өңірі жер беті суларына бай. Олар Ертіс өзені мен Балқаш – Алакөл алаптарына жатады және негізінен өзендерден тұрады.

Өзендер. Ертіс (республикадағы ең үлкен өзені): ол облыс аймағын Қытай Халық Республикасы шекарасынан бастап солтүстік-батыс бағытта қиып өтеді. Зайсан көліне дейінгі бөлігін Қара Ертіс деп атайды. Ертіс өзенінің ең ірі салалары: Қытай, Қалжыр, Қалғұтты, Күршім, Нарын, Қайыңды, Бұқтырма, Үлбі, Оба, Шүлбі, Жарма, Құсты, Еспе, Шорға, Боғас, Жұзағаш, Бөкеш, Манат, Тайынты, Абылайкит, Ұлан, Дресвянка, Жартас, Құрық, Қызылсу, Шар, Шаған.

Балқаш – Алакөл көлдерінің алабындағы ең үлкен өзендері (Еміл, Қатынсу, Үржар, Үлкен Текебұлақ, Қарақол, Ай, Аягөз, Бақанас) бастауын Тарбағатай, Ақшатау, Шыңғыстау, Ханшыңғыс жоталары мен Көкшетаудан алады.

Облыс көлдерге онша бай болмаса да, мұнда Қазақстандағы ірі көлдер – Зайсан мен Марқакөл, оңтүстік-шығысында Алакөл мен Сасықкөл орналасқан. Басқа көлдері ұсақ және олар облыстың оңтүстік-батыс жағында, көбінесе Шар мен Шаған өзендерінің және Аягөз бен Ай өзендерінің ұсақ шоқылы, жазықтау келген суайрықтарында орналасқан.

Облыста Ертіс өзені мен оның салалары суының өнеркәсіп пен халықты сумен қамтамасыз етуге үлкен маңызы бар. Сондықтан оларда ірі Бұқтырма, Өскемен және Шүлбі бөгендері мен СЭС-тер салынған. Бұларға қоса Нарын, Бұқтырма, Үлбі, Оба және Шүлбі өзендері ағаш ағызуға кеңінен пайдаланылады. Өзендер мен көлдердің (Зайсан, Алакөл, Марқакөл, т.б.) балық аулауда да едәуір маңызы бар. Облыстың Алтай аймағында минералды шипалық көлдер көп. Шығыс Қазақстан облысы жерасты суына да бай. Ол халықтың тұрмыстық қажетін өтеу және мал суаруға ғана емес, онымен бірге сан алуан кеніштер мен кәсіпорындарды да сумен қамтамасыз етуге пайдаланылады.

Халқы. Облыста Қазақстан халқының 9,4%-ы шоғырланған. 59,4%-ы қалалық жерлерде, 40,6%-ы ауылдық жерлерде. Облыс халқының орташа тығыздығы әр 1 км^2 -ге шаққанда 5,1 адам. Халықтың ең жиі қоныстанған жерлері – Ертістің оң жағалауы, әсіресе Кенді Алтайдың тауаралық жазықтары. Глубокое, Бородулиха және Шемонаиха ауданында бұл көрсеткіш 9-дан 12,7 адамға, ал Өскемен қаласының төңірегінде 186 адамға, Семей қаласының төңірегінде 133,5 адамға дейін барады. Ауылдық жердің қоныстануы да әрқелкі. Ұлттық құрамы: қазақтар – 49%-дан астам, орыстар – 44%-дай, басқа ұлттар шамамен 5,5%.

Көлік қарым-қатынасы. Шығыс Қазақстан облысында темір, автомобиль, су және әуе жолы қатынастары дамыған. 2005 жылы облыс бойынша: автомобиль жолының ұзындығы 11830 км, теміржолдың ұзындығы 1203 км, су жолының ұзындығы 1084 км болды. Автомобиль және су жолының ұзындығы бойынша Шығыс Қазақстан облысы республикада 1-орынды алады. Теміржол көлігі облыс орталығы Өскемен қаласын Семей, Аягөз, Шемонаиха, Риддер және Зыряновск қалаларымен байланыстырады. Облысты шетке шығаратын теміржолы тармақтары: Семей – Алматы; Семей – Локоть; Защита – Локоть. 2005 жылы Курчатова – Шар теміржолы салынды, ал оның жалғасы (ұзындығы 150 км) 2007 жылы облыс орталығы Өскемен қаласына дейін жететін болды. Сөйтіп облыста Түркістан – Сібір теміржолымен қиылысатын екінші теміржолы – Курчатова – Шар – Өскемен теміржолы іске қосылатын болады. Автомобиль көлігі автожолдар мен теміржолдар қиылысатын ірі қалалар мен аудан орталықтарында үлкен жол тораптарын жасай отырып, жолаушылар мен жүк тасу жұмыстарын іске асыруда үлкен рөл атқарады.

Автомобильді жолының жиілігі бойынша (әр 1000 км^2 -ге шаққанда 38,9 км). Шығыс Қазақстан облысы республикада Солтүстік Қазақстан, Ақмола, Оңтүстік Қазақстан және Алматы облыстарынан кейін 5-орынды алады. Су жолы қатынасы түгелдей Ертіс өзені арқылы іске асырылады. Ертіске автомобиль жолдары келіп түйісетін тұстардағы 15-ке жуық елді мекенде өзен айлақтары жұмыс істейді. Өзен жолы арқылы Шығыс Қазақстан облысы Павлодар облысымен, одан әрі Ресейдің Омбы облысымен қатынасады. Әуе жолы облыс орталығы мен Семей қаласын

Астана, Алматы қалаларымен және республиканың басқа облыс орталықтарымен жалғастырады. Шығыс Қазақстан облысы көліктің барлық түрімен жүк тасымалдаудың көлемі бойынша республикада 1-орында, жолаушылар тасымалдаудың көлемі бойынша Алматы қаласы мен Қарағанды облысынан кейін 3-орында келеді. 2005 жылы олардың жалпы көлемі тиісінше 257,1 млн. т-ға және 969,7 млн. адамға жетті. Жүк және жолаушылар айналымы бойынша да облыс республикада елеулі орындарға ие. 2005 жылы көліктің барлық түрі бойынша жүк айналымы 4904,1 млн. тонна-километр, жолаушылар айналымы 7959 млн. жолаушы-километр болды.

Туризмнің даму нысандары.


Батыс-Алтай мемлекеттік қорығы. Белая Уба өзенінің бастауында 14 ұсақ мұздықтар бар. Орман шекарасынан биік – өзендерге бастама беретін кішкене мұздан жаратылған тау көлдері және батпақ бар.



8-сурет. Батыс Алтай Мемлекеттік қорығы

Қорық өңірінде Черный узел – Қара түйін атты – ауданның үш негізгі жоталарының (Көксу, Ивановский, Холзун) тоғысқан жері – ең танымалы жер болып табылады. Дәл осы жерде туристерге әйгілі «Каменная сказка» Тас қала орын алған. Батыс – Алтай Мемлекеттік қорығының экологиялық жолдарынан өтетін спорт – туристік және танымал туристік маршруттарының бағдарламаларына осы ешқайда кездеспейтін нысандарға кіреді.

Марқакөл Мемлекеттік табиғи қорығы Шығыс Қазақстан облысында Оңтүстік Алтайдың шығысында Марқакөл қазаншұңқырында орналасқан. Ол солтүстігінде Күршім, оңтүстігінде Азутау жоталарының арасында орналасқан Алтайға тән тектоникалық ойпатты алып жатыр. Көл 1 449,3 метрлік абсолюттік биіктікте жатыр. Ең биік нүктесі – 3304,5 метр (Ақсу-Бас тауы).



9-сурет. Марқакөл Мемлекеттік табиғи қорығы

Катонқарағай ұлттық табиғи паркі, Шығыс Қазақстан облысының Катонқарағай ауданының аумағында. 2001 жылы ұйымдастырылған. Солтүстігінде Қызылқарағай және Қатынтау қыраттарына ұласа отырып, Ресеймен шектеседі. Шығысында Үкек даласымен (Ресей, Алтай Республикасы) және Қытаймен, оңтүстігінде Темірқабә өзенін бойлай Марқакөл қорығымен шектеседі. Ауданы 643 мың гектар, оның 215 мың гектары орманды алқап, ағаштарының қоры – 24 мың м³, қорықтық аймақ жері 151 мың гектар. Саябақтың пайдаланылатын аумағы – 492 мың гектар. Катонқарағай ұлттық саябағы жануарлар мен өсімдіктердің түріне бай. Мұнда сүтқоректілердің 66 түрі, оның ішінде марал, бұлан, таутеке, аю, сілеусін, құну, т.б. бар. Құстардың 250-ден астам түрі кездеседі. Сирек кездесетін, қорғауға алынып, Қазақстанның

“Қызыл кітабына” енгізілген ұлар, қара дегелек, т.б. құстар бар. Саябақ жерінде самырсын, балқарағай, қарағай, шырша, қайың, мойыл, терек өседі. Өте сирек кездесетін, жылдан жылға таралу аймағы азайып бара жатқан, Қазақстанның “Қызыл кітабына” енгізілген 40-тан астам өсімдік түрлері кездеседі. Мысалы, алтын тамыр, алтай рауғашы, марал түбірі, т.б. Сондай-ақ саябақ жері табиғат және мәдениет ескерткіштеріне де бай. Теңіз деңгейінен 4506 м биіктікте орналасқан Мұзтау және Көккөл сарқырамалары, мәдени-тарихи ескерткіш болып табылатын Берел қорғаны мен Көккөл кеніші бар.



10-сурет. Қатонқарағай МТҰП

Кейін-Керіс. Кейін-Керіс – батпақты учаске. Ол түрлі-түсті балшықтар қабаттарының эрозиясының ашылуымен байланысты. Мұндағы сумен және желмен жайылған балшықтар, ерекше жарқын, ашық пейзаж құрайды. Бұл – үштік балшықпен қабатталған қайталанбас қызыл, ақ және ақсары ғимараттары бар әсем де ерекше бұрыш. Алыстан қызыл балшықты құздар мен Кейін-Керіс құлама жарлары желде лапылдаған отқа ұксас, сондықтан оларды «Лапылдаған құздар» деп атайды.

Мұзтау тауы – облыстың табиғи көрнекті орындарының бірі. Ол тек Алтайдың ғана емес, сонымен қатар бүкіл Сібірдің ең

биік шығындарының бірі, реликтік ленталық қарағай орманы болып табылады. Ол – Алтайдың қарлы диадемасы. Буддисттердің сенімі бойынша – Жер кіндігі, христиан – ескі дәстүршілерінің ойынша – Ақсу жері. Көптеген қорғандар бұл жерде үгітіліп шашылып жатыр. Мұзтау бөктерлерінде б.з.б. III-II ғасырларындағы патша қорғандары орналасқан. Мұнда Ресей, Қытай, Қазақстан және Монғолияның шекаралары ұштасады. Тауларына жыл сайын және Монғолияның шекаралары ұштасады. Тауларына жыл сайын барлық әлем бұрыштарынан альпинистер келеді. Үлкен биіктіктер, құламалы рельеф, мұздандудың түрлі формалары қиындығы бойынша түрлі категориялы тау шындарына шығуға мүмкіндік береді.

Туризмді дамытуда Қазақстанның келешегі мол және тартымды өлкесінің бірі – Шығыс Қазақстан облысы болып табылады. Шығыс Қазақстан облысы ежелден көптеген тарихи оқиғалардың алаңына айналған. Оның қойнауында сол өлкеде өмір сүрген халықтар мен тайпалардың мәдени-экономикалық өмірінде өшпес із қалдырған көне ескерткіштер бар.

«Мәдени мұра» ұлттық стратегиялық бағдарламасының қабылдауына орай соңғы жылдары үздіксіз жүргізілген іздестіру-зерттеу жұмыстарының нәтижесінде Шығыс Қазақстан облысында тарихи-мәдени ескерткіштердің мол қабаттары ашылды. Жалпы адамзат мәдениетінің феномені ретінде танылатын «көне түркі мәдени кешендері» қалыптасқан Кіндік Азияның ерекше бір түйінді аймағы. Шығыс Қазақстан өңірі көне түркі ғұрыптық орындарының аса көп шоғырланған жерлерінің бірі, сондықтан кейінгі жылдары осында ашылған ескерткіштерді жан-жақты зерттеп, оларды ғылыми айналымға енгізіп, бүкіл қауымға кеңінен тарату маңызды шаралардың бірі болып отыр. Осы тұрғыдан алғанда тарихи-мәдени ескерткіштердің мол қорының барлануы өз кезегінде облыс аумағында танымдық туризмді дамытуға зор үлесін қосады.

Тарихи-мәдени ескерткіштерді негізгі белгілері бойынша бес түрге: тарихи, археологиялық, сәулет өнері және қала құрылысы, өнер және дерекнама ескерткіштеріне бөледі.

**Шығыс Қазақстан облысындағы тарихи-мәдени
есерткіштердің жіктелуі**

Тарихи ескерткіштер	Археологиялық ескерткіштер	Архитектура және қала салу ескерткіштері
«Еңлік-Кебек» құлпытасы (XIV-XV ғасырлар) Кенгірбай би мазары (1825 жыл) Жалмамбет би мазары (XIX ғасыр) Бибатыр мазары (XIX ғасыр) Дәулет батыр төртқұлағы (XIX ғасыр) Қозы Көрпеш – Баян Сұлу мазары Құнанбай құдығы Омархан мен Нұржамал мазары Байтөбек қажы мазары Ырғызбай әулие мазары Шал қожа мазары	Берел қорымы Өкей петроглифтер тобы Үштөбе қорғандар тобы б.з.б. X-IX ғасырлар Шілікті қорымы Күршім петроглифтер тобы б.з.б II – I мыңжылдық Асқаралы петроглифтері Абыралы петроглифтері Ақбауыр үнгірі Берітастаған бояулы суреттері Жаңа Қанай петроглифі Асқаралы петроглифтері Текебұлақ I-моласы Сарыкөл тас мүсінді көне түркі қорғандары Мойнақ петроглифтері	Абылайкет ғибадатханасы Бір және екі мұнаралы мешіттер (XIX ғасыр) Ямышев қақпасы Генерал-губернатордың үйі Абайдың республикалық әдеби-мемориалдық мұражайы Ә. Найманбаевтың мұражай-үйі С. Аманжолов ескерткіші «Ажалдан да күшті» мемориалы Қабанбай батыр ескерткіші

Барлық өзен аңғарларында, тау қойнауларында қола, темір дәуірлерінің ерекше ескерткіштері бар. Олар қорған, қорым, петроглифтер негізінде сақталған. Республикалық маңызы бар туристік нысандар болып табылатын тарихи-археологиялық ескерткіштерге келесідей сипаттама беруге болады:

Берел Қорымы – сақ дәуірінен сақталған тарихи ескерткіш. Шығыс Қазақстан облысы Катонқарағай ауданында Бұқтырма өзенінің оң жағалауында Берел ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 7-8 км жерде орналасқан. Қорымдағы ең ерте обалар б.з.б. IV-III ғасырларда үйілген, ал кейінгілері көне түркілер дәуірімен мерзімделеді – б.з. VIII-VII ғасырларда. Алғаш 1865 жылы В.В. Радлов, 1959 жылы С.С. Сорокин зерттеді. 1998 жылы Халықаралық қазақ-француз экспедиция (жетекшісі З. Самашев) қорымның жаңа жобасын болжап, бірнеше қорғанды зерттеді. Қорым 3 қорғандар

тобынан тұрады. Бірінші топтағылары таудағы кертпеш ортасына орналасқан. Ол солтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа созылған 6 қорғаннан тұрады. Екінші топта солтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа қарай тізбектеліп созылған 12 қорған бар. Ол кертпештің батыс жағында орналасқан. Үшінші топты 9 қорған құрайды. Қазба кезінде қорғандардың ішінен 2-3 м тереңдікте ағаштан жасалған қима, оның бет жағынан бірнеше жылқының қаңқасы мен әбзелдерімен тонда сақталған жылқы мумиясы, сыртына алтын жалатылған ағаш әшекейлер, адамның қаңқасы мен адам мумиясы алынды. Берел қорымында 1997 жылдан қазіргі кезге дейін 20 ескерткіш зерттелді, солардың ішінде №4, 9, 10, 11 обаларынан тоң басқан қабірлер аршылды. Берел қорымы обалардан табылған ақсүйектер мен скиф-сібір аң стилінде жасалған заттарының нәтижесінде әлемге әйгілі болды. Берел қорымындағы тоң басқан обалардың беретін мәліметтері де ерекше. Берел қорымындағы үлкен обаларда табиғат пен климаттың және обаны үйген материалдар мен ескерткіш құрылысының үйлесімінен пайда болған тоның нәтижесінде органика, яғни киім, ат әбзелдері, ағаш бұйымдары, ер-тоқым, тері мен киізден жасалған заттар шірімей жақсы сақталған.

Шілікті патша қорғандары – Шығыс Қазақстанның далалық аймақтарында, әсіресе Тарбағатай мен Маңырақ тауларының арасында, Зайсан ауданының жерінде. Оның ең көп шоғырланған жерін Шілікті ескерткіштері деп атайды. Шілікті қорымында барлығы 51 оба бар, оның бәрі де алып немесе орташа қорғандар. Алып қорғандардың диаметрі 100 метр, биіктігі 8-10 метр. Мұндай обаның саны – 13. Орташа обалардың шеңберінің диаметрі 20 метрден 60 метрге жетеді, биіктігі 2-5 м. Қорған ертеректе қатты тоналған. Бірақ кейбіреулерінде зергерлік бұйымдар сақталған. Соның бірі 1960 жылы қазылған «Алтын қорған» деген оба. Обаны үйерден бұрын қабір шұңқыры қазылған. Оның орта шенінен шығыстан батысқа қарай бағытталған дәліз (дромос) жасаған, оның ені – 2 метр, ұзындығы – 12 метр. Қабір шұңқырының ішінен қабырғалары 5 м-ге жуық балқарағай бөренелерінен қабір үйін салған, биіктігі – 1 м. Айналасына тас толтырылған. Дәліздің қабырғасын таспен қалап, төбесін бөренемен жапқан. Бөренеден салынған қабір үйіне еркек пен әйел жерленген. Моланың жердің

бетіндегі бөлігі таспен үйілген. Сонымен қатар обадан 13 қола жебе, жебе салатын қорамсақтың қалдығы табылды. Жебелер екі кырлы, ұнғылы. Қорамсақтың сыртына алтыннан жасалған бұғы мүсінді бірнеше әшекей қапсырма жапсырылған. Қабірден 9 бүркіт, 29 қабылан, қабан, балық, т.б. бейнелер қазылды. Алтын бедерлі мүсіндер ғажайып шеберлікпен көркем жасалған. Бұл обалардың салынған уақыты б.з.б. VII-VI ғасырларға жатады.

Қозы-Көрпеш – Баян Сұлу мазары. Шығыс Қазақстан облысы Аягөз ауданы Таңсық ауылы маңында ғашықтардың мазары бүгінде X-XI ғасырлардың мемориал-ескерткіші ретінде орнатылған. Бір зерттеушілердің пікірінше, ол V-X ғасырларда көтерілсе, басқалардың пікірінше X-XI ғасырларда орнатылған. Лиро-эпостық поэманың кейіпкерлерімен байланысты бұл мазар біздің күнге дейін жеткен ежелгі Қазақстан ескерткішіне жатады. Жалпы биіктігі – 11,65 м. Ескі құрылысқа көпшілігі қызығушылық білдірді. XIX ғасырдың соңғы зерттеулері бойынша кейбір зерттеушілердің жазбалары сақталған. Мәселен, Ш. Уәлиханов 1856 жылы естелікті көріп, күмбездің биіктігіне тоғыз адам бірінен соң бірі тұрып, жететінін байқап таңданған. Оның тас құрылысы ескерткіші жанында тұрып суреттеме жасағаны үлкен құндылықты құрайды. Халық аңызы бойынша фигуралар Қозы-Көрпеш пен Баян Сұлуды және оның кіші сіңлісі мен келінін суреттеген. Естелік бозбала мен бойжеткеннің арасындағы шексіз махабаттың символы ретінде сақталып, адамның жоғары рухын баяндайды. Қозы-Көрпеш жігітінің есімімен сұлу Баянның бейнесі он бес ғасыр бойы ажырамай келеді. Олардың сұлу да күшті сезімі бөлінбей, көпғасырлық ескеркіш мұрасын сақтап келеді. Ғашықтардың қос жүректерінен лапылдаған махаббат жаңғырығы ақындарды, драматургтерді, этнографтарды шабытқа жетелеп, әртүрлі халықтың тарихшыларын өзінің әсем мүсінімен тарта білді.

Петроглифтердің таралуы бойынша Шығыс Қазақстан Қазақстандағы ғана емес, Кіндік Азиядағы маңызды аймақ болып табылады. Ондағы петроглифтер сюжеттік және мағыналық жағынан алуан түрлі. Сондықтан Ертістің жоғарғы ағысындағы жарта суреттерін зерттеудің қашанда келешегі зор.

Ақбауыр үңгірі. Бояулы суреттері бар үңгір аталмыш төбенің оңтүстік бауырында, төбенің етегінен 5 м биіктікте, Ұранхай

өзенінің оң жағалауынан 2 шақырым, Ұлан ауданы, Бестерек ауылының солтүстігін ала орналасқан. Ғылыми айналымға ертеден бастап енген. Төбе сұрғылт граниттен тұрады, пирамида іспетті, айтарлықтай тік және биік. Үңгірдің күмбездінде дөңгелек тесік бар, табанында мәдени қабат жоқ. Үңгірдің ұзындығы 9 м шамасында. Бұл жерде қою қоңыр қынамен салынған барлығы 80-нен астам сурет сақталған. Бояулы суреттер, негізінен, кіреберіске қарсы қабырғаға, кейбірі үңгір төбесіне салынған. Суреттердің негізгі топтамасы қабырғаның төменгі жағына ұйысқан. Шамамен композицияның орта тұсында таутеке мен арбаның суреті аударылып бейнеленген. Еденге жақын тұста ағаштары жан-жағына сойдыған күркене ұқсас конус тәрізді үйлердің суреттері бар. Оң жақ төменгі бұрыштағы суреттердің бірі ерекше көзге түседі: ол екі жағынан қысқа айырық істіктері шығып тұрған, ішінде үш-төрт нүктесі бар бояулы суреттер. Осы жерде сорайған аяқтарын талтайтып тұрған ер адамның бейнесі бар. Өкшелері екі жаққа қаратылған. Қысқа қолдарын төмен түсіріп тұр. Тағы да екі адамның бейнесі оның сол жағын ала, жанына бейнеленген: олардың біреуінің аяқ, қолдары жан-жағына тарбитылған, ал екіншісінің сақталуы нашар болғандықтан күңгірт контуры ғана қалған. Ақбауыр үңгіріндегі символдық таңбаларды Қазақстандағы ең ежелгі сызбалар деп есептеуге болады. Ақбауыр суреттерінің басым бөлігін крест типтес таңбалар құрайды. Ақбауыр суреттерінің мерзімін анықтау қиынға соғады, себебі Қазақ Алтайында кездесетін суреттердің стилистикалық жағынан жалпылама хронологиясын жүргізетін ортақ тұжырым жоқ. Хронологиялық тұрғыдан ұштастыруға төбедегі көрсетілген қос дөңгелекті арбаның суретін пайдалануға болады. Ақбауыр арбасын тек Орта Азия, Алдыңғы Азия, Кавказ және шұңқыр-катакомбалық арбалардың ортақ құрылысы белгілерімен салыстыруға болады. Осы деректердің негізінде Ақбауыр арбасын б.з.б. III мыңжылдықтың аяғы мен б.з.б. II мыңжылдықтың басы деп тануға болады.

Зерттеушілердің Ақбауыр бояулы суреттерін археострономиялық зерттеуінде де үлкен бір себеп жатыр. З. Самашевтың айтуынша: «Үңгірдің төбесіндегі ойықтан түскен күн сәулесі біртіндеп қабырғаның суреттер салынған әртүрлі жерлеріне жарық түсіріп, символдардың «жандануы» эффектісін елестетуге ықпал ететіндігі

болса керек», – дейді. Ақбауыр суреттерін астрономиялық зерттеумен айналысқан Ресей археологы – Л.С. Марсадоллов. Л.С. Марсадолловтың болжамы бойынша суреттер композициясы Темірқазық, Айдаһар, Ешкімүйіз жұлдыздар топтамасы енетін аспанның бір бөлігін бейнелеген делінеді.

Бөрітастаған. Бөрітастаған жартасындағы бояулы суреттер туралы өткен XX ғасырдың басындағы әртүрлі өлкетану жазбаларында сан мәрте кездеседі. Біздің бұл ескерткішті зерттеуіміз 2009 жылы басталды. Зерттеуші ғалым – В.И. Каменский «Бөрітастаған» туралы аңыздардың бірінде былай дейді: бір күні құдіретті патшайым Тарбағатай тауының бөктерінде сан жетпес малын қорғап отырып, Зайсанмен арадағы жазықтықтан қасқырларды көріп, жартастан үлкен тасты бөрілерге лақтырған. Сол себепті жапанда жалғыз «бөріге тастаған тас» тұр.

Бөрітастаған – ашық түсті гранитты жартас. Шығыстан батысқа созыңқы келген, шеңбер бойы бір шақырымға жуық, ал биіктігі шамамен 19 м. Жартастың шығыс жақ төменгі бұрышында, биіктігі 0,9 м, ұзындығы 6,40-8,52 м болатын тайғанақ бетті көлбеу орналасқан ойыс. Ойыстың ішкі қабырғасының ортасында қара бояумен жазылған, жақсы сақталған моңғол жазбасы бар. Жазба тігінен жазылған жеті қатардан тұрады. Осы жазбаның сол жақ жоғарғы бұрышында мынандай жазбалар бар: « I. Петржкевич 1911/IX.02 г.» (Зайсанда бұрын болған шаруалар басшысы), ал оң жақ төменгі бұрышында – «1854, қыркүйектің 25 күні»; кім жазғаны белгісіз. Тастың төменгі көлбеу жағында үш жануардың суреті бояумен салынған, бірақ олар көрінбейді; мүсіндер бастарын оңға бұрған бұғыларға ұқсайды.

Бөрітастағанның маңын осы өңірдің тумасы, физика-математика ғылымдарының докторы Т.К. Нұрекенов зерттеді.

Бөрітастағанның бояулы суреттері әртүрлі нышандық белгілер, адам пішіндес мүсіндер мен әр алуан жануарлардың бейнелерінен тұрады. Ескерткіш адам қолынан болған факторлардың әсерімен қатты бүлінуге ұшыраған; сондықтан кезек күттірмейтін шараларды талап етеді. Жазбалардың басым бөлігі бүлінген, алайда қалған бөлігі әлі де өңірдің ежелгі тұрғындарының дүниетанымын ғылыми жаңғырту үшін, сонымен қатар жергілікті және халықаралық туризмді дамыту үшін де қызығушылық тудырады. Ескерткіш базасында ашық аспан астындағы мұражай жасауға болады.

Мойнақ петроглифтері. Мойнақ – қазіргі кезеңдегі Шығыс Қазақстандағы ең ірі жартас суреттері бар ескерткіш, мұнда 3 мыңға жуық бейне бар. Хронологиялық атрибуцияны және семантикалық интерпретация мен этномәдени ерекшеліктің кейбір мәселелерін анықтауға негіз болатын маңызды ескерткіштердің бірі. Осы орайда тас бетіндегі көп фигуралы композициялар ерекше құнды. Мойнақ петроглифтерінің арасында бұқалар сирек ұшырасады. Мойнақ петроглифтерінің арасында бұғылар ерекше орын алады, хронологиялық және стилистикалық жағынан бұғылардың бейнесі сан алуан түрлі. Бір тастың бұғылардың бейнелері, стилистикалық, иконографиялық және хронологиялық жағынан Орталық Азия мен Алтайдағы бұғытастардағы суреттермен ұқсас келеді. Мойнақ петроглифтер кешенінде жыртқыштардың дара тұрған суретінің болмауы назар аударарлық. Олардың басым бөлігі жануарларды қуып келе жатқан түрде бейнеленген. Қасқырлар мен айғырлардың жекпе-жегіне арналған бір сурет бар. Бұл жерде жыртқыштарды екі айғыр аяқтарымен таптап жатқан көрініс берілген. Қасында тағы осындай бір көрініс бар, онда қасқыр айқын бейнеленген. Аталмыш жердегі петроглифтерде, басқа жердегілердегі сияқты қай тіршілік иесі екенін айырып алу қиын бейнелер де жиі кездеседі. Әсіресе бұл мифологиялық қасиеті сәйкес келетін ит пен қасқырға байланысты. Иттер аңшының бейнесі бар қаумалап аң аулау көріністерінде жиі кездеседі. Мойнақтағы қабанның жартас бетіндегі суреттері көп емес, он шақты ғана. Әртүрлі кейіпте тұрған адамның жеке бейнелері де баршылық. Шағын бір тегістің бетінде қызықты көрініс берілген: ер адам өзінің салалы саусақты қолдарымен баланы (кішірек ер адамның тұлғасы) қорғап тұр. Олардың жанында, («көрерменнің») сол жағында әйелдің суреті (жынысы белгісіз, екі құлағында да сопақша ноқатпен салынған сырғасы бар, кеуде тұсына қарай кеңейтіліп салынған, белі айтарлықтай жіңішке және бөксесі жалпақ кескін оның әйел екенін меңзейді). Ер адамдардың жоғарғы жағына көлденеңінен қолына ұшы имек зат ұстаған адам бейнеленген. Жанында тұрқы аударылып салынған адам бейнесі салынған. Композициялық тұрғыдан қарапайым болса да суреттің мағынасын анықтау оңай емес. Ең нақты болжам – бұл отбасына жасалған қастандық, әйелдің мерт болуы.

Мәдени-тарихи ескерткіштердің кешені туралы түсінікке ой жеткізуде тек қана таңдаулы нысандар ғана негіз бола алмайды, өйткені біртұтас рухани дүниені қалыптастыруда басқа да көптеген ескерткіштер қарастырылады, солардың ішінде бұғытас ескерткіштерін ерекше атауға болады.

Бұғытас қола дәуірінің соңғы және ерте темір заманының алғашқы кезеңдеріне тән ғұрыптық-жерлеу ескерткіштердің құрамдас бөлігі ретінде, солардың жанына тігінен орнатылатын сынтастардың бір түрі. Олардың өн бойына құс тұмсықты бұғылар бейнесі бедерленіп салынатындықтан, ескерткіштің бұл түрі ғылыми басылымдарда «бұғытас» деп аталады. Жалпы бұғытастардың семантикасы антропоморфтық, соның ішінде қарулы жауынгердің бейнесіне негізделген. Сондықтан оларда бұғылардан басқа сол заманға тән қару-жарак, белбеу, сырға, айна және басқа да бұйымдар қашалып салынған. Бұғытастардың негізгі таралған аймақтары: Батыс Моңғолия, Байкал өңірі, Оңтүстік Сібір және Қазақстанның шығысы. Бұғытастарды таралу аймақтары мен тарихи кезеңдеріне қарай бірнеше топтарға бөледі. Шығыс Қазақстанда бұғытастардың бүгінгі күнде белгілі барлық түрлері кездеседі. Ақсуат өңірінің Ойшілік аумағындағы бұғытастар зерттеліп, олар шартты түрде Ойшілік 1-3 деп белгіленген. Енді соларға тоқталсақ:

Ойшілік-1 ғибадатханасы Жартас ауылынан оңтүстік-батыс бағытта екі шақырым жерде орналасқан. Солтүстік шетіндегі диаметрі 26 м. Қорғанның сыртын айналдыра жалпақтығы 4 м, диаметрі 120 м болатын тастан жасалған сакиналы қоршау бар. Қорған астында биіктігі 1 м платформа, ал сыртында өлшемдері 105×110 м болатын сұлбасы тік төртбұрышты топырақтан үйген жал бар.

Ойшілік-2 ескерткіші құрылымы жағынан күрделі, барлығы 14 қорғаннан тұратын ғибадатхана. Оның екі үлкен қорғаны бар. Солтүстік шетіндегі үлкен қорғанның сыртын айналдыра, төртбұрышты етіп «меңгірлермен» қоршалған. Осы тас қоршаудың төрт жағында бір-бірден кіреберіс қақпалар жасалған. Қорғанның батыс жағында аса биік емес, «бұғытас» орнатылған. Екі бетінде дөңгелек күн мен толық айдың немесе айнаның суреттері, олардан төменіректе мүйіздері ерекше бұғылардың бейнесі мәнерленіп салынған. Күн бедерленген бетінде садақ, айбалта тәрізді қарулардың суреті айшықталған.

Ойшілік-3 ғибадатханасы Ойшілік-2 ескерткішінен батысқа қарай 2 шақырым жерде орналасқан. Құрылымы жағынан ол алдыңғы екеуіне ұқсас. Үлкен қорғанның шығыс жағында биіктігі 3 м бұғытас орнатылған. Ол таста да бұғылар, қару-жарак, айна, сырға сияқты аксессуарлар бейнеленген. Сол жақ қапталында, ортасындағы белдік сызықтың төменгі тұсына қайрақ іспетті зат ілінген, ал одан жоғарыда ойнақтап тұрған құралайдың суреті салынған. Бұғытастың жоғарғы жағындағы үш қатар сызық шартты түрде адамның бет-кескінін бейнелейді.

Қазақстан территориясында ортағасырларда кең тараған ескерткіштер – тас мүсіндері бар ғұрыптық кешендер. Сондай ірі кешендердің бірі Шығыс Қазақстан облысында орналасқан.

Сарыкөл көне түркі кешендері. Бұл көне түркі дәуіріне жататын тарихи-мәдени кешен Шыңғыстаудағы «Сарыкөл» деген жерде орналасқан. Ескерткіш әр көлемдегі бір-бірімен жалғасып жатқан үш тас шарбақ үйіндіден тұрады. Тас мүсін басқаларына қарағанда көлемі жағынан үлкен, қоршаудың шығыс жағына қойылған. Оның түбінен 2002 жылы 0,5 м тереңдіктен көне түркі дәуіріне жататын құнды заттардың көмбесі табылған. Бұл кешендегі доминант қызметін атқарып тұрған солтүстік шетіндегі қоршау екендігі қазба барысында көрінеді. Бұл қоршаудың пішіні сәл доғаланып, төртбұрыш болып келген. Қоршаудың қабырғалары таудың жалпақ тастарынан қаланған. Кей тұстарында құрылыстың қабырғасының үстін бастыра, көлденең қойған үлкен тастар кездеседі. Қоршаудың сыртын айналдыра дөңгелене келген, бұрынғы жер беті деңгейінен төмен, әрі тігінен жатқан тастар бар. Бұл тастар негізгі қоршаудың қосымша элементтері қатарына жатады, оларды құрбандық шалу орындары деп атайды. Негізгі қоршаудың әрбір жерлерінен ірі кара малдың және жылқының сүйектері, кейде құмыраның сынықтары, тіпті ұсақ-түйек заттар да кездеседі. Қазба жұмыстары көрсеткеніндей, бұл үш қоршау тас тақталардан тұрғызылған, төртбұрышты көне түркі дәуірінің ғұрыптық қоршаулары, яғни дүниеден өткен тумаларының құрметіне арналған ас беру, құрбандық шалу және де басқа жосын-жоралғылар өткізетін орындар. Сонымен қатар қайтыс болған белгілі адамдардың рухымен теңестірілген тас мүсіндер төңірегіне, тас қоршау ішіне және қорған үйіндісіндегі терең емес шұңқырларға ет, сүт тағамдарын және ат әбзелдерін көмген. Үш қоршаудың солтүстік шетіндегі үлкені мен

ортадағы одан сәл кішірегінің орталарындағы алаңқаймен, үлкен қоршаудың солтүстік-шығыс жағындағы тас мүсінді айналдыра пошымы «П» әрпі немесе доға тәрізді арнайы дайындалған траншеяда жағылған алау орны байқалады. Кешендегі от орнының маңайынан және ортасынан жылқының астыңғы жақ сүйегі, тістерімен қоса және сары, жирен түсті құрбандыққа шалынған жылқы малының қылдары табылған. Осы жерде табылған ерекше ескерткіштің бірі – алтын құман. Оның биіктігі – 5,3 см, салмағы – 17,9 г. Шыңғыстау құманының ерекшелігі – еніне қарағанда тұрқы биіктеу, ыдыстың бүйірі төмен жағында емес, ортасында, яғни келбеті база тәріздес. Тұтқасы бұралған сымнан емес, таспа қаңылтырдан жасалған. Алтын құман ішінен ортасынан бүктетілген және оралған түрінде жұқа алтын жолақтар шыққан. Олардың саны он, әрбіреуінің салмағы 0,8 г дөңгекшелер, жетеуі – басы дөңгелек, сопақша келген «құлып тесігі» тәрізді заттар, күмістен жасалған дәл осындай заттардың бекітпелері. Табылған археологиялық мұра түркі заманының, VIII-IX ғасырлардағы жерлеу және еске түсіру заттарының жиынтығы деп танылды. Жалпы бұл киелі орынның құрылымдарының үшеуі де бір уақытта тұрғызылған. Шыңғыстаудағы Сарыкөл ескерткіштер тобына кіретін Қопа кешенінде археологиялық зерттеу 2010 жылы жүргізіліп, соның нәтижесінде **1-2 Қопа қорымдары** қазылды.

Қопа-1 қорымы үш қоршаудың оң жағында қатарласа жатқан жиырма үш тас қоршаудан тұратын үлкен ескерткіш. Ескерткіш толықтай тазартылып болғанда жылқының жақ сүйегі, 3 ұсақ малдың қаңқалары табылды.

Қопа-2 қорымының тас үйіндінің шығыс жағында көне дәуірінің екі тас мүсіні қатарласа орналасқан.

Шығыс Қазақстан территориясы ежелгі заманнан бері өзінің әртүрлі тарихи-мәдени ошақтардың тоғысқан жерінде ұтымды орналасуының, адамға жайлы табиғи-географиялық жағдайының арқасында Орта Азияда орын алған барлық маңызды этномәдени үрдістердің нағыз қайнаған ортасында болды. Осының айқын дәлелі ретінде өңірде барлық тарихи-археологиялық кезеңдерде өмір сүрген халықтардың материалдық үлгідегі іздері – қоныстар, тау-кен орындары, сан алуан жерлеу құрылымдары, ғибадатханалар, жаргас суреттері, тас мүсіндер т.с.с. көптеп шоғырланған. Солардың ішінде ең қызықтыларының бірі кейінгі

кезде ашылып жатқан құстұмсық бұғылардың бейнесі салынған – Тарбағатай бұғытастары. Ал жаргас суреттеріне келетін болсақ, олардың Шығыс Қазақстандағы бізге белгілі нұсқалары сонау мыс дәуірінен қазақтардың этнографиялық гравюраларына дейінгі кезеңдерді қамтиды, ал өздерінің құрамы, сюжеттік желістерінің ерекшеліктері және ішкі мазмұнының семантикасы жағынан алып қарағанда жалпы Орта Азия жаргас бейнелеу өнерінің жүйесінің аясына кіретін ерекше туындылар қатарына жатады.

Облыс аумағы тарихи-археологиялық ескерткіштермен қатар бүгінгі таңда туристер мен экскурсанттардың назарына түсіп отырған архитектура және қала тұрғызу ескерткіштеріне де бай. Архитектура және қала тұрғызу ескерткіштері облыстың даму кезеңдері мен әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерінің көрінісін береді. Бұл ескерткіштер қалаға келбетін көркейтп қана қоймай, тарихын тереңдете түседі. Шығыс Қазақстан облысындағы архитектуралық тарихи-мәдени ескерткіштер қатарында Абай – Шәкәрім кесене кешені, Еңлік-Кебек ескерткіші бар. Сәулет өнерінің дүниежүзілік мәні бар ежелгі ескерткіштерінің бірі – Аягөз өзенінің жағасында орналасқан «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» кесенесі. Өлке аумағында ежелгі діни құрылыстар көптеп кездеседі. XIX-XX ғасырларда тұрғызылған бұл құрылыстар негізгі конфессиялардың ғибадатханалары болып табылады: сүннит мұсылмандарының Семейдегі қос мұнаралы және бір мұнаралы мешіті, Өскемендегі Орталық мешіт, Жарма, Зайсан, Көкпекті, Ұлан аудандарындағы мешіттер және орыс православиялық христиандық шіркеулері, Покров храмы, Андрей Первозванный храмы. Шығыс Қазақстан облысының архитектура және қала тұрғызу ескерткіштерінің уақыт тылсымына сіңіп кеткен ғасырларда басталған тарихы бүгінгі тәуелсіздік таңында ерекше ескерткіштермен толығуда. Әрбір жыл, әрбір күн өткен сайын облыс өркендеу мен көркеюдің шыңына анық нық қадам басып келеді. Кезекте облыстағы архитектура және қала тұрғызу ескерткіштерінің біразына сипаттама:

«Абылайкит» ғибадатханасының үйінділері (1654 жыл) Сәулет ескерткіштері болып есептеледі және республикалық деңгейдегі ескерткіштердің мемлекеттік тізіміне кіреді. Ескерткіш Ұлан ауданының Абылайкит өзенінің бойындағы Никитина ауылынан 15 км шақырымдық жерде орналасқан. Абылайкит – бекітілген

лама храмы. Құрылысы 1654 жылы басталды. 1735 жылы орыс геодезист Василий Шишков бірінші жоспар жасап, храмның бейнесін суреттеген. Бұл жерде Петербургтегі Азия музейінің бастамасы ретінде жазулар табылды. Абылайкит басында тас кесілімдерімен өңделмеген плиталардан, құмды қоспасымен биіктігі 3-5 м, қалыңдығы – 3 м бесбұрышты формадағы ғимарат болған. Ғимараттың біздің уақытымызға дейін үйінділері сақталып, тікбұрышты тұрғызылым тасты қабырғамен қоршалған топырақ қоспасынан және кірпіш үйінділерінен құралады. Сонымен қатар құрылыс бөліктері мен қоспалардан жасалған үгінділер орнаменттерімен жартылай дөңгелек формасында фестонатты валик түрінде орналастырылған. Олардың бір бөлігі көк, жасыл және күлгін қызыл түсімен боялған. Бас ғимараттан шамамен солтүстік батысқа қарай 30 м қашықтықта 2 үлкен шұңқыр орналасқан: жартылай дөңгелек бірінші шұңқырда оттың белгісімен гранитті ойылымдар бар. Тұрғын үй қате төртбұрышты формадағы құрылған құрылысты ұсынады. Құрылыс жерден және күлгін және қызыл кірпіш үгінділерінен құралады. Қалған кеңістікте қабырғалардың ішінде құрылыс белгілері байқалмайды. Солтүстік шығыс бекінісінің гранитті шыңда терең тау қонысы бар, онда іздер және қабырғалары үстіртін суреттелген болатын. Бұл қарауылға көп ұқсайды. Сақталған қабырғаның биіктігі 2 метрді құрайды. Қабырғаның 3 метр болғандығын гранит іздерінің болуы және жанындағы екі метрлі тұрғызылымның болуы дәлелдейді.

Екі мұнаралы мешіт 1858-1861 жылдары салынған. Төртбұрышты ғимарат, тік күмбезді, екі мұнаралы. Кіреберіс қабырғасы шығысқа қаратылған. Ғимараттың ені мен ұзындығы 16,5×32,5, биіктігі мұнараларын қоса есепке алғанда шамамен 30 м таяу, ішкі көлемі 7 мың м³ (жерасты бөлмелерін есептемегенде). Кіреберіс қабырғасы сырттан, әшекейлі және сәнді, басында жартылай колонналарымен безендірілген. Терезелері де шеттерінен безендірілген. Терезе периметрі бойынша, пішін берілген балшықтан жасалған әшекей элементтері бар. Ғимараттың іші тіректермен және горизонталды күшейткіш мәткелерімен безендірілген. Күмбез асты бөлімі, шеттері бойынша, сары-жасыл түсте орындалған Құраннан алынған аяттар жазылған.

Абай мен Шәкәрім кесенелері 150 жылдық шаралары бойынша мавзолейлік үлгі жобасында жасалып, қазіргі қос мұнаралы

«Мавзолейлер кешен ғимаратына» айналды. Осы кешенді салуға республикалық байқау жүргізілді. Байқауға алты архитектура тобы қатысты. 1991 жылы 19 наурызда республикалық жабық конкурстың комиссиясы өзінің мәжілісінде келіп түскен жобаларды қарап, жеңімпаздарды анықтады. Олар халықаралық конкурстардың лауреаты архитектур Бек Ибраев басшылық ететін авторлық топ болып шықты. Мемориалды кешеннің құрылысы 1993 жылы наурыз айында басталды. Мемориал тұжырымдамасының негізі болып, қазақтардың космогониялық дәстүрлі ұсынымдары қабылданды. Аталған концепцияға бойынша бұрыштарын көк аспан тіреп тұратын, жердің төрт тұғыры болады, ал көк төбе ортасы аспан мен жерді байланыстырған әлемдік ағаш бәйтерекпен аяқталған. Жер табанынан бес метрлік биіктегі мавзолей алаңының ені 65, ұзындығы 200 метр бір шаршыны алып жатыр.

Генерал-губернатордың үйі. Облыстық тарихи-өлкетану мұражайының ғимараты (генералдың үйі) генерал-губернатор Процендоның бұйрығымен 1856 жылы салынған. Архитекторы белгісіз. Төңкеріске дейін онда әскери губернатор тұрды. Кеңес билігі келгенде Бостандық үйіне айналды. 1977 жылдың қазан айынан осында тарихи-өлкетану музейіне Семей өткеннен шежіре шертетін тарихи, мәдени мұралар, экспонаттар жиналды. 1854 жылы жер аударылып, каторгада болған Ф.М. Достоевский, Омбыда каторгалық жұмыстарын аяқтап, Семей өңіріндегі Жетінші Сібір желілік батальоны қатарына шақырылады. Осы қазақ жерінде ол бес жыл өмірін өткізіп, былай деген: «Зардап шексем де, өмір сүрдім!». 1857-1859 жылдар аралығында Семейде ұлы орыс ақынының 150 жылдығына орай ол тұрған үйде Ф.М. Достоевскийдің әдеби-мемориалдық мұражайы ашылады. Архитектор В.Ф. Власованың жобасы бойынша жартылай ашылған кітап үлгісінде қазіргі заманауи жарнама салынды. Қабырғасы төрт түсті композициялармен безендірілген: «Жазушы кабинеті», «Достоевский Петербургі» – суретшілері В. Гусакова, С. Широкова, В. Одноколкина. Кіреберісте «Шоқан Уәлиханов пен Ф.М. Достоевский» қола мүсіндері орнатылған, мүсіншісі Д.Г. Элбакидзе.

Абайдың мемлекеттік қорық-мұражайы. Абайдың әдеби-мемориалдық мұражайы ұлы ақынның туғанына 95 жыл толу мерекесіне орай Қазақ КСР Халық комиссарлар кеңесінің 1940 жылғы 1 сәуірдегі қаулысы бойынша ұйымдастырылып, сол

жылы 16 қазанда ашылған. 1940-1944 жылдары мұражай Бекбай Байсовтың үйінде, 1944-1967 жылдары Әнияр Молдабаевтың үйінде жұмыс істеді. 1947-1951 жылдары Қазақ КСР Ғылым академиясының құрамына кірді. 1990 жылғы 5 сәуірде ақынның әдеби-мемориалдық мұражайы Абайдың мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық қорық-мұражайы болып құрылды. Қорық-мұражайдың құрамына қалалық кешен, Бөрілідегі М. Әуезовтың мұражай-үйі, Жидебайдағы Абайдың әдеби-мемориалдық мұражайы, Шәкір Әбеновтың мұражайы, Ә. Найманбаевтың мұражайы кіреді.

Қалалық кешенге Ленин көшесі, 12-үйде орналасқан көпес Роман Ершовтың үйі, 1995 жылы салынған жаңа ғимарат, Ахмет-Ризаның медресесі мен мешіті, «Алаш арыстары және М. Әуезов» мұражайы кіреді.

Шығыс Қазақстан облысы аумағында жергілікті тізімге енгізілген тарихи-мәдени ескерткіштер саны 630-ға жуық. Ал солардың ішінде 23-і республикалық маңызы бар ескерткіштер қатарына енгізілген, 15-і мемлекет тарапынан қорғауға алынған. Мәдени-тарихи ескерткіштердің барлығы жергілікті үкімет тарапынан қорғалады. «Мәдени мұра» бағдарлама аясында «Берел» қорымында тарихи-мәдени қорық мұражайы ұйымдастырылды. Және де 2009-2011 жылдарға жоспарланған «Мәдени мұра» бағдарламасының үшінші бағыты – ұлттық тарихи-мәдени мұраны халықаралық деңгейде насихаттау болды. Демек, Берел қорымдарының ескерткіштері өзге де тарихи орындар туралы халықаралық талаптарға сай терең мазмұнды, жоғары сапалы деректі фильмдер жасалып, оларды «Би-Би-Си», «Дискавери» секілді әйгілі әлемдік телеарналардан көрсетуді ұйымдастыру жоспарланған. Мәдени-тарихи ескерткіштерді қорғауға және олардың жағдайларын жақсартуда «Шығыс Қазақстан облысының тарихи-мәдени мұра ескерткіштерінің жағдайын одан әрі жақсарту жөніндегі» 2010 жылы қабылданған қаулысы да ерекше орын алады. Осы қаулы негізінде көптеген шалғай ауылдардағы республикалық маңызы бар ескерткіштердің жағдайлары бағаланып, оларды жақсарту шаралары қолға алынып жатыр. Бұл жұмыстардың барлығы түптеп келгенде облыс аумағында танымдық туризмді дамытуға серпін берері анық.

Шығыс Қазақстан облысында туризмді дамытуда ерекше орын алатын мәдени-тарихи ескерткіштерге тоқтала отырып,

қорытынды жасайтын болсақ: Шығыс Қазақстан мәдени-тарихи ескерткіштер қорына өте бай және оларды қолдану аясы кең.

Мына көрсеткіштер облыс аумағындағы туризмнің дамуының қандай деңгейде екенін көрсетеді. 2011 жылдың 5 айындағы мәлімет бойынша Шығыс Қазақстаннан сыртқа шыққан туристердің саны 2009 жылдың тиісті мерзімімен салыстырғанда 21,7 пайызға артып, 7583 адамды құраған. Ал Шығыс Қазақстанға келген туристердің саны 12,2 пайызға көбейіп, 1782 адамды құраған. Ішкі туризм 13,4 пайызға өсіп, 28341 адамды құрап отыр. Жалпы көрсетілген қызмет көлемі 23,5 пайызға артты, яғни 2259,3 млн. теңгені құраған.

2-кесте

Шығыс Қазақстан облысындағы 2005-2011 жылдары қызмет көрсетілген туристер (саны)

Көрсеткіш	2005 жыл	2006 жыл	2007 жыл	2008 жыл	2009 жыл	2011 жыл
Барлығы	25299	27689	39960	59667	25130	37706
Кіру туризмі	1395	624	551	1313	1189	1782
Шығу туризмі	3089	8155	10162	6340	6232	7583
Ішкі туризм	20815	18910	29247	52014	17709	28341
Ескертпе: ШҚО Статистика департаменті мәліметтері негізінде жасалған.						

Мәдени-тарихи ескерткіштердің мол қорын ескере отырып, облыс аумағында:

- тарихи-танымдық маршруттар;
- археологиялық, архитектуралық тақырыптағы экскурсиялар;
- мінежат, зиярат ету туризмін ұйымдастыруға болады.

Қайталау сұрақтары:

1. Шығыс Қазақстан облысының туризм дамуына табиғи-физикалық алғышарттар қалай әсер етеді?
2. Қандай ерекше қорғалатын табиғат территориялары орналасқан?
3. Батыс Алтай мемлекеттік қорығын сипаттаңыз.
4. Берел қорымына толық сипаттама беріңіз.

ГЛОССАРИЙ

Туризм (француз сөзі, tourism – серуендеу, саяхат мағынасына келеді) – бос уақытты тұрақты жерінен тыс жерлерде өткізудің бір түрі.

Халықаралық туризм – бұл азаматтардың өз елінен тыс жерлердегі саяхаты, туристердің бір елден екінші елге немесе бірнеше елдерге сапарлары.

Туристік-рекреациялық ресурстар – демалыс пен туризм дамуының техникалық жағынан эксплуатацияға дайын алғышарттары.

Турист – елде 24 сағаттан бір жылға дейін болған және сауықтыру, танымдық, кәсіби-іскерлік, спорттық, діни және төленбейтін іс-әрекетпен шұғылданбайтын өзге мақсаттарда түнеген жеке тұлға.

Экскурсия – бұл танымдық, ағартушылық, ғылыми, спорттық немесе ойын-сауықтық мақсатты көздейтін, 24 сағаттан аспайтын және түнеуге тоқтамай саяхаттау немесе серуендеу.

«**Туристік аудан**» – туризм дамуы үшін табиғи, тарихи-мәдени және әлеуметтік-экономикалық жағдайларды біріктірген салалық экономикалық аудан.

Рекреация – халықтың тұрақты жерлерінен тыс жерлердегі арнайы мамандырылған территорияда тәулік, апта және жылдық өмір циклдеріндегі, адамның бос уақытын пайдалану кезінде іске асатын сауықтыру, танымдық, спорттық және мәдени-көңіл көтеру үшін қатынастар мен құбылыстар жиынтығы.

Гид (гид-аудармашы) – уақытша болатын елдегі (жердегі) туристік ресурстармен таныстыру жөнінде туристерге экскурсиялық-ақпараттық, ұйымдастырушылық қызмет көрсететін, кәсіби даярлықтан өткен жеке тұлға.

Тур – белгіленген мерзімдер шеңберінде белгілі бір маршрут бойынша жасалатын саяхатты қамтитын туристік қызмет көрсетулер кешені.

Туристерді орналастыру орындары – мейманханалар, мотельдер, кемпингтер, туристік базалар, қонақжайлар, демалыс үйлері, пансионаттар және туристердің тұруы мен оларға қызмет көрсету үшін пайдаланылатын басқа да үй-жайлар мен ғимараттар.

Туристік жолдама – туристік қызмет көрсету кешенін алуға құқықты растайтын құжат.

Туристік қызмет көрсету – туристің саяхаты кезеңінде және осы саяхатқа байланысты оның қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін ұсынылатын қажетті қызмет көрсетулер [орналастыру, тасымалдау, тамақтандыру, экскурсиялар, туризм нұсқаушыларының, гидтердің (гид-аудармашылардың) қызмет көрсетулері және сапар мақсатына байланысты көрсетілетін басқа да қызметтер].

Туристік маршрут – туристің (саяхат кезінде) танымдық, спорттық, эстетикалық не өзге де мақсаттармен өту, қарау үшін белгіленген барлық географиялық мекендердің объектілердің тізбесін көрсететін жүру жолы.

Туристік операторлық қызмет (туроператорлық қызмет) – қызметтің осы түріне лицензиясы бар жеке және (немесе) заңды тұлғалардың (бұдан әрі – туроператор) өздерінің туристік өнімдерін қалыптастыру, ұсыну және туристік агенттер мен туристерге өткізу жөніндегі кәсіпкерлік қызметі.

Туристік өнім – саяхат барысында туристің қажеттіліктерін қанағаттандыруға жеткілікті туристік қызмет көрсетулер жиынтығы.

Экскурсовод – туристік ресурстармен таныстыру жөнінде туристерге экскурсиялық-ақпараттық, ұйымдастырушылық қызмет көрсетуге сай біліктілігі бар, кәсіби даярлықтан өткен жеке тұлға.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Александрова А.Ю. География мировой индустрии туризма. – М., 1998.
2. Александрова А.Ю. Международный туризм: учебник. – М.: Аспект Пресс, 2002. – 470 с.
3. Биржаков М.Б. Введение в туризм. – СПб., 2000.
4. География туризма: учебник / под ред. А.Ю. Александровой. – М.: КНОРУС, 2008.
5. Дмитриевский Ю.Д. Туристские районы мира: учебное пособие. – Смоленск, 2000.
6. Ердаuletov С.Р. География туризма. – Алматы: Қазақ университеті, 2010. – 412 с.
7. Ердаuletov С.Р., Жұмаділов А.Р. Туризм тарихы (дамуы мен ғылыми зерттелуі): оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2010. – 334 б.
8. Қазақстан туризмі. – 2007-2011: статистикалық жинақ. – Астана, 2012. – 126 б.
9. Накатков Ю.С. История туризма Казахстана. – Алматы, 2001. – 196 с.

Пайдалануға ұсынылған интернет сілтемелері

1. Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Туризм индустриясы комитеті // <http://kit.gov.kz/index.php/kz/>
2. Мәдени мұра: ұлттық жоба // <http://www.madenimura.kz/kk/>
3. <http://paleokazakhstan.com>

Оқу басылымы

*Маржан Іңкәрбайқызы Жылқыбаева
Айман Шөкенқызы Шакен
Гүлжан Ролланқызы Айжолова*

ҚАЗАҚСТАН ТУРИЗМ ГЕОГРАФИЯСЫ

Оқу құралы

*Редакторы Клара Саркенова
Компьютерде беттеген Гүлмира Шаққозова
Мұқабасын көркемдеген Ринат Сқақов*

ИБ №6537

Басуға 13.09.2013 ж. қол қойылды. Пішімі 60x84/16. Көлемі 12,7 б.т.

Офсетті қағаз. Сандық басылыс. Тапсырыс №779.

Таралымы 120 дана. Бағасы келісімді.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің

«Қазақ университеті» баспасы.

050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспаханасында басылды.